

Л 2010
25174к


Тауфик КЭРИМОВ

**АРМЫСЫҢ, МЕНІҢ
ЖАНҰЯМ...**

Тауфік Әкрәмұлы КӘРИМОВ

АРМЫСЫН, МЕНИҢ ЖАНҰЯМ...

*Өлеңдер, естеліктер, сюрреалистік және
тариҳи тақырыптар*



Алматы
“Асем Систем”
2005

**ББК 84 Қаз 7-5
К 25**

Іштегінде мәдениет жөнүндө

Кәримов Т.

К 25 Армысын менің жаңуямы: Алматы: Асем-систем, – 2005

ISBN 9965-9687-4-8

Тұындыда Отан, жаңуя, отбасы, тубі бір түркі халқының тарихы, замандастар туралы бағындалады.

Кітаптың тілі женіл ері үшкір, оқырманды баурап алады.

Кітапсүйер қауымға арналған.

КАЗАХСТАН ЕЕСЛУЕЛІК АСЫНЫМ
ҰЛТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАГХАНАСЫ

00238222

**K 4702050202
00(05)-05**

ББК 84 Қаз 7-5


ISBN 9965-9687-4-8

© Кәримов Т., 2005
© Асем-систем, 2005

Жан достарыма арнаймын

Адамзат өмірі...

Біздің бәрімізге ортақ мәнгілік шешуі жеке сұраққа жауап табу үшін ой-сана әлеміне саяхатқа шыққандай, көрген түстей тұтқыр да қалтылдақ...



*Кітапты дайындауға үлес қосқан
Аронов Жеңіске,
Аронов Сағынбек Жеңісұлына,
Берішбаев Төлеген Сактағанұлына,
Қайыров Әлібекке,
Мендіғалиұлы Сәбитке,
және оны шығаруға жәрдемдескен
Нұсінбай Тлеубердіге,
шын ниетпен алғысымды білдіремін.*

Tayfik Kәrimov

“Армысын, менің
жануям...”



1986 жылы 12 желтоқсанда менің әкем жұмысқа кетіп, қайтып оралмады. Ол слесарь-сантехник болып жұмыс жасады және сол бір қар мен жаңбыры аралас, бұлынғыр жауын-шашиңды күні жұмыс орнында тұрып қайтыс болды.

Ол кезде үйде телефон болған жоқ, мен қара кешке дейін жұмыста болып, қалалық партия комитетінің бірінші хатшысының конференцияда сөйлейтін сөзін дайындан түнде үйге келген соң бір-ақ білдім...

Армысың, менің жанұям...

Ата-анамның үйі...

Сенің әкен өз қолымен түрғызған үй...

Сен дүниеге келген үй...

Балалық шағың, жастығың өткен.

Сен ер жетіп өскен үй.

Бір кездерде үлкен жанұяның шулы өмірі қайнап - өзінің өзіне ғана тән мәселелері, қуаныштары мен қайғылары өткен жер...

Сенің бар өмірімен байланысты болған үй.

Сол бір сенің жалғыз тағдырың болып қалған жанды ертіп әкеліп енгізіп, сенің өз жанұяның да өмірге келгеніне күә болған жер.

Саған одан ешқашан да ешқайды кетпестей бол көрінген.

Бір кездерде өзіңе тіпті мұны елестету де мүмкін емес болған...

Бірақ, алайда сен кетіп қалдың...

Қазірде онда тек жалғыз анам, Әнием өмір сүреді.

Біздің балаларымыз, оның немерелері үшін ол – Дәү Әнием.

Жылына бір рет ол Орал қаласына немесе Ақтөбе қаласына барады.

Уақыт, заман қазір бұрынғыдай емес, сондықтан біздер үйді қарап қойып тұрамыз. Міне, қазір де ол жол жүріп кетті. Мен, кілттерін алып, үйге бармак болдым...

Әдегегідей жазғы Гурьевтің күні.

Аптапты, құрғақ және баяғыдай шаңды ауа.

Бұлтыз ашық аспан. шақырайған күн. Озі де сирек өскен

қара ағаштардың жапырактары, ендігі күйе бастаған. Бәрі де сол баяғысынша.

Мен өдегеттегі жолмен — түйе қаңбақтар арасымен жүріп мектеп ауласынан өтіп, біздің үйге келемін.

Әне, өзі де көрінді, менің туған үйім — үй алдындағы кішкене бау-бақша, ағаштар, үш терезе, түсі оңа бастаған, бірақ әлі де қызырып көрініп тұрған шатырдың, бір кездерде әкемнің өз қолымен сырлаған мандайшасы — мені қуанышпен де сәл мұңайып та алыстан қарсы алып тұрған төрізді.

Армысың, менің жанұям...

Қақланы аштым...

Осы кезде күтпеген жәйттен бір орында тапжылмай тұрып қалдым — алдыннан жәймен, қалжырай құлімдей басып менің әжем, Әбием шығып келеді...

Сасқанымнан, не істерімді білмей, үнсіз оған қарап тұрмын.

Ол болса асықпай жақындал, құшағына алып, сол сөтте сондай таныс жылыштықпен жұбатқандай бол жатыр. Мен бұрынғыдай оның кішкентай да нозік және қалжыраған денесін сезінгендей болдым...

Қымбатты менің Әбием...

Ол үнсіз мені алға жіберді. Ал мен бейне түсімдегідей аула ішінде жүріп келемін.

Аула іші бұрынғыдай тап-түйнактай, жинастырылып қойған. Тек бүкіл аула ішін нұрлансырып тұрған күннің сәулесі және таңқаларлық тыныштық мені осынау ғажап күйге батырғандай. Мен мұлде сонау бір кездердегі бұл жерде болып өткен өзіміздің әлемге еніп барамын...

Жұзім ағаштары, мұлде жас. Теп-тегіс атыздар. Краннан су ағып жатыр...

Торғайлар Полканның ыдысына үймелей қалған, ал мысық болса еріне есінеп, табадырық алдында отыр.

Бәрі де — сол баяғысынша.

...Сарайға карай өттік, сол баяғы тауық қораны көрдім және сол тауықтар, мені қөрген сөтте үрпейісе қалды. Сарайға кіре беріс жердің бір бүйірінде, шағын құс қоршауы, бұл балапандарға арналған. Иә, олар да үсті-үстіне ішапқылалап жүр — сары үрпек, лөп-денгелек...

Әбием үнсіз құлімсіреп барлық шаруашылыққа қарап тұр. Ескі, ұзын, түссіз көйлекке алжапқыш байладап алған, екі қолын артына ұстаған. Аздап енкіш тартқан. Қозінің алды әжімденіп

кеткен. Ал, көзі – мейірім мен мұнға толы және аздап сыйырайтып алған. Және оны қанша көрсем де есімде қалғаны, ол тіпті мен мұлде кішкентай кезімде де карт болатын. Бейне бір уақыт оған әсер етпегендей, біздің әжеміз сондай карт болса да сондай тыным көрмейтін белсенді жан еді...

Өзінің өмірінде нелерді көрмеді дейсін, біздің Әбием...

Тағдырың барлық соққыларына төзімділікпен шыдай біліп, бәрін де болуға тиісті нәрселер деп қабылдаған. Әрдайым – Құранды оқып және оларды өмірі кімдермен байланысты болса да есінен шығармаған.

Бірін-бірі алмастыра жүріп келе жаткан үрпактарды бір-бірімен байланыстыра отырған...

...Қазан губерниясы, Кошлауаш ауыл, үлкен жсанұя, Габдулла Токай, Николай патша, Қазан, Каримов Миғтахетдин.

Қандай болған, біздің атамыз? Біз оны ешқашан, тіпті фотосынан да көре алған жсоктыз...

Каспий теңізі, Жылыой, қөпес үйі, революция, балалар, аштық кезең, біздің Бабай өмірден өтті.

Одан кейін – тағы да соғыс, теңіз адамдардан қашып кеткен, Гурьевке көшу, соғыста үлкен ұлы Адіәм қаза табады, ол өзі госпиталда қызмет жасап жүріп, қаланы бомбалау кезінде құлағынан айырылып қалады...

Өмірі кәдүілгі өмір төрізді. Тек татар тілі мен арап тілін біліп өткізген...

Одан әрі – ракеталар, өзі айтқандай аспанды тескен, одан кейін телевизор...

Енді, міне, біздер – оның немерелері...

Осы жерде менің жүргегім жан төзгісіз мұн мен сағыныштан шымырлап – мен сезініп, одан сон өз әкемді көрдім. Әтием.

Иә, мен оны көрдім.


Және ол сол баяғысындаи бірденелердің камын істеп жатыр. Тек көзімен ғана аздап күліп қойып, ол бірденелерді жасауын жалғастыра берді.

Жүргегім, бар жан дүнием бейне бір соған тұншықкандай бол ауыр мұндан сыздап кетті.

Оған деген – сағыныштан.

Оның біздің арамыздан тым ертереск кеткеніне – ал, мен болсам бүған ештеңе де істей алмай қалғаныма...

Кешір мені, менің ардакты Әтием...



Балалары өз ата-аналарының алдында үнемі карыздар бол калады. Және өкінішке орай бұны тек олар келмеске кеткенде барып сезінеді...

...Әтием – бәрін түсініп, тіл қатнастан, маған бұрылымын карап алып, өз жұмысын жасай берді.

Ол өзі өте сирек күлетін, онысы және ерекше болатын, кайғысы да қуанышы да бірігіп, араласып кеткен ерекше күлкі...

Мен тіпті оның не істеп жатқанын да түсінбедім, тек оны көрлім және мен онымен азаи туралы сөйлестім.

Тек үнсіз...

Біз бір-бірімізді, барлық біздің ойларымыз бен сезімдерімізді түсіндік.

... “Қолы Алтын”, - деп айтуда еді ол туралы біздің барлық көршілеріміз, оны бүкіл өмірін слесарь болып өткізген жұмысында да қатты бағалағытын...

Оқыған, білімді адамның ұлы, бір кездері белгілі әрі мықты фамилиядан шықкан. Жалғыз өзі біздер үшін, бір кездері үлкен, әрі кең, сумен жылтырылатын үй тұрғызыған....

Аула іші үнемі таза, әрі күтімді кокөніске толы болатын...

Үнемі бірденелердің камын жеп, істерден – бір сөтте тыным көрмейтін. Керек болғанда ол етікші де, кочегар да, электрик те және қарауыл да, тігінші де, балташы мен ағаш шебері де бола білген...

Одан көмек сұрап күн демей, түн демей толассыз келіп тұратын сол көршілері, бір жерде анат болып жатыр немесе тағы бір жерде бірдене оксамай жатыр деп жұмыстан ізден келген адамдар – міне, осылай өмір бойы...

Және ол бізден жұмыс әбден қызған уақытында, біреулердің тансырмасын орындауға кетіп қалатын.

Ол бар болғаны 56 жаста болатын – ал озі 70 жастағы жандай көрінетін...

Осылай – адамдар үшін өмірін өткізді...

...Менің тамағыма тас тығылып қалғандай болды.

Мелшиіп қалған күйімде мен ауланың қак ортасында тұрмын.

Мұннан, сағыныштан құлазыған, қалжыраған күйлемін...

Бірақ тағы да солармен, тұғандарыммен біргемін...

Уақыт токтап қалған төрізді бол көрінді.

Бәрі де осынау таусылмastaй ауыр мұнға үйип, ілініп қалғандай...

...Менің көзімнен бір тамшы жас жаймен ыршып кеткен сәтте, кенет белгісіз бір жақтан пайдада болып, соғып кеткен жел мені нақ өмірге алып келді.

Көзімнен аққан жастан ба, әлде желден бе, шаннан ба төніректің бәрі буалдырланып және тұмандана түсті, күннің сәулесі менің көзімді қарықтырып жіберді...

Менің басым қас-қағым сәтке айналып, көзім өзінен-әзі жұмыла берді, көзімді ашып алғанда құйзелістен – жолдың ортасында тұрган құйімде мелшиіп қатып қалдым, бірақ – жападан жалғыз қүйде...

Аула іші, қаңырап қалған, күтімсіз тасталған. Сарай – құлап жатыр. Мен есенгіреп қалдым. Бар даусыммен айқайлағым, жер тепкілегім келді.

“Қайдасындар сендер?! Қайда кеттіңдер?! Кетпеніздерші, өтінемін сіздерден!..”

Жан ұшыра үйге қарай жүгірдім.

Бөлмелерді арапап шықтым – ешкім жоқ!..

Кері аулаға жүгірдім – тағы ешкім жоқ...

Өз мұным менің өн бойымды шарпып етті.

Басымды ұстаған қуйі, ыңырсып жерге құлай кеттім...

...Бұнымен – бәрі тынбайды.

Олар – үнемі менің түсімде өмір сүреді.

Сол кезде – тіпті оянғың да келмейді.

Күнгірт түсінікпен уақытты созғандай боласың – осы түс таусылмаса екен – осылай болса да менің өкем жүре тұрса екен деп!..

Және ол да бәрін сезіп және түсінеді. Себебі мен – оның үлымын. Сондықтан да ол барлық кезде, қайда болсам да менімен бірге.

Мен тек өтінемін – ешқашан, менен ешқайды кетпеші...

Мейлі, өн болмаса менің ойымда, түсімде болсын, - әйтегеір жүрші...

...Және мен метрода немесе автобуста жүріп бара жастақанда, перезедегі өз кескінімнен оның – шаршаган, ойлы да үніле қараган жанарын көргендей боламын...

*Желтоқсан, 1993 жыл.
Мюнхен қаласы.*

Көк күмбезінің алуан тұстери

Тоқсан үшінші жылдың күзгі Мюнхендік кеші. Көніл-күйім астан кестен. Кеудемді сағыныш пен мұн торлап алған.

Бұрынғы коммунистік мемлекеттер мен демократиялық елдер де өмір сүріп жатқандар арасындағы, аса таңқаларлық алшақ жатқан дәрежелер.

Жарқын келешекке деген ешқандай үміт жок.

Асып кеткенде – жуық он жыл қолемінде, егер одан да әрі болмаса...

Есіме В.Высоцкийдің өлеңдері мен бейне бір барлығын да мұлде жоқ болмыстан өнін айналдырып сүйретіп шығарып алғандай, жан-дүниенде паршалар ауыр да азапты сазға толы Jefferson Airplane, Black Sabbath, Led Zeppelin, Shocking Blue, Pink Floyd композициялары түсіп отыр.

Жанұяма, жан жарыма, балаларыма кеткім келеді.

Ой орманы мені, тіпті, алысқа – сонау барлық тұстер атаулының бояуы қанық, күні нұрланып жарқыраған, құмырсқалары мен шегірткелеріне шейін асыр салған, ең бастысы үзілмес YMTCI бар – мектеп жылдарына, балалық шағыма жетелейді.

*Өмір көші, осылайша оза ма,
Қайда кеткен, сол кешегі
Өзім болған мәз бала,
Айтыңдаршы, үзак карттық берілген,-*

*Сыйлық па әлде жаза ма?
Көкжиеектен шұғыла арман көше ме,
Үміт шырақ, шыныменен өше ме.
Кім біледі, құстар қайда өледі
Қоңыр күздің, жасы қазір нешеде?...*

*Кім біледі, терең теңіз –
Түсіне ме менің айтқан жырыма?
Осылайша, ойлар менің өзегімді өртеді.
Жас жапырак самал жеселге көктемелі,
Не деп сырын шертеді?...*

*Ажал қайдан төнеді
Көктен бе, әлде жсерден бе?...*

*Енірекен тұндерде,
Құстар ма әлде адам ба?
Жиі енетін түсіне
Шок жүлдізызың аты есіне түсе ме?*

(П.Грушко)

Шынында, балалық шакта әлем қандай болды? Дәлірек айтар болсақ, балалық шакта әлемді қалай үғындық? Ашықта айқын, мейірімге толы жылы шуакты, түрлі түсті, әрі таза, қызықты да көнілді еді гой.

Ертеңгі күн – одан да жақсы, одан да өткен қызықты емес пе еді. Әр қүннің өзі үзак боп көрініп, ал Өмір әлбетте – таусылмastaй шекsіз болатын.

Бәрі сені айнала қоршап алып, бейне бір белгілі тәртіппен сен үшін ғана анықталып, бекітілгендей боп, ал сен – бұл әлемдегі ең биік тұлға төрізді көрініп тұратынсын.

Ал, сенің ата-анаңдан артық бұл әлемде мейірімді де, әдемі де еш жан жок...

Осылардың бәрінен ең негізгісі, өсіреле, саған – бұл, әрине, Үміт. Тұғанынан бастап адамға еніп, ол балалық шаққа орнығып алып, қоршаған ортаны қабылдауға комектесседі, мінезді қалыптастыратын айырықша кескін қабылдаіды, содан кейін барып сенімен, сенің жан дүни-енімен бірге ғұмыр бойы өмір сүреді. Адам солай, оны, өзінің ішкі үмітін, ең болмаса соңғы үміті қалай сткенде орындалады – ау леген сенімді өзімен бірге алып жүреді.

Ештеңеге де қарамастан, оған сенгісі келеді, және ол оған шындығында өмір бойы сенің өтеді.

Сондыктan да ол, си соңғы боп, өмірімен бірге, си соңғы ойларымен бірге оshedі.

Ал, балалық шакта әлем шынында тек қана түрлі түсті әлемі боп көрінеді.

Тіпті сұрықсыз бен ластың өзі де...

Ал, енді есейген адамға сұрықсыз тұс – тұс емес. Ол еңің өзі туралы мүлде бөлек мағына, бояу береді. Түрлі түсті бояулар, олардың саны, жас үлғайған сайын білдіртпей қыскара түседі.

Әлемнің – шенбері, түстері, шегі, мүмкіндіктері тарыла бастайлды және саған ендігі киын бола түседі, ол ол ма, тіпті, кек күмбезінің кемініркесақтың алуан түрлі түстерін еске түсіру де санау да мүмкін емес болып қалады.

Әлем ақыр аяғында тек сұрықсыз ак пен кара түсті ғана болып қалалы, қалғандарына еш көніл де аудармайсың және саған енді гүлді көру, оның ішіндегі өмірді оның жапыракшаларын, нәзік сабакшаларын, жорғалаған қызыл қонызды, сол жерге үшіп келген, саған еш көніл аудармайтын, сені мұлде көрмейтіндей болып жүрген бал арасын көру мүмкін емес.

Ал, мүмкін ол сені көретін де шығар, бірақ сенің – тек бала екенінді білмейтін шығар.

Сондыктан да ол айбат шекпей тек ызылдаپ, өзінің көніл қүйін көтеріп қана жүрген шығар.

Енді қашан да болса осындаиды көру мүмкін болар маекен, яғни әрбір бояудың түсін сезініп, сенің әжесің отырғызыған – боз-көгілдір және сары гүлдердің жапыракшаларын, құрт-құмырсқалардың өздерінше аса зор кіші-гірім әлемін бейне бір бұл әлемдегі ең бастысы, ең маңыздысы осы тәрізді бол түрғандай сезініп, көре аласың ба?...

Қараша. 1993 ж. Мюнхен.

Үйеңкі жапырағының күзгі Рәгтаймы немесе жай ғана жапырактар

...Жаз өз мөресіне жетуге таянған шак.

Төнірек біткеннің бөрінен күрен күздін де келгені анық байқалып – құн сұрлана, сұтып, ішін тартқан ызырық жел де жиі-жиі соғып, құннің қызуы қайтқан.

Құні кеше жайқалып түрған ағаш жапырактары, бүгінде байкалмай ғана базары тарқап – алғашында сарғыш тарташп одан соң мұлде қурай бастаған сыйайлы.

Сондыктан да болар олар ағаштардың өздерін ылғал тартқан кара жерге лактырып тастағысы келетінін сезетіндей тәрізді...

Иә, шамасы дәл осылай болары да анық секілді. Өз уақытында жапырақ бол жарыса шулаған олар, шындығында тыныштықты тілең, тағдырға мойынсұнғандай күйде еді. Олар ағаш бүтактарына құныса жабысып, үзіліп түсер сөттегі жан азабын күтіп салбырап түр...

Міне осылай зорға ілініп түрғанда олар кенет өздерін үп еткен майда желінің ағаш бүтактарынан оп-онай жұлып алып, аспанға атып жатқандарын да байқамай қалды.

Бұл сондай ғажап еді – гүлдең болып, кеүіп сарғыш тартқан жапыракша ештеңені түсініп те үлгермestен, құдды бір түс көргендей тек өзінің жаз бойы жайқала шулағанын аса мактандышип еске алып, ең соңғы үшу сапарына аттанып кетті...

Енді бірде көтерілген құйын жел біздің жаңағы жапыракшамызды дөңгелете жөнелді, ол сол сәтте өз ағашынан гана емес, тіпті, барлық орманнан да биікке көтерілді. Бастапқыда оған корқынышты болып көрінген, сәлден кейін оған өз дәурені өтсе де бәрінен биіктемін деген мактандыш сезім пайда болды.

Ол бейне бір осы тәтті сәт үшін өз ағашынан жұлдынып, үшуга аттану да өкінішті емес-ау деп ойлады. Алайда оның осы үлкен шаттығы үзакқа бармады – ауа ағымымен біресе онға, біресе солға шайкалақтап барып ол су үстіне түсті.

Сойтті де жүзе жөнелді. Су ағысы оны өзеннің тәменгі арнасына қарай асықпай ағызып барады.

Озен жағасынан орманның, кең алқаптың бейнесі көрініс беріп, жапыракша айналға жаңа бір әлем ашқандай таңдана қарады. Ол енді сол бір ағашты көріктендіремін деп тұрып қаншама уақытты текке өткізгеніне өкіне бастады.

Бірақ сол сәтте тез есін жиып – тұла бойының бәрі дымқылданып, ауыр тартып, су түбіне батып бара жатқанын сезді.

Жапыракша жан үшірып жүріп бұрын жағалауда тұрып, сұға құлап қу томарға айналған ағашқа барып тірелді.

Міне осылай екеуі де өзен жағасындағы таяз суда жатты – бір кездері бойтерек болған – томар мен мезгілі бітіп өз ағашынан үзіліп түскен жапыракша...

Осы мезетте жапыракша асқан сағынышпен көктемде өзіне өмір сыйлаған, титтей бүршік кезінен сақтап, өсіріп, алып тармырлары арқылы нәр берген сондай берік те кайырымды, биік өз ағашын есіне алды.

Бұған дейін бұл туралы ойлап, жөнді мән бермегеніне кіттү үялып, өзінің туған ағашын, ең тұңғыш, әрі ең соңғы жазын есіне алып томарға тығыла түсті.

Мюнхен. 14.01.1994.

“Макабка атай”

Терезеден түскен күн сөулесі дәл менің бетіме құлап, оның жылуы мені оятып жіберді. Тұрғым келмей жатамын. Алайда, күн сөулесі бейне мені жатқызып қойғысы келмегендей, енді мұлде көзімे түсіп, қарықтыра бастады. Көзімді сығырайтып және жиі-жін ашып-жұмып жатып, мен өзімнің үзын кірпіктерімді сезіндім. Үйде ешкім жок болатын. Тек жарсағатығана тықылдан дыбыс шығарып тұр.

Бөлме іші жайлы, таза әрі коңыр салқын.

Балаларды әдетінше құндіз үйқыға жатқызатын, сондыктан мен тал түсте оянып кеткен едім. Тұрып, есік аузына барып, есікті аштым – сол сәтте, тағы да үйқылы көзімді сығырайтып, мен осынау жылы да шуақты жазға, гажайып та қайталанбас Балалық шақ әлеміне еніп кеткендей болдым.

Маусым айының басындағы әдеттегідей құндердің бірі. Элі ерекше ыссылық пен аптаптың жок кезі. Төбет Полкан, күн көзінен тығылып, көлеңкеде өзінің үйшігінде, өздерінің титтей әрі жылдам жүтуларымен оның ыдысындағы суды асығыс ішіп жүрген торғайларға да еш көніл бөлмей үйіктап жатқан еді.

Басымды жоғары көтерген мен біздің үйдің шатырының ернеуінде отырып, маған кадала қараған кос сүр торғайларды көрдім. Олар өз-өздері бір-біріне жарыса шырылданп отырып, мені көрген бойда оларын доғара қойды.

Сол сәтте дәл менің төбемнен ызындалп бал арасы үшып өтті. “Ол қайда үшып бара жатыр?”.

Менің көзім үйге жапсарлас салынған ашық орынға қара-ма-карсы, біздің әжеміздің отырғызыған шағын боз-көгілдір гүлдердің бүтактарына түсті.

Мен жақындалп кеп, отыра қалып, оларға кадала қараң бастадым. Менің сондағы көргенім, осынау титтейғана жапырактай жердегі шөп арасындағы қайнаған қызу тірлік еді. Жасыл сабактарына арқаларына – шөп қалдығын тіркей, маса ма бірденелерлі арқалап алған, дымқыл жердегі коңыр түсті құмырскалар тез-тез өрмелеп жүр.

Қызыл коңыз өзінің қып-қызыл канаттарындағы ақ дактарын көрсете, жазып жіберіп, жапыракқа жабысып алышп, бірденені немесе біреуді күттіп отыр...

“Жанағы бал арасы қайда кеткен?”.

Осылай ойлауым мұн екен, бейне бір бір жақтан секіріп келгендей, ғұлдердің арасынан бірнеше орасан зор бал аралары ызындалап шыға келді.

“Қызық, олар бұнда не істеп жүр екен?” – деген ой маған маза бермеді.

Қолыма сабанның сабакшасын алып тағы да ғұлдердің жаңына отыра қалдым. Бал арасы, ендігі менің отырысыма үйренгендей бол, өз жұмысына кірісп қетті. Олар бір-бірлеп боз-қоғайлір ғұлдердің ішіне еніп, өздерінің піскек мұрттарымен іліктіріп, тұмсықтарымен ғұлдердің шипалы шырынын жинап жүр. Сарғыш та толық, олар жеңіл, әрі асықтай ішіне еніп алып, тату түрде ызындалап жүріп, уақыт өткен сайын бір ғұлден екінші ғұлге ауысып үшып жүр.

Кенет алыстан, бұрынғы ескі үй, қазіргі сарай жақтан мен өз әжемиін дауысын естідім. Ол құле сөйлеп татар тілінде біреулерге бірденелерді айтып жатыр.

Бақша ішімен, әкем төсеп тастаған тақтай жолдармен мен асықтай басып оған қарай жүрдім. Оң жағымда – жас жүзім кошеттері, сол жағымда – жана-жана өз күші мен бойын жинап өсіп келе жатқан қызандар мен қиярлар.

Әжем жерге төсеніш төсеп алып, отырып самауырыннан шоій ішіп қойып, жаңында жүгіріп жүрген жас бала-пандарды қызықтап құлімдел отыр. Мен оның қасына ба-рып жайғастым, енді біздер екеулеп кесек секер мен шел-пек нанмен шоій ішіп, ана тілімізде бір-бірімізге қөнілді озіл айтып және осынау жүгіріп жүрген бакытты балапандарға, тордың ар жағынан бұларға қызыға да қызғана да көз тастап түрған ересек тауықтарға қарап отырмыз.

Олар бейне бір ендігі есейіп кеткендерге бұның не нәрсе екенін түсінгендей бол, мұнайып қарап түрғандай.

...Сол сөтте самауырын жаңында екі кітапша жатқан, оларды Жайыққа шомылып келмек бол жүгіріп кеткен, менің ағаларым тастап кеткен еді.

Ендігі менің оқып тастаған Әліппенің тез-тез беттерін парактап тастап, мен екінші жұқа кітапты қолыма алдым. Ол “Мениң алғашқы кітапшам” сериясынан қызық та, түсініксіздеу – “Макабқа атай” – деп аталатын кітап екен.

Мен жоймен, ежіктеп, буынға бөліп оқи бастадым, ал онда да – жаз, каникуль, әже, немере туралы айтылған екен...

Ио, маған да, осы күзде мектепке, бірінші сыныпқа бару керек...

Бұл кітапша менде қазір де бар. Ол шкафта құжаттармен және басқа да бағалы қағаздармен бірге жатыр. Бала-лық шақтан қалған мейірлі кітапша. Тек аздан қана сарғая бастаған.

*Менің алғашқы кітапшам – менің құрдасым,
“Детгиз”, мың тоғыз жүз елу сегізінші жыл...*

Караша. 1993 жыл. Мюнхен.

Балалық шақтан бір елес

Алпысыншы жылдардың екінші жартысы.

Қоныр күз болатын

Күн батуға таянған шақ.

Аспанды тұтастай тұнерген қарасүр бұлт бүркеп алған. Мен (ол кезде сегіз-тоғыз жаста болатынын) терезе тұснына қойылған стол жанына отырып, аспан мен жердің арасын боліп тұрған жоғары жақтағы ұшы-қиыры жок қаранғы да қапас көністіктен жерге еш дыбыссыз жаймен ғана түс бастаған аппак қар үлпаларына қарап отырдым.

Олар жерге құлан бара жатып, біздің үйдің кіре беріс мандайшасына ілініп, Жайық жағасында орналасқан қаранғы ауламызға соулесян түсіріп тұрған жалғыз шамның жарығына шағылтысып, ұшқындана, құлпыра түседі...

Бұған дейін біздің бакшамызды өкеміз олдекашан қопсытып, казып, ау жүзім ағаштары былтырдан қалған құлдің қалдығымен көміліп тасталған болатын.

Тек төбет Полкан ғана дымқыл сыздан бүрсін, үйшігінде жатқан күйі жан-жағына жабырқаулы көз тастап қояды. Қараңғылық қоюлана түсті.

Әлде бір тұстан елеусіз жел пайла болып, сұық леп есіп, көп кешікней қүшнейіп, іш тарта ұлый басталы. Сокқан жел мен жауып тұрған қардан какпа, корі теректер мен үй алдындағы кішкене бау-бақша ағаштары да тарсылдал, сыйырлай бастады.

Жерге түсін үлгерместен, құлдилап келе жатқан күйі жанбыр тамшысына айналып жатқан қар үлпалары өздерінің бей берекетсіз жерге құлауларын жылдамдата түсті.

Мен терезе алдындағы стол жанында отырған қалпында тортінші сыйынқа ариалған қазек тілі оқулығын парактап

қойып тыста болып жаткандарды бакылауымды сол күйі жағастыра бердім.

Қар ұлпалары бейне бір сыз тартқан дымқыл жерге құлап, лас шалшыққа айналғылары келмегендей, ақ шіркейлер тәрізді шам жарығының айналасында шырық қөбелек айналады.

Енді бір сәтте аяз біртінде қатая түсіп, қар тұра шелектеп төккендей жапалақтан құйып тұрды.

Ал, жел өзінің артына жым-жырт тыныштық пен осы жылы бөлмеге де сезілгендей боп қөрінген сұық та аязды ауаны қалдырып, қалай елеусіз пайда болса сол елеусіз күйінде кенеттен тына қалды. Қар жаңбыр тамшысына айналуын тоқтатып, дымқыл жерде тез аппак түске бөгіп, қымтай бастады.

Аула іші жерге асықпай түсіп, шыға беріске, жалғыз аяқ жолға, ендігі өзінің аяқтарымен аспанда баяу қалықтан барып, жұп-жұмсақ болып құлап бара жаткан қар ұлпаларын ауада ұстап жұтып жібергісі келіп өүре боп асыр сап жүрген Полканның үйшігі де құлды төсеген ақ перде тәрізденіп жаткан қар сөүлесімен анағұрлым жарық болып қөріне бастады.

Алғашқыда тап-таза, содан соң аздап терлей бастаған терезенің қос қабат әйнегіне тез тыста қатая түскен аяздың әсерінен женіл әрі мөлдірленген жұқа қырау өрнек сала бастады. Жұп-жұқа мұз қабыршақтарына оранып сол сәтте то-лассыз жауған қардың астында қалып жаткан шалшық бетінде де осы қөрініс қайталанып жаткан еді.

Аяз өз өктемдігін неғұрлым тез қөрсете түскен сайын, жауып жатқан қар да соғұрлым катты әрі құрғақ бола бастағаны қөрініп тұр.

Осынау күтпеген сәтте келіп өнменіңнен өтердей сұық әкелген аяздың іске шындал кіріскендігін тез сезінгендей Полкан да болып жатканның бөрін үйшігінде жатып сырттай бакылауға кірісken.

Иә, бұл өтө ғажап сурет болды және оның әсері де әдеттен тыс тамаша еді.

Бейне бір балалардың сыйқырлы ертегісінің қөрінісі тәрізденіп кетті. Бұдан бас-аяғы бір сағат қана бұрын тәуліктер бойы терезе аллында тұрып алған сұркай, сылбыранқы әрі жаңбырлы ауа райы мен гүрьевке ғана тән сұркайы лаіж батшактан шарасызық пен торығудың лебі ескендей еді,

енди міне, төнірек түгелдей аптақ қардан мамық көрпе жа-
мылған.

Аула іші адам танымастай жанарып, жап-жарық, тап-
таза боп өзгеше салтанатты түрге еніп үлгерді.

Тұла бойымда тұсіндіріп болмастай тыншу сезімі мен
жылылық, сонымен бір сөтте – дәл менің көз алдында өтіп
жатқан табиғаттың ғажап көрінісі – санаулы сөт ішінде
табиғаттың бір Мезгілімен екіншісінің, Күз бен Қыстың
ауысына танырқау сезімі пайда болды.

Біздің әжеміздің сөл тосындау қылып Мерси деп ат қой-
ған мысығы да осы тамаша көріністі көзben көргісі келген-
дей терезе алдына секіріп мініп алып, қызыға қарап ұзак
отырды.

Содан соң көргендерінің бәріне қанағаттанғандай боп
еденге түсті де, асықпай басып, үйдің қақ ортасындағы
түрган өзінің сүйікті орын пешке қарай тартты.

Осы сөтте ауладан қакпа есігінің сарт еткен дыбысы
естіліп, жаңағана жер бетін жапқан қарды біреудің аяқта-
ры сықыр-сықыр ете басып келе жатты.

Терезе алдымен мектептеге екінші ауысында оқып, қазір
ғана мектептен ораған менің ағам өтті.

Бірнеше минуттардан кейін онымен ілесіп сырттан бөлме
ішінде аяз бер қардың тап-таза жаңа исі бірге кірді.

Үй-іні одан сайын жайлы да жылы бола түсті. Ескі окулық-
тың беттерін парактап отырған мен, кенет онын ішінен жаңа
ғана терезе алдынан нақты көргендерімнен судың қос там-
шысындағай айнымайтын сурет көріп қалдым!..

*Каранғы кеш. Қар жсауып түр. Шолак тон киген жас
өспірім, соқа басына ілінген жалғыз шамның күнгірт жары-
ғымен сөмкесін қолтығына қыса түскен қалпы, мектептен
үйге қайтып келеді.*

Бұл мені танқалдырғаны сонша, осы көрініс менің санам-
да әлі күнге жатталып қалған еді.

1993 жыл, 2 қазан. Мюнхен қаласы.

*Бұл өзі әлдеқашан болған еді –
ширек ғасыр өткеннұғын содан бері.*

Бұлттар қалқып барады...

Күн тас төбеде болатын.

Ол осынау қөктемнің тұп-тұнық боп көрінген көгілдір қек күмбезіне шығуға талпынғандай ұмтыла өскен алып карағайдын нақ төбесіне ілініп тұргандай еді.

Мен тұстай шырша мен қарагай шыбықтары төбе болып үйілген қылқан жапырақты ағаштар тоғайының арасындағы бір қарағайдын түбіндегі жұмсақтау жерде, колымды тобеме қойып, аспанға қарап жатырмын...

Күн сәулесі менің көзімді қарықтыра бастаган сөтте, мен сол бұрылып жатамын немесе тек көзімді жұмын алып өзімнің күтпеген жерден тап болған, ережесі маған ғлі анық та, түсінікті де емес жана өміріме қайткенде тезірек бейімделуге тырысу туралы ойлаймын.

Аспанға, оның төрінде қалықтаи жұзген бұлттарға қарап жатып, маған кенет, осы менің үстімде жүзіп бара жатқан бұлт – біздін жақтардан-ау, ол жоғарыдан сонау алты қырдың арғы жағындағы біздің үйді, менің ата-анамды, әжемді, бауырларымды, Ақ Жайыкты, біздің мектепті, ал олар болса осы қазір менің үстімде қалқыған мына бұлтты көрді-ау деген ой келді...

Сол сөтте менің жүргегім сағыныштан шымырлан кетті.

Мен аспанға қанша ұзақ қарап ұнға түсінде жатып, соншалықты жақындаі түсіп, тіпті, қол созым жерге кен тақала төніп тұргандай, ал мен өзім осынау түсіз көгілдір аспанға кіріп, араласып, сінің кеткендей күйге ендім. Осы арада менің тағы бір ой түріен отті.

Ол осы қазіргі жаңдайымдағы ең корқыныштысы, менің бұл жерде болуымның қанша мерзімге созылатынын білмеуім еді – бұл соншалықты белгісіз де түсініксіз нәрсе болатын – себебі мерзімнің созылуы туралы белгінің анықталу ретін мен білмейтінмін – міне, осының бәрі үнемі мені іштей толғандырып, жаныма маза бермей, азапқа салатын.

Мен жанарымды жұмған күйі, осылай жатуымды жаңғастырып, ойымды басқа бірденелерге болап, жинактауға тырысын-ақ көрдім. Одан ештене шықлады. Бірақ көзімді ашып алуды сол екен, ақықат шындық мені, осы жердеі ерекше бір ғажап табиғат көрінісі боп, өзгелдердің бөрін екінші кезекке ысырып тастаі, сол сөтте дәл қазіргі болмысқа алып келді...

Мен, өзім үшін мұлде жана әлем, өзім тұнғыш рет көріп тұрған осынау ортаға, асқан ықыласпен, көз алмастан үзак қарадым.

Ая естен тандырлықтай саф таза да коныр салқын еді. Ал, жерден шырша мен қарағайдың былтырғы жапырақтарының және бұтактары мен жанғактарының қышқыл тарта бастаған исі жұпар шашып, төніректі хош иіске толтырып тұрған.

Мен іргесіндегі құмырсканың илеуіне қалка болған көрі қарағайдың жаңында құмырскалардың үзак қыстан кейінгі тынымсыз тірліктеріне қараш жатып, кенет, сонау беймәлім алыстағы, оған қашан баратынымыз әлі белгісіз, бейне тұс төрізді басқа өмірімзегі өзіміздің құмырскалардан айнымаған тіршілігіміз туралы бір түрлі ойға келдім.

Осылардың бәрін ойға алған сәтте де мен тек бір-ак нәрсені – не болса да, сонау алыстағы біздің үйде бәрі аман-сау болуын тіледім.

Бұл менің сол сәттегі ең басты арманым және жаратушыдан тілер жалғыз тілегім болатын, сондыктан үйге жазған әр хатымды бастарда, ешкімді қалдырмастан, ойша бәрімен сойлесіп, барша ағайын мен көршіні, тіпті, мысық Мерси мен тәбет Полканды да тастамай есімдерін тізіп шығатынын.

Содан да болар, менің хатым тек есімдердің тізбесі бол шығатын, бірак бұл мен үшін өт маңызды болатын – мен оларды осылай ғана корғап және міндетті түрде олармен тезірек көрісе аламын – деп есептейтінмін.

Олардың бәрі маған баға жетпес қымбат жандар ғой және олар менің ең басты байлығым мен мақтанышым да, олар туралы ойлай отырып өзімді әрлайым сенімді әрі мықтырақ сезінемін.

Кенет, мен мұлде байсалды қалыпта, бұл жердегінің бәрі мені жалықтырғандай шакта үйге ораламын, тіпті, кім не ойлап, не айтса да сол мерзімді өзім белгілей аламын деген тұжырымға келдім.

Неге десеніз бір кездерде дүниеге келіп, өмір сүрген сол әлем мен үшін өте қымбат-туғын...

Мен мұлдем жалғыз едім.

Мынау әлемдегі барлық нәрселерге үксайтынын.

Мен үнсіз ғана айнала коршаған әлемге асқан ықыласпен үзак қарадым.

Әйтсе де болған оқиғаның алдына шықпай — акырын күтпек боп шештім...

1969 жылдың мамыр айы *өтіп жатқанда*, бұл жай *Көкшетау облысының "Бурабай" санаториясында* болған, мен онда он бір жаста едім. Кез келген өзгерістерге дайын болсам да, күтпеген жерден, өз басыма *тап болған осынау* сынаққа мен өзімнің төтеп беріп, шыдай аларыма бек сенімді едім.

Себебі, менің үйге қайтқым келді.

30.05.1993 ж. Мюнхен қаласы Телеарнадан Фрэнк Синатра туралы фильм көрсетіліп жастыр. Өсем де сезімге толы әуен ойнап тұр. Мен сонау алыста қалған жан жарымды, балаларымды ойлан отырмын. Біз екеуміздің алғашқы кездесуіміз, қалай қосылып және қалайша тағдыры бір арнага тоғысқан жандар болғанымыз туралы еске түсірдім...

“Жадымның тербетіліп толқынында...”

1985 жылғы көктемнің басы.

Ел өзгерістерді күту үстінде.

Кремльдегі биліктің аусызы, сол кезде көктемнің тууымен сәйкес келді, әрі бұның өзі — жақсылықтың нышаны болар деп сендік.

Шындығында, сәүірде жылы жел есіп, біздің өмірімізде он өзгерістерге деген үміт ояңды.

Басқа сөзбен айтар болсақ, көктем болатын және баршамыз да тек жақсылыққа сенгіміз келді.

Алайда, менің бұл әңгімем қайта құру туралы емес, ол махабbat, өзім туралы болмак.

Ол кезде мен толық кемеліме келген жаста болатынмын — яғни мен 27 жасқа толдым.

Көктемгі жаңарулар үнемі өзімен бірге өмірлік және жастықтың мол қуат күшін ілеңстіре жүретіні белгілі. Бірақ та сол кез бәрі қалыптағыдан сәл өзгешелеу болған еді. Тіршілік

қуаныштарының сезімі, мерекелік, салтанаттық және өтіп жа-
тқандардың қайталанбастылығы басым еді. Менімен және
айналамдағылармен өтіп жатқандардың. Тіпті біздің осынау
шагын әрі қонымыз ерсілеу қалашығымыздағы ауаның өзінде
өзгеше бір нәрсе қалықтайды. Сырттай мен сол әдеттегідей
едім. Бірақ іштей менің жан дүнием мұлде бөлек, бөтен әлемде
өмір сүріп жатқандай бол, мен көтерінкі сезімде әрі кездесуді
күтіп жүргенмін.

Көп кешікпей ол да жүзеге асты. Сол сәуірдің жиырма-
сыншы жүлдзызында. Ол күнделікті жұмыс күндерінің бірі
болатын, сол баяғыша мен төртінші қабаттағы өз бөлмемде
отырғанмын.

Кенет мен айналамдағы бір үрейлі, әрі ерекше тыныш-
тыққа назар аудардым. Неге еkenі белгісіз менің маңайым-
да қызметтестерім де, келушілер де жоқ болатын. Ешкім де
жоқ.

Еш мақсатсыз, ештенені ойламастан, бірінші қабатқа
түстім. Айналамның бәрі тыныштыққа оранғандай немесе
ол кезде солай бол көрінді ме, бір нәрсеге бола төмендегі
бос бөлмелердің біріне кірдім, содан соң бейне керек уақыт-
ты күтіп тұрғандай, есікті ашып, оны көрдім.

Менің жанымнан тез-тез басып тыска шығатын есік аузы-
на қарай сүйкімді әрі сұнғақ бойлы қыз өтті. Мен бейне тұс
көріп жатқандай, аяқтарым өзімен өзі оның ізімен ілесіп жүріп
кетті. Терезе алдына барып токтап, мен үнсіз, ұзак қарап тұрып,
куздік пальто киіп, тас жолдың үстін өзінің һәзік те, жеп-
жеңіл аяқтарына киген өкшелі туфлейлерімен тықылдатып кетіп
бара жаткан оны қөзіммен ұзатып салдым. Ол автобусқа оты-
рып, кетіп қалды. Мен өзгеше бір сезімді бастан кештім, тере-
зе алдында тұра бердім. Мен, тіпті, оның бетін де көріп үлгер-
ген жоқлын, бірақ оны қөптен білетін тәріздімін. Осының
барлығы тек бірнеше сәттерге ғана созылды және мен қанша
тырыссам да оның бет-әлпетін есіме түсіріп әрі елестете алма-
дым. Тек кеудемде ыстық та мейірімді сезім ғана үялап қалды.
Сосын оның сымбатты мүсіні мен тәқаппар да аскак келбеті
калды.

Улкен ғимарат ішіндегі тыныштыққа батып барлық ай-
наладағы қоршағандардың да мәні мен мағынасы жоғалды.
Мен үшін барлық жаратылыс атаулының маңызы тек осы-
нау белгісіз бойжеткеннің бейнесіне кеп тірелгендей бол-
ды...

Осылай бірнеше күндер өтті...

Мамыр мерекелері де жақындағы. Менің жадымда бая-ғыша онын елес бейнесі. Бірақ менің жан дұниемнен шығып жатқан Мейірім, оны қыздыра түсіп, - дәл осы күндері, еш-тенеге қарамастан мен оны тағы көріп жөне міндепті түрде танитыныма еш күмәнім жок еді.

Бұл сондай ғажап нәрсе болды, - қалайша бейне онінде емес түсінде көргендегі бет-әлпестін ешқашан көрмеген адамды тек сезім арқылы ғана тануга болады.

Бірақ менің жүрегім өте сабырлы еді. Бейне озі оны анық сезіп, катесіз танып, қайда екенін таба алғатындаі еді.

Мамыр айының алғашкы күні, құды бір қырқүйектің күндері төрізді – біздің қаламыздағы осы жылғы ең үздік күндер болатын.

Жел де, шаң да, жаңбыр да жок, яғни лас та жок. Маса әлі шықпаган, қапырық пен төбендең тесіп өтердей шакырайған ыссызықтар – бөрі де әлі алда болатын.

Сонда, 1 – мамыр күні таң қоңыржай әрі ашық болып, алан үстіне күн шыққан кезде айната жылынып, шуакқа бөленген. Жайыктан таңғы самал есіп, аспан олдебір-көгілдір түске еніп, өмірдің өзі сияқты шексіз де шетсіз бол түрган.

Қарсы айымдағы адамдар тобына қарап тұрып, мен бірден оны көрдім. Сол сотте мен оны осыннама тез тауып алғаныма еш таңданған жоқлын.

Иә, бұл дәл соның өзі болатын.

Тек казір онын үстіне құңғірт-қоңырқай тұсті, жүннен тоқылған көйлек болатын, ол оның сымбатты денесінің әрбір мыскалына шейін даралынып, сұлу мұсінін айқындағ түрган еді.

Айналамда адамдар бірденелерді өңгімелеп жатыр. Мен болсам дұниелегінің бәрін мүлде ұмытып, ештенені естіп, ештенені көрген жоқлын, есіл-дертім тек сол ғана болды. Тіпті айналамды коршағандардың барлығы тыныштыққа еніп кетіп, тек ешқандай мәнге ие бола алмайтын бейнелер ғана қалғандай сезім пайда болды...

Менің барлық назарым тек соған ғана ауды.

Мен оны тұнғыш рет анық көрдім. Және оның таза да уыздай аппак жүзіне, мейірім тұнған қара көздеріне және келісті келген шиедей еріндеріне, ұзын қара шаштарына, үп еткен майда желдің өзінс майыса түскен, нөзік те, жіңішке беліне зер сала қарай бастадым...

Сол сәтте ол біреуге қарал құлімсіреп қалды, ал менің жүргім күйзелістен тоқтап қалғандай болды – не деген ғажап сұлу құлкі. Ол мұлде басқа түрге еніп кеткен. Бейне күн одан сайын жарқырай түскендей – осы бір сүйкімій қыз төнірекке осыншама мол мейірімнің сәулесін шашқандай бол көрінді...

Мен оған одан өткен таңданыспен қарадым және маған кенет тағы да мен оны, тіпті, бұрыннан бері білетініндей бол көрілі. Және маған осынау көздері, еріні, құлкісі, денесінің түсі мен шаштары таныстай. Маған, тіпті, мен оның мұлде аржак-бержағын түгел көретіндей бол білінлі. Және мен оны бір кездері құшақтан, осынау нәзік ернінен, көзінен сүйген тәріздендім.

Ал егер олай болмаған болса – онда міндетті түрде сөйтемін...

Осы кезде біздің көздеріміз бір сөтке түйісіп қалды – ол бұған ешқандай да мән берген жок. Содан кейін, мен жакқа тағы бір рет таныркай қарал, бейне бірденеге жымыш құліп кана, шеруге шықкан көпшіліктің арасына сініп жок болды.

Осы бірнеше минуттар мен үшін тұтас бір бітпестей ұзак бол көрінді.

Айналам сол баяғына. Мен енді біреулермен бірденелер туралы сөйлесіп түрдым. Бірақ ештенені де естімestен ол туралы ойлай бердім.

Іо, мен оны көрдім. Енді мен түпкілікті сенімді едім, мен оны мөнгілікке таптым. Борі де белгілі орі мағыналы түрде шешіліп қойылғандай бол көрінді.

Тек мейірім мен жеңіл мұн ғана менің жанымды аялап, ал жүргім әлі де онымен болған кездесуден өсерленіп түрді. Ол туралы ойлауды жалғастырып тұрып, мен кенет таңқаларлық тамаша бір пікірге келдім. Күтпеген жерден басыма осыдан он жыл бұрынғы күй табактағы Д.Тухмановтың “Жадымның тербетіліп толқынында” атты мейірімге толы әні келді, онда алтын түстес денелі, жіншікке биік өкшелі, жібектей құлғін шашты, сәби құлқілі, жеңіл де сымбатты, қант қамысының сабағында жайқалған муллат қызы туралы айтылған еді, ол оның жадысының толқынында тербеледі жүзіп, сол толқында бірде жоғалып кетіп, бірле қайта көрінетін...

Менің бейтаныс қызымының бейнесі еріксіз сол бір мейірімді әндегі қыздың бейнесімен үндесіп кеткендей болды – ол да аздал қара торы, қамыстай тіп-тік, уыздай жас әрі жеп-жеңіл, сәби еріндеріне үйіріле қалған бейқұн о құлқілі жан еді. Жана

ғана бүршік жарған, әлі ешкімнің алақаны тиіп көрмен гүл тәрізді еді. Ол ...

Үйге келген бойда мен колыма Куба ақыны, сол әннің сезін жазған автор Николас Гильєннің тандамалы шығармалар жинағын алып, ескі бүктемелер арқылы іздегенімді тез таптым – “Естеліктер теңізімен” өлеңі еді.

*Бұл өзі қашан,
Откенге сірə негіз бе?
Болған ба өзі түсім бе өлде,
Өнім бе?
Жүземін талмай мен үзак,
Естеліктерім қалған теңізде.
Ыргалып басып,
Тербеліп өтті тұсымнан.
Сезімнің отын жүректе жағып,
лаулатқан.
Арманның құсы,
Мұлатқызы ару, ак мандай.
Қараймын оған аулақтан.
Шашына жібек байлаған,
Толқынды көйлек, -
Үстінде от бол ойнаған.
Қызы көктем болып аттанды,
Қуанышымды бірге тойлаған...*

Әрине, мен мұнын тек **БАСТАМА** ғана екенін түсіндім.

Сұрақ көп болатын, бірак ешқандай күмән жок еді. Мен тағдырыма сендім, өзімнің сезімім мен ішкі рухыма, менің әжем айтқандай адами жан дуниеме сендім.

Откеннің бәрін жіпке тізбей-ақ қоянын. Әйтеуір ақыр ағында біз екеуміздің алғашқы кездесуіміз жүзеге асты, сонымен коса айта кетейін менің онымен танысуға деген еріксіздеу үш талпынысым сәтсіз аяқталды.

Ғажап, бұған шейін мен оны осы қаладан бір де бір рет көрген жокпын, енді – уақыт өткен сайын жағдайлар бізді кездестіре берді – тағы бірде аланда, одан соң Жайық жағасында, енді бірде женіс күні мерекесінде, мәңгілік алау жанында.

Дәл осы күні ол маған тұнғыш рет назар аударды. Бұл енді сол күннің ең басты оқығасы елі. Әлі күнге дейін менің

санамда сол бір үлкен кара көздердің ықыласты қарасы сакталып қалған...

Осынау құтпеген кездесулердің бәрі де менін – сәтсіздіктеріммен аяқталса да, мен үмітімді үзген жоқпын – “Мұнды әрі жабыранқы болғанмен, мен өзімнін іздеуімді жалғастыра бердім” - абырой болғанда біздің қалашығымыз шағын, соның өзі оның жұмыс орнын іздең табу маған көп қындық өкелген жок. Бірақ мениң кезекті өрекеттерім сәтсіздіктермен аяқталуына қарамастан, мениң толық сезінгенім сол – сен қозғала бастағаны еді. Оның үстіне мен ендігі оның атын біліп алдым – Әмина. Бұған дейін мен бұл есімді бірнеше рет естіп жүрсем де ол енді, тіпті, өзгеше бол естілді. Онда бір қалыптан тыс, әлемі, құния әрі өзіне тартып тұратын белгісіз күш болатын. Сонымен бірге – колжетпестей ...

Мениң барлық ойларым ол туралы болып кетті.

Мерекелер де аяқталды.

Бірақ мен келесі жаппай шеруді құтпестен, тұра іздеу жұмыстарыма кіріспін кеттім. Барлық мәдениет ошактарын актарып шықтым.

Олар біздің қаламызда көп емес, бірақ та бар.

Әйтеуір кітапханалардың бірінен – оны таптым.

Біздің соңғы кездесуімізге бар болғаны бірнеше күндер ғана өткенмен ол одан сайын құлпыра түскендей – табиғат, көктем мен жастық өз ісін толық аткарған еді.

Біз – сөйлестік...

Мен жұмыстан кейін кездесетінімізге сендім әрі сенген жоқпын. Және біз шынында дәл сол құні кешке кездестік.

Біздің кездесуіміз құн сайынға жалғасты. Мен онсыз бір күнде тұра алмастай халіге жеттім. Таңертең де, күnlіз де оның жұмысына телефон шалам, ал, кешке кез келген ауа райына қарамастан онымен кездесу үшін қөпірден отіп жүгіремін...

Демімді ішіме тартып, мен оған ұзақ қарап, үнсіз тыңдаймын, мен ол үшін бәрін де істеуге даяр едім.

Тұннің бір уағына дейін, таң атқанша, біз қоштаса алмайтын едік.

Осылай – еш үзіліссіз әрбір құні, әрбір кеште. Бізге бір-бірімізді қөтпен біліп және өуелден сүйетіндей бол көрінетін, тек түсінбейтініміз - бұған дейін қалай өмір сүргенімізге қайран қалып отыруши ек.

Оның бір күлкісінің өзі қанша мейірім мен жылылық сыйлайды – егер киын мәселелер болса да ол құлсे болды бәрі де сол сөтте-ақ жоқ болып кететін.

Мен ешқашанда осылай бір-біріміздің өмірімізге тез әрі емін еркін енің кететінімізге үміттеніп те көрген жоқ едім.

Біздің алғашқы кездесуімізден нақ бір ай өткен соң біз ЗАГС-ке өз арызымызды апарып тапсырдық.

Оның алдына біздер ата-аналарымыздың алдынан өтіп, өз ниетімізді білдірдік. Көрініске қарағанда бәрі де біздің бет-жүзімізде жазылулы тұрған болуы керек, олар өте ақылды жандар, бәрін де көріп, біліп отырып, мұнше ештеңе де сұрамастан тек бакыт қана тіледі. Осы минуттар өзінің қайталанbastығымен де сөзben айттып жеткіze алмастай құндылықтарға ие еді.

Үлкен маҳабbat пен мейірімділікпен, мұң мен бақытпен, аскак та сөл қобалжи тұрып біздер – жаңа өмірге аяқbastық...

Әркімнің өміріндегі өз кезеңдері болады, ол бейне тәтті тұс тәрізді әлсін-әлсін есіне түседі. Оны еске ала отырып басында оның өтіп кеткеніне өкінесің, содан кейін оның әйтеуір сенін өміріндегі болғанына риза боласын.

Біздің тарихымызда көптеген танқатарлық та қызықты жағдайлар көп болды, бірақ та біз оған еш коніл аударған жок-пыз, солай болуы тиіс норсeler деп қабылдалық.

Кейде осынау бүкіл әлем біздің бір-біріміздің тауып атуымызға көмек бергендей бол көрінеді. Бұл салыстырмалы түрде алсан ендігі әлдекашан болған, бірақ бәрі бейне бір күні кешегідей. Әрбір бөлшектеріне дейін суретке түсіріліп алынғандай ап-айқын.

Ол бір кезде бастан кешкен сезімдер торізді.

Міне, 1985 жылғы 17 тамыз да келіп жетті, біздің үйлену тойымыздың күні.

Біз – енді – мәңгі біргеміз.

Енді барлық маҳаббатымыз берен шарық та жарқын сезімдерімізді біздің балаларымыздың бойына сініреміз. Олардың өмірлеріне бұнын бәрі өз көмегін тигізерінен біз үміттепеміз әрі толық сенеміз.

Біздің бұған сенгіміз келеді.

Шілде 1993 жыл. Мюнхен.

Тұнгі ыскырық

Елдің ішінде жылдардың аяғы – алтысыншы жылдардың басы. Қазақстанның батысындағы Гурьев облысы, Құлсары кенті.

Жартылай шолейт дала, құлазыған құрғақ климат, шаңы бетіне шыққан тақыр жер. Шоп дегенде әр жерде бір көрініп жатқан жаңтақтар мен сексеуіллөр ғана. Жыл бойы бір то-ластамайтын жазда үкүм аралас анызак ыстық. Қыста – өнменіңнен отетін ызығырық сұзық жел. Республика мұнайындағы негізгі мұнайлар өлкесінің аудан орталығы. Саз башық пен саманнан салынған лас, сұрықсыз онқей сүр үйлер.

Аулалары сексеуіл мен қамыс араластырып тоқылған шарбакпен қоршаған. Жоқшылық пен жұптынылық. Тек оте жақын уақытта болатын баршамызға тиесілі жарқын болашақтың нышанындаі саз балшықтан сокқан тамдар арасында еңсесін биік көтеріп, колонналары мен мұндалап, ауданлық партия комитетінің екі қабатты ғимараты ғана ерекшеленіп тұр. Осынша келей тірлікке қарамастан әр үйдін шаруашылығында, ауласында өз малы – койы мен сиры, жылқысы мен түйесі болатын.

Әркім өз отбасын өзі асырауға тырысып бағатын. Алайда, бұл дұрыс емес. Кремльдегі біздің көсемлеріміз социалистік мемлекет өз халқын өзі асырап киінліре алады деп тұжырым жасады.

Үйлі-үйді аралап санакиылар шығады, мал мен құстың санағын алғып иені, қанша ұстau керектігін анықтап береді.

Мал ұстau тиімсіз ескірген одет ретінде қарастырылып, заңға қайны болып шықты. Сөйтіп кеңес халқы ашқұрсақ тірлік кешулерін одан әрі жалғастыра берді.

Басқаша – мұллем болмайды да. Халық жауы болуды енді ешкім қаламайтын еді. Осылай аулалар қанырап бос қалды. Бұрынғы торт түлік орнына енді ен далада жел ғана қыдыратын болды.

Кент штетінлегі осындаі үйлердің біріне жаңа оку жылының басында, қаладан жас мұғалім келип орналасты.

Қонақ үй деген ол кезде атымен жок, ал жатакханаща бөріне бірдей орын жетісе бермейтін. Қазақ отбасы мұғалімді қонақ-жайлылықпен қарсы айды, алайда, оның келуі, орине, таңы бір ортақ міндет жүктеген еді. Бірақ ол кездің талабында бұл туралы әнгіме етуге болмайтын. Оның үстіне мұғалім ен қадірменді де қоғамға қажетті адам, ал, біреулер үшін ол білімділік пен жауапкершіліктің жаңа өркениеттің жаршы-

сындағ болып көрінетін. Ол барактік түрдегі мектептердің бірінен әдістемелік сынектан өтті. Біртіндеп жергілікті әдет-ғұрыптарға бейімделе бастады. Зор қызығушылықпен жұмыс жасап, өмір сүрді. Себебі, ол кездің әрбір адамның ішкі жан дуниесінде Сенім мен Үміт болатын.

Ал жаңа ғана институт бітірген жастың құштарлығы ол өз алдына бір дүние. Таңдағ алынған өмір жолының дұрыстығына деген Сенім, бәрінің қайырымен басталып, барша істерінің тамаша жүріп, қоғам өмірінің өркендей беретініне деген зор үміт алға жетелейтін.

Көп кешіклей қоныр күз де келіп жетті. Күн қыскарып, кеш ерте түсіп, тұн ұзарды. Осындағ көзге түртсе көргісіз, айсыз, жұлдызызың тас қаранды тұнде оны өлде кімнің ыскырығы оятып жіберді.

Жәймендеп тұрып терезеге қарап еді, - ешкім жоқ. Үй иелері құндығідей шырт үйқыда жатыр.

Сүйектен өтетіндей откір де аңы ыскырық тағы да қайталаңды.

Әдеттен тыс түсініксіз ұлу сәл-пәл тынши қалып, кенет қайта құбылып ғүләй түседі. Бұл ыскырық осылай ұзак тұн таң атканға шейін созылды. Осы шырғалан тұнде оның ойына нелер келіп, нелер кетпеді дерсін!..

Құнліз, құні бойы жұмыста еш құлықсыз өз ойымен өзі болып, қайта-қайта оқушыларға, көршілерге күдікпен көз салып кешке жақын үйге қайтты. Бірақ келесі бірнеше қундер тып-тыныш өтті. Ол енді болған жағдайды ұмыта да бастаған болатын.

Алайла, біраз уақыт салып бәрі қайта басталды. Енді оған белгісіз біреу тың құшпен құлинына түсіп, тұні бойы таң атканша ыскырып түрғандай болып көрінді.

Бұл туралы ол үй иелеріне тағы да айтпай тұра түруға бекінді. бірақ тұн ортасында тыска нығуға тағы тәуекел ете алмады. оған себеп кент түрғындарының ауыл шетіне қанғыған аш касқырлар келіп жүреді – еken деген әңгімелері еді. Қайткенде де бір ішешім табуға тиіс. Мұғалім бәрін өзі анықтауға бел байлады.

Келесі түнді ол енді өзі құтті. Қашаннан бері барлық тыныштығы мен тұн үйқысынан айырған сол бір қырсық шалған, жан түршігерлік ерсі ыскырыкты өзі құтті.

Міне, бәрі ле әдеттегідей қайта басталды. Мұқият тыңдай отырып, кенет ол бұл адам емес еkenін түсінді. Бірақ сонда бұл кім?.. Ең қызығы, ыскырыкты ол неге еkenі белгісіз

тек түнде ғана естейтіні. Ал, мүмкін, күнліз бұған еш мән берілмейтін, шығар. Түн ішінде ең қарапайым нөрсенін өзі басқаша бояу мен мәнге ие болады емес пе...

Мектептен келген соң, ол бірден ауланы шарлай бастады.

пын әлгі трамвайға қарғып міндім.

Салонда бірде бір жолаушы, тіпті тірі жан белгісі байқ-
алмайды.

Тек қана өлімсіреген шамдар, бос орындықтар...

Кенет менің жанағым терезе әйнегіне түсті, онда маған
өте таныс бір адамның бейнесі көрініп тұр.

“Бұл кім өзі?”

Мұнда қайдан жұр, егер бұл трамвайда менен басқа адам
болмаса оның бейнесі терезе әйнегіне қалайша түседі?..

Көздері де, қарасы да біртүрлі таныс сияқты.

Тіпті, оны күн сағын бір жерлерде көріп жүрген де
төріздімін. Бірак, қай жерде?..

Ол да маған ойланған көз салып тұрған секілді...

Токта!!! Шынымен... Шынымен, бұл тағы да менмін бе?!

Бұлай болуы мүмкін емес!

Мен болсам әлі жасстың, ал ол болса жүзін әжім торла-
ған, еңкіш тартқан, картамыс!...”

Мынау бытыскан қаранғы түнде әбден шаршаған денемді
бір корқынышты діріл шарпып өтті.

“Бұл трамвайдан қайткенде де түсуім керек”.

Бірақ дәл осы кездे әлгі пәлекет трамвай бірте-бірте
шапшандығын үдетіп, қаранғылық қойнауында еш токта-
лыссыз ағызып ала жөнелді.

Иә, еш токталыссыз, тіпті, ешқандай рельссіз заулап
келеді екен. Мен осыны байқадым осы сәтте.

Шапшаңдық болғанда қандай, тіпті, ақылға сыйғысыз.

Терезеден аракідік шам жарығының нышаны байқалғаны болмаса. көбіне – каранғылық, тунель ішінде келе жатырғандай...

Оның мені бір шеттен екінші шетке қанғалактатқанына қарамай, азар легенде жүргізуіші отыратын жерге де жеттім омақасып.

Осы сөттегі коркынышты көрініс – мұнда да тірі жан жоқ болып шықты.

Қайда алып бара жатырғаны белгісіз осынау шексіз кеңістікте жападан жалғыз келемін.

“Не істеуім керек?!”

Мына трамвай қайда алып барады, өзім қайда, не үшін кетіп барамын?!”

Көмек іздегендей болып жан дәрменмен кілт артқа бұрылғаным сол еді, салонның артқы терезесінен қаранғы көшеде трамвайды көріп қол көтерген біреудің сұлбасын байкальым. Трамвай оның тұсынан токтамастан өте шықты. Ал, ол болса мұны қуа жөнелді.

“Ух, ақыры бір тірі жсан кезікті – ау”...

Әлгіге зер сала қарағам...

Сүмдүк-ай! Бойымды меніреу қүйзеліс түмшалаған мен анау қаранғы көшеден тағы да өзімді, бірақ әлдекайда жасырақ өзімді көрдім.

Ол трамвайдың сонынан бар пәрменімен жүгіріп келе жатты. Бірақ ара қашықтық сәт сайын ұлғая берді, ұлғая берді, сөйтті де бірнеше секундтан кейін ол көзден ғайып болды...

Кеңістік пен Уақыттың құрбаны...

Былай қарағанда бәрі де бар сияқты, бірақ ештегесі де жоқ, тіпті өзінде цивилизацияның ұшқыны да жоқ, шынтуайтына келгенде, өзі де болмаған мынау қалада мені ешкайда да алып бара жатпаған трамвай және Мен...

Трамвайды (жалғасы)

Кенет мұнда құтпеген, тіпті, мүмкін емес жағдай болды - өлгінде ғана трамвай сонынан қуалап, жете алмай ақыры көзден ғайып болған сұлба аяқ астынан пайда болды да, тен-тез әрі женіл басып ештеге болмағандай есіктің тұсына келді. Сол сәт есік ашылып, ол ішке енді...

Дегенмен, ол мені көрмегендей сыңай танытты. Иә, ол мені, яғни өзін көрмей тұрған тәрізді...

Осыны пайымдап тұрған мен, тырп етуге коркып, қозғалмастан қалдым.

“Мүмкін емес...” қатты абыржыған менің бар болғаны осылай деп ойлауға ғана шамам жетті.

“Мүмкін, бұл менің жай ғана сынарым болар”, деген ой келді осы мезет.

Мен мұны бөлкім ұлken үмітпен ойлаған шығармын, бірақ терезе әйнегіндегі өзімнің басқа бейнемді көргенде селк ете түстім.

Сағатыма қарадым - тілдері бұрынғыша қозғалмастан тұр, ал құлағыма тақап тыңдалап көріп едім әдеттегідей тықтық еткен дыбысы бар...

Аяқтарым шаршаған тәрізді, тіпті, бар салмақ соған түскендей, оны бүткіл тұла бойыммен сезіндім.

Бұрынғысыниза заулап келе жатырған мына трамвай сонынан әлгінде жан алып – жан беріп жүтіргеннен қатты алқынған екенмін-ау деген ой келді дәл қазір.

Алайда, сол сөтте мен, тіпті, ештеңе болмағандай емін-еркін орындықта отырдым.

Енді бір кас-қағым сөтте жаным күйзеле байқағаным – менің терезе әйнегіндегі әлті бейнем бірте-бірте көмексіленіп барады екен.

“Тағы да жоғалып кетеді-ау, сондыктан да бір нәрсе қолдану керек шығар”, - деген бір тұрпайылау, адам сенгісіз ой келді осы сөт.

Шалт қимыл жасап, отырған орнынан атып тұра жүргізуі орындығына ұмтылдым. Жете сала бар пәрменіммен тежегішті бастым. Заулап келе жатып оқыс токтағандықтан ба, әйітеуір, бүкіл денеммен әуелі рульге, сонаң соң алдыңғы терезе әйнегіне соғылдым.

Қатты соғылу мені ең болмағанда белгілі бір уақытқа дейін есімнен тандырып тастауды керек еді, бірақ олай болмады.

Бүкіл дене мүшелерімнің толық жинақталынып алғаны сондай, барлық еттерім бір сөтте серпілмелі резина денеге айналды...

Әйнекке соғылып, кейін серпілген бойда-ақ аяғыма тұрдым. Сөйттім де ғиे-шала кейінгі жаққа көз салдым. Тағы да танқалып, өзгеше жағдайда қалғаным – анау сұлба, тіпті

шектен шыккан ессіз шапшаңдықпен келе жатып оқыс тоқталғаннан кейін, пәлі, ешнәрсе болмағандай жайбаракат қалыпта отыр. Сосын тұрды да жәй басып есікке таялғаны сол еді, анау оның келуін күтіп тұрғандай-ақ ашыла қалды. Ол шығып кетті...

Осының бәріне қарап ан-тан болып тұрғанымда әйнектегі өте айқын көрініп тұрган тағы бір бейнeme көзім түсіп, тіпті, есімнен танып кала жаздадым. Ол маған аса разы кейіппен көз салып, құлімсіреген қалпын шығуға бетtedі. Бірақ ол “әйнектің ішінде” кетіп бара жатты. Сәлден сон сол жайбаракат қалпымен сыртқа шықты. Маған да осылай істе деп ишарат жасағандай болды...

Мен басымды жайлап есікке қарай бүрдым, сонан сон қайтадан терезеге көз тастадым...

Фажап, тағы да өзімді көрдім – бірақ бұл нағыз өзімнің бейнем еді...

Мұның бәрі маған өте ауыр тиді, содан да болар өзімнің сондай қатты шаршағанымды, қажығанымды және әбден әлсірегенімді сездім.

Ешнәрсеге зауқым сокқан жок, тек бір ғана тілек – әлгілердің сонынан ілесіп осы жерден тезірек кетейінші деген ой болды. Басқа ешнәрсеге мойын бүрмaston мен солай істедім де...

...Мен мынау сазарған, меніреу кала көшелерінің бірінде ешнәрсеге түсіне алмаған қалпымда тұрмын. Қаланың мынау қай жері, қайдамын? Тұқ түсінсем бұйырмасын...

Басым айналып кетті...

Дей тұрғанмен, мұның бәрі ештене емес еді, ең бастысы – бұл менің әлгі құрып кеткір трамвайдан құтылуым болатын. Осыны ойлағанда жаңым бір тұрлі жайланып сала бергендей сезім кештім...

Алайда, мұның бәрі мен мойын бұрып, тәнірегіме көз жүгірте бастаған сәтте лезде-ақ буга айналып, ұшып кеткендей, жок болды. Тіпті, әлі менен бірнеше қадам әріде тұрған құрып кеткір трамвай да менің көз алдында – әуеде балқығандаї ызырап, әп-сәтте-ақ ғайып болды. Тіпті, бұл жerde бұрын ешнәрсе болмағандай қаңыраған бос кеністік қана қалды.

...Мүмкін уақыт дүрмігіне ілесіп ілгері кетті ме екен...

Қаңыраған қалада

...Алғашкы қадамымды не онға, не солға жасарымды білмей абырап тұрмын.

Шарасыздықтың шенгелінен лезде шыққандай болдым.
Сөйттім де батылданып, әлгінде ғана әлгі құрып кеткір трамвай тұрған жер арқылы тұра ортаға тарттым.

Мынау, тіпті, сол өзі болмаған да шығар-ау, кияли рельстерді аттап келе жатып таңкалғаным — мен әлгі трамвайға дәл осы жерден мінген сияқтымын — Иә, дәл осы жер...

Кенет ішкі дүниемде қандайма сыртқы құштерден де, тіпті, шындығымен жалғаны ма, әлемді обьективті және субъективті үғымдарға қатысты барлық қадами мүмкіндіктерден де тыс әлде мактандыши, әлде күлкі, әйтейір, көнілді бірдене пайды болды...

Жағдайым шатасуға, есім аууға келіп тірелгендей ме, қайдам...

Осы сәт ешнәрсеге таңырқаудын, таңқалудын қажеті жок еken деген ой түйдім.

Сөйттім де ешқайда бұрылмастан мынау караңғылық құрсауындағы қаныраған үйлерге қарай тұра тарту керек деп үйгардым.

Тіпті, ешнәрсені байқамастан, сезбестен, ешнәрсеге таңырқамастан қарсы алдымдағы үйді кесіп өттім.

Иә, кесіп өттім.

Бақсам-мұнда барып тұрғандай таңғажайып ештеңе жок еken.

Бар болғаны мынау үйлер табиғатта, бұл дүниеде болмаған, тіпті, жок нәрселер еken гой.

Бұл өзі әуелгідей елес-мұнар да емес, жәй жалған, фикция ғана еді.

Бұл — тек менің киялымдағы, түйсігімдегі елес жайлар тәрізді.

Енді ол әп-сәтте жок болды.

Иә, әлгі қаныраған қала да ғайып.

Тіпті, бәрі де бір мезетте құрып кетті.

Менің өміріме әлдекайдан тап болған мынау әлем де, бәрі-бәрі де лезде көзден ғайып болды...

II. МӨҢГЛІК ПЕН ШЕКСІЗДІКТІҢ ТУСІНІКСІЗДІГІ

Оралу

...Планета солайымен қанырап қалған секілді.

Тек төніректі түмшалаған тұнек тұн, аспандагы некен-саяқ жұлдыздар – бар болғаны осы ғана.

Иә, мынау қаныраған планетада қаранғылықтан өзге еш-нәрсе де жоқ еді.

Бағзы бір кездері жасыл жер, көгілдір көк деп атайды.

Осы бір ескі атаулар маған дәл қазір кекетіп, мұкату түрғысынан айтылған сияқты болып көрінді.

Шынында да артық, кемі жоқ, тұра әжуалағандык...

Жалғыздықтан жалықкандықтан да болар ең болмаса өлгі трамвайы түскірді көріп, қанырап жатса да қала аты бар емес пе, әлгі ғайып болған қаланың болмашы шам жарықтарына қарасам да, әйтеуір аландаймын ғой!, соған мініп алыш, тартып кеткім келгені.

Енді бір қас қағым сәтте обден абдырап, есенгіреген мені – бұл планетада тек мен өзім ғана екенмін ғой деген қүйтыркы ой тұртқілеп өтті.

Иә, шынында да мен оның ең күзар биігіне шығып алыш, алға, анау тұпсіз терен қаранғы кеністікке қарап тұргандаймын, алдында – тек кана өзімнің КОСМОСЫМ, өзімнің ФАРЫШЫМ...

Жаным жай тауып сала берді. Өйткені мен жұлдыздарға жақын тұрғанымды сезіндім. Бір кездері өзіме сондай ыстық көрінген, ал қазір неге екені белгісіз, мұлдем ұмыт болған, белгісіз, құпия әлем маған жақындаған сайын кеністік пен арақашықтық бірте-бірте айқындала бастаған секілденді.

Мен, міне, жанымнан баяу, пан қалыппен үлкен астероид тастандардың қалқып өтіп жатқанын, метеориттердің жарқылын көріп тұрмын. Былай қарағанда олар ойыншыктар сияқты, кішкентай еді. Ал, керісінше мен оларға қарағанда тым алыш сияктымын. Тіпті, менің жаным, ойларым мынау ғарыш әлемінің өзі іспетті.

Кенет мен мынау шексіз кеністіктің өзін жан-жағынан бірдей көріп тұрғанымды үқтым. Иә, ол шексіз сияқты еді. Енді бір қарағанда – сөзбен айтып түсіндіру мүмкін емес-оған керісінше – шектеулі дүние тәрізді көрінді.

Болған да болмаған да секілді.

Алайда, мәселе көргендерімнің барлығы да – ғарыштың өзі кішірейіп, тығыздалып, кері айналып кеткендей әдettегіден тыс, қияли сөздермен түсіндіре алмайтындықтан емес, қайта оның мен қазір әлдеқашан ұмытқан әдемілігін де, айбынын да көргенім де еді. Мен бұл планетада өмір сүргенде онда ғұл де, бояу да, бедер де болатын, мұнда бәрі таза, айқын әрі ашық еді – ешқандай қарангырық та жоқ-тұғын, тіпті жарық та...

Көзді қарықтырмайтын, тым өткір де емес – жарылыстар мен жарқылдардың әлемі, келісті құбылулары, өрнектері ғана...

Астероидтар, планеталар, жұлдыздар, кара дақтар, кометалар – бәрі-бәрі менің оралғаным қошамет білдіргендей жанымнан тізіліп өтіп барады...

Ұғым

Осылайша мен мынау салтанатты шеруді қабылдан түрғанлай сыңай танытқанмен, дәл сол сotte осы кеңістіктің тек бір бөлшегі ғана емес, тіпті сол кеңістіктің тұра өзіне айланып кеткендей едім...

Сол мезетте ойға түйгенім – **МҰНЫҢ БӘРІ** жәй өншейін үлкен және күрделі ғана емес, бұл өзі тым алып жөне ұғымға сыйғысыз (біз өзіміз ойдан шығарған мынау әлемдегі үйлесімдер мен жөн-жосыктар бұзылар болса, өзіміз өткінші ғұмыр кешетін осындағы бүкіл түкке тұрғысыз мән-мағына, ақыл-парасат та құрып кететін бұл жалған дүние, ондағы адам қайдан, неліктен, кім арқылы, не үшін және қашан пайда болғанын біліп, танудын еш мүмкіндігі болмак емес...) еken fой...

Осы кездे баяу түсірілген түсірілімлер сияқты мен, менің санам, менің зердем, менің сезімім арқылы ұшып өтіп бара жатқан өз ғарышымның тынышсыздығы жайлы ой мазалауды.

Мұның бәрі тек менің бойымда ғана емес, менің төнірегімде - карсы алдында, жоғарым мен төменде, сол жағымда, он жағымда, жалпы, жан-жағымда болып жаткан құбылыс еді...

Мұнда тек өзім ғана болсам да, жалғыз емес едім, яғни менімен катар тағы бір әлем - менің **ФАРЫШЫМ**, өзімнің ішкі **МЕНІМ** бар еkenін мен енді білгендеймін.

Өзімнің осы бір “МЕНИМ” анағұрлым зор, айбынды бола тұрса да, ол анағұрлым ірі де мәңгілік, сонымен бірге қарапайым да қорғансыз тағы бір дүниенің бөлшегін құрап тұр.

МЕН деген де, БАСҚАЛАР деген де – бәрі МЕН едім...

Сонымен, олардың басқалай әлемдері, мәлшерлері, ұғымдары, өлшемдері, уақыттары қөлемдері менің де ғаламымдікі болатын, тіпті, бәрі-бәрі де...

Шексіз шамада.

Оларды, тіпті, бірге немесе қатар қоюға және салыстыруға болмайды да.

Олар салыстыруға, мәлшерлеуге, шамалауға жатпайтын біртұтас еді.

Мұның бар гәбі – олардың бәрі де менде еді, менімен бірге еді.

Сонымен, осылардың бәрі де жай ғана “мен” едім.

Тіпті, басқаға да, маған да айналу – бәр-бәрі де мен – тұғынмын...

Tұmacу

...МЕН олармен бірге ұшып келе жатырған сияқты болым және шексіз де, кен, таусылмайтындаид едім, сонымен бірге, айтуға да тұрмайтын болмашы, тіпті, зәредей де ештеңе жоқтай едім. Шынтуайтына келгенде, өз галактикамда мен өзімді ешнәрсемен де – тіпті тұлабойымнан әрліберлі өтіп жаткан жұлдыздармен де, астероидтармен де шамалап та, мәлшерлеп те салыстырмас едім. Тіпті, олармен өзімнің қатарласуымды да көз алдымға елестете алмаймын.

Мен бір тұрлі әуедегідей жеп-женіл, үлпілдек, образды, накты емес, тіпті, мәнсіз бірнәрсе сияқты өзім. Бірақ мәнсіз, накты да емес аналардың бар болғанындаид мен де бар болатынмын.

МЕН, БІЗДЕР – бірігіп, тұтаса басталық, біздерді енді айрып алу мүмкін емес еді.

Сонымен, мен мынау көне кеңістікте ешқандай уақытсыз және қөлемсіз, мәлшерсіз ілеңде аналарға айналып, сінісіп, астасып кеткендеймін...

Маған осының бәрі шындығында өзірше бар және болып жатқандай, ал дәл қазір сәт сайын болашақтан өткен кезенге ауысып жатқан – не шым-шытырық тұс, не жалған дүние сияқты көрінді...

III. БОЛМЫСТЫҢ ӨТПЕЛІЛІГІ

**Ояну. Алғашқы күннің таңы.
Бірінші бөлім. Ояну.**

...Кенет, күтпеген жерден, елеусіздеу ғана мынау төніректі түмшалаган тұн түнектің етегін еппен ысырып өуелі алыс көкжиектің жарты шенбер сұлбасын бозамықтана байқатып, сонынан аппақ арайымен айқындалып таңатты.

Сәл-пәл уақыттан кейін әлгі көкжиектен өуелі алғашқы шұғыла шапақтар жамырай шашырап, сонынан, іле-шала менің Планетамның үстіне асқақ та тәкәппар қалыппен қызыл шоққа малынып шыққан қызыл-сары шартабактай жалындаған алып дөңгелек – касиетті күн жайлап қалқып, занғар көкке көтеріліп келе жатты.

Алғашқы күннің таңы атты.

Жер-жаһан осы тұнде не болып, не қойғанынан еш хабарсыз, зоредей де құдік алмастан, біртіндеп-біртіндеп оянып, серігіп, дұрсілкініп, тіршілігін бастады.

Мынау ғалам оны білмейтүғын, өйткені, ол басқа, өзіндік ереже-қағидалармен тыныстырайтын, тіршілік кешетін.

Сондықтан да, болар, ол мені де білмейтін. Ол үшін мен, тіпті, жоқ та едім.

Сонымен, мынау дүние өзінің жаңа дәуірін есептей бастады.

Мына әлемдегі менің Дәуірімді есептей бастады.

Өйткені, менімен бірге пайда болғандықтан ол менімен бірге жойылып та, құрып та кететін, яғни тағы да бәрі де мен арқылы жүріп, менімен байланысып жатқан...

Екінші бөлім. Алғашқы күннің таңы.

...Мен мынау планета көкжиегін шенбер күннің қалай жарықтандырып, жарқын нұрымен аймалап жатқанын тамашалап қарал түрдым.

Анау үлкен шартабак-күн жарты шенбер-көкжиектен ақи-таки бөлініп, жоғары, биік кеңістікке карай өрлеген алғашқы күннің алғашқы таңы осынау көрінісі – көрер көз керек, ғажайып құбылыс еді.

Менің назарым да, ойым да біртіндеп, елеусіз ғана анау табиғаттың – оның құстары мен жан-жануарларының, өзен,

көл, теңіз, мұхиттарының оянып, дүрсілкінгіп жатқан көрінісіне карай ауып, соларға қарай басыбайлы бөлінді.

Бұлттарға көз салдым, тұмандагы құстар тәрізді олар менен төмен, менімен бірге, тіпті, менін тұла бойым арқылы қалқып бара жатыр.

Ортан-тоғайлар мен кең жазықтарға — оларда адамдар мен жан-жауарлар кездесіп қалар-ау дегендей оймен, тұнғыш рет көріп тұрғандай таң қала көз жүгірттім.

Мынау табиғаттың дүрсілкініп, сергіп жатқан сөтіне елти тұрып, тұні бойғы бастан кешкен шырмауықтай шырматылған шытырманнан ақи-тақи арылған мен, бірте-бірте осынау адамзат тіршілік еткен ортаға еніп, осы планетада тұратын, өмір сүретін пенденің кәдүәлгі өзіне айналдым.

Мынау әлем осы тұнде мұнда не болып, не қойғанынғана емес, сондай-ақ осы планетаның әлі шикі екенін де білген де, көрген де, үққан да жоқ. Сондай-ақ ол осында жанадан, тағы да келіп тұрған мені таныған да, үққан да жоқ еді.

Иә, осы бір әлем өзінің жаңа тұрғынын таныған жоқ, танығысы келген де жоқ, сонымен бірге, тіпті, өзін де таныған жоқ болатын.

Бір ғажабы мұны, тіпті, мына мен де белмеген сияқтымын...

Күндіз

...Ал, адамдар болса, неге екенін білмеймін, (бұрынғысынша) әлдекайда асығып бара жатыр.

Олардың неге екенін қайдам (әдептегідей), әйтеуір, барынша өзге ешнәрсеге аландай алмайтындей, қолдары тимейтіндей көрінді.

Осы сәт зердемді бір нәрсе көмескілегендей болды, солақ екен мен де әлгілерге қарап, соларға қосылып алып әлдекайда асығып ала жөнелдім.

Аналар сияқты ешкімді де, ешнәрсені де, тіпті, өзімді де елеместен, көрместен, әйтеуір тарта бердім.

Мынау ақылға сыймайтын, қайда бара жатырғаны белгісіз әлемдегідей дәл осы сәт не болып жатқанын да, не болатынын да, тіпті, бәрі-бәрін де үмытқандаймын.

Барлығы да айналамда тек жалт-жұлт етіп елес сияқты етіп жатты...

Өздерін өздері жан-жақтарынан көре алмайтын, тек қана өздерінен басқаны ойламайтын, кайда, не үшін жанталасып бара жатырғандарын түсінбейтін, білмейтін. содан да ма, әйтеуір, табиғатпен бірге астасып, тез жоғалып, құрып кететін мынау адамдар өздерінін әлемінде осылайша тұратын тұғын және тұрып та жатты.

Жүріп келе жатып, кенет, күтпеген жерден мынау әлем үстіндегі жападан жалғыз мұнайғандай кейіп таныткан Күнге козім түсті.

Ол әлгілердің мынау әлемінде манағы шыккан кезіндегідей емес, оллекайда кішкентай, елеусіз, мәні жок норсадей көрінді.

Күн – мынау планета үшін шынында да басқа гарыштан, өзге әлемнен келген еді. Мен тез есімді жиып, өз-өзіме келдім. Әйткені, кешікпей-ақ мынау адамсымақтардың біреуі өзін ұлымын, мықтымын деп танып, кісімсіп менің әлемімнің, менің гарышымның, дәлірек айтқанда менің Күнімді иемденіп қоюы мүмкін ғой. Сосын түкке тұрмайтын өзі сиякты өзгелерінен өзіне басыбайлы қызып алған менің күнім үшін алым алатын шығар.

Ал, әлдебір себеппен осы планетаға тап болған ол Күн негізінде әлгілердің бәріне бірдей ортақ емес пе еді...

Осының бәрін – мына адамсымақтарды, олардың ұят, мұсәпір, бейшара және ашқөз әрекеттерін кору маған сондай ауыр сокты. Бұл әлем өзінің акырына, акырзаманына қарай келе жатты. Оны енді тоқтату еш мүмкін емес еді...

Менің ойларым сондай ұзак па, әлде олардың ғұмырлары соншалыкты қыска, бір сәттік пе, әйтеуір олардың ешқайсысы да мынау шаршаған, мұнда ешкімге қажетсіз, еш бір жан козіне ілмеген шартабақ күннің мына планетаның жарты шенберіне бой тасалап, көкжиекке баяу еніп, батып бара жатырғанын байқаған да, корген де жок болатын. Ол біздердің өткенімізді, қайдан келгенімізді, болашағымызды қайда екенін еске сала отырып, бәрімізді тұнг, тұнгі караңғылыққа, анау жүлдиздар әлеміне шақырып бара жатырғандай еді...

Ол бәрін де тоқтауға, демалып алуға, ойлануға шақырғандай-тұғын...

Алайда гарыштан берілген бұл белгіні мұнда ешкім көрген жок, тіпті үккысы да келмеді.

Осы сәт танертен бұл туралы менің өзімнің де ұмытып кеткендігім есіме түсті....

Ал, әлгі адами пенделер бірнәрсеге разы, қанагаттанған кейіппен, мүмкін олардың мұндағы міндеттері солай да шығар, енді, танертенгі шықкан жактарына қарай кері – асығыс, зымырап бара жатты...

Мынау өлі шикі Планетадағы менің Алғашкы Күнім осылайша өтті...

ТҮН (бірінші бөлім, басы)

...Төніректі түн қарандылығы біртінде, біртінде тегіс түмшалады.

Мен оның құшағына бірден үлкен үмітпен сондай женілденген қалпыммен еніп ала жөнелдім. Былайша айтқанда, өз санамның, өзіндік жеке “Меннің” тереңіне, алыстағы, үғымға сыйғысыз әлемдер мен кеңістіктерге қарай арасында тыныс алып өз-өзіме келіп, тұра ұшқандай, әлде масаттанғаннан, әлде күйзелістен бе, әйтеуір іштей булығын тереңге баспен сұнгіп бара жатырғандай едім.

Мұның бәрі маған сондай етіне жақын, сондай таныс бұрынғы бір әлемді, тағы да сол баяғы тұла бойымдағы әлемді есіме салғандай болды...

Шынында да түнде біздерді қаншама, қандайма ойлар, елестер, сезімдер шырмайды десенші...

Түнгі кезбелер.

...Түнгі қарандылықта, бұлінген жол бойымен бір ит ілбіп басып келеді.

Шамасы, қожайынсыз, үйсіз-күйсіз қаңғыбас ит.

Мұнда осындай қаңғыбас иттер, иттер түгілі, үйсіз-күйсіз қаңғыған адамдар да көп еді...

Әлгі байғұс женіл желіспен, жиі-жіі тоқтап-дәлірек айтқанда үздік-создық бүлкілмен алға қарай, белгісіз бағытқа тартып бара жатты.

Оның қасында мен болған жоқ едім, бірақ оны көріп түрдым.

...Әлгі ит кенет әлдебір қоқыс салынған қораптың жаңына тоқтап, оны аяғымен түрткілеп, копарып, тұмсығымен иіскелеп, тіміскілей бастады...

Осы кезде әлдекайдан әлдебір адам тап болды да, анауит бір шетке қарай ығыса жөнелді.

Енді манағы қоқысқа әлгінің өзі ие бола қалды.

Бірақ ол тез басылды, ананың ішінен қодеге жаарар ештеңе табылмағанына бір түрлі таңқалғандай ол оны аяғымен бір тепті...

Менің назарым енді толықтай соған ауды.

...Әлгі адам манағы жолмен алға асты.

Бұгжилен, қамыққан қалпы ол да жөн-жосықсыз, әйтеуір, белгісіз бағытқа қарай ілбіп бара жатты.

Бейшараның аяқ киімі де, киімдері де жұлым-жұлым еді...

Бәз бір үйдін жанына келгенде ол кілт токтады. Сөйтті де осынау үлкен үйдің қараторғайдың үйшігі тәрізді терезесіне қөздерін тікті.

Менің назарым енді мұнды да сағынышты, өзіме сондай таныс бағзы бір жалғаннан беріліп жатырған тәрізді оуен естіліп тұрған терезелердің біріне ауды.

Қас қағым сөтте мен олгі пәтердің ішінде тұрдым – стол үстінде CD жатты, әлгі оуен ойнап тұр, бірақ іште ешкім де жок.

Ішке зер сала қарап тұрып, кенет катты абыржып ыршып кеттім – мен өз пәтерімде тұр екенмін ғой, мынау оуен төгіп тұрған дискіні де өзім қосып едім!..

Осы бір есімнен тана абыржу мені шатастырғандай болды. Бірақ тез өз-өзіме келіп, әлгі адамды ойладым да, сол сөт қайтадан қошеден бір шықтым.

Бірақ әлгі байғұс көрінбеді.

Оны енді барлық кіреберіс доліздерден, жан-жағымнан, өзімнің маңайымнан іздей бастадым.

Осы кездे әлгі адам, тіпті де болмағандай сезім пайда болды.

Сол-ақ екен оны одан әрі іздеуді жөнсіз деп шештім. Осы кезде жол бойында манағы ит қайта көрінді.

Байғұс ит асықтай, сол қалпы, ілбіп, мынау үйдің тұсына таяп келе жатты.

Неге екенін қайдам, осы кез: “Мына иттің сонынан жүру керек, ол манағы адам жүрген жолмен, соның сонынан келеді емес не? Олардың жолдары да, бағыттары да бір ғой...” деген ой келді.

Дәл солай болды да шықты.

Кішкене жүрісімді. олде, ұшыымды жеделдетіп, иттін алдына шыққаным сол еді, манағы бейшараны қайтадан көзім шалды. Ол жүріп келе жатырған күйі басын қайда кисайтартса білмей, үйкі құшағына енген еді...

...Кенет менің самайымды ащи да өткір бір нәрсе тіліп өткендей, ауыртқаны. Соны ауырсына әрі соншалықты шаршаған қалтый, үстімдегі бар киімінді қаусыра тартып, картадамдардай құнысқан құйім кері бұрылдым да үйге қарай шаба жөнелдім.

Әлгі тоз-тозы шыккан жол үстінде түн Қараңғылығымен кетіп бара жастырған өзімнің сұлбамды кордім...

Қарсы алдынан қайдың бір ит кезікті.

Бір-бірімізден корыккан біздер, қараңғылық құшағында сол сәт жасалт бұрлып, әр жакқа тартыбық.

...Міне, үйге де жеттім.

Терезеден төгілген жарыққа көз тастап, әрі гитара шектерінің үздіксіз әуеніне қосылып Грейс Сликтің бе, әлде Маринка Верештің бе, мұғылды да зарлы дауыспен салған әндерін тура жүрекпен қабылдаған құйім қараңғылықты елемей кіреберіс дәліздегі басқыштармен жүгіре басып пәтеріме таратып келемін...

Ал, жалғыз-жарым түнгі кезбелер таңды, таң шапағын бетке алыш әлі кетіп бара жатыр.

Егер олар шын мәнінде осынау жалғанда бар болса...

Түн (екінші бөлім, соны)

Осы мезет мен бүгін, яғни осы түні барлық адамдардың саны мен бейнесі сол қүйінде қалғанымен, өздерінің, олардың жан-дүниелерінің ауысатынын түсінгеніндей болдым. Ойткені олардың бірде-біреуі де күні бойы өздеріне, өздерінің ішкі дүниелеріне үніліп көрген емес еді. Мен де өзімे жанжағымнан қарай алмадым. Бар болғаны бұл күнді міндетті түрде біреулердің -- қоршаған ортаның, табиғаттың, адамдардың ЕСЕБІНЕҢ, яғни БОЛАШАҚТЫҢ есебінен өткізсем деген ой болды...

Осы бір сәтте мен түнгі аспанға, сонау әлдекайдағы немкетті емес, қайта ашық та таза, жарық, шекарасыз, тиымсыз, шексіз, еркін бір ӘЛЕМДІ еске түсіргендей жаркыраған жұлдыздарға көз салдым...

Мынау планетада мен тек жалғыз өзім емес пе едім деген манағы ой осы сәт мені тағы да түйреп өткендей болды...

Адамдар

Мен мұнда әрбір күннің бір-бірінен айна-қатесіз ұқсас өтетінін үлкен өкінішпен көрдім.

Ал адамдар бірін-бірі үнсіз алмастырып жатса да бір-бірінен сондай ауып қалмайтын. Бірақ олар өзіне емес, өзгелерге бірнөрсені дәлелдеғісі келіп өзуерейтін, сөйтіп, ең акырында өзін де, өзгелерді де дымын қалдырмай кемсітіп, төмендетіп, құрытып тынатын.

Олардың мұнда, осы планетаға кездейсоқ келуінің де бар мәні, міне, осында еді.

Менін санам осы кез көп кешікпей мынау адамдар қараптан қарап бір-біріне күн көрсетпей, ауа жүтуға да мүмкіндік бермей, тіпті, оны өздерінен де қызығанып, акыры құрды-мға кетіп, жоқ болады-ау деген ой корытты.

Енді оналмайтын мынау планета мен адамдар әлемінің салқындығы шегелеп тастағандай, әбден шаршаған менін осы сәт мызығып алғым келді.

Олар душар болған жай – менің бастан кешкеніммен бірдей еді.

Әйткені осылардың бәрі менің тұла бойым, болмысым арқылы өтіп жатты...

Басқа кейінке ену

...Мынау планетада жаңа өмір басталып, табиғат түлеп, ғұллелп жатқан қоқтем күндерінің бірінде күтпеген өкіга болды.

Яғни менің болмысымдағы мәнсіздікті менің үйіған энергиямнан, менің жан-дүниемен шексіздік әлеміне бөлініп шыққан импульстар ауыстырып, көп сауалдың жауабы табылғандай еді. Бұл өзі тіпті, сондай күшті, осерлі, әрі ауыр да болды. Ол, бірден мені, менің жан-дүниемді тұртқілеп, біздің ойларамыз берін сезім-түйсіктерімізді әлдебір қашықтықта тұрып-ақ кесіп өтті. Тұтас сияқты едік – енді мен бұл планетада жалғыз емес екенімді түсінгендеймін...

Менің жан-дүнием басқа бір күйге енді. Бұл өзін-нәтижесінде жаңа, анағұрлым күшті, анағұрлым мықты, анағұрлым берік “МЕН” туындаитын галактикалардың жарылыштарына, жұлдыздар жүйесі мен әлемнің қактығыстарына тен жарылыс болатын.

Мен олардың, олар менің бойымда-тұрғын, бәрі де “МЕН” едім...

Әуен

...Соншалықты шаршап, көзімді, жұмған қалпым мен тұнғыш рет өзімнің әуенімді көрдім.

Жүргім сыздағаннан бүрісіп, сығымдалып қалғандай. Әуен жоғарылап, зарланыңқыраған сайын менің жүйке тамырларым саз аспабының шектеріндегі тартылып, тәзгісіз қатты қысымнан кейде үзіліп, сынып қалғандай, кейде керісінше жайбаракаттанғандай күй кештім.

Әлгі сарын бағзы бір қалыпты өмірді еске салып, тым азалаған түскен сайын мен кайтадан мынау тұнді, өз ғарышымды тым анығырақ көргендегі болдым. Сөйтіп, мен нағыз өзіме қайта айналып сонау көрінбейтін, қашық нұктеге дейін шырқап кеттім.

Менің тым терен немесе тым жоғары шырқап кеткенім сондай - анау кішкентай да жарқыраған жұлдыздарға жетіп қалдым. Өзімнің шексіз өлемім де, өзімнің ішкі дүнием де едім мен...

Ақыры өзімнің ең киыр нұктеме жеттім. Сойттім де мынау шыңыраудан жарықтың шапшаңдығындағы жылдамдықлен қас-қағым сөтте озімнің шексіз “меніме” айналып, кері оралдым...

Осы бір ішкі күйзеліс пен ауырсынулар мені анағұрлым сезімтал еткендей. Мен осы сөтте бүкіл мынау өлемді тек барлық жағынан бірдей көріп қана қойған жоқпын, сондай-ак оларды бірден әртүрлі қалыпта, әртүрлі өлшемде көрдім.

Олар, тіпті, менің өзім сияқты тәнсіз, болмаған, жалған болса да оларды түсіне, сезіне, өздері арқылы өтіп бара жатып оларға көмектескім-ак келгенім. Бірақ олар менен басқа бір өмір көргендегі – мені қабылдамады, танымады.

Мен олар үшін жат едім енді.

Алайда, бұл сөтте маған тек ой сезімді ғана емес, анау менің өлемімнен осынау ақпараттарды жеткізе алатын ӘҮЕН, САЗ бар еді...

IV. БІТПЕСТІК ПЕН ДУШАР БОЛУШЫЛЫҚТЫ ТҮСІНУ.

Annan

...Шөкімдей де бұлт жоқ.

Бәрі де —

Мынау шыжғырған қүннің аптыбынан
Әбден әлсіреп, тынып қалғандай...

...Қыбыр еткенде ешкім жоқ.

Қозғалыс та байқалмайды.

Тек, жаппай күйдірген

Қүннің сөулесі мен радиация ғана.

Көзді карықтырған,

Қызған, өте қызған

Ыстық та шаңытқан ауа.

...Су жоқтыктан әлсіреген,

Тілім-тілім жарылып, құрғап қалған

Сөйтіп, бәріне де селкостанған дала.

Күйіп кеткен тікен,

Қаңбақ және

Қара ағаш...

...Жел қаққан тері.

Тіске тіс тигенде қышырлаған құм.

Дыбыс та тынып қалған.

Тек қана —

Әлдекайдағы бір биікке ілініп,

Ұдайы тербелген

Және құлакта үйіп қалған зыңыл...

Жердің

Табиғаттың

Адамдардың

Тарығуы,

Жанкештілігі,

Зарығуы

және душарлығы...

“Ч” мезгілі

...Мен қазіргі кезде адамдар арасында өмір сүріп жатқан біреудің бір кездері отырып, кейін одан шыға білген трамвайында болдым.

Өмір сұру дегенді – оларда қабылданғандай – күн астынан, онда да менің Құнімнің астында және біздерден ешқашан да ешкім тартып алып кете алмайтын менің планетамда тәуіріек орын алу үшін күресу деп түсінбеу керек.

Әйткені, ол – менің өзімдік “МЕНІМ” сияқты мәңгілік те, уакытша яғни өткінші.

Алайда, акша, билік жолындағы тартыспен көр соқыр болған олар өз планеталарын өркениеттің керемет бір әдісқойлықпен жұтып, жеп, сөйтіп копаруға, құртуға апара жатқанын көргісі де, түсінгісі де келмейді.

Ал, мұның бәрі, тіпті, бастамасы сияқты.

Әйтсе де мынау планетамен, мынау адамдармен және менімен яғни менің ішкі әлеміммен алға қарай не болатынын ешкім де, тіпті, гарыш та білмейтін. Біле қалғаның өзінде де алып кометалармен ауық-ауық қабаттаса үшкан, біздің санамыз үшін ұғымға сыймайтын UFO деп аталатын ескертулерін жіберетін де, шешімін күтіп, үнсіз қалатын.

Осыдан кейін біздің әлеміміз үшін, яғни менің өзім үшін де “Ч” мезгілі әлі келе койған жок-ау дегенге сенгім келеді...

Алайда, жұлдыздар әлемі немесе жұлдызды әлем мынау Жер бетінде адамдар, біздер ойлап, шығарған қопандауды, алдауды сүймейді, ұнатпайды.

Әйткені, біздер бәріміз – сансыз жұлдыздар ғаламы мен галактикалар сияқты біздің планетамыз да, күн де бір бірімен тығыз байланысқан тұтастықты құрап түр ғой...

Не түсімде не өнімде көрген әртүрлі елестердің жиынтығы өзінін ең шырқау шегіне шыққандай – мен бірде бізге төніп келген бүкіл ғаламдық апат пен құрдымға кетудің алдындағы соңғы қоркынышты көріп, байқадым. Озондық корғанышынан айрылған планета төбeden кәдімгідей кесек жауған тәрізді алып та шағын әртүрлі астероид тастардың бомбалауына үшінрады. Аламдар болса аспанға қарағыштап анау бомба-тастардан корғану қамымен әбден әбігерге түсken. Бірақ бәрі де бос әурешілік еді. Әйткені, тастардан корғанып құтылғандардың дене мүшелері сол бойда-ак күннің бәрін де күйдіріп, құртып жатқан ультракүлгін радиациясына тап бо-

лып жатқан-тұғын. Тек ояну ғана адамдарды да, планетаны да құрып кетуден сактап қала алатын еді. Алайда ояну да, сілкінде, айығу да болмады, байқалмады...

Ешнәрсе де болмаған сияқты.

Иә, адамдар да, мынау ғалам да, анау жұлдыздар да, бәрбәрі де болмағандай.

Тіпті, мына менің өзім де болған жоқ едім...

Маған мынау қаранғы тұнек пен тыныштықта бәр-бәрін де тұқыртып, түмшалап тастағандай өүелі біркелкі, соナン соң анағұрлым жайлай, алқына, ара-кідік жасағылыша, тұншиға сокқан менің жүргегімнің дүрсілі ғана естіліп тұрғандай көрінд...

Жұбану

...Тастай жабылдаң есік жақтауының астынан сауылдай төгілген құрәқ мұзды еске түсіре еденді, қабырғаны және тобені жарқыраған қалың перлемен бүркемеленгендей баяу будактай көгілдір түтін жылжып барады...


Есік өлде елеусіз ашылда ма не ашылып кетті ме, әйтеуір, табалдырықта адам нанғысыз, таң қаларлық көрініс пайда боллы - басқышы бар аланша жым-жылас жоқ, оның орнында тек жасыл түстің рені бар, күрен қызыл-көгілдір бояулы ерекше жарқыраған жарық тұрды. Одан жағымлы, көніл жайландыратын, өзіне еліткен сәуле төгілуде...

Бүкіл дүние-мұліктен аяқ асты ада болған пәтер ерекше нұрланып, сәүлеттеппеніп, төніректі жалқын сәулесімен тегіс орап алған ерекше арайлы жарықтың құшағына енген еді...

Менің жсан дунием де спираль бойымен өрілген мынау жарықпен бірге самғап, жоғары көтерілді...

Кенет, қас-қағым сәттіе мынау көгілдір мұнардың арасында аймалай ескен жылы лептен кейін бұдан бұрын бұл жерде, тіпті, болмағандай балқи еріп, лезде ғайып болды...

ТУБІ БІР
ТҮРКІ ХАЛҚЫНЫҢ
ТАРИХЫНАН



Ресей империясы – бұл тек қана және соңшалықты бір ғана орыс халқы емес, бар қасырет, мұнда тұратын өзге халықтардан оның атымен ғасырлар бойына билеп-төстен, ақырында өздерінің билеушілерінің, мейлі ол патша ма, бас хатши ма, президент не, кім болғанда да олардың қанды қырғындарынан бәрін де ақпап алады. Сондағысы бір ғана орыстарға ғана керек қасиетті үткімды Ресейге таңа салады.

“ТАТАР-БУЛГАР - ТЕГІ БІР”,

деген еді бір кездері менің өжем мен ата анам. Бұл мәтіннің толық мәнін есейген шакта, онда да осы тақырыптағы әртүрлі әдебиеттер мен зерттеулерді мұкият, зер сала оқығаннан кейін ғана тусініп, білгендей болдым.

“Татарлар мен булгарлар – бір (немесе бірге), яғни бұлар – бір ғана халық, бір-бірінен бөліп алар ештенесі жоқ. Татарлардың ғасырлар қойнауынан біздерге дейін жетіп, сакталып қалған мотелінде осылай аталады.

Шынында да монгол-татарлардың Руське жорығынан кейінгі тұтас бір халықтың мың жарым жылдық тарихының кенестік тарих үстемдігімен ізім-ғайым жоқ болып кетуін қалай түсінуге болады?

Осыған карамастан сонау XIX ғасырда-ақ Н. М. Карамзин, И. Н. Березин, В. В. Григорьев, Ш. Марджани, К. Насыри және басқа белгілі ғалымдар жасаған біржакты тұжырымда – казан татарлары Булгар мемлекетін құрған тұрғындардың, яғни еділ булгарларының, түркі халқының тарихи негізінде қалыптасты, бұл тұрасындағы алғашқы деректер яғни түркі тілдес булгарлар тайпасы Қара теңіздің (550 жылдары) солтүстігін, немесе қазіргі Кубань аймағын мекенделі деп дойектеген готикалық жылнамаларда, гректердің тарихи естеліктерінде жан-жақты атап өткен.

Құрделі тарихи процестердің нотижесінде б. д. д. XII ғасырда булгарлар Еділ және Кама озендері аралығында, яғни мұнда Батый хан шапқыншылық жасамай тұрғанда, яғни едәуір ертерек пайда болған.

Сондай-ақ қазіргі казан татарларының ата-бабалары Шығыс европалықтардың бірі, тіпті, бірегейі болып мұнда жазба сауаттылықты, жоғары сапалы шойын қуюлы, канализация жүйесі мен моншасы бар әдемі құрылыштар салуды,

тері илеуді. алтын, күміс өндеуді жүзеге асырды. Ал, елдің мемлекеттігінің мың жылдық тарихи бар.

Дегенмен мұның бәрі едәуір кейінірек болған, сондықтанда бәрін, рет-ретімен өтелік.

ТҮРКІ-БУЛГАРДЫҢ ТҮПКІ ТАРИХЫН ТОПШЫЛАУ"

Б. д. д. VIII және IV ғасырлар аралығында Батыс-Сібір жазығын, Еділдің томенгі ағысындағы аймакты, Қара теңіздің терістігін қамтитын ұлан-тайыр кеңістікті парсы тұлғы коншпенді сақтар мен сарматтар ор дәуірде бірін-бірі алмастыра мекендереген мәлім.

Дәуірлердің тоғысу түсінде томенгі Еділ мен Каспий маңы ойпатында парсы тілді аландар да болған.

Шамамен сол мезгілде, яғни б. д. д. III-II ғасырлар аралығында Орта Азияның шығыс болігінде Еуразия Ұлы даласындағы кошпендерді тайпалардың тарихқа белгілі тұнғыш мемлекеттік күрылымы, кейін Еуропа және Азия тайпалары мен ұлыстарының тектік тұзілуіне тікелей осер еткен – Хунну державасы калыптасты.

Б. д. 155 ж. Кошпендерді хуннулар сянбілердің соққысы осерінен Орталық Азияның шығыс аймактарынан, Қытаймен шектес жерлерден ығыстырылып, хунну тайпаларының түркі тұлдестері Оңтүстік Орал мен Томенгі Еділ жазықтарына қарай жедел жылжығанда осында 10 мың жылдан астам тұрып келген жергілікті фин-угорлармен араласты.

Л. Н. Гумилев түрлі тілді көне булгарлардың түпкі тегі, міне, осы түркі-угорлардан тарайтын-сарығырлар, оноғырлар, уроттар, ал бесігі болған жер – Оңтүстік Оралдың беткейі етегі болуға тиіс деп топшылайды.

Жаңа дәуірдің жазба деректерінде II-III ғасырлардағы бабабол-гарлар мекені деп қазіргі Мордовия, Чуваш, Марий Эл маңайы мензеледі.

Осы дәуір туралы Л. Н. Гумилев озінің “Көне түріктер”, “Каспий маңындағы мыңжылдық” атты еңбектерінде былай дейді:

¹ Бұл тарауды дайындау барысында Л. Н. Гумилевтің еңбектерінен басқа Г. Исхакидің “Идель-Урал” және Г. Сабирзяновтың “Орта Еділ мен Оңтүстік Орал халықтары ғасырлар аумағында” атты зерттеулері пайдаланылды.

“Б. д. VIII ғасырына дейінгі Еуразия даласындағы өзгерістердің сипаты-әуелі бұрынғы киммерийліктерді қызып шыққан сактар басым болды, 500 жылдан соң сарматтар дәүірледі, 700 жылдан соң оларды түрік тілді азия хуннуларының, жергілікті угарлардың (оңтүстік Сібір, Орал маңы фин-угарлары) және сарматтардың сапырылысунан шыққан гүндар этносы алмастырды”.

Одан әрі булгарлар халықтардың Шығыстан Ұлы қоныс аударуы кезінде алғашқы мынжылдықтың бастапқы түсінде Еділ-Жайық даласы арқылы Еуропаға келуі көшпенде тайпалардың батысқа қарай жосылуына, түрлі тектік мәдениеттердің мидай араласуына және Рұм империясының опатты жойылуына жол ашкан гүндар немесе хундар деп ортақ аталатын көп тарамды түркі тайпаларының құрамында кездеседі.

Мәселен II ғасырдың өзінде оңтүстік-шығыс Оралда болған бабаболгар тайпалары 350 жылы гүнн бірлестігі тайпалары – савир-лардың, акацирлардың және олармен туystас отыроғырлардың қысымымен Азов және Кубань да-лаларына шығады.

Сол қозғалыстардың қорытындысында IV ғасырдың ортасына қарай Кавказ етегіндегі жайылымдарды енді түрік тілдес булгарлардың табындары таптады. Еділ сағасын түрік тілдес хазарлар, Каспий ойпатын парсы тілді аландар мекендейді.

371-375 жылдары хундар алан, булгар, сармат тайпаларын талқандаған соң мынадай оқиғалар орын алды:

Арап теңізінен батысқа қарай парсы тілділердің көп ғасрлық үстемдігі жойылды, ал аландар Кавказға кетті.

Батыс Қазақстан, Орал маңы, Еділ бойындағы көшпенде сарматтарының мәдениеті құлдырауға үшырап, өздері Каманың арғы бетіне ауысты.

Ал булгарлар өздерімен туystас түркі-оғыр тайпаларымен бірге Орталық және Шығыс Еуропаға жөңкілген гүндар қозғалысының құрам-ды бөлігіне айналды.

Алайда 370 жылдардың екінші жартысында бастапқыда гүндармен бірге аттанған түркі-оғыр тайпаларының талайы кейін, шығысқа қарай қайта толқып, гүнн империясының құзырына кіретін төменгі Еділ бойы мен Түстік Оралға оралды.

Осы жорыктар барысында Паннонияға, Грецияға, Сирияға, Месопотамияға баса-көктеп кірген гунндар Оңтүстік Қаратеніз аумағындағы қоңе дәуірлерде қалыптаскан мемлекеттерге құйрете соккы бергенін, бір замандарда өздерінің Скандинавиядан шыққан тұткиыл жасактарының жорығымен халықтардың жаһандық сапырылысына себеп болған және жаугер әрі женімпаз деген дәстүрлі даңқы бар гот тайпалары одағын талкандағанын айта кету керек. (Кейбір тарихшылар герман мен ағылшынның билеуші корольдары гунндар тегінен деген пікір айтып жүр).

Өзі ел басы, колбасы болған 434-453 жылдарда гунн тайпаларының әскери-саяси бірлестігін күш-қуаттын ең шалқу шағына жеткізген Аттила гундары мен булгарлар туыстас болғаны туралы Византия жазба деректері күләлік етеді. Сонымен катар гунн жорыктарында олармен тізе коса остроготтар, гепидтер, герулдер, бастарндар, скирлер, алемандар, бургундтар, франктар, тюрингтер, турклингтер, ругтар, булгарлар, ақақирлар шайқасқан.

Бастапқыда Дунайдан Ленаға дейін немесе “ұзындығы серіз айлық, ені алты айлық сапарға сай аймак”, кейінірек Днепр мен Еділ арасын алып жаткан Дешті-Қыпшақ яғни Қыпшақ даласы атауымен жария болған дала түрктерінің алып еліне алғаш негіз қалаған да, міне, осы гунндар.

Алайда, Аттиланың мезгілсіз өлімінен соң гунндардың ішкі өзара қырқысуы басталып, оның акыры 463 жылы булгар тайпаларының Кавказға шалқыншылығымен және гунндардың арқа тіреп болып табылатын ақақирларды талкандауымен тамамдалды. Бұл гунндар дәуірі құлдырауының, зор кеңістікте ұсақ бөлшектерге бытырауының басы болатын. Олардың негізгі бөлігі Византияда (Добрудже) ғана табан тіреп қалды.

Осы оқиғалардың карсанында, IV-V ғ. ғ. түркі тілдес халықтардың гунн бірлестігінің ыдырауы түсында, бір ту астындағы гунн одағы ортасынан оғыр тайпаларының тобы біратола бөлініп кеткен еді. Олардың ен іргелісі болгарлар немесе булгарлар болатын, барлығы бұдан былай осы тектік атаудың төнірегіне топтасты.

Сөйтіп Еуразияның Қыпшақ даласында ақақирлар талқандалғаннан соңғы 200 жыл ішінде бағзы булгарларды құтоғыр-тұр, отоғыр, оноғыр, унногундур, оғыр (угрлар), сарыօ-

ғыр және Каспийдін батыс бетіндегі далаға орналасқан ақ гүнндар - совирлар (сувар) мен барсиллар (берсула) тайпалалары ауыстырып отырды.

Ал Еділ-Жайық арасын мекен еткен оғырлар немесе угралар кейін қазіргі венгрлердің ата-тегі болды. (Тарихи дәуірлерде өзара талай тайталасты бастан кешсе де кейбір көне жазбалардың деректеріне, тайпалар мен тектік атауларға қарағанда олардың түбі бір туыстығы: мәселен үй-ғыр, уғыр, вен-ғыр, сары-ғыр, он-ғыр, бул-ғыр, құты-ғыр, отырғыр, хун-ғыр атаулары, сонымен қатар барлығы біртұтас түрік тектен екені танылып тұрады).

VI ғасырдан соңынан VI ғасырдан ортасына дейін белсенді әскери саясат ұстанған булгарлар Батыска жылжиды, готтармен соғыста оларды Италиядан ығыстыралы, Византияға шабуылдайды, Фракияға, Иллирияға, Грецияға басып кіреді.

Сол жыллары Зоберган бастаған құтыроғырлардың аварлармен одак құруы Сандилих бастаған отыроғырлармен қырғықабактыққа соктырады. Сонын салдарынан құтыроғырлар аварлармен тең серіктестен олардың тәуелдісіне айналады.

Булгар халкы қалыптасуының оғыр-хүнн-унн және гүннан соңғы сатыларынан келесіге етпес бүрын 522 жылы Ашина (алшын) руынан шыққан, өзін аты аңыздай ардақты хүннү сойынан санайтын Бумын хан бастаған алтай түріктері бірінші рет Ұлы Түрік қаганатын құрғанына назар аудару керек. Қаганаттың аумағы кешікпей-ақ Азов аймағына дейін қамтиды. ал бүл түріктердің өзі көлтеген Еуроазиялық тайпалар мен түріктердің нөсілдік қалыптасуына үлкен ықпал етеді.

Енді өзім Германияда танысуға тұра келген “Әлем тарихы атласынан” үзіндігे үңіліп көрелік. Оның бірінші бөлімінің 113 бетінде бытады делінген: “Хүннү тайпалары түстіктеғі (Қара меніз маңы) дала өлкесіне ұмтылды, осында алғашқы булгар империясы құрылды, оның ең шарықтау шегі Кубрат хан тұсында болды (хан 679 ж. өлді).

Хазарлар шапқыншылығынан кейін Булгария екіге болініп кетті. Бір болігі Дунайға кетіп, Дунай-Булгар хандығын (отаны Плиска қаласы) құрды, екіншісі – Волгадағы (Итиль) Волга-Булгар хандығы (орталығы Булгар қаласы).

XIII ғасырда Булгар хандығын монголдар құлатты, калғандарды (Каспийдің Еділ жағалауындағылары) хазар хандығына бағынды".²

Сонымен 558 жылы түркілер Сібірдегі оғыр тайпалары одағын, Орал маңындағы оғыз-қыпшак және бағзы бұrtас көшпенде тайпаларын тізе бүктіреді де Еділдің төменгі ағысы тұсына келеді, осы жерден Орта Азия тайпалары мен Ирандағы сасанидтер әулеті империясына жойқын жорықтар жасайды.

Осы жылдары Төменгі Еділдің жаугер аварлары Шығыс Еуропаға аттанады, кейін Дунайдағы Византия жерінде орнығып қалады.

Түрік қағанаты 567-571 жылдары хазарлардың, барсил, савир, отыроғыр сынды булгар тайпаларының және іргелес аварлардың жерлерін басып алып хазарлармен, булгар-турлармен одак болады, сол арқылы бүкіл солтүстік Кавказға билік жүргізеді.

Осы кезден бастап 80 жыл бойына хазарлар, булгарлар, аландар түріктер үстемдігінде болып, тілдік, рухани байланыстар бойынша сол ықпалға түседі.

Алайда келесі VII ғасырдың басында Түрік қағанатының өзі Шығыс және Батыс болып бөлініп кетті.

Л. Н. Гумилевке тағы бір жүгінейік: "VII ғасырдың басында Кавказ алдын екі халық мекенdedi - Кубаньның он жағалауынан Донға дейін болгарлар (отыроғырлар, отогырлар, оноғырлар т. б. тайпаларды қоса) және Терек пен Еділдің төменгі ағысындағы хазарлар. Ол оңтүстік -шығыс Еуропа далаларында қанат жайған Батыс түрік қағанатының құрамында еді.

Солтүстік Каспийден Кубаньға және Солтүстік-Кавказ тауларына дейінгі аралықты алып жатырған булгар тайпалары 580 жылдан бастап ішкі бакталастығы өрши түскен қағанаттың ен күшті бөлігі болатын."

Бұл өлкені араб замандастары "савирлар елі", сол кездің армян деректері "солтүстік-Кавказ гүндарының патшалығы" деп атады. Осы өлкенің саяси орталығы "Салтанатты

² Бұдан өрі жакша ішіндегі түсіндірмeler автордан. Сол германлық, "әлем тарихы атласында" гүннідар мен үйгірлар биліктен тайдырылған соң алғашқы булгар империясы құрылды деп жазылышты....

Варачан шаһары” атымен де аныс хазардың көне қаласы Беленде орналасты.

“Қағанаттың батыс шетіндегі дуласқа (яғни дулу-түрік) бұйрекі бұратын болгар-онногундрлардың көсемі Кубрат (дулумен әйелі арқылы туыстас) 610 жылы Константинопольге барды, онда Патрикий мөртебесін алды, бірақ шоқынудан бас тартты. Болгарларды дулемен жақындасуға хазармен бәсекелестігі итермеледі”.

Алайда кеңікпей Иранмен соғыстағы жеңілісті желеу еткен ішкі қактыңыстар түрік мемлекетінің толық ыдырауына соқтырды.

“Озара қактыңыстан ұтып шықкан тек қана болгарлар көсемі Кубрат. Ол өзінің немере туысы Сібір-ханды қолдай отырып, дуелі түріктер мен хазарлардан тоуелсіздік алды”.

Осылардың нәтижесінде 632 жылы Азов даласы мен Тамань жарты аралы аумағында астанасы Фанагория қаласы болған Кубрат хан бастаған Ұлы Болгария мемлекеті құрылды.

“635 жыл шамасында Кубрат аварларды жеңді” және сол жеңіске қанаттастыра Константинопольге елийлік астанады. Оған жауап ретінде Ираклий ханға тартулар жөнелтті.

Құтыроғылардың аварларға карсы көтерілісі Кубраттың Кара теңізге таяу дағаларды иемденіп қалуына мүмкіндік берді, оған дәлел Феофаның жылнамасында Кубрат “Болгарлардың жоне котрагтардың (яғни құтыроғылардың) иесі дейінген, сойтіп ол барлық бұлгар тайпаларын біріктірді”.

Жаңа Болгария шығысында олі де түркіттерге ыңғайлас хазарларға, батысында – аварларға, түстігінде – Византияға тиіспін жаткан жау болса да, олардың қауіпсіздікке күші жетті.

Ұлы Болгария Кубрат хан түсында Түрік қағанатына тоуелділікten толық құтылса да Кубрат өлген соң 642 жылы мемлекет жері үшін Ұлы-Аспарух, Батбай, Катра билігіне бөлініп кетті.

Ұлы Болгарияның бөлшектеніп әлсіреуін Хазария билікшілері тайдаланбай қалмалы. Аспарух бастаған болгар-онногундурлар тәуелсіздікті қорғауға көтерілсе, оны Батбай қолдамай қойлы.

Нәтижесінде Еуразияға басымдығымен аты шыққан, Византиямен соғыста төтеп берген Болгар державасы 651 жылдан басталған хазар қағанатының қысымына 679 жылы тізе бүкті.

Одан соң Аспарух ханның болгарлары Дунай мен Паннонияға кетіп, онда белсенді әскери саясат жүргізді, Византия жерлерін, славян қаласы Добруджлы басып алды да 681 жылдан Византия XI ғасырда қайта басып алғанға дейін дәурен сүрген Болгар патшалығын жариялады. Кейінірек олар осындағы славян тайпаларымен қаны араласып осы құнгі дунай болгарларының арғы аталарына айналды.

Батбай хан бастаған басқа бөлігі хазар қағанатына мойын ұсынды, бірақ Хазария халқының көпшілігін құрайтын булгар-барсил-дар мен булгар-савирлар немесе суварлар өздерінің аксүйектері арқы-лы осынау түрлі тілдес мемлекеттің өмірінде маңызды орын алды.

Кубань жерінен кеткен үшінші бөлігі Кавказда сакталып, осы заманда балқарлар, құмықтар, карашайлар (көне түркі тілінде “карасулықтар”) аталады.

Осындай кат-қабат оқиғалардың өсерімен онтүстік дала-лардан бағзы бабабулгарлардың VI ғасырда басталған қозғалысы – орта Еділге, Кама мен Үлкен Черемшан аралығына, кейбір топтардың Сура-Ока арналары ортасына қоныс аударуы, ата мекенге оралуы белсенді сипат алды, сөйтіп осы құнгі қазан татарларының түп-төркіні болған Кама-Еділ булгар халқы қалыптаса бастады.

Бұдан өрі дунай болгарларына, балқарларға, карашайлар мен құмықтарға қатысты тарихи оқиғаларға тоқталмай, Кама мен Еділдегі булгар-татар тегіне бастау болған булгар тайпалары туралы сөз сабактаймыз.

Сонымен VII ғасырдың ақырында Хазарияда ішкі еki мемлекеттін - Хазарияның өзінін және бағзы булгар тайпалары (суварлар, барсилдар, беленжерлер) одағының жігі айқындала түсті. Ал осы кезде “құміс болгарлар” аталатын тайпалар тобы Орта Еділдің түстік аймактарын жедел коныстанып жатты.

Сол жылдармен шамалас мерзімде қазіргі Башқортостан жерінде жартылай көшпендей мадьяр текстес тайпалар негізінде Ұлы Венгрия құрылды. Кейінірек башгурдтар мен татар-мешерлердің құрамды бөлігіне айналған көшпендей маджгар тайпалары олармен одактас болды.

VII ғасырдың бірінші жартысынан бастап әлемдік маңызы бар оқиғалардың ошағы Араб жартыаралына карай ауысты. Мұнда арабтардың ортақ ұяға үйисуы мен Мұхамед пайғамбардың үлімі негізінде ислам діні қалыптасуы басталды.

Араб тайпаларының билеушілері ислам туы астында Византия империясын, Таяу және Орта Шығыс, Солтүстік Африка, Онтүстік-Батыс Еуропа, Кавказ сырты елдерін құйретті, одан сон Кавказ тауларынан да асып өтті.

724 жылы араб атты әскері аландар мен кавказ алды булгарларының, 727 жылы Каспий мен Кубань жағалауы булгарларының жерлеріне жетіп, оларды ойрандады.

Фасыр басында шағын қактығыстардан басталған араб-хазар соғысы 721 жылдан кейін толассыз сипат алғып, ал 730 жылдан сон бірін-бірі құртиай тынбайтын қатерлі соғыска айналды. Бұл кескілес-тер катраг булгарлар мен барсил-булгарлардың жеріне орны толмас зиян мен зардал әкелді.

Соның салдарынан көне булгар тегіне жататын тайпалар VIII фасырдың бірінші жартысында араб құлдығынан құтылу үшін Азов аймағынан шығысқа, Сок, Белая, Ик, Дема езендерінің жоғарғы ағысына кетті. Мұнда булгарлар көшпенде утор мадьярлармен араласып, көшпенде булгар-мадьяр тобының қалыптасуына негіз қалады.

Жаңа жағдайға орай басқа топтар да солтүстік-батысқа қарай ығысады.

Булгар-савирлар (суварлар) аландардың бір бөлігімен бірге Еділдің он жағалауымен арқаға ауды, ал булгар-барсилдар (бараптарлар) шеткі хазарлардың бөлшегімен бірге Еділлің сол жағалауымен өрлең көне мадьярлардың көшу қоныстарына сыналада кірді.

Сөйтіп гүнн дәуіріндегі “халықтардың Ұлы қоныс аударуына” дейін Онтүстік Орал онірінде көршілес болған екі тек жұз жылдан сон өздерінің байырғы ата мекенінде қайтадан іргелесті. (Г. С. Сабирзянов).

VIII фасырдың сонында IX фасырдың басында Еділ-Кама аймағында булгар тайпаларының одағы құрыла бастады, онда келешек Еділ Булгариясының орталығына орналасқан булгар-барсылдар (барсилдар) басым беделге ие болды.

Бұл одаққа сонымен қатар суварлар, бараптарлар, есегелдер (көне түркіше иске иль - ескі ел) осы құнғі марий, мордва, удмурттардың ағы тегі болып табылатын жергілікті именьктер мәдениетін үстанушылардың және фин-угор тайпаларының оқілдері кірді.

Еділ-Кама тайпаларының үйисуы бейбіт және жедел жүзеге асты.

Соған қанаттаса Еділ сыртындағы далада ор тілді тайпалардың печенегтер (қаңылар) бастаған қуатты жаңа бірлестігі

құрыла бастады. Олар Оңтүстік Оралдан көне венгр тайпаларын бостирыды, босқындар өз кезегінде Қара теңіз маны арқылы Днепр мен Днестр дарияларының арасына асты.

Печенегтер кейін башқұрт этносының құрамын құрастырған түркі тілді тамалар тайпасымен одактаса, жолына от пен опат қалдыра отырып Хазарияға жорық жасады.

Ал булгар тайпалары одағы әлі де Хазарияға салық толеу тәуелсіздігінде бола отырып Еділ бойы, Хазар (Каспий) теңізі арқылы шығыстағы араб елдерімен, славян жерлері арқылы Балтық елдерімен, Кама бойында көне удмурттармен, Коми – Пермьдіктермен сауда қатынасын дамытты.

VIII ғасырдың сонынан X ғасырдан басына дейінгі Еділ-Кама аймағы елінде әлеуметтік - мәдени дамудын басты корытындысы - Еуразияның орта ғасырлық тарихында жарқын ізі бар Орта Еділдегі тұнғыш мемлекеттік бірлестік – ерте феодалдық Еділ Булгариясы мемлекетінің құрылуы болды.

Булгарлардың көне тарихына арналған тарауды аяқтай келе сол булгарлар ең ежелгі, ескі түркі тілінде сөйлегенін атап көрсету керек. Оған долел – Еділ булгарлары мен славяндануға дейінгі Дунай булгарларының сакталып қалған жазба мұралары.

Ежелгі булгар тілінің ерекшеліктері белгілі дәрежеде қазіргі Еділ татарлары мен чуваштардың және кейбір түрік тілді халықтардың сөздік корында танылып тұрады. Тарихта мынадай таңқаларлық керегарлық бар: балқан болгарлары христиан дінін қабылдаған соң бүкіл түркілік белгілерін түпкілікті жойып алды, бірақ өз елінің ежелгі атауын сактап қалды, ал Еділ булгарлары ислам дінін қабылдап барлық ұлттық салты мен дәстүрін сактағанымен өзінің ежелгі елдік атауын жойып алды...

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Тақырыпты одан әрі талдамас бұрын келтірілген мәліметтердің шығу торкінін аныктап беретін түсініктеме көрек.

Мәселен, бұдан арғы ғылымидан ғөрі көсемсоздік сипат алатын баяндауларға түрлі авторлардың қырықтан астам еңбектерін пайдаландық. Олардың кейбіреулеріне бұрынғыша соз арасында сілтеме жасалып отырады, ал мәселенің мөнін ашуға комектескен басқа еңбектер қатарында мыналарды атауга болады:

“Ахмед Ибн-Фадланның Итиль озеніне саяхаты және Булгарияда Ислам дінін қабылдау” – көне қолжазба бойынша орыс тілінде алғаш рет 1939 ж. басылған;

“Идель-Урал” Г. Исхаки – алғаш 1933 ж. Берлинде татар тілінде, парижде орыс және француз тілдерінде, 1934 ж. Тоқиода жапон тілінде, 1938 ж. Варшавада поляк тілінде, 1988 ж. Лондонда ағылшын тілінде басылған.

“Татарлардың тығып тасталған тарихы” В. Имамов;

“Ежелгі Қазан замандастарының және тарихшылардың көзімен” Ф. Хузин мен А. Ситдиков;

“Татарлар” Д. Исхаков;

“Россия тарихының “қаранды құystары” А. Закиров;

“Алтын Орда мен татарлар”, “Халықтың қекейіндегі сұрапқ”, “Мен татардың ұлымын” Р. Фархутдинов;

“Алтын Орда хандары” Р. Фахретдин;

“Татарстан: татар халқы тарихы мен мәдениетінің ескерткіштері (XVII-XX ғ. ғ.) Р. Салихов, Р. Хайрутдинов;

“Atlas zur welt Geschichte” (неміс тілінде);

“Біз кімбіз?” доктор Р. О. Тюрккан (түрік тілінде), түрік тілді халықтардың Дүние жүзілік құрылтайынан (Анкара қаласы, наурыз 1996 ж.);

“Булгар-татардан тараган орыстың 500 фамилиясы” академик А. Халиков, ғалымның “Торқа кітап” (княздаръ мен дворяндық тектік тамыры) Орыс дворяндарының тұмыстық тарихы, Ресей Империясы дворян тұмыстарының жалпы тек-таңбасы, Өткен жылдар баяны, Орыс жылнамаларының то-лық жинағы, т. б. құжаттар негізінде дайындаған еңбегі.

“Қыпшак жазирасының жусаны” М. Аджидін еуразия түрік халықтары тарихына тың қозқарасы;

“Естеліктер” Д. Салиржиганов;

“Русынан Россияға дейін”, “Хазарияның ашылуы” Ұлы тарихшы Л. Н. Гумилев. Оның тағы екі еңбегі “Көне түріктер” мен “Каспий маңындағы мынжылдық” бұрынның аталған;

“Рұлық жылнама” (“Шежіре”) Шәкәрім Құдайбердіұлы, алғаш 1911 ж. Орынборда “Каримов, Хусаинов және Компания” баспаханасында басылған;

“Шығыстағы елдерге саяхат” француз королі Людовик IX елшісі, фламандтан шыққан діндар Гильом де Рубрук;

“Монголдар тарихы” Рим Папасы Иннокентий IX елшісі, францискан діндары Джованни дель Плано Каррини, С-Петербургтегі А. Суварин баспасында 1911 ж. басылған;

Ш. Ұәлиханов, бес томдық шығармалар жинағы;

1992 жылғы Дүние жүзілік татарлар конгресінің стенографиялық жазбасы.

“Жаһанды жауламақшы болған Темуджин “ Е. Кычанов;

“Татар мен татар тілі тарихы” профессор М. З. Закиев;

“Орта Еділ мен Оңтүстік Орал халықтары ғасырлар кеңістігінде” Г. Сабирзянов,

Ш. Маржани, “Қазан мен Булгар тарихы бойынша әдебиеттер” (татар тілінде);

“Қазақстан. Үш мың жыл шежіресі” С. Кляшторный, Т. Сұлтанов;

“Қолбасшы Шыңғыс хан және оның мұралары” доктор Э. Хара-Даван, алғаш 1929 ж. Белградта басылған;

“Kazan”, The Enchanted Capital R. Bukharaev London 1995.

“Тәуелсіздік сатылары” академик И. Тахиров (татар тілінде);

“Ұсақтагы ұлылық” З. Краснов;

Кенес энциклопедиялық және әдеби сөздіктері;

“Урал озені” А. Чибильев;

“XVII ғасыр XVIII ғасыр басында Жайықтагы таптық күрес” В. Дариенко, “Батыс Қазақстан тарихының түйінді мәселелері” аймактық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары (1991 ж. Гурьев қаласы);

“Хандар әулеті” К. Салғарин;

“Куликово шайқасы: аныз бер ақырат” О. Кулевов;

“Қазактар” тоғыз томдық тарихи аныктамалық;

“Қазақстаниң Ресейге қосылуының өркенді маңызы” Т. Тойынбаев;

“Кошім хан: белгілі әрі белгісіз есім” М. Әбдіров;

“Еуразия қоғамдастығы” журналының (N3, 1997ж.) материалдары және басқа материалдар мен басылымдар.

ЕДІЛ БУЛГАРИЯСЫ

...Булгар хандығының шекарасы батысында – Сура мен Ока өзендеріне, шығысында – Жайыққа, терістігі – он жақ күйілмаларымен коса Каманың орта ағысына, тұстігі – хазарлардың іргесіне, яғни Самар інінде дейінгі аймақты алғып жатты.

Ну ормандар, егіншілікке қолайлы жер жаратылсы, су тасымалына ыңғайлы үлкен де терең өзендер, мыс кенинін, құрылыш тасының, бағалы аң терісі мен балық түрлерінің молдығы мемлекеттің жедел экономикалық дамуына жағдай жасады.

Булгарда негізгі мемлекеттік лін ретінде Исламның енуі, бұрынғы руна жазуы орына араб әрпінің келуі 922 жылдан басталады, яғни мың жылдан астам бұрын жүзеге асты.

Осы Булгар қаласына, Еділдегі Ұлы Булгарияға ел патшасы Алмуң Шилқаулы елтабардың шақыруымен, қасиетті Бағдадтың өзінен Халифа аль-Мухтадирдың тапсырмасымен халықаралық келіссөзінің әрі тарихшы Ахмел ибн-Фадлан ибн-аль-Аббас ибн-Рашид ибн-Хаммад бастаған елшілік келіп, корытындысын Халифаға баяндаған осы заманға дейін сактаулы жазбаларында тек осы елдің ғана емес, сапар кезінде өзі көрген печенегтердің, оғыз-туріктердің, хазарлардың, орыстар мен басқұрлардың да тұрмысына, тіліне, мәдениетіне, саудасына, қол өнеріне, әскери жағдайы мен мемлекеттік құрылышына сипаттамалар жасалған.

Әділін айттар болсак өзінің зор қуаты бойынша орта қолдау Булгариямен салыстыруға да болмайтын әoluteтті Араб халифатының елшілігі келген кезенде Еділдегі булгар мемлекеті феодалдық деңгейге дейінгі таптық қоғам сатысында болатын, ал оның негізгі тауар өндірушілері ерікті қоғамдастар еді. (А. П. Ковалевский).

Булгарлар елшілік арқылы елге ислам насиҳаттаушылар, мешіттер мен қамалдар тұрғызуға маман адамдар жіберуді сұрады.

922 жылғы маусым айының орта түсінде Джаширма (казіргі Яуширма, Чистополь ауданы Татарстан Республикасы) өзені бойында жергілікті булгар тайпаларын басқаратын беделділердің құрылтайы болып, онда Ислам Еділ Булгариясы елінің ресми діні деп жарияланды. Шыныла да кезінде Шығыс Еуропа тарихы басты оқиғаларының бірі Еділ Булгариясының Ислам дінін қабылдауы еді.

Осы кезде бытыранқы орыс княздіктері өлі дінсіз соқыр сенімділер болғанын, ал Киев Русінің “дін таңдау” дейтін сергелденген сон грек-православие түріндегі христиандыкты 988-989 жылдары, яғни алпыс жыл кейін қабылдағанын атап көрсету керек.

Бұл кезде булгарлардың тәменгі Еділдегі жаушыл көршілері – Еділ қаласын астана еткен хазарлардың билеуші басшылығы иудейлер, буқара халқы мұсылмандар болғаны да ескерілуге тиіс.

Еділ қаласы, бұқіл Хазария сияқты саяси себептер мен әлеуметтік зандаулықтардың ғана емес, табиғи апаттың – теңіз деңгейі көтерілуінің, яғни трансагressия құбыльсының салдарынан құрып кетті. Астана қаласы Каспий толқындарының астына тоғтыылды.

Кейінірек Еділ сағасының шоғарлау тұсында түрік атаулы Қаж-Тархан қаласы пайда болды. Әзтархан хандығының астанасы болған бұл қала атауы аймақты Россия ба-сып алған соң Астрахань атальп кетті.

Жарты жаһанды білген, оны біреудің сөзімен емес, озінің көзімен көрген, Булгарияны солтүстікегі сакалиб-булгарлар мемлекеті деп атаған адам Ибн-Фадлан “Халиф аль-Муктадирдін” Сакалиб³ патшасына елшісі Ахмед ибн-Фадланның кітабында” былай деп жазды:

“Олардың негізгі тағамдары жылқы еті мен тары, бірақ бидай мен арпалары да көп. Әркім өз жеріне өзі сейіп, өнімді өзі иемденеді.

Халқы “елтабар” деп атайдын патшасының ешкімнің егіншілік өнімін тартып алуға құқы жсөк. Патшаға жыл сайын әр үй бір бұлғын терісін ғана төлейді.

Барлығы басына бөрік киеді. Патшасы салт атпен серіктер ілестірмей жалғыз өзі жүре береді. Патшасы базарды аралаған кезде барлық адам бөркін алып колтығына қысып тұрады.

Барлық булгарлар киіз үйлерде тұрады. Ал, патша киіз үйінің сыйымдылығы мың адамнан астам және армян кілемдері тәселеіп тасталған. Үй ортасында византия парчасымен канталған патша тағы тұрады. Елтабардың жаңында ханымы отырады. Қүйеуінің қасында әйелі отыру – олардың салты.

³ Сакалибтар – арабтар славяндар мен солтүстік халықтарын, осы жазбада булгарды осылай атаған. Бұл сөз басқа бір мағынасында “бозөнділер” дегенді білдіреді.

Елтабардың дастарханына бір бөлек қана қуырылған ет беріледі. Ол пышақпен еттің шетінен кесіп алып жейді. Осылай үш мәрте қайталаған соң патша еттің тағы кесіп алып алдына үстел әкелінген халифа елисіне жолдады. Сөйтіп патша ең күрметті қонақтардан бастап бәріне өзі ет кесіп беріп отырды. Олардағы тәртіп бойынша патша үлес бергенше ешкім тағамға қол созбайды.

Булгарда туылған ұлды тәрбиелеп өсіруге әкесінен артық құқылы есептелетін атасы. Ол немересін ересек жасқа дейін өз қамкорлығына алатын әдет бар.

Булгар жерінде мен көрген ғажантардың бірі - жыландар. Олар өте көп, бірақ адамдар жыландарға тимейді, жыландар адамдарға зиян іstemейді. Олардың жерінде жасасыл және қышының алмалар көп өседі.

Ең таңғажайыбы - жаңғақты ағаштардың орасан көптігі.

Олардың ормандарында аралар да өте көп, елі бұны жақсы пайдаланып, мол бал жинайды. Балдан жасасалатын сусындарын суджус ғына не месе набиз деп атайды.

Бұл ел ғлемнің барлық аймағымен салыстырғанда нағыз наизағайы көп жер.

Булгарлардың түрік жерлеріне барып койлар алып келетін саудагерлері бар. Сонымен қатар олар Бису еліне қатынап, ол жақтан көнтен бұлғындар мен Кара түлкі терілерін әкелдеді.

Біз онда бес мың әйелдері мен ерлері бар тайпаны және оның бәрі исламды қабылдағанын көрдік”.

Хасырдың сонғы ширегіне дейін Сувар қаласы Булгар қаласымен саяси басымдыққа бәсекелесе болды. 976 жылға дейін Сувар өз теңгесін шығарып тұрды, бірақ X ғасырдың бірінші жартысында-ақ Булгардағы “бас менит” мойындалды, ал 976 жылдан соң Сувар оны елдің ортақ саяси орталығы деп таныды. (Г. Сабирзянов).

Хасырда Еліл булгарының араб жазбалы күміс тенгелер күйип шығаруы ішкі және сыртқы сауда мен экономика да-муының көрнекті көрсеткіші еді. Экономикада жетекші орын алған егіншілік, тері өндіреу (ісмер иленген тері атакты “булгар юфты” дуние жүзілік тарихта танғымал, осы кезге дейін Орта Азия мен Иранда ең тауір тері мен аяқ киім булгар бүйімімен деп аталады), былғары өнеркәсібі, осемлік мұлікттері (алтын және күміс бүйімдар, мен кару-жарап жасау, кара

металлургия (казан татарларының арғы аталары Еуропада алғаш рет жоғары сапалы шойын балқыткандар), саз бен кірпіш күйдіру өндірісі, бал өндіру шаруашылығы, сауда мен малбөгілік. Булгарлар сол кездердің өзінде сегіз күмбезді салтанатты мешіттер, мектептер, орлалар, керуен сарайлар, моншалар, карғыма жүйесімен орталықтан жылдытатын тас жөне ағаш үйлер, жасанды су жүйелері секілді құрылымы соғулет өнерімен өйткілі болды. (Г. Исхаки мен В. Имамов).

Араб жазушысы Ибн-Рустенің айтуынша ауыллар мен Сувар, Биляр. Булгар қалаларында (соңғысы сол кездің өзінде ірі сауда орталығы) имамдар мен мәзіндер басылық ететін мешіттер мен мектептер болған.

Егер бастапқы мезгілде Булгар қаласы Күяб (Киев) қаласынан едоуір кіші болса мемлекеттің екінші дәрежелі қаласы Биляр аумағы 150 га – Киевисен, 160 га - Владимирмен, салыстырғанда 530 га алқапты алып жатынты...

Булгарлардың мұсылман әлеміне енуі халықтың рухани мәдениеті орлеуіне қуатты сернін берді. Араб жазуы арқылы жаңа білім, озық ғылым, мұсылман әділеттің зангерлігі келді. Өз ақындары, ғалымдары, тарихиылары, жұлдызшылары, солардың кітаптары пайла болды.

Әдебиет әлеміне кең танымал туындылар: 1212 ж. Жарық корген булгар жазба әдебиетінің маңызды ескерткіші Құл Галидың “Қыйссас-и-Йусуф” (автордың өзі 1226 ж. монгол шапқыншылығында каза болды), XII-XIII ғасырларда жазылған Сүлейман бин-Дауд Суваридің (Сувар қаласынан шықкан) “Зэхряттеррийаз...”, сонымен катар кейінгі Алтын Орда кезеңіне жататын Кутбытың “Хосров пен Шырын” (1340 ж.), Харазмидің “Махаббат-намә” (1354 ж.), Хисам Катибтің “Джумджаумасултан” (1369 ж.) Санф ас-Сараидің “Гүлістан” (1391 ж.) және басқа поэмалар “Еділ түркітерінің” яғни орта ғасырлық татар әдеби тілінде жазылды.

Сол заманда-ақ булгарлардың өз тарихнамасы болды. Якуб бин-Нұтыманның XII-ғ. Бірінші жартысындағы қолжазбасы “Булгария тарихы” деп аталады.

Кожа Ахмед Булгари “Аль-джамиғ”, “Ат-тарика”, “Аль-Фәваид” енбектерін қалдырылды.

Орта ғасырлық көптеген ғылымдар IX-XII ғасырларда дәуренде ламыған Еділ Булгариясы туралы мол мағлұматты еді.

Мысалы ағылшын тарихшысы әрі философи Роджер Бэкон “Orus Magnum” кітабында (XIIIғ. екінші жартысы) былай деп жазды:

“Ертөректе Этилия сыртындағы құмандар солтүстігінде Ұлы Булгариямен шектесті, Константинополь, Венгрия, Словакия аралығындағы болгарлар сол жақтан келген. Еуропада болгарлар аз, ал Азиядағы Ұлы Булгарияда тұратындары булгар тілінде сөйлейді...”

Тарихи өзгерістер барысында Қазан хандығы болған, кәрір Татарстан аталатын ерте орта ғасырлық Ұлы Булгария бүкіл әлеммен сауда-саттық катынасы дамыған мемлекет болды: булгардың былғары өнімдері мен бағалы терілері Литваны, Польшаны, Италияны, Францияны қоса Батыс-тың көп елдеріне жетті.

Орыс тарихшысы С. М. Соловьев Еділ Булгариясының көрнекті “өнеркәсіп және колонер” өркениетін сипаттай келе былай дейді:

“Ертеде өткен замандарда орыс славяндары Окада әлі христиан шіркеулерін тұргызыбаған, Еуропалық кеністіктерге иелік етпеген кездін өзінде булгарлар Еділ мен Кама жағалауарында Құран сүрелерін үйн тұндағы..”

РУСТАР ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ТӨҢІРЕГІНДЕ

Еділ Булгариясының орыстармен және шығыс-славян княздіктерімен ара қатынасын айтпас бұрын сонғылардың ертеректегі тарихына тоқтала кетейік.

Батыс Еуропада Висладан Дунайға дейін тараптап ежелгі славян тайпалары – славяндар, анттар, ведендер туралы алғашқы мәліметтер VI ғасырға таман белгілі болды.

Ант славяндары Днепр төңірегіне келген бұл кезде олар көшпенілі отырғұлармен көршілесіп, булгар-славян тектік мәдениеттерінің ара қатынасына жол ашты.

Гүнндар баса көктеуі кезінде көп қырғынға ұшыраған анттар славян тілді дулең және волын тайпаларымен қоғамдасты. Артынан анттарға қарасты жерлер Киев қаганатының үйткесі болды.

602 жылы Авар қоғамы тәмемлігі Дунай мен Азов теңізінің солтүстігіндегі анттарға карсы Паннониядан оскер аттан-дырды. Соның салдарынан анттар тырым-тырақай болып, ақырында Днепр маңының ежелгі тұрғындары герман тілді рустармен араласып кетті.

VI-VII ғасырларда шығыс славян тайпаларының таралып қоныстануы толастаған жок.

Осы жылдар склавин славян тайпалар анттардың жеріне сыналад еніп, солармен араласқа түскенде таралу аймағы солтүстігінде – Балтыққа, онтүстігінде – Адриатика мен Балқанға жетті.

Онтустік Балтық жағалауынан, батыс Двина мен Висла аудандарынан өрбіген славян тайпалары Днепр маңы мен Ильмен көлі су айрағына – саны көп герман тіллі рустар жеріне таянды.

VIII ғасырдағы араб жазбаларында тұнғыш рет Куюб, яғни Киев қаласы аталады.

Тұтастай алғанда Шығыс Еуропаның зор ауқымды аумағын – аландар, болгарлар, хазарлар, угорлар мен славяндық – поляқ, северян, вятич тайпалары Еділ-Камада – булгарлар, буртастар, мордвалар, эрзялар, черемистер, чудьтар, мереилер, весытер, муромдар, пермяктар сыйыды әралуан тектін халықтары қоныстанды.

IX ғ. басында славян тайпалары Днепр бойын алып жатты, олардан Шығыска қарай “тұрпайы халық” – русьтар орналасты.

Олардың ара қатнастары өзара өте жеккөрінішті болған.

Сөйтес тұра кейбір аймактарда анттар (поляндар) мен русьтардың тоғысып бір тұқымдасуы жүріп жатты.

859 жылы Ежелгі Русь мемлекетке айнала бастады.

Орыс жылнамасы бойынша варяг немесе русь Рюрикті Ильмен славяндар княздікке шақырып, ол – Ладоганы, інілері Синеус пен Трувар-Белоозеро мен Изборскіні билеген.

862 жыл Рюрик жана жерлерді бағындырып, өзінін жаңа иеліктерінің астанасы деп Ұлы Новгородты жариялады. Славяндық-словендар, кривичтер, сондай-ақ фин тілді – чудь, весь, меря тайпаларын біріктірген Рюрик Новгород Русінің негізін қалаушы болды.

864 жылы Рюрик Днепрдің төменгі тұсы арқылы Грецияға жіберген Аскольд пен Дир жолай Киевті басып алып, оны княздіктің астанасы етіп жариялады. Алайда олардың әрі қарай Царьградты (кейін Константинополь, казір Стамбул) басып алу әүресі іске аспады.

879 жылы Рюрик өлген соң Новгородта оның тағына скандинавтардан шыққан жауынгер – варяг Хельг (Олег) отырды.

882 жылы Хелы немесе Олег қаған (князь) Киевке шабуыл жасап, онда княздік құрған русътар Аскольд пен Дирид өлтірді. Олег астананы Новгородтан Киевке көшіріп, өзін Киев Русінің ұлы князі деп жариялады.

Ол билік құрған 882-912 жылдары древляндар, северяндар, родимичтер, мерлер бағындырылып, Киев “орыс қалаларының анасы” атала бастады.

912-945 жылдары Олегтін билігін жалғастырған Рюриктің ұлы Ингвар (Игорь) Рюрикович княздар әuletін бастап берді.

912 жылы Киев Русінің шекарасына алғаш рет печенегтер таяу келді. Солтүстік Қара теңіз төнірегіне үстем болған олар Киев Русімен ұдайы соғыса отырып, оларға зор ықпалын жүргізді. Бұл теке-тірес ақыры 1036 жылы Ақылды Ярослав печенегтерді талқандауымен ғана тыным таітты...

Х ғ. ортасында Киев княздігінің қалқанын қорғалап ежелгі орыс халқының қалыптасуы жеделдей жүрді.

Бұл кезенде көне тайпалық бөліністер бұзылып, кривичтер тәуелсіз Полоцк княздігін құрады, Киев вятичтерді бағындырылды.

Одан соң 965 жылы ұлы князь Святослав Игорұлы Едімен төмен түсіп Хазарияға құйрете соккы береді, Итиль, Семендер, Саркел қалаларын талқандайды... (Г. Сабирзянов).

Осыдан әрі сол дәуірдің оқиғалар желісін кезегімен сактай отырып М. Аджидін енбектерінен, яғни өзін Россия деп ататын мемлекеттің реңи тарихындағы жалғанды жайып салғаны үшін бұл елде мұлде жарамсыз есептелетін зерттеулерден үзінділер келтіремін:

“Ерте замандарда Ұлы Даға (Лешті-Қытшақ) елі, славяндар өлкесі, финн-угор халықтарының княздіктері болды. Олар өз аймақтарында тұрыт, өзара тыныштықта болды.

Алаїда IX ғ. оларға варягтар шабуыл жасап, әуелі славяндарды бағындырды, содан соң қытшақтарға ұрынды.

Варягтар басып алған даға (турік) қағанатының астанасы Киев, өзі “Украина” аталатын. Аскольд қаған Киевтің ақырғы түрік билеушісі болды.

Варягтар Украинаға өзінше ат қойып, русша Киев Rusi атады. Олар өздеріне қараган жерлердін бәріне “Русь!” Атын косып айтты, мысалы Қара Русь (Черная Русь), Ақ Русь (Белая Русь).

Осындағы ешбір екі үштылығы жоқ пікірді Н. М. Карамзин де айтты:

“ХF. орта тұсында Россия екі тілде сөйлемді... норман текті князьдер мен ұлықтар арасындаға біраз мезгіл пайдаланылған скандинав тілі русша делінді, алайда Дунай болгарлары славяндар арасында өзінің туған тілін ұмытканы сияқты, ол да біртінде өзара қатынас құралы болудан қалды.”

Варягтар (рустар десе де болады) билігі кезінде олардан бағынышты тұрғындар “рустардікі” (русские) аталағы. Славян адамға “Сен кімсің?” (Ты чей?) деп сұраса, рустікімін (русский) деп жауап берді. Ал “русич” сөзі еріксіз (не свободный), яғни русқа бағанашты дегенді білдіреді.

Түрік тілінде сөйлейтін Киев Русі тұрғындарының рухы берік болатын. Қытшак-украиндықтар рустардың билігіне бас иген жоқ, сондықтан оларда “рустікі” деген тәуелдік сөзі сакталып қалмады.

Осыған орай Киев қаласы ірге тасының қалауына 1500 жыл tolу мерекесінде айдай әлемге мәлім болған мына жайлды мысалға келтіру керек:

Радиомен берілген Киев Русінің көнеправославийлік құдайға құлдығында: “Ходай алдында бетен адам ачык булсын” сөздері бас азан сияқты айтылды, осынау “славян тілінде-міс” сөздер түрік тіліне емес, түрік тілінен аударғанда “Әр адам құдай алдына ашық көнілмен көрінуге туіс” деген мағына білдіреді.

Гректер орыс шіркеуіне батысқа бейімделген жаңа ықтамдарын енгізуі салдарынан XVII ғ. ғана шіркеудің жіккे болінуіне дейінгі Киев Русіндегі адамдардың өзара сөйлеуі де, құдайға мінажат етуі де түрік тілінде болып келді, ал Россия христианшылығы өзінің ежелгі далалық дәстүрлерін сактады...

Өзінің атақты “Табиги тарих” трактатында еуропалық халық ретінде славяндар туралы тұнғыш лебіз білдірген Римдік тарихиши әрі жазушы аға Плинний. (24-79 ж. ж. б., болды.) Ол ежелгі славяндарды “венедтер” дейді. Оларды итальяндықтар, финндер, қазір де солай атайды. Еуропада Россияны кейде Вenia, яғни венедтер елі дейді.

Тағы бір римдік тарихиши Тацит (58-117ж.ж.) Еуропаның солтүстігінде Висла мен Одер арасында өмір сүретін көшпеніді малышылар венедтердің жері туралы айтады.

Алайда тарихиши Иордан (VI ғ.) венедтердің саны көптігімен белгілі болғанын, енді эстеттермен жоне балтық

халықтарымен іргелес тұратын өздерін славяндар деп атайдын жасып кетті.

Олардың бұрынғы отанының шығысқа ауысуы – халықтардың ұлы қоныс аударуымен, Еуропага “гүнн” атауымен танылған түрік-қыпшактардың келуімен байланысты. Жергілікті байырғы европалықтардың ығыстыруы салдарынан венедтер немесе славяндар Карпатқа, Альпыға, Балканға ауды – казір бұл жерлер Словакия мен Словения аталады. Басқалары Германияның, Италияның, Польшаның кейбір жерлеріне және осы күнгі Россияның солтүстік-батыс аймақтарына таралып, VI ғ. тарихшы Иордан көрсеткен түстарда тұрактан жасты.

Славяндар дегеніміз бізге оқытып-үйреткендерден мұлде басқа.

Орта ғасрлық жылнамашыдан үзінді былай дейді: “Рустардың өздерінде егістік жеке, олар славян жерлерінен алып келгендерін тамақ етеді”. Сол заман үшін “рустар славяндарға жорық жасады” немесе “славяндар рустарға салық төлең тұрды” деген сөз тіркестері үйренишкіті үрдіс еди. Басқаша айтқанда рустар мен славяндар – мұлде басқа халықтар. Тіпті олардың өмір сүрген өлкелері де іргелес емес.

839 жылы жарық көрген “Бертиң анналары” ғана алғаш рет рустарды халық деп атайды. Рустар өздерін “славяндар” деп атаянын мүмкін емес етептін тағы бір себеп – Византияды құлдар саудасы дәуренде дамыған кездерде рустардың осы базарға апаратын басты тауары құл славяндар болған. Рустар дегеніміз – “варягтар”, дәлірек айтқанда нормандар мен шведтер. Ол заманда финндер мен эстондар Швеция орнына “Роуссия” деген сөзді қолданған. Эстониядағы шведтер қоныстанған жер жаңа Роуссия атапған... ”⁴

Осы үзіндіде М. Аджи Россия БИЛІКШІЛЕРІ өз тарихына славяндарды қалайша орыс етті деген сұрақты көтереді. Біз ол көтерген сұраққа тап сол билікшілер Еділ булгарларын қалайша тіпті қазан татарлары да емес, тек татарлар етті деген сауал қосамыз.

⁴ Осы проблеманы зерттеуде кездесс беретін Ресейдің реєсми тарихындағы құбылмалар мен құйтүркыларды түсіну үшін белгілі публицист Мұрад Аджилің “Қыпшак жазирасының жусаны” Москва 1994 ж. және “Еуропа өркениетінде түріктер үстеген үлес” (Еуразия көфамдығы) N3 1997ж.) атты орыс тіліндегі енбектерімен танысады үсіншар едім.

БУЛГАРЛАР МЕН КИЕВ РУСІ

Өзінің қалыптаса бастауы мен даму барысында түрік тілді Булгария жаңа пайда болып, дами бастаған орыс және шығыс-славян мемлекеттері – Киев русімен X-XI ғасырлардан, Владимир-Суз达尔, Рязань және Новгород княздіктерімен XII-XIII ғасырлардан бері тығыз байланыс орнатты.

985 жыл – Еділ Булгаријасы тарихында ерекше мезгіл. Сол жылы Киев Русінің ұлы князі Владимир Святославұлы (кезінде булгарлар Хазарияға шабуыл жасауы үшін Еділ бойымен жүзуіне жол берген Святослав Игоревичтің ұлы) түркі-оғыздармен бірлесе тұнғыш рет булгар жеріне шапқыншы жау болып келді.

Шайқаста олар ұтысқа жетті, бірақ бейбіт келісім жасап кетіп қалды. Орыс жылнамалары оқиғанын осылайша өрбүйн былай түсіндіреді: орыс князі тұтқын булгарларды шолып қарағанда “бәрі етік кигенін” көрген соң “Бұлар бізге салық төлемес, қабықтан кебіс тоқығандарды іздейік” – депті-міс.

Ал шынында осынау 985-986 ж. ж. алғашқы бейбіт келісім князь Владимирдін булгар ханшасына үйленуімен бекітілген болатын. Тараптардын келісім шартында мынадай сөздер бар: “*Tinti қара тас су бетіне қалқып шықса да, үміт су түбіне батып кетсе де біздің бұл шартымыз бұлжымайды...*”

Сол заманнан бастап Русь пен Булгария арасында орыстүркі некелестігі әдеттегі жайға айналды.

Киев Русіндегі “дін тандау” кезені де назар аударуға лайық.

Булгар билеушілері 986 жылы Владимирді өз діндеріне бет бүрғызы үшін Киевке мұсылман уағызшыларын жіберді. Келесі жылы одан он ер адам мұсылмандықтың салт-дәстүрін үйренуге булгарларға келді. Алайда булгарлармен қатар Византия императоры да, Рим папасы да, иудейлер де өз діндерін қабылдатуға, одактастық қатынас орнатуға қызықтырып бакқан, Киев ақыры Византияны қалады – 988 жылы Русьті шоқындыру басталып кетті.

Осы оқиғадан Киев Русі мен Еділ Булгаријасы арасында, өзгесін айтпағанның өзінде, діндік және ресми идеологиялық қарсы тұру тұтана бастап еді.

990 жылы-ақ Киев Русінің өзі православие дінін таратушы әркетке кірісіп, Булгарияға философ Марк Македонянин бастаған уағызшыларын жіберді.

Бұл әуресінен ештең шықлаған соң 994 жылы ұлы князь Владимир булгар жерлеріне әскери жорық жасап еді, онысы да нәтиже бермеді.

Екі жылдан соң, 996 жылы Владимир әкесінің Еділ бойымен жорығын түгел кайталап, тағы да хазар қалалары мен ауылдарын тонады, халқына салық салды. Осы жорықта Итиль каласы тас обаға айналды, ежелгі Барандтар, Семендер қалаларының баулары мен жұзімдіктері орнында өрттің құлі ғана қалды.

Соның нәтижесінде төмөнгі Еділ Киев Русінің қол астына өтті де, ал Еділдің жоғарғы жағы булгарларға қарап қалды, яғни сол кездегі Шығыс Еуропаның ең қуатты еki мемлекеті арасындағы өшпенделік өрши түсті.

XI ғасырдың басы Қыпшақ тайпаларының Орал таулары онтүстігінен Төмөнгі Еділге, одан соң Еділден Донға қарай үдіре үмтүлышымен сипатталады. 1055 жылы қыпшақтар Киев Русінің шекаралық шептеріне жетті.

Осы кезде Еділ мен Дон өзендері аралығында Белая Вежа (бұрынғы булгар мен хазардың Саркел каласы) каласы маңында қыншақтардан аман қалған печенег орласының бір болігі қошіп жүрген болатын.

1006 жылы булгар сауда адамдары Киевте орыс жеріне келген булгарлықтар “барлық мұлкімен еркін сауда жасау, ал орыс қөпестері Болгарға қауіп күтпей саудамен келуі...” туралы шартка отырды.

Осы шарт нәтижесінде қатты куанышылық жылдарда Руське Ұлы булгария әлденеше рет көмектесті.

Мәселен, 1024 жылғы орыс жылнамасы Русьтегі аса қатерлі аштық туралы баяндай отырып “Еділ бойымен барлық адамдар Болгарға қарай босты жөне сол жактан бидай мен азық әкелді, тек содан ғана аман қалды” дейді.

Осындаған жағдай 200 жылдан соң 1229 жылы да қайталаңды. В. Н. Татищевтің қолына түсіп тіркелген монгол шапқыншылығы қарсаңында жазылған жылнамада тағы да сондай мәліметтер келтіріледі:

“Сол заманда бүкіл Русьте екі жыл аштық болды, көп адам қырылды, әсіресе, Новгород пен Белоозереде, бірақ бейбіт ниетте болған болгарлар Еділ мен Ока бойындағы барлық орыс қалаларына азық-тулік тасым сатты, сөйтіп өлиеусіз ұлы көмек жасады. Болгар князінің өзі ұлы князь Юрийге азық жіберді”.

XI ғасырда орыс феодалдары Оканың төменгі сағасы мен муром және мордва жерлерінде табан тіреп алған соң православиелік славяндар мен мұсылман булгарлар таяу көршілесуіне тұра келді. Сөйтіп сауда мұдделерінін тоғысқан тұсында Шығыс пен Батыс өркениеттері беттесті.

Мәселен, 1088 жылдан бастап булгар жерлерін монгол жаулауына дейін Еділ-Ока өзендері арасындағы кен өлке бір жағынан Еділ Булгариясының, екінші жағынан Владимир - Сузdalь княздігінің, Рязань мен Муромның тайталас аймағына айналды.

Бірақ соның бәріне қарамастан ибн-Фадлан атап көрсеткен булгар және русь сауда байланыстары мен қатынастары уақыт өткен сайын бірегей бекі берді.

Айталық Булгариядан Киевке апаратын, Шығыс пен Батысты жалғастыратын сауда-керуен жолымен қатынас монғолға дейін де, Алтын Орда мен Қазан кездерінде де толастаған жоқ. Осынау булгар-бұrtас, киев-орыс жолының жалпы ұзындығы 15 мың километр болды, Дондағы жол ортасы түрікше немесе қыпшақша “Урта юл... ” атала берді (А. Х. Халиков)

Л. Н. Гумилев былай деп жазды :

“Славяндардың христиандықты қабылдауына, Еділдегі түрік халықтарының мұсылмандықты үстануына қарамастан олардың ара қатынасы 250 жыл бойына Бату-ханның жойқын жорықтарына дейін жақсы қалыпта сакталды”.

ҰЛЫ БУЛГАРИЯ МОНГОЛ ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫ АЛДЫНДА

XI ғасырдың бастапқы он жылдығы сонына қарай Алтай тауарынан бастап Дунайды қосып есептегенге дейінгі ұлан-ғайыр аймақта көптеген түркі тілдес көшпенді тайпалар толық үстемдік құрды.

Жайық бойы мен Каспий маңы ойпаты далаларында печенегтер бастаған тайпалар одағы билік етті. Кейін онтүстік-орыс жері атанған Қара теңіз маңайы далалары қыпшактарға қарасты болды.

Бүкіл осы кеңістікте баршага ортақ қатынас құралы түркі тілі болған. Осы кеңістікте тектердің, тайпалардың, дәстүрлердің, салттардың, рухани және материалдық мәдениеттердің өзара ұласуы ұласу жүріп жатты.

Осындағы өзара ықпалдар әсіресе Дон маңындағы хазарлар мен орыстар түркі тілді қыпшактар мен көптеген орыс княздіктерінің тұргындары арасында белсендірек болды. Л. Н. Гумилев “Қыпшактар немесе құмандар ежелден мәдениеті бар халық” деген.

XII ғасырдың ортасына қарай Донның төменгі ағысында, Азов маңында екі тілді орыстардан тұратын өтпелілер (бронники) дегендердің мекендері көп болды. Олардың ұрапактарына кейін казактар деген ат таңылды.

Екі түрлі мәдениеттер үлгісіне бір жағынан православиелік (Грузия, Византия, Киев Русі), екінші жағынан – мұсылманлық (Орта Азия, Еділ Булгариясы, Кавказ) ортақ орналасқан қыпшактар олардың мәдени жетістіктерінің жемісін жинады.

Еділ булгарларымен тығыз байланыста болған қыпшактар оларға әскери қызметке тұрды, осында жанұя құрды, Булгарияға тұрактады, егіншілік, қолөнер, сауда машиқтарын үйренді.

Сөйтіп монголға дейінгі кезеңде түркі-қыпшақ әлемі барлық Шығыс Еуропа халықтары арасында ерекше үлкен этнолингвистикалық, этномәдениеттік орын алды. (Г. Сабирзянов.)

Андалузиден шықкан белгілі араб саяхатшысы, әрі ғалым ал-Гарнати 1135 және 1155 жылдары Булгарда болғандары туралы жазған “Батыстың кейбір ғажаптарын анығырақ бајандау” атты кітабында былай деп атап көрсетеді:

“Булгар өте зор кала, үйлері қарағайдан қылған, қамалы еменнен тұргызылған. Оның айналасында қисапсыз көп түрлі халық бар...”

Булгарда 1145 жылы болған басқа бір араб авторы (ал-Джавалаки) өзінің жазбаларында оның құрылыштарын византияниң кімем салыстырды.

Сол замандағы Булгарияның маңыздылығы жағынан екінші қаласы – Сувар, үшіншісі – Ошель (Ашлы) болған.

Киевтің ұлы князі, әрі Ростов-Сузdal князі, Владимир Мономахтың ұлы, Догорукий атанып кеткен Юрийдің сыртқы саясатта ұстанған басты бағыттарының бірі – орыс көпестерінің сауда бөсекелесі Еділ Булгариясымен соғыстар болды.

Догорукийдің ұлы, Владимирде княздік еткен Андрей Боголюбскийдің саясаты да тап сондай еді. Оның өзі бірінші рет қыпشاқ князінің қызына, екінші рет булгар ханының қызына үйленген күйеу болатын.

1164 жылы Боголюбскийдің кезекті шапқыншылықтарының бірінде Булгарияның катарынан бес қаласын тонап кетуге қолы жетті. Сондыктан Булгария астанасы елдің ішкі койнауындағы Биляр қаласына көшірілді.

Өз кезегінде булгарлар да орыстың Муром, Рязань және басқа қалаларына жорыктар жасап түрді.

Булгарияның тұстігіндегі қыпшақтар елі - Дешті-Қыпшақтан да булгар жеріне шабуыл сирек болмайтын.

Сонымен XII ғасырдағы орыс-булгар ара катынасы феодалдық дәуірге тән - басқаның байлығын тартып алу, адамын тұтқында, құл базарында сату мақсатындағы әскери қактығыстармен сипатталады. Ол кездің соғыстарында әзірше жерлерді тартып алу жоспарлары болған жоқ.

Кешікпей XIII ғасыр келді.

Орыстар мен булгарлар бірін бірі тонап, орыс княздіктері өзара қырқыстардан бытырап жүргенде, алыстағы Байкалдан арғы далада, Монголияның солтүстік-шығыс аумағында артынан әлемді тітіреткен ертефоедалдық мемлекет құрылып жатты.

1206 жылы қырық төр жастағы Темуджин болашақ Ұлы Монгол державасының іргесін қалац, басқару тізгінін қолына алды, оған құрылтайда Чингиз-хан атағы берілді (туркі-монгол тілінде “дингез” --“теніз”, “мұхит”, “өлшеусіз”, “ұлы” мағынасында).

1219 жылы Орта Азиядағы Хорезм-шах мемлекеті монгол шапқыншылығына ұшырады, одан соң 1222-1223 жылдары Иран Кавказынан өткен олар Солтүстік Кавказ арқылы қыпшақтарға таң берді.

Қыпшақ ханы Котяк өзінің қүйеу баласы, Галицк князі Метислав – Елірмеден көмек сұрады және Киевте өткен орыс княздерінің бас қосуында монголдарға бірлесіп қарсы тұру туралы шешім қабылданды.

Алайда 1223 жылы 31 мамыр күні Калкада болған шайқаста 80 мындық орыс-қыпшақ қолы быт-шыты шыға женілді.

Қыпшақтар мен орыстарды осы женуден соң монголдың⁵ бес мың жауынгерлік отряды Еділ Булгариясына аттанды.

⁵ Ресейлің тарих гылымында “монгол-татарлар” деген сөз тіркесі тарихшы П. Наумов өз еңбектерінің бірінде солай атавы салдарынан тек 1823 жылдан соң айтыла бастады.

МОНГОЛДАРДЫҢ БУЛГАРИЯҒА БАСЫП КІРУТ

Булгар мемлекетінің одан әрі дамуын монгол шабуылы бөгөп таstadtы. 1223 жылғы Жебе ноян мен Сұбедей баһадур бастаған монгол шабуылын орыстар мен қыпшактардай емес, булгарлар тойтарып таstadtы, бұл монголдардың алғашкы жеңілістерінің бірі еді.

Жаулап алынған Хорезм мен Дешті-Қыпшақ жерлері мен елдері Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының билігіне берілді. 1227 жылы Жошы өлген соң, бұл ұлыс оның ұлы Батыйға ауысты.

Осы кезде қыпшактардың көптеген рулық топтары монголдардан бас панаlap Венгрияға, Литва княздігіне, Ростов-Сузdalъ жерлеріне коныс аударды.

Ал, Булгарияда мадьяр тайпаларының қалдықтары тұрып жатырғанын венгр діндары Юлиан өз көзімен көрді.

Шыңғыс ханның өсietі бойынша монголдар үшін жаңа жерлер иемденудің басты бағыттарының бірі Солтүстік елдерін басып алу еді, сондықтан 1229 жылы олардың 30 мындық әскері Жайыққа, Каспий даласына, Еділ бойына бет бүрды.

Кектай мен Субадэйдің қолы Жайықтан өтіп хазарлар тұратын Саксин қаласын алды, хазарлар “...және қыпшактар татарлардың алдына түсіп, төменин жолғарыдағы Болгарға қашты...”

Одан кейін Жайықта булгардың шолғыншы отрядтарын жеңген монголдар булгарияға екінші рет шабуыл жасады, бірақ булгарлар 1229 жылдың күзінде де монгол отрядтарына тойтарыс бере алды.

Осындай жағдайлар булгар билеушілерін көршілес орыс княздіктерімен ара қатынасты жақсартуға итермеледі, сондықтан 1229 жылы булгар ханы Владимир-Сузdalъ ұлы князімен бейбіт келісім жасады. Сол жылы-ақ булгарлар егіні шықпай аштыққа үшyраған Руське көмек көрсетті.

1232 жылы монголдар Булгарияға үшінші рет жорыққа шықты. Ол туралы орыс жылнамасында “татарлар келді, Болгардың Ұлы қаласына жестеп қыстап қалды” дедінген.

Бұл жолы да булгарлар Жигули тауларында өз бостандығын сактап қалды.

1235 жылы Шыңғыс-ханның мұрагері, Монгол империясының қағаны Үдегей жалпы құрылтай шакырып, онда қабылданған шешім:

“Батый қосындарының қонысымен іргелес орналасса да алі күнге тұпкілікті бағынбаған және өздерінің саны көптігіне сеніп масайраған Булгардың, астардың, Русьтың елін басып алу керек” (Аль-Джувайни, парсы тарихшысы, монгол жаутершілігінің жылнамасы).

Осы жылдың күздінде 150 мындық Батый әскері Булгарияға басып кіріп ұлы Булгар қаласына ұмтылды. 45 күнге созылған ерлікпен қорғануға қарамастан астана құлады, Булгар мемлекеті сұрапыл тонауга түсті. Астанадан басқа Биляр, Кеннек, Юкэ Тау (Жукотин), Сувар қалалары да жермен-жексен етілді.

1226 жылғы Лаврентьев жылнамасында мынадай қынжы-лысты жолдар жазылған:

“Шығыстағы елден Болгар жеріне құдайдан безген татар-лар келді, және Болгардың даңқты Ұлы қаласын алды, және көріден сәбиге дейін қарумен қырды, және өте көп тауарларды талады, ал қалаларын отпен өртеді, олардың бүкіл жерін жаулады”.

Еуропаға жорықтың басынан-ақ қанқұйлы қаталдық Батыйға булгарға қарсы жорықтар шығынының кегі үшін және алдағы қарсыластарына үрей туғызу үшін керек болды (Э. Хара-Даван).

Булгариядағы негізгі қарсыласу ошақтарын басып-жан-шыған соң монголдар 1236 жылдың күздінде және 1237 жылдың қысында башқұрларды бағындырыды, одан кейін хазарлар мен қыпшактарды талқандап, мордваны тізе бүктірді.

1237 жылдың сонында орыс қалалары – Рязаньды, Коломнаны, Москванды, Владимирды, Ростовты, Угличті, Ярославльді және басқаларын жаулау басталды. Жалпы саны 300 орыс қаласының 14-і өртеліп, киратылды.

1238-40 жылдары монголдар Торжокты, жаумен тіресеке екі айға жуық төтеп берген Козельскіні, сосын Переяславль, Чернигов, Кырым, Киев, Галицк-Волынск жерлерін, Польша мен Венгрияны басып алды.

Монголдың негізгі құштері шығыс Еуропа жолында жүргендеге 1239 жылды мордва мен орыстардың, ал 1240 жылды Еділ Булгаријасының тұрғындары көтеріліс жасады.

Осыдан бастап арасында үзілістерімен 40 жылға жуық жалғасқан булгар қарсыласуы монголдың батыска жорығына елеулі бөгет болды, бұл көптеген Шығыс және Орталық Еуропа елдерін талқандауды тежеп тұрды.

Қазіргі Чехия жерінде Морава өзені жағалауындағы Оломоуц қаласы маңында қалжыраған монгол өскері жеңіліске үшінде сон және алыстағы астана – Каракорымда ұлы қанан Угәдәй дүние салған соң ғана 1242 жылы Батый шығыска көрі оралды.

Еуропаға жорығын тоқтата тұрып көрі келген Батый орыс жерінің қалған бөліктерін бағындырудан, кешікпей Еділ бойында орнаған Алтын Орда мемлекетінің құрамына қосып алудан бас тартып, өзінің уакытша орталығы ретінде ереуілшіл Булгар еліне ту тікти.

Булгарлардың басқыншыларға қарсы құресінде Русь олармен ынтымақтас болды (А. Х. Халиков).

Басқыншылардан бейнет шеккен және оба, қуандыштық сияқты табиғи апаттардан тауқымет тартқан Еділ болгарлары XIII ғасырдың ортасына таман өз елінің солтүстігіне қарай сырғып, кейін ұзақ орнықкан орнына, жаңа жерлерге қоныстана бастады.

Сондай орындардың бірі алғашында Болгар-эль-Джадид немесе Жаңа Болгар, артынан Қазан атанып кеткен Қазанка өзеніндегі шағын шекара қалашығы болатын⁶.

Сонымен 1236 жылғы оқиғалардан соң Еділ Булгариясы мемлекетінің егеменді даму жолы жабылды.

Монгол шапқыншылығы булгарлардың, олардың көршілері башқұрт тайпаларының, Каспий хазарларының, “Дешті-Қыпшак” далалықтарының, буртастардың, мокшалар мен әрзілдердің, мешерлердің, чуваш-варъялдардың, черемистердің (марилер), осы күнгі удмурттардың ата-тегі арлардың тағдырында терең із қалдырыды.

Еділ Булгариясы монгол шапқыншылығына дейін Русь жеріне, Орта Азияға, Иранға, Араб пен Батыс Еуропа аймақтарына дәурендереген халықтың дәуірлеген мемлекеті ретінде кеңінен танылған ел еді.

Ол құнарлы жерімен, мыңғырған малымен, шебер қолөнершілерімен, алғыр саудагерлерімен, өзіндік мәдениетімен данққа бөлөнген болатын.

Монголға дейінгі булгарлар әдеби-мәдениетінің шырқау шыны 1223 жылы жазылып біткен Құл Фалидың “Қыссас-и-Йусуф” (Юсуф туралы жыр) поэмасы.

⁶ Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша Қазан қаласының іргесі қалануы 1177 жыл.

Еділ мен Жайық бойындағы, яғни Еділ-Жайық аймағындағы және осы манғы мекендеғен басқа да халықтардың тектік, әлеуметтік, рухани дамуында Еділ Булгариясы зор орын алады.

Тәуелсіздік үшін тайталастары Қазан мемлекетін құруға жеткізгенге дейін арғы кезеңдегі Булгар мемлекеті дәүрін осылай қорытындылауға болады.

БУЛГАРИЯ МЕН АЛТЫН ОРДА

Булгар тарихының тап осы кезеңі Россия билікшілері мен тарихшылары тарапынан, әсіресе, саяси тұрғыдан түрлі топшылауларға түскендіктен таза шындықты танудың принциптік мәні бар, оның үстіне монгол шапқыншылығы мен Булгарияны жауап алуы “булгарлар” тектік атауын “татарлар” деп өзгертуге, кейін соны бекіте беруге себеп болды.

Булгарларға осындай бөтен атау таңылуының түрлі себептік шарттары туралы жорамаілдар айттылып жүр, ал біз оның біреуін ғана ұстана отырып, оқиғалардың одан әрі өрбүін тарихи желіні бұзбай, үзбей баяндауға тырысатын боламыз.

Осы орайда мына жайды есте ұстап отыру керек:

Россия тарихында казіргі қазан татарлары өткен кезеңдерінің дәл осы тұсы – монғол басқыншылары Булгар мемлекетін құлаткан 1236 жыл мен Қазан хандығы құрылған 1437 жылдар аралығы мүлде алып тасталған.

Бұл булгар халқы ізсіз жоғалған, қазан татарлары жоктан пайда болған сияқты көрсету, аты басқа – заты бір халықтың тарихи тұстастығын жасыру мақсатындағы сұрқия саясаттың ісі.....

Алтын Орда аталатын жаңа мемлекеттің Шығыс Еуропада дүниеге келуі 1243 жылдан бастау алады.

Хан Батыйдың уакытша ордасы Булгар қаласында орналасты.

Булгарлардың қарулы қарсыласуларын басқан сон, кескілесулер көп адамды қырып, Еділ булгарларының мемлекеттігі әбден құрып болған сон монғолдар олардың құнары бай, баптауы берекелі жерлеріне түстіктеғі қыпшактарды келтіріп, өздері үшін әскери күзет, қолқанат қызмет түрлеріне тартты.

Мұндай өзгерістерден әсіреле бұрынғы Еділ Булгариясының суварлар (немесе савирлер) қоныстанған орталық аудандары тым көп тақсіret тартты.

XIII ғасырдың ортасына қарай Монгол империясының астанасы Қарақорымдағы тақ таласы үшін өзара қырқыстар барысында мемлекет жеке хандықтарға бөлініп кетті. Солардың бірі – Дешті-Қыпшақ аумағында дербестік алған Алтын Орда.

Алтын Орданың алғашкы ханы Батый (Бату, 1243ж.) болды. Орда бастапқы кезде Монгол империясының бөлігі санаалса да өз тенгелерін шығарып тұрганы туралы 1967 жылы Булгар қаласында табылған күміс акшалар көмбесі күлік етеді. (Г. Федоров-Давыдов... "XIII ғасырдағы Болгарлық күміс акшалардың кос көмбесі".)

Орданың орталықтары Еділ бойында болып, әркездегі хандардың атын иеленіп отырды. Эуелгісі осы күнгі Астрахань облысы Селитерное селосы маңындағы орналасқан Сарай-Бату* қаласы (1254-1480), одан соң Волгоград облысы Царев селосы маңындағы Сарай-Берке (1260-1395). "Сарай – көне түрікше "орда, мемлекеттің бас мекемесі".

Алтын Орда билігіне қараған Булгария екі бөлініп-Булгар және Мукша атанды.

Монгол басқыншылығы кезіндегі Орта Еділ халықтарының тарихын демографиялық тұрғыдан қарастырғанда мынаны есте ұстау керек: Батый әскеріндегі монголдардың өзі мен ортаазиялық татарлардың (монгол татарлары) саны 9 мың жануя, яғни 40-45 мың адам болған. 1243 жылы Алтын Орда құрылған соң олардың негізгі бөлігі Монголияға кері кетті. Бір бөлігі Русь пен Шығыс Еуропа елдеріне жорықтан соң Еділ бойына тұрақтаған қалды. Булгарларды татар атаудың бір төркіні осында жатыр.

Ал ғылымда... мойындаған мәселе: хандықты монголдар күрса да ондағы монгол тегінен шыққандар хандар мен кейбір әскери аксүйектер ғана еді, мемлекет халқының негізгі бөлігі булгарлар, хазарлар, қыпшактар және басқа түркілер болды. (Г. Исхаки).

Ол уақытта түпкілікті Еліл бойы тұрғындарының саны 700 мыңға жеткен, ал қисапсыз дала қыпшактарының санын дәл айту мүмкін емес.

Алтын Ордада пайда болған осы және ондаған қалалар хандар мен феодалдардың ұлыстық ордалары ғана емес, мәдениет, қолөнер, сауда орталықтарына айналды.

Осынау тектік-мәдени ортада монголдардың аз болғаны сондай – кешікпей олар XI ғасырдан бері Қара теңізден Еділ Булгариясына дейінгі халықтардың ортақ катынас құрамына айналған қыпшақ тілін менгеруге мәжбүр болды.

Сөйтіп экономикалық және мәдени жағынан біршама озық дамыған булгарлар, оларға жақын булгар ықпалындағы буртастар және монгол дәуіріне дейін-ақ жақындастып кеткен дала қыпшақтары барлық орталыктарға өз тілдері мен мәдениеттерін мойындатты.

Осы жайлар және 1261 жылы Батыйдан кейінгі Берке ханның, орда феодалдарының мұсылмандықты қабылдауы соңынан Алтын Орда ішіндегі тектік және мәдени өзгерістерге өзек болды.

Ислам дініне мойын ұсынған Берке хан мұсылман сауда адамдарын қоллады, Хорезм мен булгардың діндарларына ден койды.

Сонымен қатар Еділ-Кама аймағында Батый кезінде жергілікті ежелгі әuletтерге биліктен булгарларды аластау жүріп жатты. Ал Булгар қаласының өзі XIII ғасырдың 50-60 жылдары орда хандарының жазғы мекеніне айналып, соған орай моншалар түрғызу жұмыстары қолға алынды.

Келесі хан Мекке-Темір өз тенгелерін құтын болды және оның билігі тұсында 1269 жылы үш ұлыс билеушілерінің Талас өзені бойында (қазіргі Қазақстан жері) өткен құрылтайында Алтын Орда түпкілікті тәуелсіз деп жарияланды.

Сол кездегі сауда катынастарының кең қанат жаюы булгар саудашыларының да кәсіпкерлігіне қолайлы болды. Ал, орыс діндарлары көптеген алым түрлерінен босатылды.

Бұл кезеңді қарастырғанда мынадай жайды ескеру керек: монгол басқыншылығы – бір мәселе, ал Алтын Орда атты дербес түркі мемлекеті – басқа мәселе.

Әрине, әрбір ұлken соғыстың салдарынан бұрынғы империялар мен мемлекеттер құлап, жаңасы құрылатыны, аламдар қырылатыны, қалалар күрейтіні белгілі.

Алайда монгол шапқыншылығынан ең зор зардап шеккен шығыс Азия аймағы, яғни қөшпендейлер кеңістігі және Шынғыс ханға ерікті бағынудан бас тартқан хорезмшахқа қарасты орта азия жерлері болды.

Батыс елдерінде жағдай басқаша өрбіді – олар басып кірудің алғашқы асып-тасуынан соң артына төтеп берді. тірлік қылды, сөйтіп халықтық қалпын сактап қалды.

Оның үстіне отырықшы халықтарға (Русь, Қырым, Еділ Булгариясы, басқа да батыс жерлерде) монгол үстемдігі орда басқақшыларының салық жинауына өздері де жан сала жәрдемдескен орыстың және өзге де феодалдық-князьдік биліктегілердің мұddeлестігі арқылы аса айрықша сипат алмады. Сонымен катар ел ішінде ен аз құрамды монголдардың қарауындағы жұртты жанышып үстайтын мүмкіндігі де болған жоқ. Ол аз десеніз осында қалған монголдар біртіндеп жергілікті түркі ортасына өздері де кіріп кетті.

Араб тарихшысы, египет сұлтанының хатшысы Әл-Омар ири орда хандарының Русь пен Солтүстік Кавказдағы билік етуін былай сипаттайды:

“Черкестер, орыстар және ясылар (осетиндердің ата тегі аландар). Бұл елдің сұлтанына (яғни орда ханына) қарсыла-суға күші жетпегендіктен тәуелді саналады, бірақ өздерін өз пішалары басқарады.

Егер бағыныштылық білдірсе, тартулар мен сый-сыбага беріп тұрса оларға тиіспейді, ал олай етпесе шапқынышылыққа, төнірекін тарылтқан қысымышылыққа үшырайды” (Р. Фархутдинов).

Сонымен келімсек монголдар жергілікті түркі тілдес түрғындармен тез араласып кетті. Бастапқы кезде мемлекеттік міндет атқарған монгол тілі орнына XIV ғасырда жалпы “түркі” жазба дәстүріне бейімделген қыпшак тілі толықтай мемлекеттік мәртебе алды (М. З. Закиев).

Кейін осы тілде барлық зандар – Алтын Орда жарлықтары жазылды. Алтын Ордада болған Араб саяхатшылары оны монголдардың емес, қыпшактардың хандығы деп атайды (Г. Исхаки).

Мөнке-Темір хан өлген 1282 жылдан бастап XIV ғасырдың бастапқы он жылдықтарына дейін орда тағы үшін күрес басталып, ол феодалдық өзара қактығыстарға ұласты.

Міне, осы жылдарда Жошы хан үрпағы – Ноғай үлкен ықпалға ие болды. Оның қыпшактардан, түркі оғыздардан басқа да түрлі түркі тектілерден және монголдың манғыт тайпасынан тұратын “руластар жұрты” XIV ғасырдың соңына қарай Еділ-Жайық аймағының дербес ұлысына айналып, Ноғай ордасы атанды.

Ал XIII ғасырдың соңы ширегі мен XIV ғасырдың басында Алтын Орданың ен экономикалық дамыған өлкесі булгар ұлысы еді.

“Болгария қалаларында бұрынғы болгар тұрғындары жаңа басқынышылармен, көбінесе түркілермен араласты, тек билеуші аксүйектерінің бейнесінде ғана аздаған монгол белгісі анғарылды.

Сол себепті “татарлар езгісі” делінетін мезгілдегі Болгарияның қала мәдениеті бұрынғы дербес даму дәуірінің тікелей жалғасы болып табылады, тек Шыңғыс хан империясына орасан алғы аймақтардың саяси бірігуі арқасында осы өлкеге шығыстық ықпалы еркінірек енді”. (Н. И. Воробьев - Г.Исхакидан).

Алтын Орда елінің жалпы жұртшылығы арасында Еділ-Кама булгарлары селолық жерлердегі отырықшы егіншілігімен қала-лықтары сауда-кәсіпкерлік қызмет пен қолөнер дәстүрлі тәрбиесімен ерекшеленді, мұнда ислам дінімен араб мұсылман мәдениеті кең тарағанды.

Булгар қаласы да Русьті, Шығыс Еуропаны Кавказды, Персияны, Орта Азияны, Монголия мен Қытайды байланыстыратын сауда керуен жолының көрнекті бекеті ретінде көнінен танылды.

Ислам елдері мен олардың сауда адамдарына ынғайлас аксүйек топтардың қолдауымен 1313 жылы Сарайдағы хан тағына Өзбек Сұлтан Мұхаммед отырды. Оның кезінде Алтын Орда өзінің саяси және экономикалық дамуының шарықтау шегіне жетті.

Бір орталықтан басқаруды жетілдіру мақсатында ол бұрынғы ұлыстардың орнына біздің заманымыздың облыистарға үқсас әкімшілік бөліністер енгізді, оларды әмірлер (князьдар) басқарды. Жаңа басқару жүйесінің шенеуніктері қазылар (судьялар), диuan хатшылары (диuan – жоғары дәрежелі ұлыктардың көнесті органы), салық жинаушылар, тоқтауылдар – шекара, кеден бастықтары т. б. аталды.

Ислам біртұтас мемлекеттік дін деп жарияланды.

Мемлекеттік бір дінділік араб жазуының таралуына, жалпына ортак әдеби тіл, өзіндік құрылым архитектурасы, бейнелеу-безендіру ерекшеліктері қалыптасуына ықпал етті.

Әл-Омар и жазбаларындағы Өзбек хан

“...өзінің діндарлығын ашиқ көрсете алатын, барлық мұсылмандық шарттарын берік үстанатын өте таза сенімді мұсылман... ”

және ол өз елінің астанасында

“...ғылым үшін медресе тұрғызыды, өзі ғылым мен ғылым адамдарын өте құрметтейді... ”

Алтын Орданың тағы бір жігерлі билеушісі Жәнібек хан (1343-1357) елде исламның бекуіне, ғылым мен өнердің дамуына одан да көп көңіл бөліп, еңбек сінірді.

Осынау алғы шарттар бұрынғы Еділ Булгариясы аумағында мұсылман діндарлары қызметіне қолайлыш болуымен қатар Еділ-Жайық түркі тілді халықтарының мәдени-салттық бірегейленуіне ықпал етті, ал орталық аймақ тұрғындарының қыпшақ тілі осы біркелкілікке тілдік тұрғыдан негіз қалады. (Г. Сабирзянов)

Алтын Орда дәүірінің осы кезеңдері қала құрылышы, мәдениет өркендеуімен, зор аймақтарды бірегей мемлекеттік басқаруды дамытумен тарихқа енді және сол уақыттың өзінде келешек Россия империясы мен Кеңес Одағының судбасын жасап берді.

“Осынау қырысyz қыпшақ даласында тұрғызылған 150-ден астам шаһарлар монголға дейінгі Еуразия қала өркениетінің озық дәстүрлерін Дешті-Қыпшақтың қошпенде және қала мәдениетімен қоса бойына сініріп, түркі әлемінін орасан зор рухани байлығы мен елдік ерекшеліктерін паш етіп тұрды.

Қала атаулары да шығыстың өзі сипатты поэзияға толы болатын: Гүлстан (гүлдер елі), Сарай (султанат ордасы), Сарайшық (Кіші Орда), Ақ Сарай (Сәулетті орда), Аккермен (Ақ қамал), Актөбе (Сәулетті күмбез), Шәхэр аль-Джадид (Жаңа қала) т.б.

Оның үстінен кейбір калалар өздерінің көлемі мен халық саны бойынша батыс Еуропадан асып тұсті. Салыстырма келтірсек: XIII ғасырдағы Римде – 35 мың, XVI ғасырдағы Парижде – 58 мың, ал сол XIU ғасырдағы Сарайда – 100 мың (!) халық тұрынты.

200 жыл бойы мұсылман әлемі мен әлемдік саясаттың көрнекті орталықтарының бірі болған Ордага жаһангер саяхатшылар, бай саудагерлер, епті елшілер, сұнғыла саясаткерлер үздіксіз келеді екен.

Олар елдің айбынды хандарының қабылдауында болуға, мемлекетте тұратын алуан халықтар туралы мәліметтер блүгеге, бай базарлары мен шығыс үлгідегі сәулетті бар байтак калаларымен танысуға ынтызар болынты.

Келушілер бұрын еш жерде өздері көрмеген салтанатты хан сарайларының, мешіттердің, медреселердің, мазарлардың, моншалар мен керуен-сарайлардың және басқа ғимараттардың сәулетті мен сәніне қайран қалыпты” (Р. Фархутдинов)

“Алтын Ордада барлық діндерге де еркіндік берілгенін атап көрсету керек. Шыңғыс ханың жарлығы бойынша дінге тіл тигізуіші өлім жазасына тартылған. Барлық діндердің діндарлары салық атаулыдан түгел босатылған.

Араб саясатшыларының айтуынша; ел астанасы - сарай үлкен әрі тұтынушиға әмбебап сауда қаласы. Сарайда хандардың салтанат ғимараттары, мешіттер мен өзге діндер орындары, мектептер, қоғамдық баулар, моншалар мен су құбырлары бар. Сарай үлкен сауда орталығы, онда шетелдік саудашылар көп, бірақ шетелдіктер қаланың айрықша ауда-нында тұрады.

Сарай өз заманының белгілі мәдениет орталығы да болды.

Алтын Ордада фарфор мен қыш ыдыстар жасалған, алтын және күміс тенгелер құйылған.

XIУ ғасырдың ортасына қарай Алтын Орда әлемдік ма-нызға ие болды. (Г. Исхаки).

Сол жылдары орыс княздіктері ішінде, әсіресе Москва мен Тверь арасында саяси үстемдік үшін құрес өрістеді-әркайсысы жалпы орыстық орталық мәртебесінен дәмелі болды.

Өзбек ханнан Владимирдің ұлы княздігіне жарлық алған, артынша ханың қарындасына үйленген Москва князі Юрий Данилович жазалаушы хан отрядін басқарып Тверьге аттанды, оны толық талқандап, 1318 жылы Тверь князі Михаилды өлтіруге қол жеткізді.

Тверь қаласы тұрғындарының Алтын Орда елшілеріне карсы көтерілісін жазалауға тағы бір Москва князі Иван I Данилович (қалталы қара Иван) хан отрядын бастап барып, қаланы талкандауды және “...бүкіл орыс жерін қаныратып тастады”.

Сонымен өзін аман сақтау, өзгенін байлығын тартып алу үшін “... Жабайы тағылану мен өзара өштесудің шегіне жеткен” орыс княздері арасындағы қырқысадын нәтижесі Москванның жеңісімен қорытындыланды. Осы оқиғаның курметіне Успен бас мінажатханасы тұрғызылды және кезінде Киевтен Владимирге көшірілген сиякты әдетте астанада болатын православие шіркеуінің басшылығы Москваға келтірілді...

АЛТЫН ОРДАНЫҢ ҮДҮІРАУЫ ЖӘНЕ ҚАЗАН МЕМЛЕКЕТИНІҢ ҚҰРЫЛУЫ

Алайда 1359 жылдан кейін Алтын Орданың құлдырауы басталды. Себебі оған дейін өзара кикілжіндер, билікке талас, бір ханнан соң екінші ханды өлтірулер өршіді. Оның дәлелі үшін 250 жылдық Алтын Орда дәүірінде 50 хан алмасқанын айтса да жеткілікті.

Елдегі бұліктер Алтын Ордаға енген немесе оның ықпалында болған халықтардың өміріне ауыр тауқымет әкелді.

1357 жылдың көктемінде қастастарының қолынан және тұған ұлының катысымен Жәнібек хан өлтірілді. Екі жылдан соң әке канын жүктеген ұлы да қастандықтан қаза талты.

Содан кейін жиырма жылға созылған “такқа хан тұрактамау” кезеңі басталды. 1379 жылы Алтын Орда тағына Жошы үрпағы Тоқтамыс отырғанға дейін 24 хан алмасып үлгерді.

1361 жылы Булгар хандығы жерінде дербес княздік құрылыш, оған ұлыс әмірінің ұлы Болат-Темір басшылыққа отырды. 1367 жылы Орданың тапсырмасымен орыстың Сузdalь-Нижегород князі Булгарды талқандады, жекеленген билікшіні жазалады.

Алтын Ордадағы кезекті төңкерістен кейін Сарай тағынан айрылған Хасан (Асан) хан 1368 жылы өзін булгар князі деп жариялады, булгар жерлерін Ордаға бағыныштан бөліп алуға тырысты.

Алайда, келесі жылы-ақ Булгар Новгород “үйшікшілерінің” - өзен қаракшыларының шапқыншылығына ұшырады, ал 1370 жылы Сарай билігін өз қолына алған Мамайдың бүйрекімен Сузdalь князі Дмитрий булгар ханы Асанға қарсы қарулы жасақ жіберді. Соның нәтижесінде Мамайдың әмірі бойынша Асанмен қатар кәмелетке толмаған сұлтан Мұхаммед те Булгардың билеушісі деп жарияланды.

Осы қарулы соктығыстардың бәрі Булгар тұргындарына қайта-қайта қаланың күйреуі мен күйзелуінен басқа ештеңе берген жоқ.

1376 жылдың наурызында Асан мен Мұхамедтің (Мамед Солтан) булгар княздігіне қарсы ұлы князь Дмитрий Донской мен Сузdalь князі Дмитрий өздерінің біріккен колын беттетті. Булгарды қорғаушылардың отты қаруды қолдануына, оларды бургастың түйелі кавалериясы колдауына қарамастан сан жынан басым орыс колы қаланы басып алды және “Булгар-

стия княздері Асан мен Мамет Солтан княздің алдына бас үрді, қала үшін өтем акы ұсынды... ”

Одан соң 1377 жылы тағы бір төңкерісте Сарай-Беркке билігін алған Орыс-хан Еділдің шығыс бетіндегі барлық аймакты Еділ булгарлары жерімен қоса Алтын Ордаға бағындырды.

Ал, батыс бөлік белгілі әскербасы Бердібек ханның күйеу баласы Мамайдың қарамағында қалды. Ол осында өуелі Еділ хандығын құрды, ал Орыс-хан өлген соң 1380 жылы Сарай билігін де иеленіп алды.

Сарай ақ сүйектерінің бірі Едіге үлдарының біріне тиісті Маңғыт жұрты 1391 жылы Жайық сағасындағы Сарайшықты орталығы еткен Ноғай Ордасына үткы болды.

Алтын Орданың шаңырағын шайқалткан одан кейінгі оқиғалар-Мамайдың Тоқтамыспен және орыс княздерімен күресі. Мауреннахр билеушісі Темір мен Тоқтамыс арасындағы соғыстар – елге еңсе көтертпес ауыртпалықтар әкелді.

Мәселен Тоқтамыстың сонына түскен Темір әскері 1395 жылы Булгарияның Кама сыртындағы жерлерін тұқ қалдырмай тонады, одан соң Астраханьды талқандады және Сарай мен Сарайшықты өртеп кетті.

Осындаи бәлелерден қашкан булгарлар Қазан маңына, Қазан өзені сыртына, басқа да жауға бөгеті бар жерлерге кетуге мәжбүр болды.

Алайда, Суздали князі Семен Дмитриевич пен орда ханзадасы Ентектің Төменгі Новгородты тонауына жауап ретінде 1396-1399 жылдары “Москваның ұлы князі Василий Дмитриевич өзінің інісі Юрий Дмитриевичті көп әскермен Қазанға аттандырды, олар баса келді, Булгарды және Жукотиньди және Қазанды және Кременчукті және басқа көп қалаларды алды, сол жақта үш ай болды, жерлерін жаулады және адамдарын түткіндады және өте көп байлық-пен ізінше кері қайтты... ”

Осы жорықта орыстар “барлық сол қалаларды іргесіне дейін құлатты, ал Қазанның патшасын патшайымен бірге құтырынған ашу мен семсерлеп өлтірді және барлық сарапындарды әйелдерімен балаларымен қоса қылыштап кескіделі... Қазан аз уақыт тынышталды, жуасыды және күйі кетіп 40 жыл қаңырап тұрды”.

1407 жылдың жазында Булгар тағы да өзіне назар аудартты.

Едіге тактан күп шыккан Жалал-ад-Дин хан өзін Булгар ханы деп жар салды.

Оған ерекескен Едіге булгар жерін кезекті шапқыншылыққа ұшыратты, олардан Новгород үйшікшілері де қалысқан жоқ.

1409 жылы осында екі дербес булгар княздіктері пайда болды: бірінің орталығы – Булгарда, екіншісі – Жукотинде.

XIV ғасырдың сонында XV ғасырдың басында өзара соғыстардан әбден титықтаған Алтын Орданың орта аймактарының тұрғындары көршілес елдер – Литваға, Польшаға, орыс княздіктеріне кетті. Тек Литва ұлы княздігінің өзінде олардың саны 40 мың әскерлер немесе жанұяларымен қоса есептегендеге 120-130 мың адам болды.

Бірақ Алтын Орданың құлдырауы мен ыдырауының себебі өзара жанжалдар гана болған жоқ. XV ғасырда Үндістанға теніз жолының ашылуы, осман түріктері Константинополь мен теніздер аралық бұғаздарды басып алған, Алтын Орданың Венециямен, Грециямен саудасын тұйыққа тіреуі де үлкен ықпал етті.

Орданың әлсіреуін Москва мемлекеті де пайдаланып, Сараймен қатар басқа булгар қалаларын шабуылдан, тонады.

Қатал әulet тартыстары нәтижесінде Сарай тағына Жошы ұлдарының үрпағы Тоқай-Темір (1421) мен Тоқтамыштың туысы Ұлық Мұхаммедтің отырулары бір кездегі ұлы мәртебелі, айбынды Жошы ұлысы – Алтын Орданың батыс және шығыс болып екіге бөлінуіне түстас келді.

Шығыс қанатының өзі Ноғай ордасы мен Сібір хандығына, Батыс қанаты Астрахань, қырым хандықтарына және акыры бұл мемлекетке бауыр баса алмаған булгар жерлеріне бөлінді.

Ұлық Мұхаммед 1426-27 жылдары Астрахань мен Булгарды бағындырып, өз аты таңбаланған теңгелер шығарды.

Жана алым-салықтар булгарларды отырықши ауылдарын тастап, бытырап кетуге, казанка жағалауын, Кама-Вятек су айрығын, Елілдің таулы жағын қоныстанута мәжбур етті.

Булгар жерінің жаңа саяси орталығы – Қазаннан алғаш рет Галич пен Кастромаға әскери жорық туралы 1429 жылы жазылған. Булгар патшазадасы Галим –бейдін бұл жорығы жемісті болған жоқ. Жөне Василий II.

“...Татарлар мен басурмандарды күп жүріп үрдіс...”

Осы жазбала жылнамашы “басурман” (мұсылман) булгарларды және “шарлар” – қыпшактарды (булгарлар жорыққа ханзадасымен қоса шақырған боліп көрсетеді...).

Оған жауап ретінде екі жылдан соң Москвандың ұлы князі Василий II.

“Еділ және Кама Болгарына князь Федор Давыдович Алапесті әскерімен жіберді, ол барды, жаулады және бүкіл жерін басып алды.. ”

Осыдан кейін Булгар қаласы бұрынғы маңызынан айрылып, Қазанға жол берді.

Астрахань ханы Кіші Мұхаммедпен Алтын Орда ханы Ұлық Мұхаммед арасындағы қарулы қақтығыстар алдыңғысының пайдасына шешіліп, Сарай тағына сол отырды.

Ұлық Мұхаммед 1437 жылды қыстап шығу үшін орыс жеріне кетті. Алайда Сарайдың жаңа ханы Кіші Мұхаммедтен қауіптенген Василий II оған қарсы 40 мың жауынгерлі әскер жіберсе, оны Ұлық Мұхаммед орыстың Белев қаласы тұбінде тас талқан етіп жіберді.

Сол женісіне қарамастан Ұлық Мұхаммед орыс жеріне кетіп, ордалықтарға етene булгар өлкесін Сарай ықпалынан бөліп алуды, осында дербес мемлекет құруды мақсат етті. Сөйтіп 1438 жылы орыстардан ұдайы қысым көріп, кедейленген “Қазанның жүдеу булгарлары... оған қуанышты болды... ”

“Оған қазандықтар бәледен құтқар, орыстың жаулауы мен қорлауынан корға, деп жалбарынды... ” Патша олардың үйлеріне кірді... Ол патшага түрлі едерден: Алтын Ордадан, Астраханьнан, Азовтан, Қырымнан көптеген тағы тобырлар жиналды”.

Сонымен 1438 жылы бұрынғы булгар көлемінде Қазан деген астанасы бар жаңа ел пайда болды, ал мемлекеті Қазан патшалығы деп аталды. Осыдан кейін булгар тектік атауымен қатар қазандықтар атауы да колданыска енді.

“Қазан хандығын құрудың жоспары даналықты мензейді, себебі Мұхаммед хан жергілікті халықтың көне мәдениетінің (мұраларының) өзіндік ерекшеліктерін түсінді және Орта Еділде мұсылман мемлекетін қайта қалпына келтіруді ойға алған ол осы елдің баянды болашағына қажет шарттарды дұрыс бағалай білді. Келешекті көздеген жоба өте икемділікпен жүзеге асырылды... ” (М. Худяков).

Осы орайда екі жағдай өзіне назар аудартады:

Біріншісі. Хандыктың билігі бұрынғы орда өкілдерінің қолында болса да, халқының дені булгарлар, мәдениеті, әлеуметтік-саяси құрылымы, экономикасы жергілікті булгар — казан дәстүрлеріне негізделді. Баскаша айтқанда әуел қазандықтар, кейін қазан татарлары аталып жүрген баяғы бір халық, сол булгарлар еді, олар барлық ауыл шаруашылығы мен сауда — экономика салалары, ой-өріс мәдениеті, ғылымдағы, әдебиеттегі, философиядағы жетістіктері бойынша сол булгарлардың мұрагерлері болатын.

Екіншісі. Қазан мемлекетінің өз халқы өз билеушісін “патша”, өз мемлекетін хандық емес, “патшалық” деп атады, бұл парсыша “палишахтан” шыққан сөз.

Онымен салыстырғанда Астрахань, Қырым, Сібір, Ноғай хандықтарының түркі халықтары тарихында алатын орны өзгешелеу, себебі:

Біріншіден, Қазан мемлекетінің негізінде бұрыннан дамыған Булгар болды.

Екіншіден, басқа хандықтардың билеушілерінің қазандықтардан айырмасы — олар баяғыша соғыс кәсібіне күш салды, сондықтан өндірісі, саудасы, ішкі шаруашылығы, мәдениеті мешеу қалды....

Шындығында да Қазан хандығы бірден-ақ саяси, мәдени, экономикалық түрғыдан күшті мемлекет болып қалыптасты.

Олай болуының себептері

“Хандыктың негізін қалауши — Ұлық Мұхаммед бұрыннан дайын қоғамдық қалыптарды пайдалана отырып, өлкеде тек жсана саяси және әскери үйымдарды орнықтыруды, сондықтан да жас мемлекет тез қуаттанып, Шығыс Еуропада өзіне тиісті мызғымас орын тапты, тіпті Москва үшін Алтын Орданың міндетін атқарды.

Әрине, егер Ұлық Мұхаммед тек өзін Қырымнан еріп келген 3000 жасауынгерлі жасасына сүйенсе, қол астында бұрыннан қоғамдық және экономикалық үйымдарды жетілген елі болмаса осының бірі де жүзеге аспас еді”. (Н. И. Воробьев.)

Қазан саяси және экономикалық қатынастарда Булгардың орнын басты, сондықтан ірі сауда орталығы ретінде шет ел сауданыларының назарын аударды.

Алтын Орда доуірінің кейбір кездері мен Коқан хандығы кезеңі мәдениет пен кала құрылыштары гүлленген мезгілдер ретінде булгар тарихына енді.

Осы халыктың тарихтағы озық орнын төмендетуге тырысқан шараптар ішінде ескерілмей келген әлемдік маңызды жайлар да бар, мәселен Сайфи Саран ақын 1480 жылдың өзінде ақ атакты астроном Коперниктен 150 жыл бұрын Жердің Күнді айналып жүретінін өлеңмен сипаттап берген...

Венеция саяхатшысы, әрі кәсіпкер, 1436-1452 ж. ж. Азакта (казіргі Азов) тұрған, кейінірек Италияның белгілі қайраткері болған Иосифат Барбаро сол дәуірдегі осы халық туралы былай деп жазған:

“1438 ж. Даланы билеген хан Улу-Мухамед, бұл ұлы император Магомет деген сөз...

Эскери адамдары өте батыл және ержүрек...

Олардың өскерінде колөнерші-тігіншілер, ұсталар, карунарақшылар т. б. бар, жалпы қажеттің бәрі өздерінен табылады.

Татарлар өте көп.... Егер Эдиль бойымен жүзсе немесе Москваға дейін жол жүрсө өзен жағаларында он бес тәулік бойы олардың кисасыз көп тайпаларын көресіз...

1430-шы жылдардың соны Алтын Орда өмір сүруінің токталуымен танымал, оның орнына қыпшақ даласында үлкен Орда пайда болды.

1440-шы жылдардың ортасына қарай Орта Еділ халықтары Алтын Орда хандарының қол астынан азат болды...

1444-1445 жылдары Ұлық Мұхаммед екінші рет орыс жерлеріне жорыққа шықты. Шайқастар басында кезек женістерімен өтті, бірак кейін Төменгі Новгородты алған хан өзінің екі ұлы – Махмуд пен Якубты Москваға аттандырды.

Суздаль түбіндегі ұрыста Василий II женіліс танты, өзі колға түсіп Төменгі Новгородқа әкелінді.

Үлкен мөлшерде өтемакы төлеп, Қазанға Мешер жерлерін қайтарған соң ғана Василий II Москваға оралды, онымен бірге Ұлық Мұхаммедтің 500 адамы да келді, сөйтіп булгар-казандықтардың Руське сіңесі басталды.

Артынша мешер жерлерінде казан билеушісі ұлдарының бірі – Қасым өзінің Қасым хандығын құрды, ол 1681 жылға дейін өмір сүрді. Қазаннан келген басқа да дәрежелі адамдарға Русьте түрлі өкімшілік қызметтер ұсынылды, сонымен катар “азығы үшін” болыстар мен қалалар берілді.

Ұлық Мұхаммед өлген соң 1445 жылы булгар князі Галимбей такты алғысы қелді, бірак Ұлық Мұхаммедтің үлкен

ұлы қолбасы Махмуд Қазанды қайтып алды, Галимбейдін өзін өлтіріп жіберді.

Осымен Қазанға булгар әулеттерінің билігі жойылды. Кейін Қазан тағына отырған 14 ханның жетеуі Ордадан шыққандар еді.

Махмуд билеген жылдары (1445-1466) Еділ-Кама түрғындарына көптен күткен баянды бейбітшілік орнады. Осынау жиырма жылдан астам уақыт ішінде орыс княздіктерімен де, Үлкен Ордамен де арадағы бейбітшілік бұзылған жок. Қазан университетінің профессоры Н. Фирсовтың жазуынша соның арқасында (Қазан тез қайта бой көтерді және Шығыс Еуропадағы ірі кәсіпкерлік пен экономика орталығы ретінде көрнекті орынға ие болды” (Г. Сабирзянов).

ҚАЗАН ХАНДЫҒЫ МЕН МОСКВА РУСЛІНІҢ ҚАРСЫ ТҰРЫСУЫ

Алтын Орда ыдырағаннан кейін бір орталыққа бағынуга жер көлемін ұлғайтуға белсене кіріскең славяндық-рустық Москва Русі үшін қасындағы Қазанның қүшеюі мұлдесіне мұлде сай келмеді, осыған орай Москва оған деген жаулық піғылда болды.

Оның басты себебі – Қазан мемлекеті Русьтің Шығыска қарай корқау ұмтылысына жол бойы бөгет болып тұрды. Москва алдымен Қазанның да, Астраханның да алым-салықтық, әкімшілік-аймақтық бақылауындағы Еділ жүзбелі сауда жолы үшін куресті бастады.

Сондыктan XV-XVI ғасырларда Москва мемлекеті Қазанға қарсы белсенді соғыс саясатын жүргізді және ол барған сайын басқыншылық сипат алып бара жатты.

Мәселен, 1461 жылдан 1552 жылға дейін Русь 30-дан астам әскери жорықтар мен шапқыншылықтар жасаса, қазандықтар оған тек 7 жорықпен жауап берді және олардың барлығы тікелей Москваға емес, солтүстік жерлерге ғана бағытталған еді. Бұлар орыс жылнамалары мен тарихи жазбалардан жеткен мәліметтер.

Мысалы, австриялық елші С. Герберштейн өзінің Қазан хандығынан алған әсерлерін қорытындылай келе 1526 жылы былай деп жазады:

“Бұл татарлар басқалардан гөрі мәдениеттірек, олар өз жерлерін баптап өндейді, сайлы үйлерде тұрады. Сауданың барлық турлерімен айналысады және сирек соғысады”.

Москваның күшеюіне, Қазанның әлсіреуіне соңғысындағы тақ үшін тайталастардың толастамауы да өсер етті. Осы жылдарда аталған тақ тартысына әр түрлі дәрежеде бұрынғы Алтын Орданың бөлшектері – Қырым мен Сібір хандықтары да Үлкен Орда мен Ногай Ордасы да катысты. Оған Москваның итаршылығы мен итермелеуі де қосылды.

Бұл оқиғалар былайша тізбектелді:

1467 жылы Махмуд-хан өлген соң Қазанда тақ үшін талас басталды, осы тұста Москва алғаш рет белсенді және ашықтанашық түрде мешердің ұлыс князі Қасымды қолдады.

Бірақ 1468-1479 жылдар аралығында Махмудтың ұлы Ибрагим өз уысында сактап қалды. Ол әуел бастан хандықтың көлемін кеңейтуді көзdedі. Қазан хандығы мен сол кезде Иван III басқарып тұрған Москва ұлы княздігі арасындағы екі жылдық (1468-1469) соғыстың себебі де сол еді.

Қазандықтар – Галич, Кострома, Кичменга, Муром, Хлынов қалаларын, орыстар – Қазанды қоршап-қамау сияқты соғыс әрекеттері ақыры бейбіт бітіммен тоқтады.

1469 жылғы бітім-шарт бойынша орнаған бейбітшілікті екі жақ та сегіз жыл сактады.

Тыныштық тапқан мезгіл Ұлы Еділ жолымен сауданы дамытуға, экономиканы нығайтуға мүмкіндік берді, бірақ осынау дарияның бойы мен жағалау жері үшін алда үлкен қақтығыстар күтіп тұрғаны барған сайын айқын біліне түсті.

Москва Қазанға қарасты аумақты солтүстігінен және солтүстік –шығысынан қоршап, өз иеліктерін кеңейте түсү үшін 1460-1470 жылдары ұлы Пермь княздігін бағындырып, Югар жерлерін тәуелді етіп, оларды қалыптаса бастаған орыс мемлекетінің құрамы дең есептеді.

Осы жылдарда Литва ұлы княздігінің құрамына кіргісі келген новгород феодалдық республикасы мен Москваның арасы шиеліністі. Бұл дағдарысты Иван III басып таставды, республика түпкілікті құлатылды.

Ибрагим хан Новгородтағы бас көтеруді пайдалана қойып, Вятка жерлеріне өз әскерін аттандырып еді, бірақ орыстар Қазанды атқылаған соң Москвамен тағы да бітім жасалды.

Келесі 1479 Ибрагим хан өліп, әйелінен бес ұл қалғаны тақ мұрагерлерінің тақ тартысын туғызды.

Иван III үкіметі мұрагерлер арасындағы кикілжінді Қазанның ішкі және сыртқы саясатына ықпал ету үшін пайдаланды.

Ногай Ордасына, яғни шығыспен саудаға бет бүрган мұрагер – Ибрагим ханның бәйбіше әйелі Фатимадан туған ұлken ұлы Әлихан жеңіске жетіп таққа отырғанына қарамастан Москва Ибрагимнің екінші әйелі – Ногай ханшасы Нұр-Солтаннан туған 10 жастағы Мұхаммед Әминге жақтас болды. Себебі, Нұр-Солтан ханша кезінде Москва ұлы князінің сарайында тәрбиеленген және Ибрагим өлген соң қазір Қырым ханы Менді-Терейдің ханымы болатын.

Жас бала Мұхаммед-Әмин Москваға жөнелтіліп, түркі нәсілділер Руське көтеп келуі түсында Иван III оның иелігіне Кашир қаласын берді.

1480 жыл Улкен Орда ханы Ахмат пен Польша королі Казимир IV орыс жеріне бірлескен жорығымен ерекшеленді.

Алайда Иван III Угра өзенінде болған “Ұлы бетпе-бет” кезінде төтеп беріп, іс жүзінде бейбіт және шығынсыз жеңіске жетті, осыдан Русьтің ордалық соңғы хандарға да бағынныштан босауы басталды.

Келесі жылы Қазанды өзіне бағындырмакшы болған сібірдің Ибак ханы Сарай қаласында Ахмад ханды өлтірді.

Москва княздігі Сібір хандығының Ногай Ордасымен, Қазанмен бірігуінен қауіптеніп, соғысымен соғысуға өзірленді, оған дейін өз жеріне Коми өлкесін косып алды. Бірак Қазан дер кезінде бейбіт келісім ұсынып, кезекті соғыстың беті кайтарылды.

Қазанда 1484-1485 жылдары бауырластар арасындығы хан тағына талас тағы өршілі - әуелі орыс әскерінің көмегімен билік Мұхаммед-Әминге тиді, артынан Ногай жауынгер отрядтары тақты Әлиханға қайта тартып өперді.

Енді саяси топтың қарсыласуы Қазанда одактық соғыска соқтырды. Соны пайдалана қалған Москва 1487 жылы Қазанға үлкен жорық бастады.

Орыс воеводалары он аптаға созылған қоршаудан кейін Қазанды алды, таққа Мұхаммед-Әмин қайта отырғызылды, ал Иван III өз атақ-дәрежесіне “Болгар князі” деген атау қосты. Мұның өзі 1445 жылғы шарт бойынша бұрын, Қазанның құзырына бағынып келген Москва енді хандықтың үстінен қарайтын болды және бұл өлкеге орыс озбырлығы орнады деген сөз еді. Осылайша Ибрагим ханның екі ұлының арасындағы билікке талас ақыры ел тәуелсіздігінен айырған қымбат құрбандыққа ұшыратты.

Кейінрек бұл шарт “монгол-татар езгісі” делініп кеткен дәүірдің аяқталуы екенін сол оқиғаларға қатысушы жактардың өзі де білмей қалды...

Москва Русі жаулап алған жер көлемі ұлғая түсті, бұдан былай Иван III ұлы княздік мөріне сөздер танбаланды:

“Владимир мен Москваның және Новгородтың және Псковтың және Тверьдің және Югордың және Пермьнің және Болгардың және басқа жерлердің ұлы князі”.

1491 жылы енді Москва мен Қазан қарулы қолы Қасимов татарлары отрядымен бірге сарай хандарының Қырым ханы Менгли-Гирейге шабуылын тойтарысты – Москва евразия кеңістігіндегі ара қатынастарға осындай аярлықпен араласып отырды.

Дегенмен торт жыл өткенде Қазанда шығыска жақындауға тілекtes феодал-ақсүйектердің ықпалы тағы да өсіп, таққа сібір ханы Ибакпен туыс Мамық патшазада келтірілді. Тақтан айырылып, қашанғысынша орыс жеріне кеткен Мұхаммед – Әминге “қызметші патша” ретінде бұрыннан иелігіндегі Каширға коса Серпухов пен Хотунъ қалалары берілді.

Тақ төңкерістері келесі 1496 жылы да токтаған жок.

Әрқашан Қазанның ықпалынан шықлаған удмурт княздарының билігіндегі Ар княздігіне түсініксіз тиісу жорығынан оралған Мамық ханды қазандықтар қалаға кіргізген де жок, ол амалсыз өзінің сібір аймағына қайтып кетті.

Тақ 1502 жылы Мұхаммед-Әминнің кенже інісі Абдул-Латифтің қолына тиді. Ол Қырымда, мұсылман ортасында тәрбие алған, орысқа карсы ниеттегі адам еді.

XVI ғасырда айрықша атап өтуге лайық оқиғалар орын алды.

Иван III Новосиль, Перемышль, Одоев, Белев, Кондын, Обдор княздіктерін де Москваға қосып алды.

Қазан мен Москвада орысшыл феодал ақсүйектер қозғалысы тұтанып, 1502 жылы Мұхаммед-Әмин таққа оралды, ал Абдул-Латифа Белоозероға жер аударылды.

Оған дейін 1500 жылы Литваға карсы соғыста Мұхаммед-Әмин орыс әскерінің бас қолbastыши болған да бар.

Ең басты оқиға – 1502 жылы Қырым ханы Менгли – Гирей орданың соңғы күші шейх-Ахмед отрядтарын талқандап, Улкен Орда түпкілікті құлаған болатын.

Москвадан Қазанға қайтып оралған, ер жетіп қалған (30 жаста) Мұхаммед-Әмин 65 жастағы ауру Иван III үшін күтпеген жерден шығыска тілеулемес ақсүйектерді жақтап шықты да Қазан хандығының толық тәуелсіздігі үшін күреске кірісіп кетті.

Қазандағы орыс көпестерінің сауда орындарын ойрандаған ол ногай жасақтарымен бірге Төменгі Новгородқа бет алды, бірақ бұл әрекеті жемісті болмады.

Орыс тағына Иван III орнына келген жаңа Москва князі Василий III 1506 жылы Қазанға жауап жорық үйимдастырыды, бірақ қала қабырғалары түбінде талқаны шыға женилді.

Женіске жете тұрса да Мұхаммед-Әмин одан әрі шабуылға шықпай Москвага бітім шартын ұсынды, ол 1507 жылы қол қойып бекітілді.

Бұл бейбітшілік 1521 жылға дейін еш тараптан бұзылған жок.

Ол аз болса 1512 жылы бұл құжатты одан әрі бекіткен сейд Шах-Хусейн Москвада Қазан хандығы атынан Мәнгі бейбітшілік туралы келісімге қол қойды, онда былай жазылған:

“Кұдай бұйырған уақытқа дейін ұлы князьбен мәнгі бейбітшіліктеге және мызғымас сүйіспенешіліктеге боламыз”.

Сөйтіп, Мұхаммед-Әминнің патшалық құруы аралықтағы үзілістермен 21 жылға созылды, тағдардың түрлі талқыларына қарамастан ол Қазан тарихында көзі ашық білімді билеуші, акын және өнердің камқоршысы болып қалады.

1518 жылы Мұхаммед-Әмин хан өлген соң кезінде Ұлық Мұхаметтен басталған Қазан тағындағы Шынғыс үрпактары билік етуі үзілді.

Бір жыл бұрын Москва түбіндегі Каширде оның інісі Абдул-Латиф белгісіз жағдайда каза болғандықтан Қазанда так таласы қайта қызды, осы алауыздық ақырында хандыкты славян-руसтік Москва ұлы княздігі талқандап алуына соктырды.

Қазандықтар Менгли-Гирей мен Нур-Солтанның ұлы, Қырым патшазадасы Сахиб-Тирейдің таққа шақыру ниетін сезіп және Қырым мен Қазан әuletтері бірлесуінен, күш алып кетуінен сескеніп, Москва Қасымов ұлысының князі он үш жастағы Шахғалиды (Шах-Әли) қазан ханы деп жариялауға асықты. Артынан Үлкен Орда ханы Ахматтың жиенін хан тағына отырғызу – “хан көтермен” салтанаты Қазанның өзінде де өткізілді.

Алайда 1521 жылдың көктемінде қырымдық Сахиб-Тирейдің үш жұз адамдық қана жасағы қаланы өзіне женил қаратып алды.

Псков, Смоленск Рязань княздітерін қосып алу әбігерімен 1512 – 1522 жылдардағы Орыс-Литва соғысына алаң болған Москва Қазандағы сарай төңкөрісіне тез шара қолдана алмай қалды. Оның үстіне ағайынды Тирейлер Қырымнан Мұхаммед, Қазаннан Сахиб – жай оғындан жылдамдықпен төменгі Новгородты. Коломнаны басып алып, енді Москваға қарай бет алды.

Василий III бітімге келуге, Қырым ханына тәуелді болуга, салық төлеп тұруға мәжбүр етілді, ал Қазан орыс кара-мағынан толық босап, өзіне дербеастік пен тәуелсіздік алды. (Г. Сабирзянов).

ҚАЗАН ХАНДЫҒЫН ТАЛҚАНДАУ

Жетістігін ұлғайтуға үмтүлған Сахиб-Гирей Москвамен араны одан әрі шиеліністіріп, 1523 жылы Астраханьмен келісімін жасады.

Оған жауап ретінде Қырым ханы Мұхаммед Астраханьды басып алды, ал Василий III Қазанға екі рет нәтижесіз шабуыл жасайды.

1524 жылы Қырымда Мұхаммед өлтіріліп, орысшыл Седат-Гирейге өтеді, ал Сахиб-Гирей Қазандағы тағын өз еркімен немере туысы Сафа-Гирейге береді.

Сейтіп, осы тарихи кезеңде де хандар қым-құбыты толастамады. Сафа-Гирей екі рет Қазаннан қуылса да арасында үзілістерімен 1549 жылға дейін билік құрды.

1524-1530 жылдар аралығында алты жыл бойы Қазан қолы жеткенге қанағаттанбайтын Москвамен ауыр келіссөздер жүргізіп келді.

Жуан жұлдырық славян-орыс княздігі кезінде 1487 жылы Иван III Қазанды алғанын алға тартып, хандықты қалай да басып алу пиғылышан бас тартпады.

Келіссөздерді Москва жағы бұзып, Василий III Қазанды қайтадан қоршауға алды. Бұл жолы қорғанысқа чуваштар, марийлер, ноғай ордасының князі Мамайдың, Астрахань хандығынан Янглыч князьдің жауынгерлері көмекке келген кала жауға төтеп берді.

Алайда москвашыл топтардың билігі тағы да басым түсіп, Қазан ханы болып Касимовтар патшазадасы, Шахгалидың інісі 15 жастағы Джан-Али отырғызылды. Үш жылдан кейін Москвандың макұлдауымен Джан-Али Ноғай ханшайымы

Сүйімбикеге үйленді. Осылай екі түркі халқының хан сарайлары туыстасты.

1533 жылы Василий III өлген соң Москвада “боярлар билігі” деп аталатын он жылдық кезен басталды. Бұл сарай қырқыстарының, дворяндар толкуының, кала халқы қастандықтары мен көтерілістерінің мезгілі болды.

Қазан ақсүйектері осыны пайдаланып 1536 жылы Москвандың өкілі Джан-Алиды өлтірді, таққа 25 жастағы Сафа-Гирей қайта отырып, өлтірілген ханның жесірі Сүйімбикені екінші әйелі етіп алды.

Жаңа жағдайда Сафа-Гирей маңайындағы қырымдықтардың Қазанға қысым жасауы, ханның казына-байлықты Қырымға жөнелтіп отыруы қазандықтарға ұнамады. Ішкі дүрдеараздыққа қарамастан енді Иван IV билейтін Москвандың 1545 жылғы шабуылы тойтарып тасталды.

Тек 1546 жылдың өзінде әлгіндей ішкі жайлардан Қазан билігі қолдан қолға өтті - әуелі Шахгали, сосын Сафа-Гирей биледі.

Таққа Сафа-Гирейдің қайта келуі орысқа карсы, Қырымға жақтас күштердің женісі еді.

Ішкі дағдарыстар ушықкан кезде Қазаннан шықкан айтулы адамдардың орыс өніріне жаппай жосылуы орын алды. Тек 1546 жылдың қыркүйегінде Москваға 76 ақсүйек қоныс аударды. Іс жүзінде Қазанның билеуші топтары қырымдық татарлармен толықты.

1547 жылдың кантарында Иван IV орыс княздері арасында алғаш рет патша иеленуі бір орталыққа бағынған Россия мемлекетін құрудың маңызды қадамына айналды. (Г. Сабирзянов).

Осы оқиғадан соң екі мемлекеттің өзара қарсылығы өсеп түсті.

Бір жағында Сафа-Гирей өлген соң орнын басқан Кошчак оғланның түгелдей қырымдық татарлардан тұратын орысқа карсы үкіметі. Екінші жағында мұсылман атаулыға діни қарсылығы құтырынған жау пигылдағы Иван IV тәртібі.

Орыс әкімшілігі мен митрополит Макарий басқаратын діндарларының барған сайын безбүйректене түскен көзқарасы дворяндар, қызмет адамдары мен боярлар тарарапынан колдау тапқаны сондай, солардың сойылын соғушы Иван Пересветов пен Андрей Курбский Қазанға карсы былай деп те ұран тастады: “Олар бұрын сыйластықта және дос-

тықта болды", бірақ басурман өскерін ақырына дейін құрту, сол патшалықты бағындыру және елі мен жерін көп ғасыр көтерімдестер жуастьру керек".

Сонымен қатар Қазанды "Орданың бел баласы", Қазан мемлекетін "Орданың бөлшегі" деп көрсететін идеологиялық насиҳат та кең өрістеді (А. А. Халиков).

Соның желісімен Иван IV мәнгі бейбітшілік туралы 1521 жылғы бітімді бұза отырып, Қазан хандығы мен Кошчак-Сүйінбике билігіне карсы бірнеше рет өскери шара қолданды.

Қазанды басып алуға бағытталған 1548 жылғы бірінші ұрыну ұтыс әпермеди.

1550 жылдың көктеміндегі орыстардың Қазанға карсы кезекті жорығында Москва жағында Шахгалидің Қасимов татарлары мен Едігер патшазаданың Астраханьдықтары да болды. Бұл соғста Кошчақ оғлан Сүйінбике патшайымның жалдамалы қырымдықтардан құралған қолы жергілікті қазандықтарға сенімді көрінген жок, дегенмен Қазан Кремлін қорғаушылар бұл жолы да төтеп берді.

Жорықтардың нәтиже бермеуінен орыс патшасы өскерін қайта құруды қолға алды – тұракты атқыштар бөлімдері жасақталды, өскери тәртіп тегеуірінді катаиды.

Соның нәтижесінде 1551 жылдың көктемінен бастап хандық меніреу коршауда қалды – орыстың карулы шолғыншылары барлық күрғактағы, судағы жолдарды өз бақылауына алды. Томаға-түйік жағдай астананың ішкі қайшылықтарын күштейтті.

Осыған орай ногай князі Йосыфтың (Сүйінбикенің экесі) Тұркі, Ногай, Астрахань, Қырым хандықтарынан біріккен өскери одак күрге талпынысы нәтижесіз аяқталды.

Орыстар хандықтың елеулі бөлігін басып алуы, астананың коршауда қалуы, тұрмыстың құрт киындауы қала халқының толкуын туғызды.

"Қазандықтар мен қырымдықтардың арасы алушактай бастады. Чуваштар мен арлар қырымдықтарға соғыс сала келді".

Кошчақ Қазаннан кашқанымен құтыла алмады – оны орыс косындарының бірі қолға түсіріп, Москвада басы кесілді.

Қазанның жаңа билеушілері Ходайкол оғлан, Нұралы князь, Кул-Шериф сейд бейбітшілікке келу мен хандықты сақтап қалу туралы дереу келіссөздер жүргізді.

1551 жылдың шілдесінде Шахғалиды таққа қайта отырғызу шартымен Москва бітімге қол қойды.

Алайда Шахғалиға хандықтың тек сол жағалық беті берілгені керегар мәселе болды, яғни оң жағалау өзінен-өзі Рұське тиісті деп есептеледі. Қаншалықты Москваға берілген адам болса да Шахғали бұган көне алмады, сондықтан жалпы хандық пен тау жағының тағдырын шешу үшін халық жиналышы – құрылтай шакыру үйғарылды.

14 қыркүйекте өткен құрылтайда орыс әскербасылары оң жағалауды орыс мемлекетіне қосу, барлық тұтқын орыстарды босату туралы өз патшаларының талабын құшип бекітті. Осындай шартпен 16 қыркүйектегі халықтың ханға ант беруінен соң Шахғали Қазанға келді.

Осы мезгілде тактан аластатылған патшайым Сүйімбике мен оның сәби баласы Москваға жөнелтілген еді.

Тау аймағынан айрылуға көнгісі келмеген қазан 1551 жылы Қазанда Москваға тағы келіссөз жүргізетін елшілік жөнелтті.

Алайда Иван IV Қазан елшілерін кепілдікке алды, артынша Қазанда жазалаулар мен құйретулер басталды, аксүйектердің бір бөлігі ногай княздігіне, екіншілері Қырымға қашты.

Жағдайды жолға қою үшін 1552 жылдың қазан айында Москва тұтылып отырған Қазан елшілігімен келіссөз бастады. Шахғалиды тактан түсіруді, мұсылман басшылығын және каржы дербестігін сактауды өзі ұсынды, сөйтіп Қазан мен Москва арасын еріксіз бағынудан ерікті бірлестікке айналдырысы келді.

Осы мақсатта Қазанға патшаның мөр ұстаушысы А. Адашев келді. Тактан бас тартуға келісе тұрып Шахғали орыс өкіліне қамалды тапсыруға көнбеді, ақыры 6 наурызда өзінін 300 Қасимов татарлары мен 200 орыс атқыштарынан тұратын гарнизонын ертіп Қазаннан Свияжскге кетті.

Одан әрі Қазан орыс патшасының билігіне бейбіт өтетін сияқтанып, 9 наурызда қалаға жіберілген әкім келмекші еді.

Алайда сол күні танертең Свяжскдегі орыс әскерлерінің Қазанға бет алуы күтпеген қайшылықтар туғызды. Бұдан хабарланған Ислам, Көбек княздер мен Әлікей Нарыков мырза халықты өз бостандығы мен хандықтың тәуелсіздігін қарулы корғауға шакырды.

Төңкерісті үйымдастырушылар дереу Шапқын Отчуев ба-
стаған уақытша үкімет құрды, ал такқа Ноғай княздігінде
тұратын Астрахань патшазадасы Едігер шакырылды. Қазан-
дықтар Едігердін орыс қызметінде тұрган кезінде 1550 жылы
Қазанға шабуыл жасауға қатысқанына қарамай соны таңда-
ды.

Мұсылман әлемі Қазан тағдырына бейтарап қарап отыр-
мады. Осыған орай Түркия мен Дәулет-Гирейдін Қырым
хандығы орыс жерлеріне шабуыл жасады. Тула қаласын түрік
янычарлары мен қырымдықтар қоршауынан босатып алған
Иван IV әскерін Қазанға қайта жіберді.

Артиллерия отты қаруға және азық-тұлікке мұқтаж Қазан
женілетінін білсе де қорғануға дайындалды.

Кала ішінде 30 мың әскер, кала сыртында 20 мың атты
әскер мен 2 мың ноғай салтаттылары тұрды.

16 тамызда кала қорғанушыларынан бірнеше есе көп,
150 мың адамдық орыс әскері соңғы 28 жылда бесінші рет,
осы жолы ақырғы рет Қазанды қоршауға алды.

Корғаушылар жанкештілікпен шайқасты, бірақ күші аз
еді. 2 қазандығы соңғы шабуыл былай аяқталды:

“Қырылым жатқан адамның көптігі сондай – бүкіл қала-
да өліктен басқа аяқ басар жер болмады...” (Г. Сабирзянов).

1552 жылы 2 қазанда 41 құнға созылған кескілестен кейін
астана құлады. Қаһарлы Иван IV аса қаныпезерлікпен талқ-
андап, тонаған Қазан хандығы тап осыдан бастап дербес мем-
лекет болудан қалды.

Аңыз бойынша соңғы жаппай шабуыл қалага басып
кіргенде Қазанның соңғы патшайымы, ногай ханшасы, ерлігі
ел жүргегінен өшпейтін Сүйімбике осы күні өз атымен атала-
тын мұнарадан өзі құлап өлді.

“Басып алынған Қазан халқын айуандықпен қыру орыс
тарихына ең кара беттердің бірі болып жазылды.

Орыс мемлекетінің жаңа жерлер жасаулап алу жолындағы
осынау алғашкы канды қадамы – “құдайсүйгіш” қарадулей
әскердің қазандықтарға қарсы “крест жорығы” осынишама
адамды құрбан еткен гетакомбиямен (оте көп адамды қаса-
каны өлтіру) аяқталды...” (М. Худяков).

Бүкіл Русьтің патшасы осымен булгар тарихын құл етті,
зор қаланың барша тұрғындарының көзін жойды, қаланың
өзін тонағы, соүлетті мешіттерді, салтанатты хан сарайла-
рын, үлттық кітапхананы, құнды ескеркіштерді жермен-
жексен қылды.

Сөйте тұра басқа да түрлі дәреже атактарына татардың, немесе казанның емес, “және Булгар патшасы” деген лауазымды екі жұзділікпен қосып жазатын болды. Яғни Москва татарлармен, монголдармен емес, шынында булгарлармен соғысқанын білді, тіпті жасырған да жоқ.

Іргелес елдердің үрейін ұшыру үшін әскер басишилары Қазанды корғағандардың өліктері үйілген салдарды Еділ бойымен төмен қарай ағызып жіберді.

Андрей Курбский соғыстан түскен олжаларды санаң үлгермей жатып –ак “мұнша байлықты аспандағы жұлдыздармен ғана салыстыруға болады” деп жар салды.

Орыс басқыншылары Қазан өлкесін жер бетіндегі жұмак деп атады, ал ол жұмак еңбекқор да төзімді қазандықтардың қолымен жасалған болатын. Себебі орыс жерлері бұрын төлең келген алым-салықтардың байлығын Қазан хандығы емес, Алтын Орда алып келген, оған қазандықтардың қатысы болған жоқ.

Сарай, Көне Қазан, Ұлы Булгар қалаларының орнына жүргізілген археологиялық қазбалар барлығы осы жердің өзінде өндірілгенін, сырттан әкелінбегенін дәлелдей отыр.

Құймалы ыдыстарды құйдіру пештері, өндірістік кешенниң (шеберханалар, көрікханалар т. б.) қалдықтары және тимурилтік үлгідегі керамикалық өрнекті ыдыстар, металдан, шыныдан, саздан, сүйектен жасалған бүйімдар да соны дәлелдей туследі.

Мұнда теңгелер де құйылған, олар негізінен жошылық күміс дирхемдер екен. Тенге құю 32 қалада жүзеге асты, олардың төртеуі Еділ Булгариясында, яғни Қазан хандығында болды. Бірақ соның бәрі құйзеліс пен карақшылық тонауға түсті...

Сонымен, ұзак қарсыласуына қарамастан Қазан дербестігін жойды, Москва Рүсі өзі үшін үлкен маңызды женіске жетті. Содан соң ғана Россияның шығыска, артынша онтүстік пен Батысқа бұлқына ұмтылуы басталды, оның нәтижесі орасан зор Россия империясын қуруға әкелді.

Бұл өңгіме желісіне кейін келетін тақырып.

БУЛГАРЛАРДЫҢ РУСЬКЕ КЕТУІ

Әлемде тектік түрғыдан тап-таза ешбір халық болмайтын белгілі, халықтың немесе ұлттың таза төркінін іздеу бос әүреған емес, қауіпті әрекет. Оның аргы жағында фашизм таяу тұрады.

Осыған байланысты тарихта орын алған төмөндегі жайларға тоқтала кету керек. Мениң айтпағым — монгол шапқыншылығының бастанапқы кезінде түркі тілді булгар-қазандықтардың басқыншылар алмаған Рұсь жерлеріне кетуі немесе ығысып баруы және Қазан мен Москва мемлекеттерінің қарсы түрулары тұсында оның жеделдеуі.

Мәселен, 1551 жылы Москвада Қазаннан кеткен 500 князь берен мұрзалар тұған-туыстарымен тұрды. Сол жылы Сүйімбике мен Шах-Алиге ерген 70 князь берен мұрза кетті, кейін тағы 84-і барды. Артынан олардың үрпақтары Россияның зор ықпалды адамдары атанды, алайда бұл жөнінде “нағыз” орыс тарихшылары мен турлі текті қайраткерлері өткенге өте білгіштік танытпауға тырысады. Олар тегі “Макпал иіріп”, Россия империясы дворян тұқымдарының жалпы таңбаламасы Қазанның шежіре жазбалары т. б. көптеген мұралармен тұрса да өздерінін түрік-булгар-қыпшақтық, яғни мұсылмандық тұп-тамырын барынша жасырып бағады. Ол туралы толығырақ білу үшін А. А. Халиковтың енбектерімен танысуға болады.

Русъке кетулердің себептері әрбір тарихи кезеңге карай әр атуан болды.

Мәселен, алғашқыда басқыншылардың баса-көктеуімен байланысты болса, артынан казандық немесе орыстық билеушілер орнаткан “ерекше” шарттарға, талаптарға орай туындауды.

Солай болса да бұрынғы түрік феодалдардың шығыстағы және батыстағы орыс жерлеріне кетуі, сол жақта шоқынып, православиеге сай жаңа есімдер мен фамилиялар кабылдауы артынан атакты орыс фамилияларының шығуына негіз қалады, ол туралы Россия дворяндарының тұқымдық және тектік төркіні туралы кітап пен олардың таңбанамалары күәлік етеді.

Мысалы, Абдуловтар (Қазан патшасы Абдул-Латифке 1502 жылы ұлыс мекен етіп Кашира берілді, кейін осы тұқымнан белгілі дворяндар, ғалымдар, әртістер шықты); Аксаковтар (“аксак”, “аяғы кем” деген түркі сөзінен, XV ғасыр-

да Ордадан шыққан түркі ақсүйектеріне Клязьмадағы Аксак селосы берілді, кейін олар Новгородта помешиктенді).

Осылайша россиялық немесе орыс фамилиясымен белгілі 500-ден астам атақты адамдарды атауға болады, кейбіреулерін ғана әріптерімен көрсеткенде; Алябьевтер (Әли-бей ұрпақтары), Ахматовтар, Байбаковтар (“бей-бак” – ұдайы ауқаттық, Басқаковтар, Басмановтар, Бахметьевтер, Бердяевтер, Булгарскийлер, Булгаковтар, Булгариндер, Буниндер, Бухариндер және басқалардың ата-тегі булгар-қазан ортасынан тамыр тартады.

Жоғарыда аталғандар қатарында жазушы, акын әрі тарихшы Н. М. Карамзин (арғы атасы Қара-Мырза), орыс генералы А. П. Ермолов, белгілі актриса М. Н. Ермолова бар. Олар туралы дворян тұқымдары таңбаламасында былай делінген:

“Ермоловтардың аргы атасы Арслан-мырза Ермола, шоқынғанда Иоанн аты берілген. Ол 1506 жылы Ордадан шығып Василий Ивановичке келді”.

Россия Фылым Академиясының президенті, ғалым – Е. Даշкова, ұлы акын Г. Р. Державин, сазгер С. В. Рахманинов (казандық Мурәлі Рахмановтан) мен Римский-Корсаков, жазушы И. С. Тургенев (1440 жылы Ордадан шыққан Турген Арслан мырзаның тұқымы “турген” – шұғыл, жаужүрек мағынасында), ойшыл П. Я. Чаадаев және басқа қөптеген есімдер Россияда ұлы орыс адамдары делінсе де тегі бойынша казандық түркі-татарлар.

Мәселен қыпшақ мырзасының ұрпағы ұлы акын, аса ірі тұлғалы орыс ұлығы және А. С. Пушкиннің ұстазы Г. Р. Державин өзінін “терен тамырлы орыс” еместігін жасырмай-ақ айтты.

*“Мен оларды жырлағанмын, жырлай берем,
Әзілсіз-ақ шындықты айттып келем.
Жанымның түпкірінен татар әнін,
Жарқыратып ұрпаққа айтсам деп ем”.*

Осының бөрі орыстын немесе басқа шығыс славяндардың тіліне қазір етene болып кеткен түркі-булгар-қыпшақ сөздері мен атауларын енгізді, мысалы: сабля, телега, япанга, алтын, безмен, басма, арба, шарвар, булат, кирпич, чугун, таможня т. б. Ал мына қала, жер атаулары кейін орысшыланып кеткен бұрынғы түркі-қыпشاқ сөздері: Тумень (мак)-казір Тюмень, Кия (куйеу) – Киев, Тарсу (өзен қыспасы) – Таруса, Сары-

Тау-Саратов, Тула (толық)-Тмурақань, Кипензай-Пенза,
Бурунеги-Воронеж, Шеләбі-Челябинск, Каппера т. б.

Тіл мамандары шығыс-славян тілдеріне ерекше көрік,
өзінше өрнек беретін осындай бес жұзден астам сөзді есепке
алған...

Одан әрі қазандықтар мен оларға жақын мешерлер
негізінде россияның қызмет адамдары, яғни дворяндық
калыптасты, олардың ішінде 300-ге жуық түркі текті фами-
лиялар кездеседі: Адашевтар, Еникеевтер, Мамоновтар, Тур-
чаниновтар, Салтыковтар т. б.

Кезінде түркі, орыс тілдерін жақсы білген олар диплома-
тиялық, әскери – қызметтерге көбірек пайдаланылды.

XV, XVI ғасырларда орыс елшілері болғандар: Беклеми-
шевтер – Қырымда, Каравантар – Италияда, Бахтияров-
тар-Польша мен Литвада, Шерефатдиновтар – Польшада,
Данияда және Стокгольмде, Агишевтер – Англияда, Гол-
ландияда, Қырымда, Турцияда, Бухаровтар мен Шарапов-
тар – Персияда т. б. (А. Х. Халиков, М. Аджи).

Россияға қызмет еткен қазандықтардың бәрі бірдей өзіне
және өз халқына абырай өпремегенін де айту керек.

Мәселен, шоқынған соң Алексей Тевкелев болып алған
Кутлумухамет Мамашев мырза XVIII ғасырда Россияның
отарлау саясатын белсенділікпен жүзеге асырушылардың
бірі болды. Россияның елшісі бола жүріп Кіші жұз қазакта-
рының ханы Әбліхайырды Россияға адалдыққа ант бергізген
(1730 ж.), артынан бірге Ор өзенінде – қазактар мен баш-
құрттардың мал өрісі жеріне Оренбург⁷* камалын тұрғы-
зуға бастамашы болған, Жайық бойын қамалдармен, тұракты
әскермен толтырған, мұсылман старшиндарын астыртын са-
тып алу, өзара жауластыру жолымен ресей үкіметі жағына
тарткан, түркі-татар жерлеріне орыс деревняларын орнатып,
 заводтар салғызған адам осы. Ол өз халқына карсы жазалау
жорықтарына да қатысты. (В. Иманов).

Бұлар кейін болды, қазір орыс әскерлерінің басып кіруі,
Қазанды талқандауы оқиғаларына ораламыз.

⁷ Бұл жерде Орынбор қаласы өзінің үшінші рет “көшүінсі”
кейін 1743 жылы қазіргі орынына орындағаннан кейін тұракты
аталғанын ескеруіміз керек. Ал, алғашкы қалашық кейін Ор
бекітісі немесе Орск қаласы болып аталды.

МОСКВА КРЕМЛІ ЖУРГІЗГЕН СОҒЫСТАРМЕҢ ЖАУЛАП АЛУЛАР ХРОНИКАСЫ (1552-1997 ж. ж.)

Россия тарихы дегеніміз – ең алдымен жаңа жерлер жаулау, саяси зорлау жолындағы шапқыншы соғыстар тарихы.

“Россияның ғылым адамдары” бізге Руслан тектің тек сыртқы басқыншылардың бетін қайтару соғыстарын айтатыны түсінікті. Тарихта ондайлар көп болған жок, саусақпен санап берсек: печенегтер мен “есіауыс” хазарлар шапқыншылығы, кресцілер жорығы мен Чуд көлі оқиғасы, монгол шабуылы мен олардан көрген түсінікіз тепкі, Наполеонның француз армиясы басып кіруі және фашистік Германиямен соғыс.

Алайда Россияның өзі басқыншы, жаулаушы болған соғыстар сыпайылап сипатталады немесе қарапайым адамға “Россияға қосылған жерлердің сол халықтар үшін болжакта маңызы” болды-мыс деген теория тұрғысынан түсіндіріледі. Ал оның қандай кияңқы саясатпен, қанды соғыспен жүзеге асқаны, “қосып алынған” халықтар үшін өрлеу ме, өкіну ме, бакыт па, сор ма екені жақшаға алып та айтылмайды...

Міне, әуелі патшалық, кейін империялық, одан сон кеңестік, қазір демократиялық-мыс Россияның өзі женғен соғыстарының, өзгені сорлатқан женістерінің тізімі:

XVI ғасыр:

- 1552ж. – Қазан хандығын алу мен талқандау.
- 1556ж. – Астрахань хандығын басып алу.
- 1557ж. – Башкирияны, Удмуртияны, Адыгеяны қосып алу.
- 1598ж. – Сібір хандығын талқандау мен жерін жаулад алу.

XVII ғасыр:

- 1630ж. – орыс әскерінің Байкал маңына келуі, Бурятияны өзіне қарату, сосын Якутияны жаулау.
- 1654ж. – Украинаның “өз еркімен” қосылтуы.

XVIII ғасыр:

- 1721ж. – Эстонияны және Латвияның бір бөлігін қосып алу.
- 1730ж. – Қазак жерін қоса бастау.
- 1742ж. – Каракалпақстан Россияның бағыныштысы болды.
- 1756ж. - Таулы Алтай басып алынды.
- 1771ж. – Калмак хандығын жұтып жіберу.

- 1772ж. – Белорусс жерлері Россияға қаралы.
- 1774ж. – Солтүстік Осетияны, Үлкен және Кіші Қабарданы жаулау.
- 1783ж. – Қырым мен Кубанды жаулау, Грузияны бағындыру.
- 1793ж. – Сол жағалық Молдавияны алу.
- 1795ж. – Литваниң үлкен бөлігін басып алу.
- 1796ж. – Дербент қамалын алу.
- 1797ж. – Ереван Россия құрамына енді.

XIX ғасыр:

- 1801ж. - Орыс әскерлері Шығыс және Батыс Грузияны, Шығыс Арменияны, Оңтүстік Осетияны басып алды.
- 1805ж. - Карабах хандығы алынды.
- 1809ж. - Финляндия қосып алынды.
- 1810ж. – Ингушетия жауланды.
- 1812ж. – Бессарабия алынды.
- 1813ж. – Отарлау соғыстары Баку, Гяндже, Ширван, Куб, Төвраз, Дағыстан және басқа Кавказ хандықтарын Россияға қаратты.
- 1815ж. – Литва мен Польша корольдігі толық жауланды.
- 1859ж. - Кавказ, Чечня отыз жыл соғысқан имам Шамиль тұтқындалды.
- 1863ж. - Солтүстік Қырғызстан Россия құрамында.
- 1864ж. – Батыс Грузияны жаулау аяқталды.
- 1865ж. – Қоқан мен Ташкент алынды.
- 1868ж. – Самарқан, Бұхара хандықтары бас иді.
- 1873ж. – Хиуа хандығы жауланды.
- 1875ж. – Қоқанд хандығы бас иді.
- 1876ж. – Оңтүстік Қырғызстан жауланды.
- 1877ж. – Карст, Батуми, Аджарстан алынды.
- 1881ж. - Түркіменстан жауланды.
- 1884ж. – Мерв қаласы алынды.
- 1885ж. – Түркістан толық басып алынды. (Ш. Құдайберді-ұлы, А. Закиров)

XX ғасыр:

- 1914ж. – Тува өлкесі бас иді.

Бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1917-18 жылдардың корытындысы Польшаның, Финляндияның, Литваның, Латвияның, Эстонияның Советтік Россиядан тәуелсіздік алуына мүмкіндік берді.

Алайда екінші дүниежүзілік соғыс кенес империясының келбетін тағы да өзгерту.

1940 жылы фин соғысынан соң Вииптuri (Выборог) қаласы мен Карелияның бір бөлігі КСРО-ға қарады. Риббентроп – Молотов немесе Гитлер-Сталин пактінен соң Литва, Латвия, Эстонияның қызыл армия басып алды. Фашистік Германиямен келесі ымырадан кейін Батыс Украинаға, Батыс Белоруссияға, артынша Буковина қоса Бессарабияға әскер енді.

Сталиндік үкімет жаңа жерлерді басып алу, қосып алушмен тынған жок, олардың тұрғындарын депортацияға, яғни күшпен көшіруге, көзін жоюға ұшыратты.

Мәселен, 1937 жылы Қыыр Шығыс корейлерін депортациялау, 1940ж. Балтық жағалауының, Батыс Украина мен Батыс Белоруссия “азат етілген” аймактарының халықтарын ішінәра депортациялау 1941 ж. Еділ немістерін түгел көшіру, қалмақ халқында да осындағы тағдыр, 1944ж. Кавказ бен Кавказ сырты мұсылман халықтарын, қырым татарларын түгел депортациялау.

Әрине, Еуропаны Герман фашизмінен азат етуде бұрынғы КСРО басшылығы мен оның барлық халықтарының орны орасан зор, өлшеусіз мол, алайда оның алдындағы әрекеттерді талдап қарағанда жағдайға қарай Москва ең алдымен өзін қорғады, сосын аталған абырайлы істі аткарды деген корытынды шығады.

Соғыстың жеңіспен аяқталуы 1945 жылы РСФСР-ға жаңа жерлерді – Кенигсберг қаласымен бірге Шығыс Пруссияның бір бөлігін, Онтүстік Сахалинді және Куриль жалының төрт аралын қосып алуға мүмкіндік туғызды (А. Закиров)

Одан әрі 1953 және 1968 жылдардағы кенес әскерлерінің Венгрия мен Чехословакияға енгізілуі, 1979-89 жылдар - мындаған бейбіт адамдар мен Кремльдегі Хрущев, Брежнев саясатының құрбандығы кенес солдаттарының өмірін киып кеткен Ауған соғысы.

Күні кешегі горбачевтік қайта құру кезінде өзінің үлттық шалғай өлкелерін уыста үстай алмаған зор империя ресми

Москваның бүйрығымен халыққа қарсы тағы да армияны пайдаланды – Алматыда, Тбилисида, Вильнюста бейбіт адамдар ажад тапты.

Бірақ кеше ғана туысқан республикалар атанған елдер арасында ұлтаралық қақтығыстар мен бүліншіліктер, кейде нағыз қанды соғыстар орын алған кезде елдегі жағдай Кремльдің бақылауынан біржола шығып кетті.

Соның нәтижесінде КСРО-ның заңды ыдырауы басталды, сөйтіп бүрынғы он төрт одактық республика Москва ықпалынан қантөгіссіз тәуелсіз болды.

Ал, он бесінші республика – РСФСР жай ғана Россия федерациясы аталаған, бүрынғы Россия империясының да, Кенес Одағының да мұрагеріне айналды. Осыдан төрт жыл откенде оның тұнғыш президенті Б. Н. Ельцин Шешенстанға басып кіріп, шешен халқымен қанқұйлы соғыс бастады. Сөйтіп төрт гасыр бүрынғыдай Кремльдің нұсқаудың атамадар қырылуда...

Дегенмен, Москва Кремлі басқыншылық, жаулаушылық ұмытылысын бастаған 1552 жылға оралайық.

ЕДІЛ-ЖАЙЫҚ ОРЫСТЫҢ, РОССИЯНЫҢ, КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ОТАРЛАУ ОЗБЫРЛЫҒЫНА ҚАРСЫ КҮРЕСТЕ

Қазандықтардың азаттық үшін күресі кенестер билігі орнаганға дейінгі төрт жарым ғасыр бойы толастаған жок.

Қазан татарларының, Еділ бойындағы басқа да халықтардың отарлау саясатына карсы қозғалыстары карсы қозғалыстары оқиғалар мен фактілердің төмендегі тізбегінен танылады.

1552 жылдың қазан айы – Иван ГУ басып алған аймақты басқаруға Москва өкілі қойылды, Қазан халқының елеулі бөлігі қырғынан бас сауғалап қаладан кетіп қалды, христиандық діни епархия құрылды, оны үлкен өкілеттілік алған епископ Гурый басқарды.

Ал, Москвада Қазанды алудың құрметіне Василий Жұмакшы шіркеуі тұрғызылды, оның құрылсына ортағасырылық Қазанның бас дін орталығы – Күл Шариф мешіті үлгі етілді. Бұл мешіт булгардың өрнекті тастанымен осемделген 8 мұнаралы ак тастан тұрғызылған ғимарат еді, оны бұзып, орнына Благовещенск шіркеуі орнатылған.

“Василий Жұмақшының төбесі шығыс үлгісінде күмбезделген сегіз мұнарасы Құл Шариф мешітінің сегіз мұнарасына үқастығы танытып тұрады” (М. Худяков)

Үқастықтың себебі – Қазандағы мешіт пен Москвадағы шіркеуді бір сәулетші – Постник Яковлев көтерген. Қазанды толық тәуелді ету орыс мемлекетінін аса маңызды женісі еді, оған осыншама мән берілуі сондыктан...

Байырғы қазандыктардың өзіне қаладан кету, жақын мандағы деревняларда ғана тұру бүйірылды. 1557 жылға каратай қалада бұрынғы 40 мың орнына 6 мың ғана татар қалды, олар да тек Құрайшы жатағында тұрды. Ал, жұз жылдан кейін саяхатшы Адам Олеарий қазанда орыстар ғана тұрады деп жазды.

Қазан құлаган соң Еділ-Кама аймағы тұрғындарына христиан дінін зорлап мойыннату басталды.

Ислам дініне тыым салынды, дінін сатпағандар рухани және тұрмыстық тауқымет шекті, екі есе салық салынды, зорлап әскерге алынды, іс жүзінде ешбір құқтары болмады.

Осындай қысымдарға шыдамаған ел 1553 жылы Қазаннан 15 шақырым жердегі Биік тау өнірінде Япанчи князь атты әскерінің қалдықтары негізінде әскери жасак құрып, өздеріне қарсы шықкан орыстың екі отрядын талқандап таставды.

Тау жақта Жансейіт пен Сара батыр бастаған халық жасағы боярин Б. Салтыковтың 400 адамдық жазалаушы отрядын жеңді. Одан соң Қазанның бұрынғы билеушілерінің бірі Мамыш-Берді бастаған көтерілісшілер Чалым қамалына ту тігіп Еділ татарлары мемлекетін қайта қалпына келтіруді үйірдады, Сүйімбіке патшайымның інісі Әли-Акрам мырзаны хан деп жариялады.

Әли-Акрам ногай астанасы Сарайшықтан Қазан хандығының уақытша орталығы Чалымға 300 жауынгерімен келіп жетті.

Ногай князі Юсуфтың Астрахань ханы қолымен бірлесіп қазандыктарға көмектесу жөніндегі кезекті талпынысы Москва ынғайындағы ногай феодалдарының кеселінен жүзеге аспай қалды.

Өз кезегінде қаһарлы Иван IУ аяусыз террор арқылы қазандықтар, чуваштар, мариilor бүлігін басу үшін А. Адашевтің басқаруымен жаңа жазалаушы отрядтар жіберді.

1553 жылдың сонына таман орыс армиясының соғыс әдісі халықты қыру, олардың өміріне қажет экономикалық

негіздерді құрту, казан татарлары тарихы мен мәдениетінің ошақтарын жою болды.

“Орыс отрядтары елді жсан түршігерлік талапайлады. Олар ауылдарды аралай жүріп жолындағының бәрін жойды, дерев-няларды өртеді, малды тартып алды, адамдарды тұтқынға әкетті...” (М. Худяков).

Тек бір жорықтың өзінде казан татарларының алты мынға тарта ер адамы, он бес мындаі әйелдері мен балалары тұтқындалыпты.

Соның салдарынан орысқа қарсы соғысқа 1554 жылы хандықтың бүкіл аймағы көтерілді. Князь И. Мстиславский бастиған арнаулы әскери құрама көтерілісті катал жаншуына, жергілікті халықты катығездене қыруына қарамастан Чалым қамалындағы Мамыш-Берді мен Эли-Акрам хан туын жыққан жок.

1555 жылы жазалаушы орыс отрядтары террордың, өртеудің, тонаудың күшімен жергілікті халықтың көтерілісін басып жанышыды.

1556 жылдың көктемінде Мамыш-Берді мен Эли-Акрам басқыншыларға қарсы тағы көтеріліс бастады. Алайда сәуірде Чалым қамалы алынды, екі мың адамдың көтерілісілер қолы Қазанның соғыс ханы Эли-Экреммен бірге кескіленіп тасталды, ал Мамыш-Берді Москвада да-раға асылды.

Екінші жазалау экспедициясы Ар мен Кама жағының барлық еркектерін өлтірумен, әйелді, балаларды тұтқындаумен айналысты.

Сонымен өлке түгелдей басып-жанышылды, бағындырылды.

1557 жылы Қазан орыс мемлекетіне біржолата қосып алынды, одан соң үкімет Қазан жерлерін хандықты жаулауға қатысқандарға, шіркеулер мен монастырларға сыйға бере бастады және М. Худяковтың айтудынша, өлкеге орыс қоныстанушылары қаптай жөнелді”.

Кейінгі 1572-73, 1583-84, 1592-93 жылдары да бас көтерулер болып тұрды, бірақ бұрынғыдай порменді емес еді. Дәл осы кезде Федор Иванович патшаның татарларды зорлан шоқындыру, шіркеулер мен монастырлар тұрғызу, булгар-қазанлықтардың шоқынғандары мен шоқынбағандарын бөлек қоныстандыру туралы жарлығы шықты, мешіттер мен медреселерді бұзу бұйрылды: “барлық татар мешіттері

аласталсын, мешіттер жойылсын, татарлар өз еркімен мешіт тұрғызудан тыйылсын".

Осы шарадан соң Қазаннан 50 шакырым шеңберде бірдей бір мұсылман деревнясы қалмады.

1612 жыл. Жалған Дмитрий әбігеріне байланысты Русланға бұлғакты мезгілді пайдаланып, булгар- казандыктар поляктармен байланыс орнатты, іс жүзінде Қазан өз еріктілігін алды. Бірақ жалған Дмитрийдің женілісі Қазанның да женілісі еді.

1615 жыл - "Бөтен тұқымдылар" дейтіндерге ақшалай салық салу ережесінен, қызмет татарларын өскерге алудан және олардың жер иеліктерін алып қоюдан туындаған Епалеев көтерілісі.

1628 және 1648 жылдары мұсылман мырзаларына басыбайлы христиан ұстауға рұқсат бермейтін, сөйті тұра шоқынған булгар-казандыктардың жер иеліктері мен басыбайлы христиан пайдалануын сактайтын жарлық шықты. Бұл жарлыктар Москвандың татар мырзалары мен князьдерін өз жағына тартуды қөздейтін Қазанға қатысты ерекше тактикасы еді. Оларға шығыс істерін жүргізу тапсырылды, тіпті, Польшамен, Литвамен соғыстарда Қазан татарларынан шыққан генералдар орыс армиясына қолбасшылық етті.

Қазандық тұрік-татар фамилиялы көптеген боярлар катары тап осы кездे толықканын атап көрсету керек.

1650-1658 жылдары орыс қамалдарының Кама сыртындағы бекініс желісі құрылды.

1682 жыл - Қазан, Мензелі, Уфа, Кунгур және басқа воеводалықтарда Сейіт Ягофаров бастаған көтеріліс.

Еділ бойының бүкіл тұрғындары дерлік Степан Разин көтерілісіне қатысты.

1672- және 1694 жылдары болған екі өрт мұсылмандар тұрғызған Қазан қаласын жойып жіберді, қаланың ұлттық ерекшеліктері бүлінді.

XVIII ғасырдың басында оған дейін Қазан хандығы аталаип келген өлкө Петр-І императордың жарлығымен губернияға айналып, бұрынғы дербестігінің көленкесі де қалмады.

Шаруалардан салық алудың асқындауына қарсы қазан татарлары мен башқұрттардың екі жылға созылған Алдар-Көсем басшылығымен көтерілісі бұрк етті. Одан кейін үкімет Ильмяк-Абзы (1735 ж) және Қара-Сақал (1739 ж) көтерілістерін де басып тастады.

Тарихшы П. Рычков жинаған мәліметтер бойынша 1735-37 жылдардағы Ақай-Кильмяк көтерілісі кезінде Қазан губерниясында 696 деревня өртеген, 16893 адам өлтірілген немесе өлім жазасына кесілген, 3406 адам жер аударылған, қазан татарларының 9194 әйелдері мен балалары орыстарға құлдыққа берілген, айыппул орнына 17154 бас мал тартып алынған.

Жана шоқындыру кенессі делінетін кезенде аса ауыр ахуал қалыптасып, әсіресе, мұсылмандарға қысымшылық пен қудалау күшейді.

Мәселен, 1742 жылы Қазан уезінде 546 мешіттің 418-і қиратылды, шоқынғандарға тиесілі салықты шоқынбағандарға төлету тәжірибелеу енді, мұсылмандардың балаларын православие рухында тәрбиелеу үшін тартып алып жатты, түркі-татарларға ұста-шеберхана шаруашылығымен айналысуға тыйым салынды.

1774 жыл – Қазан татарлары, башқұрттар мен чуваштар Емельян Пугачевке қосылып, бірлескен күшпен Қазанды алды.

Кейін бұл көтеріліс талқандалып, басылғанымен оған мұсылмандардың белсene катысы Екатерина II патшага сабак беріп, бөтен тұқымдыларға деген саясатын жұмсартуға мәжбүр етті.

Сондықтан мұсылман дінін ұстануға ресми рұқсат етілді, Қазанда орыс жаулағаннан бері бірінші рет мешіт түрғызылды, қаланың Түркістанмен, Қытаймен, Персиямен сауда жасауына, өнеркәсіппен айналысуына ерік берілді.

Тек осы шарапардан кейін кәсіпшіліктің, сауданың екпінді дамыуымен сипатталатын салыстырмалы саяси тұрактылық орнады.

ХХ ғасырдың басында ғана 1905 жылғы революциядан кейін қазан татарлары өздерінің газет-журналдарын шығару мүмкіндігіне ие болды, мұның өзі жергілікті түрғындардың идеялық сұраныстарына сай келетін кітап басу сиякты озық істі дамытуына ықпал етті. Осының нәтижесінде өзінде басылатын әдебиеттер саны бойынша қазан татарлары Россияда бірінші орынға шықты.

Бұған дейін альманахтар ғана мерзімдік баспасөз саналған өлкеде енді баспа қызметінің қыза тұсуі қазан татарларының рухани және білім деңгейін өзгертті.

ХХ ғасырдың басында ұлттық өнеркәсіп пен сауда буырқана өркенделеп, өлкө Россия экономикасында елеулі орын алды.

XIX-XX ғасырлардың тоғысында Қазанда және Москва, Уфа, Петербург, Астрахань, Симбирск (қазіргі Ульяновск), Орынбор, Орал, Тройцк сияқты казан татарлары көптеп тұратын орталықтарда үлттық қайта өрлеу анық білінді. Татар тілінде жүздеген газет-журналдар жарық көрді, өзінің саз және театр өнері пайда болды.

Қазан татарлары әдебиетінің негізі ерте заманда қаланғанын, әр деревняда да болған бастауыш оку орнамектердің арқасында олардың білім деңгейі өз кезі үшін өте жоғары болғанын атап көрсету жөн. Татардың жоғарғы оку орны медресе діни білім ғана емес, табиғи ғылымдар көлемін де қамтыды.

Осылардың нәтижесінде татар жазушыларының, ақындарының, журналистерінің, тарихшыларының, сазгерлермен сазшыларының талантты шоғыры өсіп шыкты, өз заманының белгілі ағартушылары Курсави, Шихабетдин Марджани, Каюм Насыри, Садри Максуди және басқалардың орнына Дердмент, Фаяз Исхаки, Габдулла Токай, Галиаскар Камал, Хади Такташ, Салиқ Сайдешев, Джандар Фаизи, Фарид Яруллин, Сағит Рамиев, тағы басқалар келді.

Төңкеріс қарсанындағы жылдарда Россияның әр аумағында ондаған татар газеттері басылды, түрлі саяси үйимдар құрылды, татарлар мұсылман съездеріне үйтқы болды, Садри Максуди II және кейінгі Мемлекеттік думаларда мұсылман фракциясын басқарды.

1916 жылы Лозанн конгресінде Юсуф Акчурда түрік халықтары атынан өкілдік етті.

1917 жылғы акпан төңкерісі үлттық қозғалыстың беталысын құрт бұрып, енді бірінші кезекке мемлекеттік өзін-өзі басқару мөселесі қойылды.

1917 жылы 1 мамырда Москвада шоғырланған Бүкілrossиялық мұсылмандар съезі Россия федеративтік-демократиялық республика болуы керек деген қаулы қабылдалды.

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін алда өз мемлекеттің құрудың бірнеше таңдауы тұрды. Олардың ішіндегі ортақ деп танылған жол бұрынғы Қазан, Уфа, Орынбор губернијаларын қамтитын тәуелсіз Еділ-Жайық штатын құру болды, бұл бастаманы көтергендер Садри Саксуди мен Газиз Исхаки еді.

1917 жылдың соңында Милли Меджлис (үлттық конгресс) Уфада штаттық және құрамында алты департаменті бар

Жайық-Еділ аймактың Ұлттық басшылығы құрылғанын жа-
рия етті. Бұл бастамаға башқұрлар, чуваштар, марийлер және
басқа осы аймакта тұратын халықтар оң қөзбен қарады.

Алайда лениндік большевиктер үкіметі ұлттық қозғалыс-
ты таратып жіберді, жетекші тұлғаларын тұтқындалап, баспа-
ханасын тәркіледі.

Сол мезгілде Мулланур Вахитов пен Мирсаид Султан-
Галиешекара аумағы Еділ-Жайықпен сай келетін Татар-
Башқұрт республикасын құруға талаптанады.

Бірақ Кеңес үкіметі ананың да, мынаның да жүзеге асуы-
на жол бермеді. Оның үстіне ұлттық қозғалыс жетекшілері
арасында да бірлік болмады.

Сондыктан Заки Валидов (Валиди) Кіші Башкирия құруға
мұрындық болып, Кеңестік Россиямен шарт жасады.

Кеңікпей Россия картасында жер көлемі мен елдік құқы
бойынша тым тапшы пішілген Татар автономиялық респуб-
ликасы да пайда болды — Кремль одан артыққа рұқсат етпеді,
ұлттық мәселе таптық мәселеге тәуелді болып шықты.

Сталиннің республикаларды автономиялық немесе одақ-
тық деген түрпатта бөлуіне қарсы шыққан М. Султан-Галиев
артынан НКВД капасында корлықпен өлді, М. Вахитовты ақ
чехтар атып кетті.

Қозғалыстың өзге жетекшілері Г. Исхаки, Юсуф Ақчура,
С. Масуди және ұлттық майданды бөлшектеген З. Валиди де
елінен Түркияға кетуге мәжбүрленді.

Алғаш рет тарихи шындықты таза күйінде ашып көрсет-
кен Қазанның аса көрнекті тарихшысы М. Худяков 1936
жылы Ленинградтың саяси түрмесінде атылды.

Басқа ірі тарихшылар, академиктер В. Бартольд, М. Поп-
ковский, тарихшы әрі археолог М. Артомонов, оның окушы-
сы атақты Л. Гумилев өз өмірлерінде ересен енбектері баға-
ланбай өтті.

Сталин дәүірінің ұзакқа созылған зұлматы, оның ішінде
бұратана ұлттарды алалау іс жүзінде қазан татарларының әр
отбасына әсерін тигізді. Осы бір лағнет дәүір империя тұрғын-
дары негізгі көпшілігінің, әсіресе, аз халықтар өкілдерінің
жан дүниесіне жазылмастай жара салып кетті...

Ал, одан кейінгі кеңестік кезеңде республикалар басшыла-
ры тарапынан өз елдерінің құқы мен статусы туралы ешбір,
тіпті, әлжуаз да әрекет жасалған жок, Москваға керегі де сол
еді.

Россия империясы құрамында үш жұз елу жылдан астам болғанда орыс дворян монархиясы мен православие шіркеуінің шекіз үстемдігі дәуірін, сосын орыстандыру саясатының сұрқия жоспары мен өлкенін негізгі халқын үлттық тұргыдан езіп-жаншу кезеңін бастап кешкеніне қарамастан қазан татарлары өздерінің тілін, дінін, мәдениетін, тектік мінезін, салтын, дәстүрін, өзіндік ерекшеліктері мен халықтығын сактауымен, өзге халықтарға араласа жойылып кетпеуімен қатар, Еуропадағы, Азиядағы мемлекеттермен мәдени карым-қатынасын жалғастыра берді.

1990 жылдың 30 тамызындаған “Мемлекеттік өзеріктілік Декларациясы” жарияланған соң қазан-татарлары халқының жаңа өрлеу дәуірі басталды, Республика таңдаған жолдың дүрыстығы 1992 жылғы 21 наурызда өткізілген жалпыелдік референдумда тексеріліп, онда халықтың қолдауын тапты.

Бұл бағыттың занды корытындысы 1994 жылы Россия Федерациясымен арадағы келісім-шарттың бекітілуі еді.

КСРО ыдыраған кезде өзінен-өзі тәуелсіздікке ие болған бұрынғы одактық республикаларға қарағанда осы беталыс Татарстан үшін шын мәніндегі тәуелсіздік пен дербестік алуға апаратын жолдың басы болса керек.

Елдің алдында асуладар бар, жол солай бастап барады...

Әрине бұлар осы заманғы оқиғалар. Енді тағы да екінші мынжылдықтың орга тұсына оралайық.

ЕДІЛ БУЛГАРЛАРЫНЫҢ “ФАЙЫП БОЛУЫ”

Орта ғасырлар оқиғаларына оралар болсақ мен Германияда сол заманын Еуропалық картасымен танысқанымды айта кетуім керек. Онда Франция, Швеция, Польша корольдіктері, Литва, Москва княздіктері, Новгород Республикасы, Алтын Орда хандығы мемлекеттерімен қатар REICH der BULGAREN (Булгария империясы немесе хандығы) елі де бар, орталығы Қазан қаласы деп көрсетілген (“1400 жылға дейінгі ортағасырлық еуропа картасы”).

Сол картада монгол шапқыншылығынан кейін де басқа Еуропа елдері сиякты Москва да, Алтын Орда да, Булгария да әрқайсысы мүлде дербес берілген.

Ал XVI ғасыр басындағы Еуропа карталарында қазанға қарасты жерлер бұрынғысынша “Bulgaria Magna” немесе ұлы Булгария деп аталағы тұр.

Елеулі уақыт өткен соң 1657 жылғы Еуропа картасында, яғни XVII ғасырдың орта шамасында да “Cazan Region Bulgaria”, “Russia”, “Moskovia” деп айырып көрсетілген, ал татар-монгол жері “TARTARIA PAPS” деп аталыпты.

Сөйтеп тұра кеңестік кездегі тарих карталары мен оқулықтарда Еділ бойында, Россияның қакортасында Булгария атты мемлекетті таптайсыз. Ал, егер әлдебір картада көрініп қалса ол ел қалай пайда болды, қайда жоғалды деген түсінік те берілмейді. Тек кана әркім оқи алмайтын арнаулы әнциклопедиялық әдебиеттерде мәлімет беріледі, онысының өзі айтылуы келте, айтпағы мардымсыз.

Тіпті осы кезге дейін Москвадан шығатын көркем әдебиет басылымдары мен кинофильмдерде мың жылдық тарихы, мәдениеті, ағартушылығы бар қазан татарларының өткені бұрынғы көзқарастан айнымай тұрпайы етіп көрсетіледі...

Оз заманының дамыған, өркениетті мемлекеті мен оның халқы – булгарлар қайда кетті сонда? Қарасаныз сол дәүірде мемлекеттің де болмаған олардың көршілері толассыз өзара қырқыстар, соғыстар, бүліншіліктер, індептер, шапқыншылықтар сиякты тағдырдың талай талқысына қарамай қазір атын сақтап қана қоймай тәп-тоуір дәурен сүріп отыр. Башқұрларды, чуваштарды, мордваларды, комилерді, финндерді, венгрлерді жөне басқаларды, орыстардың өзін де соған жатқызуға болады...

Бір халық түгелдей өзгеге сініп кетуі немесе басқа халықтың оны тұтастай жалмап жіберуі мүмкін емес. Сонда не болған өзі?

Сол орыстың тарихшысы Н. Карамзиннің өзі “халықтар аспаннан түсे қалмайды, оларды жер жұта алмайды” деп еді ғой (М. Аджи).

Олай болса Қытаймен іргелес Бөрі-нор көлінің маңайында, Кэрulen өзенінің су айрығында, Гоби тақыр таулы шілінің терістігі мен терістік-салығысында көшіп жүретін “нағыз” монгол-татарлармен еш байланысы жоқ булгарларға, басқа да халықтарға “татар” атауы неге тағылды? Монгол мен булгар нәсілдері өзге, діндері басқа, тілдері әртүрлі халықтар емес пе?

Ол аз десеніз жоғарыракта айтылғандай Еділ булгарлары X ғасырда-ақ исламды қабылдады, ол кезде монгол-татарлар мәжусилер болатын, ал қазір монголдардың дені бүткә табынады.

Бату-хан-мәжуси, онын ұлы Сартақ-христиан еді, ал Берке хан дінділігін үлті еткендей мұсылман болды. Дін атаулыны алаламаған сол Берке хан Сарайда православие епископтығын ашуды сұраған жәдігөй жалбарынуына рұқсат етіп еді фой.

Осы заманғы тарихка тазартылған көзқарас бойынша күмәнді, асылы белгілі бір саяси мақсатпен ойдан шығарылған “монгол-татар езгісі” дейтін төуелді кезенге қарамастан монголдар славян-орыстарды өтіп кеткен мәжусилік сатыға кайта өкелмегенін, бұтқа табынуға да зорламағанын, булгарлар исламды қабылдауға да қинамағанын, кейін қүшіне мастанған Россия сияқтанып ешкімнің сеніміне тиіспегенін неге ескермеске?

Тіпті тап осы жылдары орыс халқында православие діні бекі түсті, оған монгол басқыншылар қырын қараған жок.

Сондай-ақ Русьтің мемлекеттігі, қалаар мен княздіктердің шекаралық шептері де сақталып тұрды. Оларда қолөнердің дамуы, қала құрылышы тоқтап қалмады. Ақиқатын айтар болсақ беліне қайқы қылыш байлаған Жошының 9 салт аттылары 6 миллион славян-орыстарды аударып-төнкере алmas еді.

Сонда аты өткір “құлдық, езгі” сөздерінің мәні не болғаны?

Таза тарих танытып отырғандай онын мәні - әрбір бөлек княздіктен алынатын 10 пайыз салық екен және оны орыс княздері өзі төлемей, өз халқынан жинап, орда хандарына жәдігөйлікпен жеткізіп беруі екен.

Бас көтертпес күш қолында тұрғанның өзінде орда билеушілерінің өкімімен Руссте шіркеулер мен мектептерді жаптыру, орыстарды зорлап Исламға иландыру, түркі-татар тілінде ғана сөйлету болған жоқ, бұл жағынан олардың өз еркі өзінде болды.

Онын үстіне шіркеулер алым-салық атаулыдан босатылды. Езіл-жаншу деп жүргендері осы ма? Олай болса артынан өздері басып алған жерлерде орыстар жасаған қияңқылықтар мен қысымдарды, сенім мен ұждан үшін қудалау мен қыруды қандай сөзбен атаймыз?....

Мысалы XIV ғасырларда “басурмандарды” (мұсылмандарды) – Еділ булгарлары мен басқа да түркі халықтарын православиеге қүштеп кіргізу фактілері болғанын тарихтан ешкім өшіре алмайды.

Жана басқыншы — орыс патшалығының бұрынғы орда хандықтары орналасқан аумакта қелешек империяның, казірге дейін өмір сүріп отырған өктем елдің, ірге тасын қалай бастаудағы отарлау саясаты осылай жүргізілді.

ТҮРКІ ТІЛДІ КАМАЛАЙҚТАР МЕН БУЛГАР-ҚАЗАНДЫҚТАРҒА ҚАТЫСТЫ “ТАТАРЛАР” ЭТНОАТАУЫНЫҢ ШЫҒУЫ

Тұрлі жазба мұралардан көрініп тұрғанында “татарлар” этноатауының кең тарапалуы монгол-татар жаугершілігімен байланысты, осы дәүірде Шығыс және Батыс Еуропада барлық түркі тілді тайпалар мен хандықтарды атау басталады.

Соның өзінде монголдар мен татарлар мұлде әртүрлі тектер екенін атап көрсету керек.

Татарлардың араласу аумағын жоғарыда айтқанбыз, ал, монголдар кейбір жорамалдарда олардан гөрі солтүстік-батыска таман, Онон мен Орхон өзендері аймағында көшіп жүрген делінеді. Егер татарлар аласа бойлы, жалпақ бетті, жапырақ шашты, сақалды келеді.

Татарлар Пекин императорымен одактас, көршілес көшпендейлер арасында мерейі ұstem, жауынгер тайпа екен.

Ал монголдар болса саны өскен сайын чурчжендер мен татарларға тәуелділіктен құтылуға тырысты.

Темуджин немесе әлемді тітірентуші Шыңғыс-хан өз ұлысының жағдайын нығайтып алған соң барлық монголдарға (этноатаудың кең мағынасында) оның ішінде ең күштілері — татарларға, керейттерге, наймандарға билігін жүргізу үшін бітіспес курес бастады. Ол ең алдымен монголдар ұдайы катты соғысатын, кезінде өзінің әкесі Есугай — баатур мен туысы Амбағай-ханды өлтірген татарларға қаһарын тікти.

1202 жылғы керейттердің, чурчжендердің және монголдардың татарларға қарсы біріккен жорығынан кейін Шыңғыс-хан әбден әзірленіп алғып татарларды талқаңдай женді, косемдерінің басын кесіп қана қоймай бүкіл татарларды қырғынға ұшыратты.

1247-1318 жылдары өмір сүрген парсы ғалымы және монгол Ильхандарының уәзірі Рашид-Диннің (осы және кейінгі үзінділер Е. Кычановтың аудармаларынан алынды) осы оқиға туралы жазбаларында Шыңғыс-хан татарларды

“аталары мен әкелерінің кегі үшін қылыштың жұзімен ешбірін тірі қалдырмады... әйелдер мен жас балаларды да кескіледі,.. оларды арбаның биқтігіне теңестіріп қойып шапты...”

Сейтіп, XIII ғасырдың басында-ак монголдар мәртебесі шарықтамай тұрганның өзінде барлық монголдарға атын берген татар тайпасы мерте болды, Еуропаға лап берген әскер құрамында шын татарлар өте аз болды.

Оны европалықтар жақсы білді, сондықтан Гильом де Рубрук бұл туралы былай деп жазды:

“Шынғыс хан барлық жерде аман қалған Татарларды алға салып отырды, осыдан келіп олардың аты жойылып кетті, себебі барлық жерде “Татарлар келіп қалды” деп айқай-сүрен салынды.

Бірақ жсі соғыстарда олар қырылып таусылды.

Ал, моалдар (монголдар) енді олардың аты аталауын мұлде жойып, өздерінің атағын асырғысы келді.”

Осы этноатаудың сакталып қалу сырын Рашид-ад-Диннің түсіндірмесіндегі мына жазудан топшылауға болғандай :

“...өздерінің ішінде (татарлардың) жауластыққа қарамай олар өте ерте кезден үзак уақыт бойы көптеген тайпаларды, өлкелерді бағындыруыштар мен билеушілер болды, өздерінің қуаттылығымен, алғырлығымен, өзгелерге құрметтілігімен ерекшеленіп тұрды”.

“Олардың аса асқақтығы мен төтение құрметтілігі сондай – басқа ру-тайпалар беделдері мен атаулары әртүрлі болса да сыртқа солардың атымен белгілі болды, яғни оларға да татарлар деп қарады.

Тіпті сол оралуан ру-тайпалар өздерін татарлар деп карағанға, солардың атымен атағанға марқайып, мәртебеленіп жүрді”.

Кейбір зерттеушілердің бағамдауы бойынша татарларды құртып жібергенімен монголлардың өзі олардың тілін сактап және өз тілі ретінде қабылдап қалды, себебі монголлардың барлық жақын көршілері еларалық байланыстың ортак қуравы болып алған татарлардың тілінде сөйлейтін еді.

Міне, сондықтан кейінгі ортағасырлық саяхатшылар мен тарихшылар татар мен монгол атауын синоним сөздер деп қабыллады, татар мен монгол атауын бір деп түсінді және солай түсіндірді.

“Монгол-татарлар” деген сөз тіркесін алғаш рет ортағасырлық армян тарихшылары қолданды, ал орыстар оны XIX ғасырдың басында ғана ауызға алды.

Монгол басқыншылығының ең бастапқы шағында олар бағындырған, мемлекеттеріне біріктірген Ежелгі Руслан шығысқа қарайғы барлық түркі тілді тайпалар татарлар деп атала бастады. Ұлы Дала талқандалғаннан кейінгі шығыс жылнамаларында Ежелгі Руслан те Татария деп аталатын болды.

Уақыт өте келе, әсіресе, орда хандықтары ыдыраған соң бұл сөздің мағынасы тарыла түсті. Ол тек бұрынғы Алтын Орда аумағында қалған түркі тілдерді білдіретін болды, себебі ондағы феодалдар мен әскери аксүйектер өздерін татарлар, мемлекеттерін татардікі деп атады. (М. Закиев).

Алтын Орданың өзі кейде түркі-монгол, біресе түркі-татар мемлекеті аталды.

Түркі дейтін себебі – халқының негізгі құрамы түркілер, қыпшақтар. Татар дейтін себебі – кейбір жорамалда Шығыс хан анасы жағынан монголдың қара татар руы.

Сөйтіп хандар әuletінің және олардың маңындағы аксүйектердін атауы Алтын Орда халқының да атауына айналды.

Россия тарихшысы Н. И. Воробьев өзінің “Қазан татарларының материалдық мәдениеті” атты белгілі еңбегінде былай деп жазады:

“Еділ-Кама өлкесінің түрғындарын татарлар деп атаяу (орыстар тарапынан Алтын Орда түрғындарының реңі атауы) орыстарда Қазан хандығы үйымдаған соң және осы хандық орыстармен соғыстарда жарқын женістерге жеткеннен кейін ғана қолданыла бастады, себебі қазан татарлары (яғни булгарлар) өздерінің айбынымен Алтын Орданы көлөгейлеп тастады, сондықтан орыстардың Алтын Ордаға деген бұрынғы көзқарасы қазан хандығы мен оның түрғындарына қарай ауысты.

Сол жақта тұратын финндер қазандықтарды татарлар емес, бұрынғыша “болгарлар” деп атайды.

Қазан татарларының осы күнге дейін көгал черемистері (мариилер) “суас”, вояқтар “бигер” яғни “болгар” дейді.

Олар өздерін ешқашан татар деп атаған жоқ, керісінше қазан татарлары (булгарлар) бұл атауды өздерін жәбірлеуші сөз деп қабылдайды.” (Г. Исхаки)

Сонымен XIII-XIV ғасырларда Алтын Орлада орын алған күрделі тектік қатынастар нәтижесінде мемлекетте саны басым болған түрік-қыпшақтар барлық басқа түркі-монгол тайпаларын өздеріне сініріп алды. Алайда, европалықтар, орыстар және кейбір ірі азия халықтары Алтын Орда тұрғындарын “татарлар” деп атағандыктan олардың өздеріне де осы атау бекі берді.

Алтын Орда ыдыраған соң пайда болған татар хандықтарының негізінен ордалық қыпшақ-ноғайлардан тұратын феодалдары мен өскери жоғары лауазымдары да өздерін татарлар деді.

Хандықтар құлағаннан кейін ғана бұл термин біртіндеп қарапайым халыққа тарады. Бұрынғы орда хандықтары тұрғындарының бөрін өзіне бағындырған соң “татарлар” деп атаи кеткен орыстардың түсінігі де осыған осер етті.

Дегенмен осы этноаттау киындықпен тұрақталды, себебі ол ұзақ жылдар бойы жағымсыз мән білдіріп келген болатын. (Д. М. Исхаков).

Сонымен қатар Қазан хандығының тұрғындары туралы орыстың Никонлық жылнамасы, тінді, 1530 жылдың өзінде, яғни XVI ғасырдың орта түсінде оларды дара мағынада булгарлар дейлі:

“...және олар қазір Қазандықтар деп те айтылады”.

Бұрынғы Қазан хандығының тұрғындары – еділдік булгарлар мен қазандықтарға “татарлар” атауы тек XIX ғасырдың екінші жартысында ғана бекі бастады, себебі осы кезден бастап патша үкіметті орындары еділ немесе қазан татарлары деген атауға түпкілікті токталды.

Бұл атаудың ресми енгізілуі бұдан бұрын да, кейін де емес. Оны біреулер мойындаі ма, жоқ па мейлі – нақты тарихи факт осындай.

Осы кездерде жалпы көне түркі тілі татар тілі деген атка ие болды, ал, біраз мезгілден соң татар (яғни түркі) тілінің өзіндік ерекшеліктері бар қазандық бұтағы дербес тіл деп танылды.

Қазан татарлары тілінің ерекшелігі туралы айтқанда мынаны ескеру керек.

XIII ғасырдың сонында XVI ғасырдың басында Алтын Орда қалаларында ортақ әдеби тіл қалыптасты. Оның негізі да қыпшақтарының тілі болды. Монгол тілімен, басқа да тілдермен қатар ол Алтын Орданың мемлекеттік өмірінде

кеңінен қолданыс тапты, әсіресе, осы империяның шеткі аймактары болып табылатын, орасан зор қыпшақ әлемінің құрамдас бөліктегі Еділ Булгариясымен, Башкириямен, Кагны-Тарханмен (Астрахань) байланыстын бірден-бір құралы болды.

Мемлекет ішіндегі негізгі тіл діни құдайға құлшылық етудін, салттарды атқарудың да тілі, конфессиялық окуорындары – мектептер мен медреселердің де тілі болатыны белгілі.

Тарихи жағдайлардың қалыптасуына қарай ежелгі Еділ Булгариясының тұрғындары тектік тұрғыдан негізінен булгарлар бола отырып, этно-лингвистикалық (тілдік) тұрғыдан барған сайын қыпшақ тіліне ауыса берді.

Өзіміз билетін мысалдармен айтсақ мұның өзі Кеңес Одағы кезінде 1930-80 жылдары қазан татарларының елеулі бөлігі орыстаннып кетуіне соқтырған әдейі нысаналы саясат сиякты болды (Г. Сабирзянов).

Жоғарыда айтылған жағдайлардың нәтижесінде 1926 жылғы халық санағы бойынша бұрынғы Еділ мен Кама булгар-қазандықтардың яғни казіргі қазан татарларының дені өздерін татарлармыз деп санайтын болыпты.

Еділ булгарлары патша тұсында өздерінің тарихи атауын жойып алса, кеңестік кезеңде сол империяның мұлдесі үшін X ғасырдан 1927 жылға дейін халқына қызмет еткен араб жазуынан да қол үзді, яғни мың жылдық мұрасынан айрылды.

Араб жазуы мен алфавит әуесі латын әріптерімен ауыстырылды, кейін 1939-40 жылдары татар тілінің кейбір дыбыстарын таңбалайтын 6 әріп қосып орыс жазуының негізі – кириллицаға көшірілді. Осы құйтырқы құлықтың астары артынан білініп – татар тілі қала мектептерінен сарқа қағыла берді.

Империя көзделген мақсатына жетті – тарихи біртұтас халықтың ұрпактар сабактастыры, дәуірлер байланысы үзілді.

Татарлардың мәдениеті мен дінін кудалаудың өкінішті нәтижесі туралы бір ғана мысал келтірейік. Осы күні 8 миллионнан астам татарлардың 4 миллионнан астамы ана тілінде сөйлемейді. 6 миллионы тарихи отанынан тыскары тұратындықтан өз халқының мың жылдық мәдени дәстүрлерінен бейхабар.

Бір жағынан татар атаулы халықтың саны да дудамал, себебі осы этноатауға басқа түркітілес халықтар да кіріп кеткен.

Мәселен, кезіндегі халық санағы мәліметтері бойынша 1917 жылға дейін Россияда 196 түрлі ұлт болған, қазір олардың саны 100 деп есептеледі, жоғарғы биліктін нұсқауымен олардың көбі орында айналған, кейбіреулері татарлар деп қаралады.

Кеңестік заманда бұл халықтар жер бетінен мұлде жойылып кетті дегенге кім сенеді?..

**ТАҒЫДА “МОНГОЛ-ТАТАР ЕЗГІСІ”,
КУЛИКОВО ШАЙҚАСЫ, РОССИЯ ТАРИХЫ
ЕСТЕН ШЫҒАРҒАН БАСҚА ДА КЕЙБІР ФАКТИЛЕР
ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОСЫ ҚАЗАН ТАТАРЛАРЫ ДЕГЕНДЕР
ТҮПТЕП КЕЛГЕНДЕ КІМДЕР ӨЗІ ДЕЙТІН
СҮРАҚ ТӨҢІРЕГІНДЕ**

Бір халықтың көп ғасырлық тарихы мен дәстүрлерін адамзат шежіресінен сызып тастау жұмсағыштың айтқанда – киянаткерлік, ал, онысын мойындамау немесе тоқталмайтындықпен оған назар аудармағансу, ештеңе болмағандай карау тек көргенсіздерге, ұлы державалық ұлтшылдық пен жаған отаништың сүйегіне дейін сіңіп кеткен адамдарға тон.

Осы пікірді айтуыма біздін замандасымыз, тарих ғылымдарының докторы В. Кучкиннің “Езгідегі русь: ол қалай болып еді?” атты кітапшасы себеп болды, онда мен мұлде келісе алмайтын мыналадай сөздер дәлме-дәл жазылыпты:

“Хуғасырда жана халық –татарлар пайда болды” депті.

Татарлар бұл жакқа монголдармен бірге келген, оған дейін осында әлде бір Еділ Булгариясы болған көрінеді дегендерді мойындаі отырып, одан әрі түрлі тарихи фактілерді еркінше құбылтқан автор басты сұрақ – сол Булгария қайдан шықты, озінің бүкіл өркениетімен бірге қайда жойылып кетті деген мәселе төңірегінде жұмған аузын ашпайды.

Түркі тегімен қан араласу арқасында дүниеге келген олемдік аты бар адамлар Чаадаев пен Бердяевтің, Аксаков пен Тургеневтің, Салтыков-Шедрин мен Римский-Корсаковтың, Рахманиновтың, Келдыштардың, Ахматованың туы

төркінін мойындағы отырып, ол ресми түрғыдан әлгі тұлғалар әрқашан “ұлы орыс адамдары аталауды?”.. деген сұрактан жалтарып кетеді.

Оның ой топшылаулары бойынша жаңа халықтың пайда болуы туралы автордың келген қорытындысы — негізінен түрлі түркі халықтарынан тұратын Алтын Ордада солардың сапырылышынан бұрын жоқ халық (татарлар) пайда болыпты-мыс.

Оның үстіне ол мынадай түйін жасайды: Қазан мен Қырым татарларының бір-бірінен айырмасы Україндықтар мен Белорусстар сиякты-мыс.

Бұл халықтардың айырмасы бәлкім болар немесе болмасы, бірақ ол туралы ақиқатты өзге біреу ағалық етіп, тек соның аузындағы шындық болып емес, өздері айыруға тиіс.

Сол секілді халықтың шын тарихы мен тұқым-тегі туралы да сыртқы біреу әлденелерді ойдан қосып немесе бөтеннің саяси, ұлттық, экономикалық мұддесі, жеке мархабаты үшін баяндап бермей, сол халықтың өзі айтуға тиіс.

Егер осы тақырыпка қатысты түрлі әдебиеттерді оку кезінде тап болатын барлық дәлелдер мен ұстанымларға қарапайым комактасақ – екі жұз жылдан астам монгол-татарлардың қолы астында болғандықтан булгарлар татарга “айналып кетіпті” деген түйінге тірелеміз.

Солар сиякты аяқасты “денгейге” дейін томендемесек те, жоғарыда айтылғандаға байланысты сол “ғылым қайраткерлерінің” үғымы мен сөз саптауына қырысығы сай ой толғауға тұра келеді:

Ендеше екі жұз жылдан астам сол монгол-татарлардың билігіне бағынған, тіпті, “еңгісі мен тенкісіне” түскен славян-орыс халқын еңі не деп өзгергіп атауымыз керек, соны айта көрініші, жарқыным?...

Немесе әлгі теория бойынша монгол еркегі мен православилік орыс әйелі төсектес болуынан жарық дүниеге православилік орыс жаратылды деп карайық па?

Егер оған келіспейтін болсаныз тап сол монгол мен мұсылман булгар әйел жақынласса неге тек қана мұсылман-татар тууға тиіс?

Мәссаған, ол аз десеніз, кәдімгідей әдеттегі орыс пен түрік-булгардың немесе татардың аралас некесінен тек орыс қана туатын көрінеді...

Міне, осының бәрі өлті “еңгінің” кезінде оғын алғаның ескерініз...

Бір қызығы ұлыдер жауалық орыс тарихшыларының осы бір ғаламдық теориясы тек казан татарларына ғана қолданылады. Ол теориясы булгар-қазандықтарға болмаса өздерінің славян-рустарына немесе Россияға өз еркімен косылғандарға катысы жоқ сияқты.

Әрине, үзак жылдар бірге өмір сүргенде ұлтардың араласуы мен үрпактың шаталынуы, бір-біріне жақын халықтардың бірігін кетуі болатынын ешкім жокқа шығармайды, мұндай табиғи жағдайлар казір де жүріт жатыр. Бірақ түркі-булгардың монғолмен араласуы нәтижесінде соңғысынан мұлде басқа, ал түрі, тілі, діні, барлық салт-достүрі алдыңғысына толық сай келетін үшінші бір халық шыға келетіндей өрекел өзгеріс пайда болуы мүмкін бе?

Сөйтеп тұра осы олкедегі өзге халықтардың араласуынан ештеңе өзгермейтіні қалай? Әлгіндей әумесерлікті ойлап табу, тіпті соны аузы көпірленше даурығып дәлелдеуге тырысу қайран қалдырады.

Империя өмір сүрген барлық ғасырлар бойына осындай “кайраткердердің” қолымен тарих жасалып, олар өз иелерінің тапсырматарын орындағаны үшін ғылыми дәрежелер мен күрметті атақтар, жоғары лауазымдар алып келді...

Шындығында мәселенін мәні “булгарлар” мен “қазандықтар” атауларының орнына жаулық танытып тұратын “татарлар” созін ауыстыруда еді. Ол өздеріне адам жарап-алы тиісті емес жерлерді отарлаған әрекетін актау үшін монғолдан кейінгі басқыншы орыс патшалығының қолдан жасаған жапсырма жамауы болатын. Әйтпесе сол монғолдардың немесе татарлардың өзара араласудан әрқайсысының табиғи антропологиялық түр-сипаттары тіпті танымастай өзгеріп кетуі мүмкін емес!

Мысалы Плано Карини монғол-татарлардың арасында болғанда олардың сыртқы түрін былайша сипаттағы:

“Олардың түр-олшетінде әрекешелік бар... Атап айтканда көздері мен беттерінің арасы алишак, беттері жағынан бұдырая сыртқа төуіп тұрады, мұрындары тегістеу жоне шағындау, көздері кішкентай, кірпіктері қастарына дейін көтерінкі”.

Басқаша айтқанда олті тарих ғылымының докторы өз кітабында көлтіргендер мен мына татарларды салыстырғанда

қазан татарларына еш ұқсастық таптай тұрмын. Себебі әңгіме адамдардың мүлде басқа антропологиялық түрі мен басқа нәсілдердің өкілдері туралы болып отыр.

Сол заманың тағы бір көрнекті адам, Темірланның өмірбаянын жазу үшін материалдар жинау максатында Алтын Ордаға келген, біздін ата-бабаларымызды сипаттап берген, Түрік сұлтаны Мұхамед I хатшысы, ХУ ғасырлық араб тарихшысы өрі әдебиетшісі Ибн-Арабшахтың жазбасы да соған дәлел бола алады.

“Олардың адамдары-нағыз ерлер (мақтаулы мағынасында), жауынгерлері таңдаулы мергендер. Тілдерді – ең шешен түркілер, өмірі – ең дұрыс дінділер, бойы – ең сымбаттылар, көркі – ең ажарлылар..” (Р. Фархутдинов)

Л. Н. Гумилевтің айтуынша: өркайсысы өзінің экологиялық орнын тапқан жағдайдағы бір өлкеде екі немесе одан да көп этностардың қатар өмір сүруі (мысалы славян-рустар, булгар-казандықтар, қыпшактар және монғолдар) – жыныстық туралы немесе бір экологиялық ғана соз етуге болады.

Озінің сұхбаттарының бірінде Лев Николаевич Гумилев былай деді:

“Әлдебір халықпен жыныстық катынас арқылы бірігіп кету – ақылға сыймайды. Адамдар тәннің тәмененгі тұсымен емес, басымен ойлат, жүргегімен сезінеді...”

Осы заманғы Татарстан аумағында тұратын татарлардың ата-тегі: біріншіден – кама булгарлары, екіншіден – осында келген қыпшактар, үшіншіден – орыс славяндарын да қосуға болады.

Яғни бұл этнос (басқалар да солай) озінің табиғи тегі мен тарихы жағынан аралас. Оның мұсылмандары – Кама булгарлары деп, православиеліктері – орыстар деп аталған...”

Әрине бұл пікір накты жағдайла даусыз дөл бола бермейді, алайда негізінде шындықтын тұғыры да жоқ емес.

Біз айтып отырған халық бойынша оның негізгі өзегі булгарлар, содан кейін ғана қыпшактар болып табылады.

Еділ-Кама булгарларының қыпшактануын, яғни қазан татарларының булгар-қыпшактық төркінін сөз еткенде бұл құбылыс бір-бірінен ешбір боліп алуға болмайтын тектік құрамға – мешерлерге, титярларға, крищендерге де ортак екенін ескеру керек. Олар осы құні қазан татарлары деген бірегей атауды құрайтын біртұастық.

Бұған дейін айтылып өткен булгарлардың Руське кетуі және басқа байланыстар болып тұрса да түрік-татар мен славян-орыс катынастары ғылыми әдебиетте әлі күнге жеткілкті зерттелген жок, жарық түспеген тұстары бар. Тарихи фактілердің бұлжытпай куәлік етуі бойынша славян-орыс халқы өзінің қалыптасу кезінен бастап бүкіл орта ғасырлық тарихының өне бойында түркі тілдес халықтармен тек мемлекеттік саясат деңгейінде ғана емес, қарапайым адамдардың аралас-құраласы түрінде де өте тығыз байланыста болғаны даусыз.

Окінішке орай оларды X ғасырдан кейін діндер айыра бастады, дәлірек айтқанда діни идеологиялардың қарсы тұруы айқындала түсті. Ал, 1460 жылдың сонынан бастап орыс княздерінің қазан хандығын бағындыруға, артынан көзін жоюға бағытталған басқыншылық саясаты одан өрі асқындырды. Ұлы орыстық шовинизм, ұлтаралық араздықты татарларға деген жеккөрінішті қоздыру идеологиясы да осы кезден басталады.

Алаїда, бұл қиянқылық өршігеннің өзінде олардың жария қылмай-ақ өзара шаруашылық және саяси тәжірибелерін игерісуіне, сөздік қорымен, әдеттерімен, ғұрыптарымен, дағыларымен, адамгершілік ұстанымдарымен бірін-бірі байыта түсіне бөгет бола алмады.

“Езгі” дегенге де шындық тұрғысынан, ұстамдылықпен және ашық қөзben, Россия үкіметтерінің билеп-төстеу идеологиясының ынғайына тарихи фактілерді икемдемей, бәрін болған қалпынла карау керек. Ол дегенініз Рұсь пен Орда арасындағы келісімшілік бойынша монголдар бағындырған барлық орыс жерлерінен салыктар жинауға өкілет алу мен осы міндетті Орданы жоктатпай асыра орындау арқылы аукаттанып әрі қүшейіп алған Московияның кері қарсыласуы екенін түсініп алу дұрыс.

Осы бір “езгі” дегенді елеурен айтатынлар алдымен Рұсь ешқашан Алтын Орданың мемлекеттік құрамына кірмегенін еске түсіріп алса екен. Орыс княздіктерінің Ордаға тек салық төлейтін ғана міндеткерлігі болды, ал, кейінгі қолдан жасалғандарға емес, сол замандағы тарихи карталар мен жазба құжаттарға сенетін болсак саяси тәуелділігі сыртқы көрініс қана.

Русьте саясат, экономика, дін шығыстан Орданың, батыстан католик елдерінің ықпалын сезінсе де кезегімен, яғни өз еркімен жүріп жатты.

Сонымен катаң зор аумакты алғып жатырған Алтын Орда-ның өзі де ішкі қайсылықтарымен, қисапсыз Шыңғыс үрпактары арасындағы билік үшін тартыспен жүркүнин, ақыры Ақ Орда мен Қек Орда болып кетуге дейін барғанын да ескеру керек. Билікке таластың толассыз болғаны сондай – тек бір жылдың ішінде тақта алты хан ауысқан кездер де етті.

Осының борі Алтын Орданың олсіреуіне, ыдырауына соқтырды. Әуелі Алтын Орда, одан кейін қарай Москва Русі, орыс патшалығы, Россия империясы, Кеңес Одағы, қазір Россия Федерациясы – осының борі монгол-татар жаулаш алуынан басталған бір тізбектің буындары екені Россия тарихшыларынан басқа бүкіл әлем ғылымы мен тарихы мойындаған ақиқат.

Егер тарихи шындыққа жүтінер болсақ Орданың аталаған мұрагерлері сол географиялық және ұлттық демографиялық кеңістікте шыңғыс үрпактарының дәстүрін одан орі жалғастырған орыс-татар жиынтығы негізінде пайда болды.

Оның тұғыры – славян және түркі халықтарының бірлігі.

Москвандың болашақ басымлығының бастауы Куликово шайқасы (1380) болғаны рас, бірақ ол бізге үйретілгендей империя тарихшыларының баяндауы түрінде емес басқа жағдайда болған оқиға. Себебі олар жасырын тастаған нағыз шындықтың өзі басқаша болатын.

Әйтепер бір жаксысы осы оқиғаға қатысқан басқалардың дөн мен кебекті айырып алуға комектесетін қуоліктері сакталған. Қайтерсін, бізге енді ғана беті ашильни жатырған талай шындық дүние жүзіне баяғыдан-ақ белгілі көрінеді.

Ол шындық мынадай: 1380 жылы Орыс хан өлгеннен кейін әскербасы Мамай мен тікелей Шыңғыс тұқымынаң шыққан Токтамыс арасындағы Алтын Орда тағы үшін арналасып біріншісі – Едіт ханы Мамайды – Литва ұлы князі Ягайломен (оның венециялықтардан, генуялықтардан, қыпшақ-татарлардан, буртастардан, мордвалақтардан тұратын жалдамалы отрядтары күшті болатын), екіншісі – Токтамыс ханды – Москва-Владимир князі Дмитрий Донскоймен (себебі Орданың Шыңғыс үрпактары литвалақтарлын, швейцарлардың немістердің шабуылын тойтаратуға Руське әлденение рет комектескен болатын) олак болуға итермеледі.

Осы жолы Мамайдың басты көзделегені Москва еді.

Бұл орайда ресми ресей тарихынан “түсіп қалған” мынадай фактін еске алу керек: Ордамен стратегиялық одақ Алекс

сандр Невскийдің бұрынғы женістіктеріне жебеуші болған. Атап айтқанда ол Батыйдың ұлы Сартакиен анда бауыр болып, монғол астанасы Қаракорымға барып тағым еткен соңғана олардан өскери көмек алды, солардың күшімен бүлікпі Новгородты басты, Невада швейцерлерді, Чуд колінде немістерді жене алды.

XIII ғасырлың аяғында XVI ғасырдың бірінші жартысында өзара соғыса берген орыс княздері әрқайсысына көмек сұрап Ордаға жиі жалбарынғанын, ал Орда әр князға-біресе Москваға, бірде Рязаньға немесе Тверьге қолдау көрсеткенін де орыс тарихы ешкімнің есіне салынысы келмейді.

Орыс княздері әдетте Орда ханларының туыстарына үйленуге тырысуы да олар үшін маңызды мөселе еді. Мәселен Ростов және Белоозерск князі Глеб Васильевичтін христианды Федора деп ат берілген әйелі Сартактың қызы еді, 1317 жылы Москва князі Юрий Данилович Озбек ханның қарындасына үйленді т. б.

1380 жылы, яғни Куликово шайқасы болған тұстағы Руслан басты жауы санаған Орда емес, Литва екені де ескертетін жай.

Руслан біріккен ел болуына әлі көп мезгіл бар еді, ал, осы кезде православилік орыстарға қарсы Рим Папасы жариялаған екінші (1258) және үшінші (1262 ж) крест жорыктарында орыс княздіктері арқа сүйеген негізгі өскери одактас алтынордалықтар болды, яғни монғолдар, булгарлар, қыпшақтар, басқа да далағық түркілер литвалықтарды, Ливон немістерін талқанласты. Орыс тарихынан осы жайларды оқыған жоқсыз, орине. Дегенмен онтүстік-батыс, солтүстік-батыс орыс жерлері әлі де болса Литва ұлы княздеріне қарайтын және Ордаға салық төлең тұратын. Оның үстіне 1386 жылы Литва Смоленск княздігінің жерін басып алғанлықтан шекара Москвана тым таянып қалып еді.

Куликово шайқасына қайтып оралайық.

Тула түбіндегі шайқаста Мамай женілді.

Бұл шайқаста Сергей Радонежский батасын берген Дмитрий Донскойдың тасала ұстаған ұрымтал нолкі басты міндет атқарды, ал Ягайлло кешігін қалып, ұрыстың соңына ғана келді, бірақ бұл кезде тайталастың тағдыры шешілій қалған.

Сонымен бұл шайқас тек орыс пен монғолдың емес, бір монғол-қыпшақ-орыс өскерінің екінші бір монғол-қыпшақ-

литва-итальян-орыс әскерімен соғысы болды. Сөйтсе де екі жақтың да негізгі күші түркі-қыпшактар болатын.

Алайда, ен маңыздысы сол жеңістің ізінше емес, Куликово шайқасынан 150 жыл өткенде және орданың ішкі қақтығыстардан әлсіреуі мен ыдышрауы, Уградағы соғыссыз карсы тұрысу, одан кейінгі Русьті салық төлеуден босату оқиғалары артта қалған соң ғана Москвандың басқа орыс қалалары мен аз халықтардың жерлерін басып алуды, күшпен өзіне қаратуы мүмкін болды.

Ал, 1380 жылғы шайқастың иттихесі: Русь өз күштерін Москва төңірегіне тоңтастыру керегін түсінді, Токтамыс Еділ хандығын бағындырып Алтын Орданы біріктірді. Ол Астраханьды, сол жылдың күзінде Сарайды алды. 1382 жылы Токтамыс Еділ булгарлары әскерінің және тағы да төменгі Новгород князі Дмитрийдің, Рязань князі Олегтің отрядтары көмегімен өзінің бұрынғы одактасы Дмитрий Донскойды талқандай женіп Москванды алды, ол Алтын Ордага қайтадан салық төлеп тұратын етті.

Арада 10 жыл өткен соң 1392 жылы ғана Токтамыс Темірмен соғыска каржы қажеттігінен келесі Москва князі Василий I-ге төменгі Новгород, Муром, Таруса, Мещера сияқты орыстың өз қалаларын биледі, өзіне сатып берді.

Мамай болса Куликово шайқасынан кейін Литваға қашты, одан Кафа (қазіргі Федосия) қаласындағы генуялықтарға барды, сонда ұсталып, өлтіріллі.

Мамай үрпактарының одан кейінгі тағдыры, тіпті, қызық. Оның ұлы Мансур Литваңда қалған, оның ұлы мамай ханның немересі славян қызына үйленіп, олардан Елена Глинская деген қыз туды.

Сол қыз орыс князі Василий III-ге тұрмысқа шығып, оған Иван Васильевич деген ұл, кейін қаһарлы Иван аталағы кеткен атақты патшаны туып берді.

Тарихта қанша бұлтартса да айналып өте алмайтын шындықтың бірі осы, біреулер ұнатса да, ұнатпаса да ондай әлемге анық ақиқат сол — скандинавиялық Рюриковичтер тұкымынан шыққан славян —орыстың бірінші патшасы мамай ханның бел шебересі...

Ал, ендеше, осының бөрінен кейін кім кім еді, кімдікі дұрыс немесе теріс еді, кімді кім жеңіп еді дегендерді елекеп көр... (З. Краснов, А. Халиков, О. Кулев).

СӨЗ СОҢЫ

Эр халыктың тарихында да ұлы тұстар мен өкінішті жайлар болады. Осыған орай Дүниежүзілік бірінші татарлар конгресіне қатысушылар назар аударған екі жағдайды айтқым келеді.

Біріншісі: тағдырдың тәлкегі бойынша біздің халқымыз бір басқыншының – орыстардың құштеуімен екінші басқыншының атына ие боллы, соның салдарынан Еділ булгарлары татарлар деп аталып кетті.

Алайда, Татарстан Республикасы Фылым академиясының президенті М. Хасановтың пікірі бойынша бұл ұлттың атын кайтадан “булгар” атауына көшіру қажеттігін күн тәртібіне қоймайды. Себебі тарих түрғысынан біз енді өрі булгарлармыз, өрі қазан татарларымыз. Атымызды өзгертпесек те біздің жан-дүниеміз булгар рухы екенін ешкім жокқа шығара алмайды, енді оны ешкім өзгерте де алмайды.

Дегенмен, халыктың тектік атауын өзгерту, кайтып алу дегенді коя тұрсақ та, бұл проблеманы “саяси зиянды” мәселе деп шу шығарудың қажеті жоқ. Эрине біздің халқымыздың өкілдері қайда жүрсе де өткені қандай болғанына, қазір саяси немесе ғылыми көзқарастар түрғысынан қолайлылығына қарай өзінің шын тарихын түгел білуге тиіс, одан саяси астар іздеу орынсыз.

Себебі, біздің кешегі тарихымыз бен бүтінгі аталуымыз – енді болары болған тарихи, саяси факт, одан қол үзіп кету мүмкін емес, оның үстіне қатай да өзгеріс жасаймын дел шеттөн екіншісіне ұрыншып-перініп жатқан ешкім жоқ. Бұндай бұлғактардың талайы басымыздан өткен. Ал, тұра төрбиелік жағынан бөрімізге пайдалы рухани қуат береді, ұлтық мактандың сезімнің дамуына, дүниеге таралып кеткен қазан татарлары ұлттының бірлігі нығаюына ықпал етеді.

Еуропа мен Сібір мұсылмандары Діни басқармасының муфтии Таіфат Темуджин аталған конгресте былай деп еді:

“Алғаш рет татар халқы 922 жылы ислам дінін қабылдау салтанатына жиналым еді, бүгін екінші рет бас косып отырмыз.

Осы екі бас кұраудың арасында сан алуан тарихи оқиғалар өтті. Монгол шапқыншылығы болды.

Казір біз осыдан мың жыл бұрын жерімізге соншама қасірет өкелгендердің атымен аталамыз. Осы жауға қарсы кезінде бабаларымыз бірлесе бас көтерген.

Сондыктан осы бас косуды үшінші рет жиналұымыз деуге де болады.

Егер 1552 жылы 41 тәулік бойы Қазанды корғаған халық бір тұдын астында "Алах акбар" деп бірлесе үрандағанын еске алсақ бұл төртінші рет тілек пен жүрек біріктіруіміз.

Бүгін бізді осында бірлік, түсіністік, туыстық жолдары жинап әкелді.

Бүгінгі жиналу – 450 жыл кемістіуден, үміт пен сенімді жоғалта жаздаудан кейінгі тұнғыш табысуымыз...

Біз ең қымбаттымызды, ең қажеттімізді – ұлтымыздың атын жоғалтып ала жаздадық. Бұлгарлардың үрнағы осы заманда өзін татарлар деп атайды.

Біз өзіміздің атымызды жоғалттық, бірақ өзіміздің Отанымызды, дінімізді, тілімізді сактап қала алдық. Дініміз, тұған тіліміз, Тұған еліміз! Олар аман болса, біз де аманбыз...

Біз өзімізге ұлт таңдап алған жоқпыз. Біздің ұлтымыз ешкімнен де кемшілігі жок.

Егер бұқіл адамзат көркем ғұлзар десек, біз оның көрікті бір ғұліміз...

Барлық ұлттар – айланын жасаған ұялары. Бізді кім деп атамасын; бұлгарлар десін, татарлар десін – борібір жер бетінде тірлік етеміз...

Отан болатын жерді, коркі болатын елді біз таңдаған жоқпыз, бізге Алахтың еркімен Еділ жағалауы тиіді... Татарстан бізге Алахтың тартуы...

Мың жыл бұрын арғы бабаларымыз исламды қабылдады. 1989 жылы біз осы ұлы оқиғаның 1100 жылдығын атап оттік.

Соңғы 73 жылда біз құрдым шатқалдың шетінде тұрдық. Біздің бабаларымыз, емделгі бұлгарлар, бұқіл омірі бойына әрбір ойы мен әрекеттің Алахтың таланттарымен тексеріп отырғанын ұмытып кете жаздадық..."

Муфти бұқіл дүние татарларын енді откендеі бастан кепіккен қасіреттер үшін кінәлілер ізdemеуге шакырды, түсіністік пен тілеуlestіктің, бірлестіктің жоқтығынан болар іс болғаны озінен-өзі белгілі деді. Сондыктан – деді ол біз келешекке сенуіміз, үмітсіздік сезімінен арылуымыз, барлық халықтармен бейбітшіліктे, достыкта болуымыз, өзімізді де, озге ұлттарды да сыйлауымыз, бір-бірімізге қомектесуіміз, жалын адалаттық құндылықтарды арзанға айырбастауымыз керек.

Жаңару мен жана орлесу откенге салауат қылмайынша, алауызық үшін өкінін етпейінше, исламның ұлы әлеміне қай-

тын келмейінше мүмкін емес, ол үшін бірлік, сабырлылық жөне бір-бірімізге төзімділік қажет...

Бұкылшыниежүзілік конгресске қатысушылар өткен ғасырларды сараптай келіп назар аударған екінші жай -- біздің халқымыздың білімге деген ерекше ұмытылысы мен тұбіндегі әділеттің салтанат құруына айрықша сенетіндігі және мемлекестік моселесіне сезімталдығы.

Мөселен, көп жылдар бойы татарлардың тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқын зерттеген Қазан университетінің профессоры Карл Фукс 1844 жылдың озінде былай деп жазған болатын:

“Миңындағына қырағы этнографтың айрықша назар аударуына лайық жай – Қазан татарларының өздері бағындырылған үш жұз жыл ішінде тек өздеріне, ұтына тән ерекшеліктеді жоймауы.

Олар орыстардың жоне тоңірегіндегі басқа халықтардың алдында... казіргі жағдайының өзінде бұрынғы бабалары сияқты артықшылықтарын аңғартып тұрады.

Оларды өзгелерден бөлектеп корсетіп тұратын қасиет - өздерінің рухани сапасын, дінін аскак ұстау, өздерінің үйдегі тұрмысын мақтап ету”.

“Әрбір сырттан келуіш қазан татарларының кейір еуропалық-тармен салыстырғанда анағұрлым білімді халық екенін көргенде кайран қалары даусыз.

Оқу мен жазу білмейтін татар өз жерлестері арасында жағымсыз, басқаларға да азаматтық құрметі кем адам саналады”.

Біздің халқымыз төрт жарым ғасыр кемсітілсе де өзлерін енқашан құл деп сезінген жоқ. Әуелі монголлардың, артынан орыстардың үстемдігіне карсы ұзак өрі табанды карсыласуымен катар. РАЗИН мен Пугачев көтерілістеріне, басқа да халық қозғалыстарына қазан татарларының қоңтеп қатысуы да сонын айнағы.

Мына мысалдарда да осындағы мән бар:

1812 жылғы соғыста татар-башқұрт полктары Парижге бірінші болып кірді.

1939 жылы Варшаваны корғауда Польша татарлары акырына дейін табан тіреп тұрды.

Екінші лұнинежүзілік соғыста 161 татар Кенес Одағының Батыры атағына ие болды (саны бірнеше есе көп жөне соғыс өз жерінде жүрген орыс, украин, белорус халықтарындаған батырлар бұдан артық).

Ресми идеологияның лақабына қарамай, шындығында Рейхстагтың төбесіне женіс туын тіккен қарулас бес жауынгердің бірі – татар жігіті Фазиз Загитов;

Татарстан ТМД елдері арасында, тіпті, әлемде санаулылардың және алғашқылардың бірі болып 1996 жылы Россияның Шешиенстанға басқыншылығын айыптағы, шешен халқымен ынтымактастығын ашық жариялады;

Белгілі дін таратушы Ильминскийдің пікірінше татар халқы барлық ғасырларда, бастаң кешкен барлық жағдайларда өзін мемлекеттің бар халық, мемлекеті бар ел дең есептеді және әрқашан солай сезініп келеді. Себебі, ең бірінші булгар хандығынан, яғни VI ғасырдан 1552 жылы Қазанды жау алғанға дейін он ғасыр бойы дамыған, дәстүрлі мемлекет болғаны халық санасында өшпестей орнығын қалды. Тіпті, соңғы төрт жарым ғасыр бойы орыс мемлекеттің құрамында болуы бұл сезіну мен түйсінуді өшіре алмай койды.

Өкінішке орай, мектеп табалдырығын аттаған балғын шақтан бастап орыс халқының санаасына сінірілетін тарихтың жалғандығы мен біржактылығы сондай орыс адамы осы күнге дейін бұрынғы Россияда, сосын КСРО-да, қазір жана Россияда басқа халықтардың (шешендер, татарлар, еврейлер, солтүстік халықтары т. б.) тұқымын құрту (геноцид) жасалды және жасалып жатыр дегенді қанеріне де алмайды. Амал не, орыстар мүмкін әдейі болмаса да өткен тарихындағы, қазіргі төніретінде оқиғаларда тек өз көзкарасы түрғысынан бағамдайды, өзгелерді емес, өздерін ғана сыйлайды, өздерінің кинаалыстарын ғана сезінеді...

Қайталап айта бергің келмесе де оқулықтарда, ғылыми және көркем әдебиеттерде біздің халқымыздың тарихы өрескел өзгертіліп, өтірік өзгертіп жасалатыны қынжылтпай қоймайды. Соның салдарынан басқа халықтардың да тусінігінде “татар” сөзі қорқыныш пен секемділік туғызып келді.

Ал, татарлардың арына тиу үшін орыстар ойлап шығарған алуан түрлі мәтелдердің біздің халыққа еш қатысы жок. Ол тек өздерінің оті жарыла өшігуін және не қыларға қайрансыздығын білдіреді.

Егер мұндай бейәден сөздерді адам-адамға, ен сорақысы халық – басқа халыққа қарата айтса ол солардың өзінің нағандығы мен түрпайылышығын ғана танытады.

Асылы біреуді немесе бір халықты кеміту деген сол адамның немесе халқтың өзінің кемшілігі екенін естен шығармау керек. Егер жақсылық жасаушы, жақсыны жар салушы болсақ қана өзін де сондай құрметке бөлениесін...

Осы тақырыпты тамамдай келе тарихта әр халықтың өзіне тиіс орны бар, әр халық өзі үшін өзі жауп беруі, өзі туралы өзі ойлануы, өзі ой айтуды керек дегім келеді. Әркімдер әлдебір әбігер ойлап тапқысы келгенімен, карасызы жаратылыста борі қарапайым-ақ – барлық халықтар, мейлі орыстар мен монғолдар, татарлар мен қытайлар, башқұрттар мен чуваштар, булгарлар мен қазактар, немістер мен түріктер, болгарлар мен қарашибайлар, балкарлар мен венгрлер, басқа халықтар болсын жер бетінде өз тарихын өтіп, өз тағдырын кешіп жатыр.

Басқалар туралы әдепті айтумен қатар, өзге адамдар мен халықтардың ойымен пікірін акырына дейін ізетпен, сабырмен тыңдай білу де жақсыға тән қасиет. Содан кейін гана, тіпті, қарама-карсы болса да өз көзқарасының білдірге болады емес пе?

Қаншама қырғын соғыстар өтсе де өткен мыңжылдықтың ортасында ешбір халықты мүлде жойып жібере алмас еді, бір халық басқа халыққа түгелімен тоғытылып кетпес еді – табиғаттың тапжылmas заңы бойынша бұл дүниеде ешкім де, ештеңе де із-түзсіз ғайып болып кетпейді.

Әсіресе, үлкен тарихы бар тұтас халықты аты өзгергеннен заты өзгереді, өзіне тән түқым-тектік ерекшелігі жойылады деп қарау-есерлік.

Өзінің ойлап көрініші: өзінің мемлекеттігі, діні, мәдениеті бар бүкіл бір біртұтас халық аяқ астынан жойылып, басқаға бүтіндей сіңіп немесе мүлде басқа халық болып кетеді дегенді көз алдына келтіру, тіпті, қиялдаудың өзі ақылға сыймайды ғой. Қандай өзгерістер мен төнкерістерді бастан кешсе де ол халықтың мың жылдар бойы жан-дүниесі ерекшелігі сакталатынын, сол халықтың басқадан айырмасы болатын қасиеттері көрінбейтін тілдермен үрпактан үрпакқа сабактасатынын, сөйтіл халыққа тәннің борі өркайсысымызға тән болатынын ешкім жокқа шығара алмайды. Осы мәселедегі ең маңыздысы осы деп білемін.

Сондықтан Еділ булгарлары, қазандықтар, қазан татарлары деген атаулар өзгерсе де тым әрідегі булгар дейтін

халық тектерлін тоғысуынан тұнғыш қалыптаса бастайтың кезден бері қарайғы тектік-генетикалық, тектік-олеуметтік, шаруашылық-экономикалық, мәдени-саяси байланыс-тардың жалғастығы жойылып, тұтастығы тыйылып қалмайды.

Россияның ресми тарихындағы қазан татарлары туралы теориясы көріне күмәнді екенін бұрынғының да, қазіргі кездің де аса көрнекті адамшары айтқан жоне айтын келеді. Менінше арадағы шын тарихты естен шығармауға, ерсі шатастыруға тырысқан кезең боямағанда бұл мәселені көтерудің өзі барып тұрған бýймсіздік пен нағандық сиякты көрінер еді.

Қорыта келе мысал ретінде Ш. Ұәлихановтың 1856 жылы жазған “Онтүстік Сібір тайпалары туралы жазбалар” атты еңбегінен үзінді келтірейін (бірақ еңбек мүлде басқа мәселе – Мұхаммед дінінің түркі халықтарына теріс әсері туралы жазылған):

“...Қазан татарларын қараңызыны, тарих бізге оларды Батый монголдарының үрнағы немесе Батый жауынгерлерінің жергілікті түркі тайпасы-қыпшактармен қойыртпағы деп түсіндірді.

Айтыңызыши, айналайын, сол Еділ монголдарында (яғни еділдік булгар-татарда) осылай пайда болуын білдіретін бірдей бір белгі бар ма?

- Дым да жок. ”⁸

Бүкіл сұраққа бір-ак жауап осы.

⁸ Ш. Ұәлиханов 1-том, 294 бет (орысша жинағы)

ЗАМЫНДАСТАРДЫМ
ТУРАЛЫ



ФИНАЯТОЛЛА ӘБДІРАХМАНҰЛЫ ТУРАЛЫ

*Атырау Университетінде
Финаятолла Әбдірахманұлын еске алу
конференциясында сөйлеген сөзінен.*

Құрметке ылайықты азаматтық борышы мен парызын қалтқысыз қызмет еткен ұстаз-ардагерінді бакиғада осыдан аттандырып, бүгінгі күні 75 жасқа толған Финаятолла Әбдірахманұлын еске алып ұлықтап отырған осынау шараны өткізуіші ғылым ордасының Асхат Сәлімұлы бастаған ұжымы мен Финекең дәріс берген кафедра ментерушісі Гүлжамал Батыргалиқызының ұлағатты істерінізге шын жүректен шыққан ыстық ықыласты ризашылығымды білдіремін.

Бұндай үрдістің сирек болғаны жақсы, тіпті болмай-ақ қойғаныда артық емес, бірақта адамзат өмірінің ұзақ сапарындағы соңғы шығарып салар бұндай рәсімді көріп те білгені жастар үшін қажет...

Мен Финаятолла Әбдірахманұлының шәкірті де онан төрбие алғандардың арасында болмасамда, бірақ та, ол адамның ұлағатты отбасымен онын баласы менің жолдас-досым Марат Финаятұлы арқылы білетінмін.

Оған себеп, Финаят Әбдірахманұлы мен Сара Мендіғалиқызының өмірдегі бір-біріне шын сүйіспеншіліктегі ұстаздық тағылымдары адамгершілік қайырымдылығының жолдастық қалыбындағы олардың үлкен де татулық үй жағдайларының ата-баба дәстүрінен қалыптасқан өнегелі де әсерлі болатындығынан еді және оны өздерінің өмір үлгілерінен нақтылай түсіп, оны өз балалары мен немерелеріне де төрбиелік жөн-жоба ізетімен бойларына еге білді.

Соның да әсері болар, олардың бала мен қыздарының бәрі де мұғалім мен дәрігерлік мамандықтарын иемденіп, казіргі замана ағымындағы қым-киғаштау сияқтанған біздің дәуіріміздегі мамандықтар иесі болып ел болашағына жұмыс жасағанға не жетсін...

Демек, Финаят Әбдірахманұлы өз бойындағы ата дәстүріндегі қасиетінің ішіндегі байқамназдық пен біреуге көніл қалдыратын әрекет істемеу сияқты қарапайым да зияльлық тағылымын өз балаларына бере білді.

Және бұл кездесоқтық емес, өмір белестеріндегі өз орындарын тауып, бәрінің де қызметтеріне сай орналасуларына сол жұмыстағы иеленген беделдерімен өз ұжымдарындағы құрметтіне де бөлөніп отырғандары да айғақтай түсуде.

Мәселен, Гүлбаһрам мен Клара педагогикалық институтты бітіріп, өз әке мен аналарының үстаздық соқпағымен жүрсе, Сәуле, Анар, Роза-медициналық институтты тәмамдап, өз өмірлерін адам денсаулығының сақтылығына бағыштап, жалпы халықтың қадірлі өмірінің күзетшілері.

Тек менің дос, жолдасым Марат Эбдірахманұлы болса, педагогикалық жоғарғы біліміне қоса политехникалық институттегі да бітіріп, мұнай саласында істеп келді де, күні бүгіндері облысымыздың бас экологы болып қызмет етеді.

Тап осының өзі де, коршаған ортаның тазалығын қорғау қызметі де табиғат аясындағы адамдардың денсаулығы үшін аса зор мағыналы шешімдер қажеттігін туғызатын халық алдындағы перзенттік парызы да сынайы абырай асар белес-азамат үшін халық алдындағы бедел биігінің аскар тауының шынындаі.

Сол шынның биігі-өз әкесінің өмір жолындағы шыққан күзынан үлгі болып, баласына да жол көрсеткен Финятолла Эбдірахманұлының адамға деген өз мамандығының сүйіспеншілігі арқылы өз ісіне бар ынтасын салған жарқын бейнесі фәнилік өмірде басқаша болмас та еді...

Бұл жайында Атыраудағы халық ағарту саласының байырғы үйымдастырушысы да жетекшісі болған Шокан Мырзагалиұлы Қаржауов 1997 жылы шыққан “Өмір өткелдерінің жолы жайлы атты кітабында былай деп жазулы:

“Гурьев қаласының мектептерінде шынары үстаздық тәжірибелері мол адамдардан директор болып істегендег Пустобаев А. М., F. Абдрахманов, А.А. Плещков, С. Сарбаев, К. Құлмағамбетовтер еди.

Олар белсенді көмекшілер бола отырып және солардың катынасымен де семинарлар, қантар, мен тамыз айларындағы мұғалімдер мен халық ағарту қызметкерлері саласының кенестері де оздырылып отыратын-ды.

Және де солардың көмегімен қала оқытушыларының өз күштерімен сауық кешін өткізу үйірмелері құрылып жұмыс жасады.

Қоғамдық пайдалы еңбекке баулитын үлкен жұмыстардың ынталандыруымен оқушыларды тартып катыстыруда ойдағыдан істелінді.

Қала төніріндегі жұзім бактарын қамкорлыққа алған мектептің жоғарғы сынып оқушылары күндізгі пионерлер лагеріндегі жазғы демалыстарында бірлестіре отырып жұмыстанды..."

Шындығында да, өз істеріне сенім мен әрі нық сенетін басшылар әр уақыттағы жағдайда көріне отырып, манайна құштілерді жинаиды да, сонын да әсерінен жұмысы да өнік болатын Орджоникидзе атындағы мектеп директоры Әбдірахмановтың касында Жұмашева, Гофман, Фабдолин, Тәкенова, Тілесова, Плетнева сиякты дарынды да тәжірибелі педагогтар істеген-ді...

Демек, осы мектепті тәмәмдаган көп шәкірттердің Кеңес Одағының Мәскеу, Алматы, Тәшкенттегі құшті жоғарғы окуорындарында үздік оқулары да кездей соқтық емес-ти.

Олай деп айтпасымызға солардан шықан Қазақстанның болашақ оқымыстылары, дәрігерлері, мұғалімдері, зангерлері, геологтары, инженерлері мен әскерилерінен менің билетіндерім – Х. Табылдиев, Т. Нәренбаев, Х. Бимұқамбетов, М. Д. Батырбаевтар мен Нұрсұлтанов, О. Ескалиев, Қ. Досқалиев, Н. Кисметов, Д. Масатова, Б. Қазиев, Н. Қарымурзиева, С. Қабиева және де көптеген тағы басқалары.

Ал, Финаят Әбдірахманұлы жайлы оның дос-жаран жолдастары мен бірге істеген серіктері мен шәкірттерінің ішінен Х.Б. Табылдиевті, Ү. Қыдыралинді, Қ. Жұсіп сиякты Қазақстанға әйгілер арасына облыс басшыларының бірі М. Сатынбаевты және басқалардың бүтінгі еске алу танымдылығына орай шыққан Университет жинағынан алынды...

Финаят Әбдірахманұлының терен тамырлы да парасаттылық келбеті жайлы осында отырған облыс басшыларының бірі Боран Төлегенұлы Дүйсеновтің айтқан жылы лебізі де жан тебірентерлік ұстаздық тағылымның айқын ақыратын актарғандай-ақ дәлелденген-ді.

Соның ішінде біздің буыннымыз сталиндік күгін-сұргін кезеңіне тап болмағанымызбен олар жайлы тұтқындалып, лагерлерге айдалғанын естіп өстік те, ал кейбіреулерінін аман-есен кайтып келгендердің зобірленуі – елдегі биші кештердің оларды тұқырта түсіп, кедергі жасай тырысумен жұмыскала алғысы келмей жүргендеріне мысал - Дүйсенов Боранның әкесі Төлеген елі.

Міне, осы Төлегенге, кеште болса білім қуып, Гурьевтің педагогикалық институтына сырттай оқуға келген тұста, Финекеннің көрсеткен ерекше қамқорлығына қатысты еді.

Сол кезде Төлеген: “Елдің ісі ердің мойнында”, - дейді ғой халқымыз, ол-азаматтық борыш пен парызы деген тіркесті түлгө тиек еткен Төлегендей ардагерге көзі тірісінде-ақ Сабыр Қазыбаев пен Финаятолла Әбдірахманұлының жақсылықтарын қайта-қайта еске алып: “олардың қамқорлығының өтеуі ұстаздық адап енбегім болар, қолымнан басқа не келеді?” - деп отырушы еді дейді баласы Боран Дүйсенов...

Айтарымның жинағына жас ғалым доцент Әділбек Тұрдалиевтің “менін өмірдегі ең қымбатты кезеңім Атырауғылым ордасында өткізгендіктен де менің қарызды борышмынның өтеуі әлі де көптен көп” - дегенінің өзі де жас үрпақ алдындағы оларға қойған талап сияқты.

Міне, осындай талапты өз өмірінің шынына дейін сезініп және соның жауапкершілігін Адам, Азamat және Ұстаз - Әбдірахманов Финаят Әбдірахманұлы халқына қалтқысызы шын беріле қызмет ете, бар өмірін аянбай жұмсағанына осынау еске алу тағылымы да баршамыздың өн бойымызда жүрек тұсынан орын алып сакталарына сенімім зор...

Финаятолла Әбдірахманұлы туралы С. Мендералиұлының жалпылай редакциясымен дайындалған “Ой-толғанысты туындылар мен естеліктер” кітабынан.

5

РАВИЛЬ ТӘЖІФАРАҰЛЫ ШЫРДАБАЕВ ТУРАЛЫ

Сонау жетпісінші жылдардың бас кезінде ЖКК “Гурьев НефтХимСтрой” тресінде слесарь болып қызмет істейтін менің әкем Кәримов Экрем үйге “Прикаспийская коммуна” газетінің тігіндісін алып келді.

Ол кезде мен жоғары сыйнып оқушысы жанағы газет материалдарын актарып қарап отырып, 1967 жылғы қазан-караша айларында шықкан сандарының бірінің ішінен ұлы Октябрдің 50 жылдығына арналған Макат аудандық комсомол комитетінің секретарінің макаласына ерекше назар аударып, оқып шықтым.

Бұл макалада Автожөндеу зауытының жас комсоргі, Мәскеудің И.М.Губкин атындағы мұнай институтын бітіріп, өзінің туған жері - Доссорға келіп, өндіріс саласында нәтижелі еңбек етіп қана қоймай, сонымен қатар жергілікті жастардың шынайы көшбасшысына айнала білген Равиль Шырдабаев жөнінде жазылыпты.

Нак соның үйіткы болуымен, комсомол жастардың күшімен жұмысшы поселкесінде стадион салынып, қазірде спорттық шаралар өтіліп жатқандығы және аллея тұрғызылып жанадан жас көшеттер отырғызылу қолға алынғандығы, т.б. мәселелер өзінің оң шешімін тауып жатқандығы, басқа сөзбен айтқанда, бұл макаланың мазмұны Москва Жоғарғы оқу орнының жас түлегінің жаңа бастамалары Республикамыздың байырғы мұнай поселкесіне екінші жаңа таңыс бергендей болды делинген еді.

Неге екенін білмеймін, бірак мен сол фамилияны да, сол макаланы да есіме мықты сақтап, қазірге шейін ұмыткан жоктын.

Одан кейін де, институтта оқып жүрген кездерімде де газет беттеріндегі Равиль Шырдабаевқа қатысты макалалардың бәрін назарымнан қалдырған емеспін.

Айта кету керек, ол өзіне деген сеніммен және тәжірибелер жинактай отырып түзу жолға түсіп, сол Жолдак - Қазақстан ЛКСМ облыстық комитетінің бірінші хатшысы, Махамбет аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, содан кейін - Қазақстан Компартиясының Гурьев қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін аткарды.

Ол кезде мен уақыты келген сон онымен бірге жұмыстас болып, оның басшылығымен - жоғарғы мемлекеттік

масштабта және көлемдегі қызметке жетекші болам деп өстеп ойлаған да жоқпын.

Маған оның басшылық етуімен екі бірдей құрылымда әр түрлі әлеуметтік дәуірде қызметтес болуға тұра кеді - қалалық партия комитетінде және облыстық әкім аппаратында.

Өзімнің осы қысқа ғана естелігімде, мен Равиль Тәжіғараулы Шырдабаевтың тек қана кейбір қасиеттеріне тоқталып, оның нағыз талантты, іскер, өзіндік принципі бар адам және басыны ретіндегі қасиеттеріне тоқталып әнгіме еткім келеді.

Мысалы, кез келген ұжымның қалыптасу мәселелсін алайық, мейлі ол кеңестік - партиялық қызметті алсақ та басты мәселе – кадрлар.

Сол кездегі қалалық партия комитетін басқарып отырған Р.Т.Шырдабаевтың кадрларды тандау мен іріктеу принципі менің көзқарасым бойынша қазіргі мемлекеттік қызметке қарағанда өте тиянақты түрде және талап қойғыш еді.

Бұны мен өз мысалыммен айқындаі кетсем.

Бастапқыда “Мұнайгазбарлау” экспедициясының инженері және партбюро секретарінің орынбасары болып жүрген маған комиссия құрамында болып бірнеше партия үйімдарын тексеру және қалалық комитеттің отырысында комсомолға партиялық жетекшілік жөнінде мәселе дайындау тапсырылған болатын.

Содан кейін, барып келесі айда ай сайын өткізілетін – бастауыш партия үйімінің, хатшыларының құні семинарына қатысуышыларының тізіміне іліктім, онда партия үйімдарының жұмысын жақсарту жөнінде нақты кеңестерді ұсындым.

Осылардан кейін екі апта көлемінде қалалық комитеттің үйімдастыру бөлімінің инструкторы ретінде стажировкадан өттім.

Міне, осы шаралардың бәрінен өткен кейін үйімдастыру бөлімі мен жөнінде нақты бір шешімге келіп, қалалық партия бірінші хатшысы Р.Т.Шырдабаевтың қабылдаудына шакырылым. Сонын қорытындысымен маған партия жұмысына ауысуым туралы ұсыныс жасалды (айта кететін жәйтіл, осы қабылдауда менің ол кісімен жеке танысқан едім).

Осылайша мен, слесарь-сантехниктің ұлы, 1985 жылдың басында партия аппаратына жұмысқа кірстім...

Ойға оралатыны осындағы накты және мүқиятты турде кадралды ірктеудің аркасында қалалық партия комитетіндегі облысқа танымал жеткішілер жұмыс жасады. Олардың қатарында Д. Ахмедов, М. Сәрсекенов, В. Егорихин, В. Думчев, С. Мералиев, А. Кужагалиев, А. Әлимақанов, В. Королев, К. Қабденов, М. Әбдірахманов, М. Артығалиев, Б. Қожаев, Л. Брусиловская, С. Тулеуова, А. Донскова, Х. Джамалетдинов.

Ерекше атап өтілуі тиістінің бірі - ол қалалық партия комитетінен өткен қазіргі мемлекетіміздің басшыларының ішінен – Қазақстан Республикасының Президент аппаратының жетекшісі И. Н. Тасмағамбетов.

Партиялық-кенестік шаруашылық активі де пәрменді еді, оған өзінің қунделікті жұмыстарында облыс орталығы басшылары да сүйенетін еді. Олдардың қатарында Б. Сағынғалиев, А. Вакуров, С. Жарылғасов, А. Сельбаев, Ю. Колесников, Г. Козачков, С. Шишлов, В. Пашкин, М. Губайдуллин, Б. Мартыненко, В. Гафнер, А. Казанский, Ю. Аббазов, Ю. Шварев, Г. Ревков, Н. Гайнуллин, С. Түгелбаев, А. Пак, Н. Богачкин, С. Хасаев, Т. Серіков, А. Дабысовтар бар болатын.

Сол жылдарда қалалық партия комитетінің беделі ете жоғары еді, сол кездердегі қаландың инфрақұрылымын қалыптастырып, әлеуметтік-экономикалық мәселелері мен проблемаларын шешуде көп рөл атқарады.

Ен бастысы – қалалық партия комитеті сол жылдарда идеологиялық орган болып қана қоймай, қаландың, облыс орталығының өркендуіне өз үлесін қости. Сөз орайында айта кету керек жалпы координациялау сол кездердегі облыс басшылары О. К. Көшеков және Е. Т. Тасқынбаев, А. А. Құлыбаевтардың жетекшілігімен жүзеге асырылды.

Накты сол жылдарда біздің қаламызда Жайық өзенінің үстінен екінші автожол көпірі, мұнай өндеу зауытында кокстік кондырығы, бройлерлі құс фабрикасы, наң пісіру, сүт және сыра дайындау зауыттары қайта жәndeуден өтті, жеміс-көкеніс сактау базасы, машина жасау зауытының қайта қалыптастырылуы, үш жаңа мектеп, балалар бақшасы, Пионерлер сарайы, “Буревестник” стадионы, тұрғын үйлер т.б. құрылыштың нысандарын салу күшті қарқынмен

жүргізілді. “Экспериментальный”, “Центральный”, “Атырау”, “Лесхоз” жаңа мөлтек аудандары тұрғызылды.

Қала 12 мөлтек ауданға бөлінді. Әр ауданға медициналық пункттер, учаскелік милиция, балаларға арналған әр түрлі үйірмелер үйымдастырылды.

Сол кездерде қалада “Прикаспиец” атты футбол командасы құрылды. Ол КСРО чемпионатының екінші лигиясында ойнады, үкіметтің басты назарында біздің палуандар, боксшілер, байдаркадағы ескекшілер болып, олар Қазақстан чемпионатында жүлделі орындар алғып жүрді...

Иә, онымен жұмыс жасау киын да еді, себебі ол өте талап қойыши еді, сонымен бірге женіл де еді, себебі оның беделі мен тәжірибесі қосымша қозғауыш күш еді.

Мен басында айта кеткен кадр мәселелсіне тектен-тек токталған жоқпын, себебі оның басты мән беретінде сол кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу. Бұлар ол кісінің ойынша накты табысқа жетуедегі басты шарт.

Күнделікті қауырт жұмыстар мен ағымдағы мәселелерге қарамастан, Р.Т.Шырдабаев жұмыска жаңа творчестволық әдістер мен тәжірибелерді енгізуге көп көңіл бөліп отыратын. Осы мақсатпен қалалық комитеттің жауапты қызметкерлері Минскіге, Ульяновскіге, Қазан, т.б. қалаларға барып іссапарларда болып қайтатын.

Сонымен қатар Равиль Тәжіәараулы өз ұлты мен жерінің айқын патриоты, осыған өзінің бар өмірін арнаған адам екені анық.

Ол қай жерде жұмыс жасаса да қасында әр түрлі ұлт өкілдері – орыстар, украиндар, белорустар, татарлар, немістер, корейлер жүретін...

Озімнің осы жазбамды аяқтай отырып айтارым, лайықты түрде өзінің ерік-күш жігерін танитын, сонымен қатар біздің қобімізге айқын үлгі боларлық адам бола білген Равиль Тәжігараұлының өмір жолынан үлгі алар тұстар өте көп.

Ол өзінің бүндай қасиеттерін Жана Өзеннің қалалық партия комитетіне жұмысалғанда танытты. Ол Жана Өзен оқиғасының өршіп тұрған кезінде барып ондағы шиеленісті дер кезінде баса алған еді. Бұл жөнінде кезінде “Правда” газетінде Н.Ә. Назарбаев айта кеткен еді.

Қазақстан мемлекетінің алғашқы калыптасу кездерінде Н.Ә. Назарбаевтың қаулысымен Р.Т. Шырдабаев ен үлкен

Қазақстан Американ бірлескен кәсіпорны “Тенізшевройл” компаниясын басқарып, кейін Мұнай және газ министрлігінде қызмет істеп, содан кейін өзінін туған жері Атырау облысына жіберіледі.

Мен оның облыстың бірінші басшысы ретіндегі қызметіне тоқтала кетsem.

Ол 1994 жылдың казан айында біздің жас мемлекетіміздің әлеуметтік және экономикалық жағдайлары әлі де осал болып түрған түсініда, Равиль Тәжіараұлы облыс басшылығын өз колына алды. Бұл КСРО-ның тарап және Қазақстаның егемендік алғанына небәрі үш-ақ жыл болған, барлық шаруашылық-экономикалық байланыстар бұзылған, ол кезде социализм де жоқ, бірақ капитализм де толық қалыптаспаған, нарықтық қатынастар өзінің тұрақсыздығымен және айқын еместігімен қарапайым түрғындардың басым болғін шошындырып түрған кезең болатын.

Қазіргі ғылыми тұлмен айттар болсақ, бір қоғамдық формациядан екіншісіне өтудің өзек талдырап өтпелі кезеңі болатын.

Аз ғана күндер ішінде ол өз командасын жасақтап, олардың ішіне тәжірибелі де беделді басшыларды - А.С. Селбаев пен Е.Н. Нұршаевты енгізді. Жаңа басшылық өздерінің тынымсыз жұмыстарын бастап кетті. Олардың сол кездегі шешімі табылуы қын болып, көп машақат көрген мәселелері, қазіргі тандағы ең қарапайым мәселе, облыс орталығы түрғындарын үздіксіз нан өнімдерімен, электр энергиясымен қамтамасыз ету, қоғамдық көліктегі жүрісін қалпына келтіру, көшелер мен жағалаударды жарықтандыру.

Жаңа нарықтық қатынастар осындай қындықтарға қарамастан біздің өмірімізге біртінде ене бастады.

Қалада алғашқы қазіргі заман талабына сай мейрамханалар және түрғын үйлердің бірінші қабаттарына кафелер мен дүкендер пайда болды. Дене шынықтыру кешені, бекіре түкимдас балық өсіретін екі зауыт іске қосылды және Жаңа Қаратон поселкесіне мұнайшылар отбасын көшіру, қалаға табиғи газ тарту жұмыстары қолға алынып, қазір де өз жалғасын тауып жатыр...

Әрине, қалада осы кезде шешімін таба алмаған басқа да көптеген мәселелер баршылық еді, бұл келесі басшы И.Н.-Тасмаәмбетов колға алған соң айқын да түпкілікті түрде облыстағы әхуалдар өз шешімін тапты.

Ал бүтінде Р.Т.Шырдабаев төргінші жыл жауапты дипломатиялық қызметте істейді Қазақстан Республикасының Украинадағы елшісі.

Бұл жағдай да кездейсоқ емес шығар деген ой келеді.

Ұлы Отан соғысы жылдары қазактын Доссор поселкесінен шықкан мұнайшы-жұмысшы оның әкесі Тәжігара Шырдабаев Украинаны фашистік басқыншылардан азат етуге атсалысып, ұрыс кимылдарына араласады және ерліктері үшін жауынгерлік наградалармен марапатталады...

Қазактың көрнекті ақыны және қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов өзінің қазактың батыры және ақыны Махамбет Өтемісұлы жөнінде жазылған “Нарынқұм трагедиясы” атты поэмасын Равиль Шырдабаевқа арнап жазып шыққан.

Бұл өз Отаны үшін қызмет еткен жанға жасалған ең үлкен құрмет.

Шырдабаевтар өулеті туралы Ж. Ароновтың жалпылай редакциясымен дайындалған “Доссор тұлектері” кітабынан.

1999 жылы 18 ақпандың Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Атырау облысының әкімі болып Иманғали Нұрғалиұлы Тасмағамбетов тағайындалды. Ол әкім ретінде 22 ай, яғни 2000 жылдың 18 желтоқсанына дейін жұмыс істеді.

Әйтсе де ол осы қысқа мерзімде өз отаны Атырауға, оның барлық төзімді халқының болашағына үміт бере отырып, ең бастысы сол кездегі халықтың билікке деген едөур кейіндеп қалған сенімін қайта әкеліп өмірін ариай білді.

Сол кезде жаңа әкіммен жүргізілген нақты және мақсатқа бағытталған жұмыстар інтижесінде осыған дейінгі он жылдықта шешілмей келген мәселелерді биліктің қалай тиімді шеше алатындығын өз көздерімен көрген облыстың жарты миллион халқының тек көніл-күйі ғана түп негізінен өзгерген жок, сонымен бірге өз күштеріне деген сенім, ертеңгі күнге деген сенім пайда болды.

Міне, бүтін Атырау өзінен Қазақстан Республикасының мұнайлы аймағының тек сол жылдары іргесі қаланған нағыз қазіргі заманғы және дамыған іскер орталығының ұсынып отыр.

Әрине, мұның бәріне мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың тарағынан аймақ проблемасын шешуде жас әкімнің ісіне қолдау көрсету арқылы қол жеткізілді.

Дегенмен, рет-ретімен әңгімелейік.

ИМАНҒАЛИ НҰРҒАЛИҰЛЫ ТАСМАҒАМБЕТОВ ТУРАЛЫ

Атырау облысындағы жағдай оны тағайындау карсанында мынадай болды.

Тек кейбір сандар мен көрсеткіштерді қысқа мәліметтермен және түсіндірмесіз айтатын боламыз.

Экономиканың негізгі салалары қатарында шығарылатын өнім қолемінің едоур тәменден кетуіне жол берілді, мұнай өнлеу 35 пайызға, балық өнімдерін шығару 39 пайызға тәменделді.

5 млрл. жылдық бюджетпен облыстың кредиторлық бережағы 2 млрд. теңге болды.

Балалар жәрдемақысын төлеуде 372,2 млн. теңге сомаға, оның ішінде 1997 жыл бойынша 38,9 млн. теңге қарыздар

болды. Бюджеттік үйымдардың қызметкерлеріне жалақыларын төлеу бойынша, олардың коммуналлық қызметтеріне бережағы болды. 742 млн. теңге шаруашылық етуші субъектілердің қызметкерлерінің жалақыларын төлеу қарызымен тең келді.

Аймақтың басым проблемасының негізінде облыс өнліретін өнеркәсіптік өнімнің жалпы қолемінің 90 пайыздан көбін құраған мұнайды өндіру, өнлеу және тасымалдауға тек жөн сілтеген экономика дамуындағы біржактылық жатты.

Нарықтық құрылымдардың, шағын бизнес субъектілерінің дамуы әлсіз болды.

Экономикадағы осындай жағдай мен әлеуметтік өмірдегі шиеленісушілік кезінде сол кездің қындығына төзген халықты біршама пайдаланған коммунистік партияның ұмыт болған рейтингін көтере бастады.

Бүгін де бұл туралы қөшпілік ұмытып та кетті. Ол кезде Атырау мұнайлы емес, іс жүзінде қалдықтар астанасы болды. Қала, оның орталық қошелері толып бықсыған қалдық төгінділерге көміліп жатты.

Дегенмен, аяғына дейін әділ болу үшін есімізге тұсірейік. 1998 жыл мен 1999 жылдың басы әлеуметтік қаржы дағдарысының жылдары болды. Белгілі бір уақытта мұнайдың бағасы АҚШ-тың 9 долларына тұсіп кетті, бұл барлық республикалардың экономикасына табиғи әсер етті.

И. Н. Тасмағамбетов тағайындалғаннан кейін дәл бір ай өткенде 1999 жылы наурызда Үкімет тенгенін еркін жүзуіне жол беруге мәжбүр болды, яғни АҚШ долларына шаққанда еркін жүзетін тенгенің бағасы туралы хабарлалы.

Әрине, осының бәрін жете тұсінген жана әкімге ешбір онай болған жок, кайта керісінше, бұл жағдай одан әрі тेңрәндей тұсті, өйткені көмекті, шынында да, ешкімнен күту қажет емес еді, ал жағымды нәтиже тек адамдардың тіршілік әрекетін бірнеше бағытта бірден жарып өту қажет болды.

Сонымен мұндан жағдайда облыстың 42 жастағы әкімі нені қолға алады?..

Тығырықтан шығар жолда кез-келген істің нәтижесі сенің қасында тек пікірлестерін ғана емес, сонымен бірге жоғары кәсіби білімді мамандардың да болуымен байланысты, Иманғали Нұрғалиұлы облыстың алдынғы әкімінің барлық орынбасарлары мен басшылықтағы негізгі деген департаменттердің басшыларын жұмыстан босатуды қолға алды.

Облыстың жағдайын да, барлық құрылымды, жеке меншіктегілерді қосқанда осында жұмыс істейтін барлық мамандардың әлеуетін жақсы біле отырып, өзінің командасына мамандарды орналастыруда ол алдағы басты, маңызды бағытка көз тігеді.

Атырауда белгілі екі басшы мына бағыттарды басқарды: Н.Макашев - құрылыш, сәулет, коммуналдық, балық шаруашылықтары мен төтенше жағдай мәселелерін; Р.Мұрсалиева – білім, мәдениет, денсаулық салаларын.

Міндеттердің келесі қаржы-экономикалық блогын ҚР-ның Халық Банкі төрағасының қызметінен мұнда келген ең жоғары көсіби деңгейдегі экономист Б.Палымбетовке жүктейді.

Жастьына қарамастан, ірі компаниялардағы басшылық қызметтерді иығымен көтере білген ол Атырауда тек талантты маман және үйымдастырушы ғана емес, сонымен бірге ол адамдармен қарым-катаинаста өзін көрсетті, жаңа генерацияның, жаңа буынның мемлекеттік қызметшілері қандай болу керектігін көрнекі түрде паш етті.

Шетел инвесторларымен, мұнай-газ секторы, облыстық әкімияттың ішкі экономикалық байланыстарымен жұмысты сол кезде АҚШ-тағы серіктестермен бизнесте біршама табысты іс-тәжірибесі бар нағыз маман Е.Жұмағұловқа жүктейді.

Тағы бір маңызды телім-Атырау қаласының әкімі болып Жамбыл облысы Сарысу ауданының әкімі қызметінен өзінің туған жеріне оралған Д.Тұрғанов тағайындалады. Білім мен енбек жолы бойынша энергетик қалалық шаруашылықты жүргізу мәселелерін де жақсы білді.

Басқа да маңызды бағыттардың бірі-жаңа басшылықтың жұмысын құқықтық қамтамасыз ету облыс әкімінің кеңесшісі мен мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінің менгерушісі қызметіне тағайындалған басқа маманға, білімді зангерге, ҚР Әділет Министрлігінен шақырылған ол да атыраулық Х.Көшқалиевка жүктелді. Үлкен және тату жұмышы отбасында өскен оның бір ерекшелігі-адалдық, парасаттылық және қағидашылдық болды. Атап өту керек, оның бүл касиеттерінің бәрі белсенді қоғамдық істерімен және халық арасындағы беделімен оған тоғыз айдан кейін түспалдап айтканда, Құрманғазы, Исатай “қызыл белдеулері” бойынша ҚР-ның Парламент Мәжілісінің депутаты болып сайлануына мүмкіндік берді.

Бұл орайда алдыңғы барлық өкімдерден айырмасы солоның құрылған командастында негізгі қадам жергілікті кадрларға жасалғанын ерекше атап өтеміз. Басқа аймактардан басшылық қызыметке шакырылғандардың санын небәрі үш адам қурады.

Көш бастаған бассыңға, косшы бола жүріп, өздеріне бөлінген шаруаларды тындыруды алдына жан салмаған Эшімғалиев А., Эбдірахманов М., Эбдықадырова А., Евстифеева Л., Ержанов А., Жанабергенов К., Жәлелов Е., Жөргембаев М., Испусинова С., Қаражігітов С., Ким Г., Қожиев Б., Лұқманов Е., Медеуов К., Мұрзабаев К., Нәсиев А., Сағын Х., Сисатов Р., Топильская Л. және т.б. аттарын атап өтуге болады.

Барлық жана идеялар мен бастамалардың шартты қозғаушысы мен авторы облыс өкімінің өзі болғанын да атап өткен жөн.

Бәрі неден басталды және қалай жүзеге асырылды, оларды толық айтпай-ақ қоялық, тек облыста 22 айда дәлірек айтқанда, онын облыс басшылығындағы екі жылға жетпеген уақытта жасалған жұмыстарының нәтижелерінен мысалдар келтірейік. Сол кездегі шиеленіскең жағдайды жедел және толық біліп алғаннан кейін облыс өкімі нақты жасалған құжат бол табылатын іс-қимыл бағдарламасын өзірледі. Бұдан кейін 30 практикалық тармактан үтіміздеғі 1999 жылты жүзеге асыруға басым деп танылған нақты тізім анықталды. Бұл міндеттердің бәрі де келесі күні-ақ барлық жергілікті бұкаралиқ, ақпарат құраларында жарияланды. Сөйтіп, іс жүзінде алғаш рет өз жұмысының орындалуына бүкіл халықтық бақылау максатында жергілікті атқарушы билік халыққа өздерінің іс-қимыл бағдарламасын ұсынды. Бұл орайда облыс өкімінің өзі жыллың аяғында осы бағдарламаның орынталысы туралы халыққа баяндайтын болып белгіленді.

Әкімнің жоғары деңгейдегі талаптарының негізінде соңғы нәтижеде бірінші жылғы табысы қажетті күткеннің бәрінен де асып түсті.

Мұның бәрі адамның жадында қала бермейлі ғой. Атырау әрқашан бүгінгідей дамуда деп есептеп, көбі сол кезеңді ендігі ұмытып та кетті. Дегенмен, мен сол кезде шешілген негізгі міндеттер мен өзекті мәселелерді атап өтейін.

Сонымен, ең алдымен оның шешімімен бюджет бойынша алдыңғы кезектегі міндеттерді шешу басталды және орындалды да:

Бюджеттік үйімдардағы қызметкерлердің жалакысы бойынша 360 млн. теңге сомасында, 1997-1999 жылдардағы балаларға берілетін жөрдемакы бойынша 580 млн. теңге сомасында, облыс бюджетінің кредиторлық борышы бойынша 2 млрд. теңге сомасында бережактар өтеді.

Төтенше жағдай жарияланғаннан кейін облыс орталығын санитарлық тазалау бойынша кең қолемді жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде қаладан жоне елді мекендерден 5600 тоннадан астам қалдық тасып шығарылды.

Облыс өзінің сағаттық белдеуіне қайтып оралды, сөйтіп Атырау өзімен географиялық жақын көршілері Орал және Ақтаумен бір уақыт бойынша өмір сүруді қайта бастады.

Алғаш рет уақытында және заңды түрде тендер өткізілді және мұнда қайдан екені белгісіз әр түрлі ЖШС-терден келгендерге емес, негізінен бұрынғы балықшы колхоздар мен кооперативтердің женимпаздарына балық аулауға лимит болінді. Нәтижесінде жергілікті балықшылар қайтадан жұмыстапты.

КСРО тарағаннан кейін тұнғыш рет балық шаруашылығының қалыпты өзгеруіне мүмкіндік туды, Жайық-Каспий тенізі арнасының, Жайық пен Қиғаш өзендері сағаларының өлі батпаққа айналған түбін тереңдетіп қазу жұмыстары басталды. Мұнда кемелердің жүзуі ғана емес, сонымен бірге уылдырық шашар маусымда балықтың тенізден өзенге және кері өтуі мүмкін емес еді.

Соңғы жылдардағы токыраудан кейін тұрғын үй күрьысын карқынды жүргізу басталды. Бұл орайда ондаған жыллар бұрын аяқталмай қалған және қараусыз қалған тұрғын үй және әлеуметтік мәдени тұрмыс нысандарының күрьылыштарын аяқтауға ерекше назар аударылды. Нәтижесінле бірінші рет қалада таңдаулы тұрғын үйлер пайда болды, ал жыл қорытындысында көп қабатты тұрғын үйлердің 65435 шаршы метр пәтер тапсырылды. Бұдан басқа жеке тұрғын үй күрьысы да жүйелі дами бастады. Коттедждер мен мықты жекеменшік үйлер облыс орталығының сөүлдеттік келбетін қалыптастырап ажырамас бөлігі болды.

Облыстық тарихи-өлкетану мұражайы, Махамбет атындағы драма театры, орталық “Мұнайшы” стадионы күрделі жөнлеуден өтті, қалада мұражай алаңы мен өнер мұражайы, ал жастар үшін боулинг орталығы пайда болды.

Ұлы Отан соғысының 50 ардагері мен мүгедектеріне Женіс күні “Ока” автокөлігі тапсырылды.

Облыс әкімінің тікелей катысуымен және басшылығымен Махамбет ауданында археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді және ескі Алтын Орда қаласының орнына “Хан Ордасы-Сарайшық” мемориалдық кешені тұрғызылды. Осы ғылыми экспедициямен Жылдың ауданында 2000 жылдай бұрын осында өмір сүрген екінші Алтын адам-сармат жауынгерінің сүйегі табылды.

Сол кезде қаладағы ұзак жылдар бойы авариялық жағдайда тұрған Жайық өзені арқылы өтетін орталық көпір құрделі жөндеумен қайта қалпына келтірілді. 88 көп қабатты үйлердің ескі шатырлары металл қыштармен ауыстырылып, қас беттері жаңартылды, облыс орталығындағы 38 шақырым қөшелер мен тротуарларды түгел асфальттау жұмыстары жүргізілді.

Екі жаңа мектеп тұрғызылып, 15 мектеп жөндеуден өткізілді. Облыс мектептерін компьютерлендіру аяқталды. Жайық өзені жағасында орналасқан өкпе ауруына қарсы балалар санаториі жеке тұлғалардан көрі алынып, құрделі жөндеу жүргізілді. Балалар интернат үйі қалпына келтірілді.

Облыстағы барлық ауылдық дәрігерлік амбулаториялар мен фельдшерлік-акушерлік пункттерге медициналық жабдықтар мен дәрі-дормектер сатып алынды. Халықты сауықтыру және емдеудегі тағы бір маңызды жай Солтүстік Қазақстан геологы емдеу санаториясына қаражат бөлу болып табылды. Жазғы демалыс кезінде облыстағы экологиялық құрделі аймактардан жүзденген бала мұнда байқаудан өтті.

Облыс орталығында қоғамдық көлік мәселеін шешу мәс-сатында 30 жаңа автобус сатып алынды, соны үлгіде жаңа автобус аялдамалары орнатылды.

Телекоммуникациялық байланыс қуралдарын жаңғырту жүзеге асырылды. Қалада және жекелеген аудандарда ұялы және мобилльлі байланыстың (Altel, Kmobil, KCell және т.б.) қазіргі заманғы түрлері енгізілді.

Облыста Қазақстанның барлық ірі банкілерінің дербес бөлімшелері тіркеліп, өз жұмыстарын басталы.

Халықтың тіршілік орекетіне арналған облыс әкімінің тағы бір маңызды шешімі:

өткен жылдардағы халықтың қарызын қайтарып беру жағдайында ауыз судың бағасын нөлдік мөлшерлеу мен Атырау қаласындағы су күбырлары мен канализациялар жүйесіне

күрдөлі жөндеу жүргізу жөнінде “КазТрансОйл” ұлттық мұнай тасымалдау компаниясымен келісімі;

кала мен облыстың елді мекендерін табиғи газбен қамта-
масыз етуге бағытталған облыстық газдандыру бағдарлама-
сын жүзеге асыру;

АЖЭО мен АРЭК бойынша инновациялық және
тарифтік саясаттың құрылымын жетілдіру;

1999-2000 жж. жылды маусымының сонына дейін ком-
муналдық қызмет көрсету тарифін көтермеуге арналған
қызмет көрсетуші кәсіпорындармен мораторий жүргізу
бояп табылды.

Осы жылы соңғы төрт жыл бойына тұрып қалған бұры-
нғы химия зауыты - Полипропилен АҚ-ын тарату жұмысы
аяқталды. Мұндағы жалакы бойынша борыштар толығы-
мен өтелді. Ресейдегі Томск зауытының химия өндірісін
актап, қалпына келтіру бағдарламасын өзірлеу жұмысы ба-
сталды.

Облыстағы ірі шетел компанияларын ескере отырып, ше-
тел жұмысшы күшін мұнда тасуды лицензиялау мәселесі
Астанадан Атырауға берілді.

Бұл тек құрғақ цифrlар мен есептер ғана, ал Қазақстан
мұнайының 100 жылдығына арналған салтанат мұнда бүкіл
халықтық мерекеге айналып қалай түледі десенізші!..

Соңғы жылдары іркіліс пен қиналыстан өбден шарша-
ған жергілікті халық сол бір қыркүйек күндері Каспийдегі
Қашаған кен орнынан табылған миллиардтаған мұнай және
газ қорының алынуына алғаш рет үн қосқан Н.Ә.Назарба-
евты ерекше куанышпен және ықыласпен қарсы алды, со-
дан кейін бірнеше күн және түн жакын және алыс шетел-
дерден келген қоғтеген конактармен жылы қауышты, қала-
ның қайта түрғызылған және қалпына келтірілген көше-
лерінде, жағалау мен алаңдарда болды...

Бұдан басқа оның идеялық қолдауымен екі томдық
“Қазақстанның мұнай энциклопедиясы”, “Атырау энцикли-
копедиясы” шығарылды. “Атырау акын-жазушыларыны”
кітапханасы сериясымен жұз томдық жинақ шығарыла ба-
стады.

Ен бастысы, небәрі 10 ай бұрын Республиканың саяси
картасында “Қызыл белдеу” аталған Атырау өткенге ешбір
қарайламай-ақ, өзін болашаққа батыл және сенімді көз
тіккен біріккен және таза организм етіп көрсетті, саяси

партиялар мен бұкаралық ақпарат құралдарының барлық көшбасшылары түтел бірігіп, облыс әкімінің барлық бастамаларына қатысты.

Сөйтіп оның облысты басқарудағы бірінші жылы, яғни 10 айы осылай аяқталды.

Келесі 2000 жылы облыс әкімінің жұмыс жоспары енді 34 тармактан құралды. Откен жылды басталған жұмыстардың бірі газдандыру бағдарламасын жүзеге асыру өрі карай жалғасты, тұрғын үй құрылышы, қаладағы және облыстың барлық аудан орталықтарындағы үйлердің жабындыларын ауыстырып, қас беттерін жанарту, көшелерін абааттандыру, жөндеу және асфальттау жұмыстары жалғастырылды.

Нәтижесінде 52 шақырым автожолдар, 57 шақырым тротуарлар жөнделді, 175 шақырым газ құбыры тартылды, 38 елді мекен газдандырылды, 2500 тұрғын үйге табиғи газ косылып, 91 мың шаршы метр пәтерге енгізілді.

Х.Досмұхамедов атындағы университеттің жаңа оку корпусының ғимараты, жаңа мешіт пайдалануға берілді, балаларды сауықтыру орталығы мен медициналық жедел көмек беру ауруханасы қалпына келтірілді.

Қаланың орталық көшелеріне екі бік жаңа ғимарат “Премьер-Атырау” және “Атырау-Плаза” бизнес орталықтары сән беріп тұрды, Тайманов және Студенттер жаңа даңғылдары пайда болды, “Достық” тұрғындар калашығы алдыңғы кезекте берілді. Жастарға арналған “Киял әлемі” және “Бейбарыс” мәдени-ойын-сауық кешендері тұрғызылды. Қалалық әкімият пен тұрмыс үйіне дейінгі жаңа жағалау құрылышына жағаны бекіту жұмыстары жасалды.

Ұлы Отан соғысы женісінің 55 жылдығына орай Женіс паркінде батыр жерлестерімізге арналған ескерткіш тақталар орнатылып, соғыс кезіндегі өле және броне техникалар қойылған Мәңгілік алау мен Даңқ аллеясы бар мемориалды кешен тұрғызылды. Облыс тарихында тұңғыш рет орталық аланда әскери шеру үйымдастырылды.

Бейбарыс Әз-Зәкір сұлтаның туғанына 775 жыл tolуына орай Атырауда дүние жүзіне әйгілі Египетті басқарушыны өзінің тарихи отанына кайта оралтқан халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Қалада біздін ұлы жерлестеріміз Бейбарыстын, Құрманғазы мен Динаның ескерткіштері орнатылған жаңа аландар мен гүл бактары пайда болды. Саз академиясы салы-

нып, өзінің жұмысын бастады. Дина және Құрманғазы есімдері берілген мұнайшылар және мұнай өндешілер мәдениет сарайлары қайта қалпына келтірілді.

Облыстық филармония жаңа ғимаратқа қөшті.

Ен бастысы, 1999 жылы басталған жұмыстар мен бастамаларды жалғастыруда тарихты, мәдениет пен өнерді да-мыту мәселелеріне іс жүзінде көмек пен қолдау көрсетілді, мындаған жас бір-бірімен араласуға, еш нәрсемен теңестірілмейтін рухани байлыққа ие болуға жақсы мүмкіндік алды. Ал әдебиет, мәдениет пен өнер адамдарының өздеріне қаншама зор қолдау көрсетілді!..

Дәл осы кезде әкімнің бастамасымен қалада бірінші жылы-ақ облысты республикалық, ал Қазақстанды халықаралық турнирлерде үлкен абыроймен көрсеткен “Атырау” волейбол және футбол клубтары құрылды...

Атырау облысы сол жылы алғаш рет муниципаллы бағалы қағаздар мен муниципальды пәтер туралы екі бағдарламаны жүзеге асыра бастағанын атап өткен жөн.

Бүгін де мұны бәрі түсіне қойған жок, бұл деректерді елемейді немесе аса мән бермейді. Бірақ сол кезде И.Н.-Тасмагамбетов өткізген Қазақстанның болашағы үшін акциясының барлық маңыздылығын саясаткерлер мен ғалымдар мойындайтын уақыт та келер.

Оның бастамасымен ежелгі түркі руникалық Орхон-Енисей жазбаларының әйгілі көшірмесіне қатысты Монголия мен Ұлы жүздің қағаны Құлтегін жазуларының ғылыми көшірмесін Жапониядан Астанаға өкелетін боп аяқталған мемлекетаралық Келісімге қол қойылды.

Осындай оқигалардың тізбегінде Қазақстанның өткен тарихын неғұрлым терен түсіну мен білуге арналған лайықты баға мен орынды оның үйімдастыруымен жүргізілген Сарайшық қалашығындағы археологиялық қазба жұмыстары мен біздің республикамыздың батыс аймағында екінші Алтын адамның сүйегінің табылуы алды.

Шағын бизнес субъектілері мен ауылдарға іс жүзінде қолдау көрсетілді. Махамбет ауданы Таңдай селосында жаңа орта мектеп пайдалануға берілді, Индер ауданында кенес уақытында күшпен алу мүмкін емес кірпіш, кеспе тастар, гипсокартон бүйімдары және тағы басқа құрылыш заттарын шығаратын зауыт өз өнімдерін халыққа ұсынды. Оның үстінен жұмыс орындарымен қамтамасыз етудің накты бөлігін

аудандағы жұмысқа кабілетті өз халқы құралы. Ауылдық елді мекендерді сумен қамтамасыз ету бағдарламасы жүзеге асырылды.

Республикада алғаш рет “Ауыл” бағдарламасы қабылданып, денсаулық сактау мекемелері жаңа типтік жобамен салына бастады.

Каспийдегі “Аджип КСО” консорциумы мен Теніздегі “ТШО” ЖИС-і жұмыстарындағы экологиялық қауіпсіздік шараларына тұрақты бақылау жасау мақсатында облыс аймағында барлау жұмыстарын жаіғастыруға, мұнай және газ кен орындарының жаңасын салып бітіріп, ескісін жаңартуға ерекше назар аударылды. Республикадағы байырғы мұнай және газ өндіру кәсіпорны - “Ембімұнайгаз” ААҚ-ы Кенбай кен орнын пайдалануды бастады, Атырау мұнай құбыры бақшармасында мұнай қюо эстакадасының екінші желісі жіберілді, облыс аймағында Каспий тұрба құбыры консорциумының мұнай құбырын тарту құрылышы жүргізілді, “ҚазТрансОйл” ЖАҚ-ның батыстағы дербес бөлімшесін Ақтаудан Атырауға көшіруге дайындық басталды.

Келесі жылы 90 жылдыққа орай “Қазақойл” ҰМК-ның басшылығымен бірлесіп, Доссор мұнай кен орнының өнеркәсіптік итеру басталды. Облыстың байырғы жұмысшы поселкесіндегі дene шынықтыру – сауықтыру кешені мен мәдениет сарайының құрылышын жүргізу, жолдарды асфальттау, тұрғын үйлердің шатырларын ауыстырып, сырлау жұмыстарын жүргізе отырып, Мақат ауданының еллі мекендерін абаttандыру бағдарламасы іске асырылды.

Қалада облыстық аурухананың жаңа клиникасы мен емдеу корпустарының, қарттар үйінің, “Ренко” бес жұлдызды конақ үй кешенінің, “Тенізшевройл” ЖШС-і мен КТК оғистерінің, Тұрғындар қалашығы мен Авангард мөлтек аудандарын жалғап тұрған Жайық өзені арқылы жау жүретін аспалы көпір құрылыштары басталды.

арларға асфальт тәселіп абаттандырылды, мұнын бәрін кейінгі үш жылда осы облыстың келесі әкімі де қолға алды.

Облыс әкімінің міндетінде халық арасында кедейшілік пен жұмыссыздықты азайту мәселесі маңызды орын алды, аймақтық бағдарламада бұл мәселе бойынша әр отбасын аз дегенде бір жұмыс істеушімен қамтамасыз ету қаралды. Осы мақсатта әлеуметтік корғау қызметімен ауылдағы, сондай-ак қалағы барлық отбасы есепке алынды.

Міне, облыстағы жағдайды батыл өзгерту үшін облыс әкімі И.Н.Тасмагамбетовтің қолға алған істері осындай. Бұл орайда барлық міндеттердің жүзеге асырылуы облыс әкімінің тұркты бақылауында болғанын айта кету керек. Күн сайын таңертенгі сағат 8.45-те әкім аппараты мен тиісті департаменттер оған енбек акы, балалардың жәрдемақысы, стипендия, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен арнаулы мемлекеттік жәрдемақылардың төленуі және бюджетке салықтар мен төлемдердің жиналуды туралы мәліметтер көрсетілген облыстың ағымдағы жағдайы туралы акпарат беріп отырды. Табиғи және техногендік сипаттағы авариялық оқиғалар, күзгі-қыскы кезеңде әрбір елді мекендер мен мөлтек аудандарға жылу жіберу ерекше бақылауға алынды.

Алта сайын дүйсенбі күні іс-кимыл бағдарламасының әр тармақ бойынша орындалу барысы туралы акпарат ұсынылды, нақты мердігермен жұмыстың орындалу кестесі, өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары және т.б. көрсетілді.

Бұдан басқа, ай сайын облыстағы барлық БАҚ өкілдерімен, тоқсан сайын партия, қозғалыс, үлттық мәдени орталықтар мен кәсіподактар өкілдерімен кездесіп отырды.

Сол кезде тиісті мемлекеттік органдармен және әлеуетті инвесторлармен, облыс басшыларымен Атырау мұнай өндеу зауытын, Атырау-Махамбет теліміндегі Атырау-Орал республикалық мәндегі автожолдарды қалпына келтіру мәселелері жүзеге асырылды.

Облыс орталығында Элиев-Баймұханов көшелері ауданындағы Жайық арқылы өтетін екінші автожол көпірінің құрылышы, өзен порты мен Атырау халықаралық әуежайының ұшу-кону аланын қайта қалпына келтіру, экологиялық қауіпті аймақтан Сарықамыс поселкесін көшіру және жана поселкенің құрылышы қаралды. Бұдан басқа, сүрбе-

тон жабындыларын пайдаланып автожолдар құрылышын жүргізу мәселесі табысты шешілді, яғни Тенізде мындаған тонна қордаланып қалған құқырт қалдықтарымен аймақтың экологиясына орны толмас залал келтіріп отырған “Тенішевройл” ЖШС-нің мәселені шешу мүмкіндігі шындыққа айналды.

Шынында да, қанша міндеттер мен идеялар ол кеткенен кейін көкке үшты...

Ал ол кетер карсанда 2000 жылдың желтоқсан айының ортасында православиелік Успен Соборы құрделі жөндеуден өтіп жаңартылды. Сөйтіп оның Атыраудагы жұмысын корытындылағандай, орыс патриархы екінші Алексияның Жарлығымен конфессияаралық келісім мен православиелік шіркеуге қолдау көрсеткені үшін православиелік орденмен марапатталды...

Бүкіл түркі халықтарының арасындағы достыққа зор үлес қосқаны үшін И.Н. Тасмағамбетовке халықаралық түркі халықтарының бірлігінің Белгісі “Қорқыт баба - Ұлы жолы” Эзіrbайжан Республикасында берілді...

Мұнын бәрі ендігі тарих, тек Атыраудың ғана тарихы емес, бұл Тәуелсіз Қазакстан тарихының екі жылы, ел Президенті мемлекеттік комиссияға Республика тәуелсіздігінің 10 жылдық мерейтойын тек қана Үкіметтің вице-министрі И.Н.Тасмағамбетовке жүктеуді тапсырды...

Атырау облысының әкімі ретіндегі И.Н.Тасмағамбетовтің еңбегінің толық жаңғанына ешкім күмән келтірмейтін осы бір қыска материалды тәмамдай келе тағы бір айтарлықтай маңызы бар жайға назар аударғым келеді. И.Н. Тасмағамбетовтің жаңында, неге екені белгісіз, Атыраудың бұрынғы басшыларының аксақалдары болған жок. Ол кеткен бойда жан-жақтан бәрі кез-келген қасаң идеясын көтеріп, колпаштағ, облыстың жаңа әкімі С.Ж.Дәүкеевті қаумалағы. Олардың жұмыстарының нәтижесін, дәлірек айтқанда, біреуіндегі нәтижеліліктің екіншісінде жоқтығын салыстырыңызшы, Сіз, әрине айырмашылықты бірден көресіз.

Осының бәрінің сонында облыс өзінің алға қарай үдемелі дамуын токтатып, бойға жинаған бар қарқының жоғалтып алғаны өкінішті.

Иә, Н.И.Тасмағамбетов халық алдында әрқашан парасатты, осы сөзді шын мәнінде түсінетін зиялды адам болды және сондай адам болып қалды. Куанышты сәтте де, кай-

ғылыштада де ол әрқашан өзінің лауазымына қарамастаң бірнеше он жыл бойына қарым-қатынаста бол келе жатқандардың жаңында болды. Оны ешбір басшылық орын тағы мұқалта алған жок, керісінше таза адамгершілік, моральдық тұргыда оны біздің көз алдымында одан да биік деңгейге көтерді.

Ол бұрын да осындай аккөңіл, ашық жүзді, ортақ тіл таба білетін, батыл, стратегиялық міндеттер мен бағыттардың маңыздысын дәл таба білетін басшы болды.

Шынында да, ол ең жоғары мемлекеттік аукымдағы және деңгейдегі қайраткер. Өзінің болашағынды тек осындай Иманғали Нұрғалиұлы секілді азаматтарға сеніп тапсыруға болады.

Мен мұны саналы тұрде айтып отырмын, өйткені мен оны комсомол, партия орындарындағы және облыс әкімшілік қызметтерінен адам ретінде, басшы ретінде білемін.

Мұны айтып отырған себебім, ол Атырау әкімі болып қаншама абырайлы іс тындырыды. Бүгін де мұны біздің Атырау облысында тұратын жарты миллион халық растай алады.

**“ЕКІНШІ ФАСЫР
КАЗАҚ ЖЕРИНДЕ...”**



Қай халықтың болмасын Өз Өткені, Өз тарихы бар. Олар талай-талай тарихи зобалаңдар мен “тар жол тайғақ кешулердің бастарынан өткізген. Ескіні еске алмай жаңа-ның жарқын бейнесін таным білу қын...

ЕКІНШІ ФАСЫР ҚАЗАҚ ЖЕРИНДЕ...

Көптеген Мемлекеттердің қызығушылығын туғызып, ықпалдасуға ынтық қылып отырған егеменді еліміз Қазақстан Республикасының да өз өткені мен өз тарихы бары баршага аян...

Ресейге қосылу кезеңі біз үшін өзінің сәулесі мен көлеңкесін де қатар тұсіргені анық. Біздің қазіргі әңгімемізге арқау еткелі отырған тақырыбымыз осынау алып көршіге қосылудан кейінгі қаласынан даласы көп, сауаттылығынан қараңтылығы басымдау қазақ жерінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жаңа-жарықтың жаршысында болып, талай үрпақтың санасын оятып, алғаш қазақ кітаптарын басып шығарған, оны тақырып жағынан байытқан және ең алғаш нарықтық қатынастардың қазақ жерінде дамуына үлес қосып, жаңа жұмыс орындарын ашқан ағайынды Кәримовтер туралы болмак...

Аталған кезеңде Ресейде сауда өндіріс капитализмі мықтап дамып, ең жоғары сатысына көтерілді. Осы қарсанды қазақ жерінде қалалар көбейді. Оларда тері илейтін, жун жуатын, үн тартатын, тұз өндіретін көптеген кәсіпорындар, баспаханалар ашыла бастады. Сауда орындарының ашылуына байланысты ақша капиталының ролі артып, жаңадан Орынбор, Қызылжар, Бөкей, Қоянды жәрменқелері пайда болды.

Бір маусымның өзінде Қоянды жәрменкесінде жарты миллиондай қой, 185 мың ірі қара сатылды. Оларға барған саудагерлер 800-ден артық кездеме, темір дүкендер, кітап лавкаларын ашты. XIX ғасырда Қазан қаласы Ресейде тұратын Азия мен Шығыс халықтарының ғасырлар бойы калыптасқан мәлени мұраларын зерттейтін Петербордан кейінгі ірі орталыққа айналды.

Бұл туралы Әбіш Жиреншин өзінің “Қазак кітаптары тарихынан” атты 1971 жылы шықкан зерттеу еңбегінде

толық тоқталып, жан-жакты жазған. Ол өзінің осы енбегінде “Қазан қаласы қазақ кітаптарын шығарудың орталығына айналды. Әсіресе, түрік, парсы, араб, монгол тілдеріндегі көне мұралар мен әдеби нұсқауларды зерттеуде әлемге әйгілі Қазан университетінің оқытушы ғалымдары мен баспаҳанасының маңызы аса зор болды” деп келтірген.

Қазан қаласында қазыналық баспаҳаналармен қатар жеке менишік баспаҳаналар да үйымластырылған. Олар қазақ кітабын шығаруда иғлікті қызмет істеп, алыстағы қазақ еліне, көшпелі халыққа өнер-білім таратуға елеулі үлес қоскан.

Міне, осындағы баспаҳаналар ішіндегі ең ірісі ағайынды Кәримовтер баспаҳанасы болған. Бұл кісілер XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында қазақ арасында өмір сүрген, қазақ өмірін жақсы білетін азаматтар еді.

Жоғарыда аты атальп кеткен Ә.Жиреншин өзінің “Қазақ кітаптары тарихынан” атты енбегінде осы ағайынды Кәримовтерге көбірек тоқталып, осы баспаҳанада қызмет істеген, зейнеткер, карт полиграфист Әбдірахман Фаткуллиннің естелігін, 1910 жылғы Қазан полициясының құпия мәлімдемесін, сондай-ақ, Қазан губернаторының 1901 жылғы 4 маусымда Коримовке литография алуға берген рұқсатын да көрсетіп кеткен.

Ағайынды Кәримовтер бірынғай (жұз он бес атаулы!) қазақ кітаптарын басып, халыққа таратумен қатар, қазақ авторларымен де үнемі байланыс жасап отырған. Сонымен қатар, Кәримовтердің Орынбор мен Семейде кітап сататын дүкендері болғандығын да айткан орынды болар.

Ә.Жиреншиннің аталған енбегінде “Кәримовтер үшін ағайынды еді, - дейді карт зейнеткер Әбдірахман Фаткуллин, - Үлкені Мұхамеджан, екіншісі Шәріфжан, ушіншісінің аты есімде жеке. Мұхамеджан сауатты, мұсылманиша, орысша білім алған азамат еді. Ол көбіне сауда ісімен шұғылданатын. Шәріфжан абзи көбіне баспаҳана ісін басқаратын. 1922 жылы Мұхамеджан, 1923-24 жылдары Шәріфжан қайтыс болды. Олардан қалған мұрагер бар ма, жеке на, болса олардың қайда екенін білмеймін”.

Қазақ кітаптарын бастыруда үлкен енбек еткен ағайынды Шәріфжан мен Мұхамеджан Кәримовтер қазақ тілінде 115 атаулы кітап шығарды.

Олардың көбі ХХ ғасырдың басында Қазан баспаханаларында жарияланған. Солардың кейбіреулері мыналар: “Хисса Таһир мен Зухра” дастаны. Оны 1911 жылы Ақылбек Сабаұлы қазақшаға аударған. “Үлгілі тәржіма”, авторы И. Крылов, 1910 жылы қазақшаланған. Спандияр Қебеевтің “Қалың мал” романы 1913 жылы Қазанда жарық көрді. Абай дастаны.

“Хисса Атымтай Жомарт” - 1898 жыл, Қазан, авторы Калиафутдин Шаһмарданұлы. Кітапта шығыс елдеріне көп тараған белгілі Атымтай Жомарттың мырзалығы макталады. “Үлгілі бала”, оқулық, авторы Спандияр Қебеев, Қазан, 1912 жыл. “Қазақ мақалдары”, жинаған Мейрам Ыскакұлы, Қазан, 1914 жыл. “Қазақша әліппе”, авторы Мұхамбет Ораз Нұрбаев, 1910 жыл. “Жиренше”, казак ханы өз Жәнібектің биі, ақылшысы Жиренше шешеннің ханға айтқан өсиеттері мен үлгі сөздері, Қазан, 1909 жыл. “Қазақша дұрыс жазу қагидалары”, авторы Ишлимғали Бейсенұлы, Қазан, 1914 жыл. “Откен құндер”, авторы Сәдуақас Сейфуллин, 1915 жылы Қазан баспасынан шыққан.

Бұл Сәкен Сейфуллиннің 21 жасында шыққан тұнғыш кітабы. Осы жерде Сәкен кітабының тарихына байланысты бір тоқтала кететін қызық дерек бар. Сәкен бұл жылдарда Омбы семинариясында оқытын студент болатын. Аталған кітапты басып шығаруға Омбыдағы жастар үйімі үйітқы болып, ағайынды Кәримовтер баспаханасымен шартқа отырады. Жасалған шарттың негізінде кітап (“Откен құндер”) 1000 дана болып шыққан. Кітап авторы 500 данасын алғып қалатын болып келіскең.

Ағайынды Кәримовтер ХХ ғасырдың бас кезінде Орынбор қаласынан Ҳұсайынов деген азаматпен бірігіп, өздерінің бүмен жүретін “Хизмәт” атты баспа бірлестігін ашып, тек қана қазақ тіліндегі кітаптарды шығарған. Олардың ішінде Мұхамеджан Сералиннің “Гүлкөшима” (1903), Нұржан Наушабаевтың “Манзумат қазақия” (1903), Спандияр Қебеевтің “Қалың мал” (1913) романы, Шәнгереj Бекеевтің “Көкселдір” және “Шайыр” атты жинағы, Әбубәкір Кердерінің “Әдебиет қазақия” (1902), “Шежирен Қудайбердыұлының, Сабыржан Салақұлының “Терме” (1903) өлеңдер мен Мұрат Мөнкеұлының “Ғұмар қазыға айтқандары” (1908) бар.

Кейін ағайынды Кәримовтер бұл кітаптарды түгелдей еш кайтарымсыз Қазан, Омбы сияқты қалалардағы ірі-ірі

кітапханаларға тегін таратып берген. Бұл деректер жоғарыда айтылған ағайынды Кәримовтер қазак авторларымен тығыз байланысты болды деген пікірімізге толық дәлел. Сонымен катаң, дәл осылай тиімді шарт жасасу Сәкеннің ақын ретінде оқырманға кең танылуына бірден-бір себеп болған...

Қазак жерінде жемісті еңбек етіп, сол кездің нарыктық катынастарын дамытып, көсіпкерлікпен айналысып, өндіріс саласын өсіруге үлкен үлес қосқан тағы бір, Кәримовтернің ағайыны бар. Ол 1862 жылы Қазанда туылған. Қөпес. Өзінің жеке ісін кеңейту мақсатында XX ғасырдың басында Қазан қаласынан Атырау өніріне көшіп келіп, Каспий теңізі маңындағы кең Жылдың кентіне қоныс тепкен Миңгілік Мифтахетдин Кәримов.

Осы жерде өзінің теңіз жағасынан балық аулау кәсібін, мал шаруашылығын, сауда лавкалары мен дүкендерін Жылдың мен Атырауда ашты. Кең Жылдың кенті орталығынан өзінің екі қабатты 12 бөлмеден тұратын зәулім ағаш үйін салады. Ол үйдің ауласында балық тұздайтын шандары, үй құстары мен майдарын ұстайтын қора-қопсысы, қойма ретінде тұрғызған айлапаттай жабық құрылышы болады.

Озімен бірге еріп келген інісі Фимадидетдин Қараағен өзенінен балық аулау кәсібімен айналысып, осы жерден лабаз бен балық өндіреу цехтарын салған. Өздерінің өндірілген Каспий теңізі балықтарының өнімдерін әр түрлі жолдармен қалай еткенде де Қазан қаласына жеткізіп, ол жақтан осы өнірдің тұрғындарына қажетті әр түрлі кітаптарды, мануфактуралық және өндірістік тауарларды тасымалдан тұрған.

Кәримовтердің тағы бір ерекшелігі - өз бизнестеріне жұмысшыларды тек жергілікті халықтан алып, жұмыс тауып беріп отырған. Сол кездегі көргендердің айтулары бойынша Миңгілік Кәримов тек татарлар арасындаған емес, жергілікті тұрғындар арасында да өте беделді адам болған деседі. Бұл сөзімізге Жылдың ауданының еңбек жене соғыс ардагері А. Аманбаевтың мына естелігі дәлел бола алады.

“Көз көрген қариялардың айтуынша, Мұфти атай осы өнірдің жергілікті қазактарының арасында да зор беделге ие бола білген адам. Ең үздік мал өсіруші болып танылған. Бірнеше үйір жылқылары, көптеген ірі қара малы, отар-отар койлары болған. Ел арасында Атымтай Жомарт деген атағы шыққан. Өзінің мал бағушы қазактарын ренжістікен кездері

Олардың көбі XX ғасырдың басында Қазан баспаханаларында жарияланған. Солардың кейбіреулері мыналар: “Хиса Тайир мен Зухра” дастаны. Оны 1911 жылы Ақылбек Сабаұлы қазақшаға аударған. “Үлгілі тәржіма”, авторы И. Крылов, 1910 жылы казакшаланған. Спандияр Қебеевтің “Қалың мал” романы 1913 жылы Қазанда жарық көрді. Абай дастаны.

“Хисса Атымтай Жомарт” – 1898 жыл, Қазан, авторы Каляиғутдин Шаһмарданұлы. Кітапта шығыс елдеріне көп тараған белгілі Атымтай Жомарттың мырзалығы макталады. “Үлгілі бала”, окулық, авторы Спандияр Қебеев, Қазан, 1912 жыл. “Қазақ макалдары”, жинаған Мейрам Ыскакұлы, Қазан, 1914 жыл. “Қазақша әліппе”, авторы Мұхамбет Ораз Нұрбаев, 1910 жыл. “Жиренше”, қазақ ханы өз Жәнібектің біі, ақылшысы Жиренше шешеннің ханға айтқан өсиеттері мен үлгі сөздері, Қазан, 1909 жыл. “Қазақша дүрыс жазу қағидалары”, авторы Ишлимғали Бейсенұлы, Қазан, 1914 жыл. “Өткен күндер”, авторы Сәдуақас Сейфуллин, 1915 жылы Қазан баспасынан шықкан.

Бұл Сәкен Сейфуллиннің 21 жасында шықкан тұнғыш кітабы. Осы жерде Сәкен кітабының тарихына байланысты бір токтала кететін қызық дерек бар. Сәкен бұл жылдарда Омбы семинариясында оқитын студент болатын. Аталған кітапты басып шығаруға Омбыдағы жастар үйімі үйіткі болып, ағайынды Көримовтер баспаханасымен шартқа отырады. Жасалған шарттың негізінде кітап (“Өткен күндер”) 1000 дана болып шықкан. Кітап авторы 500 данасын алғып қалатын болып келіскең.

Ағайынды Көримовтер ХХ ғасырдың бас кезінде Орынбор қаласынан Ҳұсайынов деген азаматпен бірігіп, өздерінің бүмен жүретін “Хизмәт” атты баспа бірлестігін ашып, тек кана қазак тіліндегі кітаптарды шығарған. Олардың ішінде Мұхамеджан Сералиннің “Гүлкәшима” (1903), Нұржан Наушабаевтың “Манзумат казакия” (1903), Спандияр Қебеевтің “Қалың мал” (1913) романы, Шәнгерей Бекеевтің “Көкселдір” және “Шайыр” атты жинағы, Әбубекір Кердерінің “Әдебиет казакия” (1902), “Шежирен Қудайбердыұлының, Сабыржан Садақұлының “Терме” (1903) өлеңдер мен Мұрат Мөнкеұлының “Ғұмар казыға айтқандары” (1908) бар.

Кейін ағайынды Көримовтер бұл кітаптарды түгелдей еш кайтарымсыз Қазан, Омбы сияқты калалардағы ірі-ірі

кітапханаларға тегін таратып берген. Бұл деректер жоғарыда айтылған ағайынды Кәримовтер казак авторларымен тығыз байланысты болды деген пікірімізге толық дәлел. Сонымен катарап, дәл осылай тиімді шарт жасасу Сәкеннің ақын ретінде оқырманға кең танылуына бірден-бір себеп болған...

Қазак жерінде жемісті еңбек етіп, сол кездің нарыктық катынастарын дамытып, кәсіпкерлікпен айналысып, өндіріс саласын өсіруге үлкен үлес косқан тағы бір, Кәримовтернің ағайыны бар. Ол 1862 жылы Қазанда туылған. Көпес. Өзінін жеке ісін кеңейту мақсатында XX ғасырдың басында Қазан каласынан Атырау өніріне көшіп келіп, Каспий теңізі маңындағы кең Жылъой кентіне қоныс тепкен Мифтахетдин Кәримов.

Осы жерде өзінің теңіз жағасынан балық аулау көсібін, мал шаруашылығын, сауда лавкалары мен дүкендерін Жылъой мен Атырауда ашты. Кең Жылъой кенті орталығынан өзінің екі қабатты 12 бөлмеден тұратын зәулім ағаш үйін салады. Ол үйдің ауласында балық тұздайтын шандары, үй құстары мен малдарын ұстайтын қора-қопсысы, қойма ретінде тұрғызған айлапаттай жабық құрылышы болады.

Өзімен бірге еріп келген інісі Фимадидетдин Қарааузен өзенінен балық аулау көсібімен айналысып, осы жерден лабаз бен балық өндеу цехтарын салған. Өздерінің өндірілген Каспий теңізі балыктарының өнімдерін әр түрлі жолдармен қалай еткенде де Қазан каласына жеткізіп, ол жақтан осы өнірдің тұрғындарына қажетті әр түрлі кітаптарды, мануфактуралық және өндірістік тауарларды тасымалдан тұрған.

Кәримовтердің тағы бір ерекшелігі - өз бизнестеріне жұмысшыларды тек жергілікті халықтан алғып, жұмыс тауып беріп отырған. Сол кездегі көргендердің айтулары бойынша Мифтахетдин Кәримов тек татарлар арасындаған емес, жергілікті тұрғындар арасында да өте беделді адам болған деседі. Бұл сөзімізге Жылъой ауданының еңбек жене соғыс ардагері А. Аманбаевтың мына естелігі дәлел бола алады.

"Көз көрген қариялардың айтуынша, Муфти атайды осы өнірдің жергілікті казактарының арасында да зор беделге ие бола білген адам. Ен үздік мал өсіруші болып танылған. Бірнеше үйір жылқылары, көптеген ірі қара малы, отар-отар койлары болған. Ел арасында Атымтай Жомарт деген атагы шыққан. Өзінің мал бағушы қазактарын ренжілткен кездері

болжапты. Оның малын бағып, өсірушілер атакты Шеркеш руының Дербес бөлімінен тарайтын Терекбайдың ұлдары болған. Міне, осы Терекбайдың ұлы Күйші аксақал емірінің соңына дейін мал бакқан енбектеріне Муфти атай жылына жүз кой беретін еді деп мактанашибен айтып отыратын еді. Ол кісі әр жаз сайын Жем өзенінің жағасына өзінің ак боз үйін тіктіріп, сол жерде демалатын. Қымыз бен казактың үлттық тағамдарын катты қадірлейтін”.

Міне, біздің өлкемізде қазак арасына келіп, енбектен береке тауып, елдің өсіп-өркендеуіне өз үлестерін қоскан осындай таза енбек адамдары өткен. Олар XIX - XX ғасырларда ғұмыр кешіп, енбек рахатын татқанымен, XX ғасырдың басындағы Казан төңкерісі, одан кейінгі келген Кенес үкіметі бұлардың енбектерін еш қылды.

Жаңа үкімет келген кезде Миғтахетдин Қоримов қоғамдық өмірге де, экономикалық өмірге де еш араласпаған. Дүние, мал-мұлқін тәркіленгеннен кейін отбасын асырау мақсатында өмірінің соңына дейін арбакеш болып көсіп еткен. Ол 1932 жылы дүние салған. Артында Әднам, Әкрам деген екі ұлы қалыпты.

Миғтахетдиннің жұбайы Маһибадер Қоримова (қыз кезіндегі фамилиясы Давлеткереева) 1890 жылы Қазан қаласынан 60 шақырымдай жердегі Қошлауш-аул деген жерде дүниеге келген. Ол белгілі татар ақыны Фабдула Тоқайдың туыс қарындасты еді. Осы туралы азырақ дерек келтірер болсақ, мына жайға назар аударуымыз керек. F. Тоқай өзінің татар тілінде Қазан қаласынан 1956 жылы басылып шықкан төрт томдық шығармалар жинағында бір естелікті келтіреді. Оnda ол өзінің Гурьевтегі бай туыстары 15 сом ақша беріп, сол ақшалай көмектің арқасында Орал қаласындағы медресеге окуға қабылданып, білім алып шыккандағы жөнінде айтқан. Мұндағы бай туыстары деп отырғаны Маһибадер апа жағынан құғанда туыс болып келетін Қоримовтер болатын. Тоқайдың апасы Маһибадер апайның Физат агайында тұрды.

Құран оқып, оны немерелеріне көрсетіп, Маһибадер апа айтады: “Сіздің бабайыңың абыйларның типографияда басылған...”

Миғтахетдиннің ұлдары Әднам мен Әкрам болған-ды. Жылыой жерінде дүниеге келгендер.

Әдғам 1917 жылы туған. Еңбек жолын Жылой аудандық газетінде бастаған (олен жазған, араб, татар және казак тілдерін білген). Аудандық комсомол комитетінің бөлім бастығы болған. Кейін шыққан әлеуметтік тегі бай болғандықтан қызметтен де, комсомол катарынан да босатылған. Алайда, бұдан кейін ол Оралда қаржы қызметкерлері курсын бітіріп, Жылой аудандық қаржы бөлімін басқарған. 1940 жылдары әскерге алынып, Ұлы Отан соғысына катысқан. Капитан шеніндегі ол N42 атқыштар дивизиясы командирінің орынбасары, артилерия бөлімін басқарады. 1944 жылы шілде айында Минск түбінде каза табады.

2001 жылдың сөүір айында Минскінің әскери орындарының қоғамдық бірлестігі “белгісіз капитан зираты” атап болған белгі Әдіамдікі екенін аныктап, елден туыстарын шақыртып, үлкен ескерткіш орнатты. Жергілікті әскери бөлімдер аспанға от шашулар атты...

Әкрәм Миғтахетдинұлы әкеден жастай қалып, ертерек енбекке араласуға мәжбур болды.

Әкрәмның жұбайы Рауза Тулбаева қазір Атырау қаласында тұрады. Оның әкесі Мұхамедғариф Тулбаев 1878 жылы Қазан қаласы маңындағы Баширово атты татар ауылында туған. Ол өз әкесінің ізімен діни қызметкер болған. Сол кездегі Ресей Империясының астанасы болған Санкт-Петербургте жоғары діни білім алып, Туркияның Стамбул қаласында тәжірибеден өткен. Одан кейін Орал қаласындағы татар Слободада Қызыл мешітіне имам болып тағайындалады. Фабдулла Токайдың серіктестерінің бірі болған. 1940 жылы НКВД тұтқындалап, бес жылға бас бостандығынан айрылып, Өзбекстанның Үргенің қаласына жер аударған. Сол жақта жүріп, 1942 жылы дүниеден өтті. 1964 жылғы 16 қараашада Орал облыстық сотының қаулысымен акталған. Мешітінде ФЗУ, одан кейін қойма болады.

2000 жылы ол тұрған үйге құрмет тақтасы өтінді. 2004 жылдың маусым айында Ресейдін Қазакстандағы жылдары аясында F. Тоқайға арналған Татарстан мен Қазақстан тарихшыларының халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясы өтті. Онда катысушылар имам болған M. Тулбаевтың мешітіне барған. Осы мешіт жанынан медресе болған, онда әртүрлі пәндерден дәріс берілген. Міне, осы медреседен бүкіл Орал қаласындағы татар зиялыштары оқып, білім алып шықкан...

Кейін халық жауы ретінде құғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз өлім жазасына кесілген. Алайда, қаншама зұлмат замандар өткенімен, үрпактар сабактастырының тамырына еш балта шабылмаған деуге болады. Оған мысалды алыстан іздеудің қажеті жок.

Бүтінде Атырау жерінде туып, оқып, білім алғып, отбасын құрып, жемісті еңбек етіп жатқан Кәримовтер үрпактары бар – Тауфик мен Рафик. (Олардың екі ағайыны Әдіәм мен Фаат Татарстанда тұрады.)

Қазак жерінде тұрғандарының бірі – Кәримов Тауфик Әкремұлы.

1958 жылы туған, үш жағары білімі бар – тарихшы, саясаткер және тау-кен инженер-геологи.

Еңбек жолын училище оқытушысы болып бастаған, ол кейін облыстық комсомол комитетінің жаупты қызметкері, “Гурьевмұнайгазгеология” бірлестігінің мұнайгаз барлау экспедициясында аға инженер, қалалық, облыстық партия комитеттерінде жаупты қызметкер. Кеңес – герман бірлескен кәсіпорнында, сыртқы экономикалық байланыстар компаниясында, облыстық әкім аппаратында аппарат жетекшісі, облыс әкімінің орынбасары, “Казахстанкаспийшельф” мекемесінде вице президент, “Ембімұнайгаз” акционерлік қоғамында аппарат жетекшісі болған. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде бас инспектор болып қызмет етеді.

1993 жылы тоғыз ай мерзімінде Германияның Мюнхен қаласында “Linde AG” мұнай-химиялық концернде төжірибе алмасу мәссаңында сынақтан өткен. 2004 жылы Атырауда “Татулық” татар ұлттық-мәдени орталығында төраға болды.

Оның тағы бір қасиеті бар. 2000 жылы “...И все цвета радуги” атты кітабы Татарстанда, 2003 жылы Атырау ақын-жазушылары кітапханасы топтамасынан “Где ты, моя Родина, боль моя, и свет?..” атты кітабы жарық көрген. 2003 және 2004 жылдарда Асем-Систем баспасынан “Katharsis” (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) және “Облака плывут...” деген кітаптары жарыққа шықты.

Отбасылы. Оның жұбайы Эмина Ахмированың аталары да оқыған, мәдениетті адамдар болған. Оған айғақ олар Гурьевтегі татар мешітін, орыс-казақ мектебін салған. Мешіт кейіннен ДОСААФ, ОСВОД үйі болған. Бұл мектептен бүкіл сол кезлегі Гурьевтің ұлттық зияльлары оқып, тәрбиеленіп

шықкан, Оңда болашақ флот адмиралы Лев Владимирский-
дың әкесі мұғалім болып дәріс берген...

Тауфик пен Әминаның үш баласы бар - Артур, Ринат,
Инга.

“Біздің Отанымыз - Қазақстан” деген Өз сөздерінде тұрып,
екі ұлы Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқып жатыр
(біріншісі заңгер, екіншісі мұнайшы мамандығына), қызы
екінші сыныпта оқып жүр...

Міне, осының бәрі үрпак сабактастырының үзілмей келе
жатқанына дәлел, Қай елдің болмасын қосегесін көгертіп,
келешегін кемелдендіре түсетін де осындай еңбек ғүйгіш жан-
дардың өнегелі өмір жолдары екені даусыз...



МАЗМҰНЫ

I тарау *Армысың, менің жанұым.*

Орыс тілінен қазақшалаған Аронов С.Ж.

| | |
|---|----|
| Армысың, менің жанұым... | 6 |
| 2. Қек күмбезінің алуан түстері | 11 |
| 3. Үйенкі жапырағының күзгі рәгтаймы немесе жай ғана жапырактар | 13 |
| 4. “Макабка атай” | 15 |
| 5. Балалық шақтан бір елес | 17 |
| 6. Бұлттар қалқып барады... | 20 |
| 7. “Жадымның тербелтіліп толқынында...” | 22 |
| 8. Тұнгі ыскырық | 29 |
| 9. Нимфенбургер каналында | 31 |
| 10. Жауын | 33 |
| 11. Бастау. Бұл қалай болған еді. | 37 |
| 12. Саған - қашан да уақыт жоқ | 40 |
| 13. Мен – ?.. | 40 |
| 14. Болашақты көз алдына келтіру, немесе “Сен мұның қалай болатын елестете мұның қалай болатынын елестете аласың ба?..” | 41 |

II тарау *Отаны - адамның, қайдасың?..*

Орыс тілінен қазақшалаған Аронов С.Ж.

| | |
|---|----|
| Құранның (2) Бакара Сүресі | 46 |
| Автордан | 47 |
| А. Вознесенскийдан | 48 |
| 1. Олімді жазып жыр еткем, Өмірге ғашық жүрекпен... | 49 |
| 2. Қек аспанның төгіледі көз жасы... | 50 |
| 3. Елестету бекер мұн | 50 |
| 4. Өлім де бізге, бере алмайды қол үшін... | 51 |
| 5. Борі де Откен... | 52 |
| 6. Тұндерле жүрем мен кезіп... | 52 |
| 7. Темірқазық жұлдызы | 54 |
| 8. Жұз жылдан кейін... | 54 |
| 9. Озгенің қек күмбезі | 56 |
| 10. Ол - осында... | 57 |
| 11. Қайдасың, менің Отаным, Дертім мен жанның Соулесі?.. | 59 |

III тарау *Katharsis*

Орыс тілінен қазақшалаған Берішбаев Т.С.

| | |
|--|----|
| I. Өз санаңың тереніне бойлау | 65 |
| 1. Шегелеу | 65 |
| 2. Менің ояным | 66 |
| 3. Тұн. Трамвайда | 69 |
| 4. Трамвайда (жалғасы) | 70 |
| 5. Қаныраған қалада | 73 |
| II. Мәңгілік пен Шексіздіктің түсініксіздігі | 74 |
| 1. Оралу | 74 |
| 2. Ұфым | 75 |
| 3. Тұтасу | 76 |
| III. Болмыстың өтпелілігі | 77 |
| 1. Ояну. Алғашқы күннің таңы. | 77 |
| 2. Бірінші бөлім. Ояну. | 77 |
| 3. Екінші бөлім. Алғашқы күннің таңы. | 77 |
| 4. Күндіз | 78 |
| 5. Тұн (бірінші бөлім, басы) | 80 |
| 6. Тұнгі кезбелер. | 80 |
| 7. Тұн (екінші бөлім, соңы) | 82 |
| Адамдар | 83 |
| 8. Басқа кейіпке ену | 83 |
| 9. Әуен | 84 |
| IV. Бітпестік пен Душар Болушылықты түсіну | 85 |
| 1. Алтап | 85 |
| 2. “Ч” мезгілі | 86 |
| 3. Жұбану | 87 |

IV тарау *Tұбі бір түркі халқының тарихынан...*

Орыс тілінен қазақшалаған Қайыров Ә.

| | |
|---|-----|
| “Татар-булгар - тегі бір” | 89 |
| 1. Түркі-булгардың түпкі тарихын топшылау | 90 |
| 2. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі | 99 |
| 3. Еділ Булгариясы | 101 |

| | |
|--|-----|
| 4. Рустар туралы мәселе төнірегінде | 105 |
| 5. Булгарлар мен Киев Русі | 110 |
| 6. Ұды Булгария монгол шапқыншылығы алдында | 112 |
| 7. Монғолдардың Булгарияға басып кіруі | 15 |
| 8. Булгария мен Алтын Орда | 118 |
| 9. Алтын Орданың ыдырауы және Қазан мемлекетінің құрылуды | 125 |
| 10. Қазан хандығы мен Москва русінің карсы тұрысуы | 131 |
| 11. Қазан хандығын талқандау | 136 |
| 12. Булгарлардың Руське кетүі | 142 |
| 13. Москва Кремлі жүргізген соғыстар мен жаулап алулар хроникасы (1552-1997 ж.ж.) | 145 |
| 14. Еділ-Жайық орыстың, Россияның, кенес үкіметінің отарлау озбырлығына карсы кресте | 148 |
| 15. Еділ булгарларының “ғайып болуы” | 155 |
| 16. Түркі тілді камалықтар мен булгар-казандықтарға қатысты “татарлар” этноатауының шығуы | 158 |
| 17. Тағы да “монгол-татар езгісі”, Куликово шайқасы, Россия тарихы естен шығарған басқа да кейбір фактілер туралы және осы қазан татарлары дегендер түптеп келгенде кімдер өзі дейтін сұрақ төнірегінде | 163 |
| 18. Сөз соны | 171 |

V тарау Замандастарым туралы

| | |
|---|-----|
| 1. Финяяттolla Әбдірахманұлы туралы | 178 |
| Орыс тілінен қазакшалаған Мендіғалиұлы С. | |
| 2. Равиль Тәжігараұлы Шырдабаев туралы | 182 |
| Орыс тілінен қазакшалаған Аронов Ж. | |
| 3. Иманғали Нурғалиұлы Тасмагамбетов туралы | 188 |
| Орыс тілінен қазакшалаған Аронов С.Ж. | |

VI тарау Екінші ғасыр қазақ жерінде...

| | |
|-------------------------------------|-----|
| Екінші ғасыр қазақ жерінде... | 202 |
|-------------------------------------|-----|

Тауфик Кәримов

Армысың, менің жанұям...

Редакторы Т.Омарұлы
Компьютердс беттеген А.Жумагалмев

Теруге 22.07.05 ж. берілді. Басуға 23.08.05 ж. жіберілді.

Пішімі 84x108/32.

Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 13.7

Есептік баспа табағы 13,5. Тапсырыс 2516

Таралымы 1000 дана. Бағасы келісімді.

“Асем-Систем” баспасы. 050009, Алматы қ.

Абай д-ры 143 үй, офис 313

Тел/факс: 42-67-34

Директоры Тілеуберdi Нұсінбай